

Шеатай Кенжалиев

Макәмбет

Оран- 2003ж.

Насатай Женжалиев

Макамбет

Орал - 2003 ж.

Мақамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. Фылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

Қазакстан тарихы кафедрасы¹

Рецензент: *Б.К.Бірімжаров* – тарих ғылымдарының докторы, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Отандық және жалпы тарих кафедрасының меншерушісі.

Жауапты редакторы: *Т.З.Рысбеков* – тарих ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық жоғары мектеп және информатизациялау ғылым академияларының академигі.

Халқымыздың ұлы перзенті, әйгілі қоғам қайраткері Өтемісұлы Мақамбет батыр қара қазак баласының мүддесі үшін жанын аямай ұзак жылдар қанау мен зұлымдыққа қарсы арпалысқаны белгілі. Батырдың өмірі мен қызметі тарих ғылымы түрғысынан аз зерттелгені аян. Автор Кенжалиев И.Н. 1970 жылдан бері Мақамбет қызметін, Кіші жуз, Бекей Ордасы тарихымен шүғылданып, архив істерін қарап, тарихи әдебиетті сараптаумен қатар, ел аралап, ұзак жылдар тарихи мағлұмат жинап, 1974, 1979, 1991, 2002ж.ж. Мақамбет, Бекей Ордасы туралы ғылыми зерттеу кітаптарын шығарды. Автор жаңа кезеңде тарихи мәселелеге Республикада жаңа түрғыдан, дәйекті зерттеп, баяндауға алғаш қалам алғандардың бірі болды. Кітапта Мақамбет өмірі мен қызметі Кіші жүзben Бекей ордасындағы бабаларымыздың азаттық, бостандық үшин қанкешті күресімен байланыстырыла баяндалады. Бул еңбек қалың оқырманға, жоғарғы, Орта оку орындарына, ғылыми қызметкерлерге ұсынылады.

“Ту түбінен ту алган,
Жауды көрсө қуанған,
Мен Өтемістің баласы,
Мақамбет атты батырмын.
Қара қазақ баласын,
Тірлігімде налыттан”

Мақамбет

Сөз басы

Қазақтың ұлы перзенті Мақамбет Өтемісұлының өмірі патша өкіметінің хан, сұлтандар көмегімен Кіші жүзді отарлау саясатының күшайғен кезі – XIX ғ. I-ші жартысына тұспа-тұс келді. Бұл халық наразылығынан туындаған шым-шытырық қасретті оқиғаларға толы кезең еді. Қазақ шаруалары тіршілік үшін өз феодалдарының қанауына қарсы қүрессе, екіншіден орыс экспансиясы мен зорлығына тойтарыс беруге мәжбүр болады. Бұл қастерлі арпалыс қазақ ішінен Жоламан, Барак, Амангелді (табын), Есет Көтібарұлы, Шеркеш Жақсыбайұлы, Қайыпқали Есімов, Науша Қаржауов, Қаратогай Мәмбетов т.б. көптеген ерлерімізді туғызып, олар азаттық, тенденциялық, жеріміздің тұтастығын, еліміздің бүгіндегін сактау үшін қурес жүргізді. Ал бұлардың ерен енбегі қазіргі кезде тәуелсіз ел болып, тенденциялық жеткенде нақты ғылыми тұрғыдан зерттелмей, тиісті бағасын ала алмай келеді Тіпті, әуелден «басы ашық» Исадай, Мақамбет пен оның аламандарының қан кешті қызметі елеусіз қалып, не бүрмалануда. Топқа, жікке бөлінуді жаратпай жүрген популистеріміз бұрынғы ұstem топ өкілі, отаршының қолшоқпary болған Айшуақ, Жантөре, Баймағанбет, Жәңгір хандарды соңғы 10 жылда зерттеместен дәрілтеп жазып, басына көтеруде. Ал езілген шаруалар тобының тіршілік үшін арпалысын ешкім әлі нақты жазбайды. Бұны түсіну киын емес. Бұл ағайындарымыздың саяси, тарихи сауатының, коғамдық өмір туралы түсінігінің кемдігі. Қанаушы мен қаналушыны, салық алушы мен салық төлеушіні т.б. айырғысы келмейді. Содан келіп, ғылыми зерттеу болмагасын өз жаңынан сөз қосып, не патша чиновниктері мен авторларының жазбаларын тексермей кошіре салып, озбырлықты жасырып, өктемедікті өсірелеу қазіргі қазақ публицистикасында белек алған құбылыс. Бұл бұрын Совет кезінде тарихи біліктен аузы тұшып жарымаған оқырманды, мұғалімдерді оуре сарсанға салып келгені де көрініп жүр. Бірақ бұл

жәйді түсініп, елге ғылыми түсінік беруші билік басындағы азаматтар да көрінбейді, ғылыми зерттеу жұмыстары ұйымдастырылмады. Бұндай еш ғылыми негізсіз пайда болған ағым қазақтың ұлт-азаттық, тәуелсіздік үшін құрес тарихын, оның қайраткерлерінің қызыметін жаңаша зерттеп, жазуға кесірін тигізе бастады. Халықта өз тарихын тек деректі сүйеніп, шынайы баяндау, әркімнің, не жеке ықпалды тоитың беті, жүзіне қарамай ғылыми негізде дүрысын жазу нағыз тарихшының парызы. Оқырманды шатастырмау, алдамау қажеттігі еліміздің қазіргі саяси күрделі кезеңінде өте қажет, оларға саяси сауатты, тарихи дәлелді мәлімет беру - саяси санасын қалыптастырады. Бұл - өмір талабы. Біз мәселені осылай ашығынан қоюға мәжбүрміз. Өйткені, Мақамбеттің қызыметі-еңбекші халықтың мұддесі. Ал мұны кей популистер жоққа шығарғысы бар. Өйткені Мақамбетті халқымыздың ардагерлері К.Досмұқанбетов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Илияс Жансүгіров т.б. әрі батыр, әрі ақын, әрі қүйші, саяси құрескер деп асқақтата толғанса, 1970ж.ж.-дан бері оның өмірбаянына, мұрасына кір келтіріп, өлеңдерін сапырылыстырып, іздену, ғылыми экспедия бөлімі, баспасөзде жарияланған өлеңдерін жинастырмай, тоқырау кезеңіне тап қылды. Әдебиет майталмандары үнсіз қалды. “Ерулі, не ерттеулі атқа ер салмай” деген таlastы еске салайын. Тіпті Мақамбеттің қазақ фонетикасына құрылған есімін де сауатты жазбай, З-ші әріп “Қ”-ның орнына “х”- ны жазып, қалыптастыруды.

Мақамбет қорғансыз, жоқтаушысыз қалды. Тек Семейде Қайым Мұқаметжанов ағай, Алматыда осы жолдың авторы тырбаңдал, батыр, ақын қызыметін, мұрасын корғаштаған болдық (1)

Нактырақ айтсақ 1991 ж. журналист Т.Боранғалиев Бекейліктегі Жәңгір хан мектебі т.б. істері жөнінде дәріптеу жазды. Біз бұл өлкениң тарихын көп жыл арнайы зерттегендіктен авторға барып ақылымды айттым. Ол мәған белгілі шовинист А.Е.Алекторовтың мақаласын көрсетті. Бұндай «құжат» жасауға патша чиновниктері шебер еді. Автор мені түсінбеді. Кешікпей (2) 20. VI. 91 ж., «Егемен Казакстан» газетіне Бекейліктің бір топ қариялары Т.Боранғалиев сөздерін құптап, «Жәңгірдің жазығы хан болғаны ма?» деген мақала жазды. Ой, пікір, кей сөйлемдер Боранғалиевтікі секілді. Мен Е.Нығметовтен мәнісін сұрағанымда: «З.Тұрарбеков телефонмен маған Жәңгір жөнінде мақала жаздық, қол қоюын керек», - деді. Мен мазмұнын сұрамай, «ауырып отырмын, өзің қоя сал», - дедім. Біз тағы 2-3 қәриядан сұрап едік мақала

мазмұнын білмеді. Міне Жәңгір ханды реформатор, ағартушы деп еш дерексіз өсірелуе осылай басталды. Бұны журналистер М.Құлженов, Р.Отарбаев патша авторы Иванов И.С., Харузин А. т.б. көшіріп, «Жәңгір хан» деген кітапшасын «Жаңа көзқарас» деген айдармен шығарды (3) Бұл идеяны «Өркен» газеті, Оралда өлкетанушы Ж.Ақпаев т.б. қағып алыш, өлсін-әлі жазып келеді. Біз көшілікке ғылыми, тарихи түсінік беру ниетінде «Соц.Қазақстан» газетіне макала бергенбіз, жариялады. Оны «Жас алаш» газетіне ұсынғам, жариялады (18.02.92 ж.). Бірақ популистер бұған да мән бермей, тексермей, қатеге толы мақалаларын жариялай берді. Енді Исатай ісіне күмән туғызып, Мақамбетті «сатқын» дегенге барды. Бөкейдің бір үрпағы Шолпанай Аманжолова «Уральская неделя» газетіне (2001 ж. № 3) «Махамбет и Жангир» деген мақала жазып, онда Өтемісті «мойны ырғайдай, біті торғайдай сіңір шықкан кедей кезінде Бөкей оны асырап адам еткен, ал 1831ж. Мақамбет Жәңгірге қарсы шығып опасыздық жасады» депті. Ол Э.Әлімжановқа ...сілтеме жасап, одан Мақамбеттің 1839ж. Қиоа (Хива) каласындағы құл сататын базарға барғанын жазады. Батырға әлгі жігіт: “Я не хочу свободы, купленной на деньги предателя!” В стихах беркут, а на деле ворон! В Хиве приют нашел. (Бұл отаршылардың пікіріне ұқсайды. И.К.) “Славу благодетеля на меня заробатываешь!” – депті. (4) Автор бұдан әрі “Ведь Махамбет и Исатай воюя против Жангира, стали на сторону Кайыпкали Ишимова претендовавшего на власть, с начало над Букеевской Ордой, затем над Младшем жузом”, - деп патша чиновниктерінің сезін қайталайды (4:3). Автор бұл жерде үстем таптың мұддесін қорғап, қаналудағы шаруалар жәйі, З көтеріліс себебін аузына алмайды. Мақамбет өмірі мен бұлай өрескел бүрмалауға жол беру баспасөздің жаны ашымауы, не жауапсыздығы. Екіншіден, даулы, күрделі мәселеден пікір алышу, пікір таласына да жол бермей, есқі түсінікте, “Егеменге” соңғы жылдары 4 мақала, ақырғысы Ы.Сариеваның мақаласына пікір, бердім. Жариялады, жауап та жок. Ал Боранғалиев қызмет бабын пайдаланып, енді Мақамбетке тікелей шабуылға шығып, З көлемді мақалА дәлелсіз жариялады. Сөз еркіндігі дегенді тарихымызды бүрмалауға айналды. Әдебиет ақсақалдары үнсізде, тарих ғылымының көсемдері М.Қозыбаев, Ж.Қасымбаев екі бетті үстап, Жәңгірдің сойылын соғып, дерексіз оны реформатор деуде. Әділдікті аттауда. Амал жоқ. Мақамбеттің, халық мұддесін әлімше корғауға тұғырдан түскен маған қалам алуға тұра келді. 1836-1838 ж.ж.

азаттық үшін еңбекші шаруа көтерілісінің себептерін бұл автор да жасырады, мәнін ашпайды. Тарих ғылымының докторы, профессор Ж.Қасымбаев әлдекашан тозығы жетіп, азған хан өкіметін мадактап, Жәңгір хан реформа жүргізді дейді де, қандай реформа екенін нақты атамайды. Хан жағы қоғамды өзгерту жөнінде жағымды өзгерістер істеді, екінші жақ-ескі құрылымды сақтамақ болды депті, ал дәлелі қөрінбейді (5). Мақамбет идеологиясы қоғамға зиянды әсер етті дегендей кітапта дәйексіз қарама-қайшы сөздер көп. Бұл сиякты ешбір құжатқа сілтемесіз, дәйексіз, шикі жазылған, тек ханды мадағтап, халық өмірін «айнадай таза» ауызға алмаған, азаттық, тәуелсіздік үшін құресті жасырған басылымдар барышылық. Бұл қаламгерлеріміз бен Әлкетанушылардың, кей тарихшының қоғамтану, тарих ғылымдарынан білігі кемдігін, жауапкершілігін аздығын көрсететін шығар. Бір білгір «Иісі казакта бірінші рет Жәңгір қала салған», - десе (6 :17), Әлкетанушы Ж.Ақпай: F.Мұсағалиевке (XX ғ.) Жәңгір Мысыр университетіне түсіне көмектесті – депті (7:18). Бұл жалған мәлімет. Оқырман кімге сенеді? Бәріне бір жауап беруге тұра келеді. Хан, сұлтандардың халыққа жасаған пайдасы болса жазу керек, жазып та келдік. Совет кезеңінде тарихымызды чиновниктер бүрмалағаны рас, бірақ бекер, дәлелсіз жала жаба бермейік. Керсій, Жәнібек, Қасым, Ақназар, Әбілқайыр т.б. барынша жазылды ғой. Жәңгірдің жазығы хан болғандығында емес, карабасының қамын ойлан, “өз халқын тонағандығында (Ж.Қасымбаев сөзі) болар. Жәңгір тәуір білім алса ел ігілігіне істеген реформалары болса дәлелдеп жазайық. Мәселе осында. Ал патша авторларының біржақты, дәлілсіз жазғандарын көшіре бермейік, өуелі тексерейік.

Бәрінің ойы бостандық, азаттық туын көтерген Исадай мен Мақамбет қызметін кемсіту, еңбекші шаруаның азапты өмірін түсінбеу, халықтың тозып, қаңғырып, орыс болып, азайюын көрмеу. Бұл ел тарихын бүрмалау ғой. Осы жағдайға байланысты біз Мақамбеттің өмірі мен қызметін нақты құжаттарға сүйене отырып, жаңа тұргыдан – бостандық, азаттық үшін күрес тұрғысынан қайта жазуды колға алдық. Ұлы ақын, халық батыры өмірі мен қызметін зерттесу менің негізгі ғылыми тақырыбым емес еді. Бірақ батырдың халық мұлдесі үшін қызметіне риза болып, іздене бердім. Бірер жыл зерттең кітапша шығарып қоярмын деп ойладым. Бірақ М.Әуезов жазғандай, Мақамбет ісі мен жыры адамды елітіп әкетеді екен. Сонау 1970 ж. бастаған іздену,

мәлімет жинау 30 жыл жалғасып, менің өмірімнің мағынасына айналып кеткендей. Бар бос уақыттымды, жазғы демалысымды, жі болатын командировкаларды Мақамбет, ел туралы мәліметтер жинауға пайдаландым. Өйткені, 1974 ж. шыққан Мақамбет туралы кітапшам, мақалаларым, басқа авторлардың жазғаны мені қанағаттандырмады. Ұлы тұлғадан ұлы мұра қалуға тиісті көрінді. Іздене бердім, іздей бердім. Көп мәселе түсінікіздеу, дүмбіледеу көрінді. Ұстазым Е.Бекмахановтың үағызы, тарихшының парызы туралы талабы жетелей берді. Фылыми қоғамтану әдебиетін оқи беруім бірталай жұмбактан көзімді ашты. Оның үстіне ел аралап жер бетін, ел танып, ауыз екі тарихи әңгімелерді, жұрттымның ой, көңілін білу де қажет екен. Тарихи шығарманы оқырман ниеті мен тілегіне сай жазу жөн болды. Аталарымыз: «Шымыраұлы болмаса, Шидің сөні келмейді...» депті, ол-шиді жұн жіппен бір-бірлеп орап, тізіп тоқу екен, ши мықты, төзімді болады екен, яғни үқыптылықты, мықтылықты үағыздауғой. Ел аузындағы тарихи әңгімелерді іріктеп, қисынды пайдалана білсек пайдасы мол. Кей көриялар Мақамбетті орта бойлы, қасы, шашы қапкара, денесі мығым, қолы қуатты, көзі өткір, әрі үлкен, өні қараторы кісі дейді. Бұл сөз архив дерегімен орайлас келеді. Дәулетқали Арапов (1911 ж. «Искра» Орда с-зы): Исатай ұзын бойы, қызыл шырайлы ақсары, имек мұрынды, ширақ денелі дейді. Исқақұлы Эжікен (1913 ж. т. Терен құдық «Искра» с-зы). «1830 жылдан Жәңігр жерді «құлдікке» бөліп, яғни Шыман, Шомбал, Балқы, Жақсымбет (төлеңгіттердің би), сұлтандар мен ірі байларға бөлін берген, шаруалар жерсіз қалып, жайылым, қыстау, шабындықты «өмірікке» (аренда) алған. Бұл ел шінде араздық туғызды, - дейді. Дәмесін Шерниязов (1887 ж. т. Жаңақала ауд.). Бекетай құмында Мақамбеттің ағаш үй болды. Қарауыл қожа Бабажанов таласып, Бекетай бесқасқа жерінен тас үй салған, жер алған. «Бесқасқаның әкесі Тұсіп үйсіннен келген 5 жігіттің бірі, беріш Ағатай батырдың жиені, Бекетай құмы ата қонысы. Айтбай бесқасқасы құмында «Көктөбе» бар «арғы көктөбеде» бар, Мақамбет осы өнірде өскен,- дейді. Міне көриялар аталарынан естіген осындағы үзік-үзік мәліметтерді айтады, шындыққа жанасатынын жазып отырмыз. Бұл секілді мәліметтер Атырау, Актөбе, Астрахан, Саратов, Орынбор т.б. облыстардағы көриялардан естігенбіз, бәрін тізу қын, әрі әлі де тексеру қажет. Бірак, Еспентай Тасмұқамбетов (1880 ж.т. Байбакты, Жаңақала) әңгімесін қосалық: Исатай, Мақамбет 1829

жылдың жер бөлу, салық қолеміне наразы болып, кедейдің мұнын соққан, хан Мақамбетті бауырына тартқысы келіп, арбайды, ал Мақамбет көнбейді. Ақыры оны хан абақтыға да жаптырады. Мақамбет Исатайдай қайсар, өткір, батыл, ділмар болған, хан ырқына бой үсынбаған, - дейді көрия.

Мақамбет өмірі, қызметі тарихи түрғыдан арнайы зерттелмей келеді. Авторлар көтеріліс тарихына байланысты қосымша кейір, өмірбаяндық мәлімметтерді жазып келді. Бірақ олардың көбі Мақамбеттің өмірін сол кездегі қоғамдағы күрделі де, ауыр жағдаймен тығыз қабыстыра бермеді. Көтеріліс деген аса қауыпты, адам өлімі, шаруашылық күйзелісі болатын іс. Оған халық ашық бармайды. Қолға қару алу тек тығырыққа тірелгенде амалсыздан болады. Кейір автор жазғандай көтеріліс 2-3 кісінің бас араздығынан, не тентектігінен болмайды. Бұқара көрінген кісінің артынан ермейді. Олай болса бұқараны ашық құреске көтерген қандай себептер болды, тарихшы соны ашуы тиіс. Ол үшін сол кездегі қоғамның жағдайымен таныстыратын тарихи әдебиетке тоқталуымыз қажет. Бекей ордасының жәйі белгілі тарихшы А.Левшиннің Қазак даласы жөніндегі еңбегінде әңгіме болады. Автор Жәңгір ханды мадақтап, 1827 ж. көтеріліс себебін сұраганға жөн: «Мен орыстардың мұддесін корғадым» дегенің масайрай жазады (8). Отаршылықтың бетін ашпайды. Бекейліктің 1841 ж. жәйін Я.В.Ханыков. Бекей ордасының 1841 ж. жәйі туралы кітабында жазып, елдің географиясы, шаруашылығы, алым, салық, оку ісі жөнінде үстіртін болса да мәліммет береді. Мақанды көріп, тілдескен адамның бірі – капитан, инженер-геолог, әрі филолог Е.П.Ковалевский Борсық құмы жағында 1839 ж. күзде кездесіп, кейін оны өз кітабында жазған. Ол Мақаң орыс тіліне жетік, ділмар, көп нәрседен хабары барын айтады (9). Ал патшалық авторлар Мақанды бұзық, жыртқыш, не бүлікші, ескілікті қолдаушы деп. Жәңгірді жанашыл, өз халқы қамын ойлаған деп, еш факты атамайды. Жәңгір жөнінде оның өз сөзіне сүйеніп орыстар жазғаны көп және бірінен бірі көшіріп, нақты мәліметтері аз және күмәнді кследі, халық түрмисы, шаруашылығы жөнінде мардымсыз, әрі тенденциялы. Сондайдың бірі- біздің кей зерттеушіміз бен өлкетанушымыз жиі сілтеме жасайтын авторы А.Харузин. Ол Бекей ордасы деген кітабында: «киргиз-степняк рожден кочевником, скотоводом, таким и он останется, таким он умрет» (10:35). Ал хан Жәңгірді ешбір дерексіз мадақтай берген. Бұндай авторлар көп және олардан тарихи мәселелерді объективті баяндайды деп күтүге болама? Эйтседе біз патшалық авторлар еңбегінен сенімді фактыларымен ой, пікірлерін аламыз. Мысалы, Астрахан губернаторы 1839 ж. 18 акпанды

Мемлекеттік Мұлік министіріне берген рапортында Бекейлікте 18 ру, 56000 жан, Ордада рулық басқару жүйесі сакталған деңгі (11:18). Ал А.Харузин, Я.Ханыков, С.Иванов, А.Добромыслов, А.Алекторов т.б. бұл санды көбейтіп жазыпты. Немесе А.Харузин «Рассвет ханского могущества был во времена умного Джангера» дейді. (12:34). Бірақ ешбір деректі фактлермен бұл сөздерін автор дәлелдемейді.

Патшалық авторлардың мақалаларымен кітаптарында Кіші жұз бен Бекей ордасының саяси, шаруашылық, әлеуметтік, рухани өмірінен кейде нақты фактылар, оқиғалар, Мақамбет туралы жағымды, жағымсыз сөздер кезделеді. Әсіресе Ресей әскери бас штабының офицерлері XIX ғ. ортасында айтылмыш өнірде жи болып, өз көргендерінен кей жәйді бүкпелемей батыл жазған. Мысалы, бас штаб полковнігі М.И.Иванин Орынборды В.А.Перовский басқарған кезде... біздің кінәмізден бізге наразы қазактарды Жазалау үшін қырға әскери отряд жібермеген жылымыз сирек болды» деп (13:187) отаршы зұлым саясатын әшкерелейді. А.Евреинов Бекейлікте 1849 ж.ж. жұмыс істегендеге көргеніне сүйеніп, Безбородко, Юсупов т.б. помещиктер Каспий жағалауындағы қалың қамысқа зансыз ие болып, қазактардан аренда ақы алып, енбегін тегін пайдаланғанын, қысым көрсеткенін жазады (14:7). Ал Ковалевский Коканд, Бұхар феодалдары Кіші жұз еліне жи шапқыншылық жасайтын, қазақ феодалдарының өзара барымтасы нәтежесінде шаруалардың әлеуметтік жағдайының адам шошырлық екенін жергілікті әкімшілікті барымтаны тыю жөнінде еш нақты шара қолданбай тек сылдыр сөзбен шұғылданатының мәлімдейді. (15:61). Біз тарауларда патшалық авторлар Герн мен Васильевтің, Виарамберг, Ф.Берг, М.И.Иванин, Л.Мейер, К.Солдатенков, А.Н.Тетаревникова, С.А.Хруничев, Ф.Стариков, П.Медведский, А.И.Мокшеев, Н.П.Иванов, М.А.Терентьев т.б еңбектеріндегі көңілге қонымды, шындыққа жонасатын факторлар мен ой, пікірлерін пайдаланамыз.

Ресейдің мерзімді баспасөзі Жәңғір, Бекейлік туралы үқасас мазмұнды 1826 жылдан (Северная пчела), «Москвитянин»; «Русская речь», «Сын отечества» т.б. әлсін-әлі жазған, көбі ханының өз аузынан шыққан сөздерді жариялап келген. Оларды да тексереп пайдаланамын.

Қазақ тарихы, жасыратыны жоқ Совет әкіметі кезеңінде зерттеле бастады. Бекейліктің тарихы мәселелеріне алғаш көңіл бөлген жерлесіміз Ақмет Маметұлы (Мәметов) 1926 ж.).

Қалсек Досмұқамбетов. Халекен “Аламан” кітабында /1927 ж./ Мақамбет туралы ел аузынан жиналған тарихы онғымелерді жазған. Ондағы бірталай мәліметтер кейін жазбалы деректермен дәлелденді.

Ресейдің мерзімді баспасөзі Жәңгір, Бөкейлік туралы үқсас мазмұнды материалды 1826 жылдан /Северная пчела/, Москвитян “Русская речь”, “Сын отечества” т.б. әлсіп-әлі жазған, көбі ханның оз аузынан шыққан сөздерді жарияланып келген. Оларды да тексере отырып пайдаланамыз.

Кіші жүз жұртының /atalarымыз “жұрты” деген жазыпты И.К./ азаттық үшін құрес тарихын зерттеуде тарихшы А.Ф. Рязанов коп енбек еткен, Қ. Есімов көтерілісі /1924 ж./ Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін 40 жыл құресі, “Исатай Тайманов көтерілісі” /1927 ж./ деген кітаптары алған кен көлемде архив материалы негізінде әлінше дейекті жазылған. Совет тарихшылары және қазіргі авторлар А. Рязанов еңбектерін тексерусіз жиі пайдаланады. Бірақ Рязанов көтерілістің басталу себептерін, халық түрмисын, патша үкіметі мен Жәңгір хан саясатын баяндауда жан, мал санын, алым-салықты хан, сұлтандардың, билердің шаруаларға қысымын нақты атамай, үшқары пікір жаңсақ мәлімет, дәйіксіз тұжырым айтады.

Мысалы “И. Тайманов көтерілісі” деген енбегінде көтерілістің басталу себептерін жазуда патша офицерінің создерін қайтаса, Ішкі таралта 1803-1829 жж. болған толқулар, көтеріліс қазақ халқының Нарын құмынан Жайықтың шығысына өтуге тырысып. Бұқар жағындағы казактар ұлттық еркіндігін пайдаланған және орыс үкіметі мен жергілікті билеушілердің сезу қаупі төнбекен елге қосылуды мақсат етеді. /16:3/ Бұл хате пікірге автор жауашты патша офицері Генс сөзінен іздеді қазакты “жеңілtek”, “Желбуаз” /вегрсный/ дейді, ал қоғам өмірінің негізгі мәселелеріне үңілмейді және еш дәлелсіз. Жәңгір хан Ішкі таралта ескі рулық құрылышты құртты дей келіп, қазақ отырықшылықты, егішілікті білмейді деп“ кессіп айттып, бұған тиым салған патша үкмістімен Орал қазақ әскерінің зорлығын аузына алмайды. /17:5/ Сөйтіп бұл болімде көтеріліс себебі анықталмады.

Келесі “И. Тайманов көтерілісі” деген бөлімдес көтеріліс хан, сұлтандар қысымымен алым, салық қоңғітінен деп үстіртін ғана жазған, онда да Зекет, соғым аталады. Ханның жер реформасын қалай жүргізгенін, 1517 жер иелену актісін бергенін атап, біреудің жерін екіншігে тартып алыш, сатқанын, реформаны хан өз жеке мұддесіне пайдаланғанын әшкерелемейді. Хан тархан атагын беруді жағалық етіп көрсетіп, ондайдың кіші жүзде болғанын және оның дворян атығымен тен тап депті. Ондай мәліметті біз архивте кездестірмейдік. Автор Жәңгір өз тәңрігіне сұлтандардан, билерден “клика” /бұл сез сөздікте “сүркия” деген аударылышты И.К./ құрап, солар арқылы ел басқарды дейді. Келесі: “И. Тайманов и М. Утемисов” деген параграфта “Исатай был неграматен, как весь

казахский народ того времени" деген тағы бір жаңылады. /18:16/. Бұл олкес тарихын жете білмегендігі. Айта берсек, А. Рязанов еңбектеріндегі хателері, патшалық авторлар сезін қайталау өте жиі кездеседі. Исадайтың Қарауылхожа озырылтына наразы болған себептерінің толық ашпайды. Ал қазіргі авторлар А.Рязанов еңбектеріндегі мәліметтерді, пікірді тыңғышты тексермей өз мақала, кітаптарында пайданып, оқырманды шатастыруда. Бұны оқырман ескеру тиіс.

Совет оқметі кезінде Бөкейліктегі шаруалар көтерілісінің тарихы алғаш рет ғылыми түрғадан зерттеле бастады. Әуелі А.Рязановтың Исадай Тайманов көтерілісі деген сөбебі жарық көріп, автор Орынбордағы бай архив материалдары негізінде баяндады. /15/. Автор контеген оқигалар желісін, шаруалардың жағдайын, қару алуға мәжбүр еткен кей себептерді деректі баяндай жазады. Бірақ патшалық авторға тән қоғамдағы наразылық шығу мәнінде кей жеке адамдардың бас араздығынан болуына сену бар, кей құжатты хан іікіріне сай саралau бар, оның өзін-өзі мақтап айтқанын автор пайдаланады /рулық құрылымды жою, реформа т.б./ Г.Сербаринов озінің "Исадай Тайманов" деген 1836-1837 жж. халық қозғалысы жөніндегі шағын еңбегінде Жәңдір хан өмірінің жартысынан көбі халықтың толқуымен отті, "көтерілістің басты себебі халық өмірінің бүлінуі, одан қарапайым жүрттың күйзелуі" дейді /19:4/. Автор халық наразылығының себептерін ашпаған, жалпылама сөздер көп, әлеуметтік күйзелісті көрсете алмаған. Эйтседе автордың еңбегі көтеріліс тарихын біліп, түсінуде пайдасы бар.

Бұнымен қатар А. Рязанов 1926 ж. "Қазақ халқының үлттық тәуелсіздігі үшін 40 жыл күресі" деген еңбетін шыгарып, Исадай көтерілісі толығырақ және архив құжаттарына сүйеніп жазған. Бұл шыгарма қазақтың 1797-1838 жж. азаттық үшін ауыр күресінің тарихын біршама дұрыс көрсеткен және кейбір жаңылыс іікірі, үшқары тұжырымдарына қарамастан өзінің ғылыми бәсін жоғалытқан жоқ. /20/

1930 ж. Исадай көтерілісі тарихын бұдан әрі зерттеуді А. Якунин өзінің Исадай Тайманов азаттық күрестің косемі /21/, Н. Тимофеев пен Е. Федоровтың "Қазақ халқының 1837-1847 жж. азаттық үшін күресі" деген деректі мақалалары Бөкей ордасындағы жалпы жағдайды, көтеріліс себептерін аңықтай түсті, /22/ қазақ басындағы ауыр трагедиясын - балаларын сатуға барғанын, Орынбор губернаторы Бахметовтың өзі шекара әскери липиясындағы бастықтар қазақтарды талап, жұтату үшін шылқып байығанып патшаға жазған. Бөкей ордасы тарихы жөніндегі сіңсенімді, әрі ғылыми дәйекті жазылғаны В.Ф. Шахметов пен Е. Бекмахановтың монографиялары Шахметов Ішкі орда және Исадай

Тайманов көтерілісі деген кітапта Қазақстанның XIX ғ. сц елеулі, саяси мәні зор оқиғасы Исатай – Мақамбет көтерілісі екенин көрсете отырып, Ішкі тараптың құрылуын, оның түргынының, малының санын шаруашылық бағытын, сауданың өрлеуін, отарлық езгімен феодалдық қанаудың қүшесін жазады. Әсіресе, Жәңгір хан кезінде ел басқару тәртібінің бұзылғанын, рулық құрылысты сақтай отырып ру басына Б.Құдайбергенов, Ш.Ниязов, Б.Боздақов сиякты зарлықшылдарды, көбіне өз туыстарын қойғанын, олар шаруага неше түрлі қиянал істегенін, патша офицерлерімен помещиктер шүрайлы жерді тартып алғанын т.б. озбырлығын Мақамбет туралы нақты жазған. Ханның қоғам өміріне жаңалық әкелмегенін, тек жеке басының баюын ойлағанын көрсетеді./23/ Кеп мәселеге дұрыс ғылыми баға берген. Аса құнды ғылыми еңбек проф. Е. Бекмахановтың Қазақстанның XIX ғ. тарихының очеркі болады. Оның 2-тарауы Ішкі тараптағы шаруалар көтерілісін арналған. Автор өзіне тән үқыштылық, білікпен бұл елдің жағдайын талдай келіп, шаруалардың Жәңгір кезіндес төзгісіз кіріптарлыққа ушырағанын, әлсүметтік күйзелісті, саяси дағдырысты даңпа-даңтап қысқа да, нұсқа жазған. Жәңгір кезінде “хан мен султандар ұлығы” /Ханско-султанская верхушка/ қалыптасқанын, олар елге неше озбырлық жасайтынын, көтерілістің басты себептерін нақты атаған. Ішкі тараптағы халықтың жебір хан, султандар мен билерге, байларға нарызылығы шаруалар соғысына айналған деп баға береді./25/ Проф. Бекмаханов ғылыми еңбегі әдетте ой мен пікірге ой, терсек талдаумен жинақтап, “тойпара қақсан шегедей” шегелеп тұжыру осы еңбектерге көрінеді. Проф. Бекмаханов С.Зимановтың Бекейліктер пішін шабуга отырықшылыққа басқа қазақтан бұрын бастады дегенін сыйнап, Жәңгірдің өзі отырықшылануды иеленіп, сосын Самар көлдері мен Сары өзен бойында тез отырықшылыққа көшкеніне хан таң қолғанын қоныстану Бекей кезінде басталғанын еске салады. /25:48/

Шахматов Сары өзен мен Самар көлдері жағалауларын Орал қазақ әскери жауап алғымен Каспий жағалауына помещиктер шектеу қоюы казақтардың толқуын туғызды деген /24:101/ Шынында да бұл Бекейлікте 1827, 1829, 1836-1837 жж. көтерілістің басты себебі.

Бұл авторлардың көбі қазақтың үй салып, қоныстануын, кәсіппен айналысуын т.б. орыс үлгісі, нұсқауымен boldы деп патша қызметкерлерінің зұлым басқыншылық, талау саясатын жете өшкере алмады. Дегенмен аталған авторлар еңбегінде көп факты ой, тұжырым бар, біз оларды алдағы тарауларда пайдаланамыз.

Мақамбет дәуірін сипаттаймын басқада авторлар бар, біз оларды қажетімізге жаратамыз.

Академик С. Зимановтың Ресей және Бөкей хандығы деген еңбегі бір тебе, бірталай мәселені дұрс жазған. Мысалы, үкіметтің тапсыруымен Жәңгір ханның бос жатқан жерді іскер, шаруда жүргізе алғатын қазақтарға үlestіру жұмысының тарихын дәйекті жазып, хан жерді өз туыстарымен сыйбайластарына бергенін, сатқанын көрсетіп, көпшіліктің жерсіз қалғаны дұрыс айттылады. /27/ Бірақ автор ешбір нақты факттың хан өкіметінің дамығанын, тіпті хан өз алдына империядан төуелсіз болғанға саясады. Автор басқа да тарихи мәселеде ағаттық жіберген. Олар жөніндегі келесі тарауларда айтамыз.

Алматы Педуниверситетінің профессоры Ж.Қасымбаев “Жәңгір хан” деген көлемді кітабын шығарды. /28/ Автор бірталай архив материалын пайдаланған Жәңгірдің алым-салық мөлшерінің тым ауыр екенін, ол өз халқын тонағанын, патша үкіметі мушелерін алдағанын, шылқыған милиционер бай болып, шаруаларды аяусыз қанағанын жазады. Кітапта жаңсақ шікір, бұрмалауда бар. 1836-1837 жж. Көтерілісті үстіртін караган, дегенмен оны “Қазақстан тарихындағы ірі саяси оқиға” деп бағалаған. /33:93/ Жәңгір мектебі жөнінде еш жаңалығы жоқ, ескі версияны айтады.

Әнес Сарайдың “Исатай - Махамбет тарихы” деген кітабын қай жаңырға қосарымызды білмейміз. “Тарих” деген физика, геология т.б. сияқты жеке, дара ғылым саласы, оның өз принциптері, талабы, зерттеу әдістері, теориялары бар. Автор тарихи мәселені жазысы келсе тарих ғылыминың талаптарын орындауы парыз. Мысалы автордың өзі қозғаған мәселені бұрмаламай, адал /“добросовестность автора”/дейді/, жазуы енбектің “ғылыми аппараты” болуы, яғни әр мәлімет кімнен, қайдан алынғанын корсете жазуы тиіс. Ә.Сарай ешбір деректемеге сілтеме жасамайды, “Отеміс Құлманиязулы” /Құлмәлі емес/ деп жүре берді. Бұл архивті қарамағаның кесірі. Бұл енбекті жаңсақ мәлімет, пікір көп, қайсы бірін айтасың. Дегенмен кейбір жәйлі қайта толығырақ айтуга мәжбүрміз.

Зангер С.Зимановтың сибеніндегі қате фактілер, оларды түсіндіру төуелсіз Қазақстанда теріс, ғылыми ағымның таралуына мұрындық болды. Оны бастаган журналист БоранғалиевТ. “Соц. Қазақстан” газетінде Жәңгір мектебі жөніндес көлемді мақала жариялады дедік. /28/ Біз аға, әрі ғалым ретінде авторға деректерінің жалғандығын түсіндіргенібіз. Бірақ кешікпей Жәңгірдің жазығы хан болғаны ма? деген сол мазмұндас мақала тағы шықты. Біз бұл қозғалған мәселенің хателігі жөніндегі мақала жазып, “Соц. Қазақстанға” ұсынып едік, жарияладамыз. Амал жок

“Жас алаң” газетіне жарияладың /29:27/ Мәселенің мазмұнын алдағы тарауда жазамыз. Жәңгір хан туралы мақалалар, кітапша қауап кетті, патша авторларының жазғандарынан ешбір тексерусіз кошпрушілер көбейді. М. Құлкенов, Р. Отарбаев “Жаңа көзқарас” деге ескі патшылық автордан “Жәңгір хан” деген кітапша жазды, ешбір архив материалын қарамаған. Мерзімді баспасөзде бүндай тарихи жалған мақалалар II жыл бойы жалғасты. Бір мысал: Жәңгір мектебі тұнғыш қазақ мектебі дейді. қазақ жазуы жоқ сліс мектебі бола ма? Жәңгір мектебі кәдімгі жекенің мұсылман мектебі, оларда 4 тіл оқытылады. Соңда да Жәңгір араб, парсы, татар, орыс тілдерін били шықты. Бұл әңгіменің де жалғасы бар. Біз кім болса да: хан, патша, батыр, ақып т.б. енбегіне халқына істеген қызметіне қарай дәріптеді құптаймыз, ал жаңынан шығарып жалған мәліметпен оқырманды алдауға қарсымыз. Т. Боранғалиев ізін басып, көшірушілер Батыс Қазақстанда да табылады. өлкестапушы Ж. Ақпай 10 жылдай Жәңгір туралы жаңсақ мәліметті жазуда, 2001 ж., Нарын-Қазахия кітабында қазақ үлттық мемлекеттік құрылымын қалыптастыра бастады, деңгі /48 бет/ Еш қандай дерсігі жоқ, қалай құрганын, не істегеніңде айтпайды, тек жалаң соғып. Бүндай әсіре мақтау автордың “Жәңгір хан” деген кітабында да көн. /30/ Ж.Ақпай басқада популистер сияқты енбекші халық тұрмысын, халық наразылығы себептерін аныптаиды. Жәңгірдің көн қырлы қызметінің ерекшіс факторлары ұсақ және ірі шаруа қожаларына жерге жеке менишкіті бекіту шаруа жүргізуің отырықшылық тәсілін, товар-ақша қатнассын ендіру болады- деңгі /30:69/ Жоғарғыдай, автордың бұған сыйдыр сөзден басқа дәлелі жоқ. Айталық ақша-товар қатынасы XIX ғ. 1-ширеғінде қалыптасқан. Осылай, Ж.Ақпай шындықты басқа популистер сияқты сыйдыр созбен дәлелдемек. Жалпы, Бекейлік тарихы бір шама бұрмалануда, халықтың мұны мен зары слеусіз қалып, не үстіртін жазып, көтеріліс мәнін, Исадай Мақамбет иен бұқараның ролін көрсетпесуде. Тек “оқымысты” ханғана сл қамын жепті. Онымен қоймай, кей автор Мақамбетке де ауыз салуда. Али атылық Ш. Аманжолова Өтемісті мойны ырғайдай биті торғайдай көзінде Бекей қол үшін беріп адам еткен, ал Мақамбетті Жәңгірге қарсы шыққан сатқын Ә. Әлімжанов кітабына сүйсні жазады. /30:3/ Біз оған архив құжаты бойынша жауап беруге мәжбүр болдық. /31:17/ Қаламгерлердің бөріне бірдей жауап беру қажетсіз, дегенмен негізгі мәселелер бойынша дәлелді, ғылыми түсінік бердік /31:27/.

Былы Т. Боранғалиевтің “Егемен Қазақстандағы” Мақамбет туралы мақаласы шықты. Автордың тарихы ғылыми “білігін” байқаган біз бұны 10 жыл күткеніз. Енді міне II жыл “тыринақ

астынан кір іздең” жүр екен, ақыры ойын айтты. Автордың ақыны, ойын түсіну қын. Халық Мақамбетті батыр дегеніне наразы, Қарауыл хожаны шаруаның қамқоршысы көреді. Халық бағасы жоққа шығаруға кімнің қақы бар? Мақамбет кіммен жекпе-жеккес шығып батыр болды? — дейді. Автордың тарихтан хабары аз болған. Жанкепті заманда кімнің батырлығын жазады: Мақаланы оқыған біреу: Мынау қасақана жазылған мақала десе, екіншісі- бұл нағыз қаскейлік дегенін ссту қын. Халық ой пікірін жоққа шығаратын болса, автор Әнес Сараевтың Исатай – Махамбет тарихын оқысып, онда автор халық аудындағы мынадай өлеңді келтіреді:

“Хан Бекейдің тұсында
Секер шайнап бал іштік.
Хан Жәнгірдің тұсында,

Касыктап қара қан іштік”, - деңгі/32:12/. Хан қызметінс бұдан артық не баға болады. Бұл атақ мәнғілікке кестеді. Бұл өлеңсіздегі халық Жәнгірді “қаніпер” деп келген. Оқырманға түсінікті болу үшін Жәнгір қызметі жөніндс әңгімені алдағы тарауда жалғастырамыз. Сонымен Ішкі тарап тарихы жөнінде ертеле – кеш коп жазылса да қазірі кезеңде пікір алшақтығы үлғайып, оқырман мен оқу орындарында, облыстық аудандық мекемелерде түсінбестік жағдай пайда болды. Жоғарғы, орта оқу орындарында студенттерге “жаңалық” деп жолған, дәлелсіз мәліметтер беру, тіпті “ғылыми” конференсия т.б. еткізу, баяндама, реферат жазу бар. Мекемес қызметкері қай позицияны үстарын білмей обдырауда. Мерзімді баспасөз ғылыми пайымдаудан пікір таласын жүргізбейді. Мақаламызды жарияладаймыз /“Егемен Қазақстан” т.б./ кітапханада өлікс тарихы жоніндеғі ғылми кітаптар жоғалып, ис қолды болған. Тарих ғылыми жөніндегі әдебиетті әр жақтан Бекей Ордасының 200 жылдығына жинау жөніндең біздің ұсынысымызды лауазым иелері слемеді. Осыдан келіп популистердің шикі жазбаларына жол ашылды. Жуықта биік трибуналан: Бекейлік 1841 ж. түңғыш қазақ мектебі анылған жер дегенін сстігінде бек қынжылдық. Бұл жәй республикада бар. Сондықтан біз жасымыз жетін, деңсаулығымыз нашар болсада, бұл өлкे тарихының маманы болғасын оқырман үшін, жастарға деп қалам алуға мәжбүр болдык.

Біздің мақсатымыз Е.Бекмаханов, А.Нұсипбеков, С.Асфендияров, т.б. бастаған Қазақстан тарих ғылыми табыстарына сүйеніп, В. Шахматов, Қобландин т.б. ғалымдардың еңбектерін арқау етіп, архивтер құжаттары негізінде тарих ғылыминың талай жылдан бері зерделеніп, қалыптасқан позициясын қорғай отырып, оқырманға оқу, мәдени орындарға, басшы мекемелерге Бекей ордасының М. Өтемісұлы кезіндегі қоғамдық өмірін, хан Жәнгір билеуі кезінде тынбаған азаттық

күрестің себептерін анықтап, шаруалар қозғалысының барысын қысқаша болса да шынайы, байыпты баяндап, Мақамбеттің өсу, күрес жолын, өмірінің сонына дейін көрсетпекпіз. Ол үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық архивінде /КР, ОМА, не КР. МОМ/ н.78 қорда Бекей ордасын басқарған Уақытша Советтің /қысқаша: БОБУС/ жинакталған материалдарын қарадық. Онда Бекей Нұралыұлы мен Шығай тұсындағы кеңсе документтері мал, жан есебі, Орынбор губерниясы өскери губернаторына /ОГӘГ/, Орынбор шекара комиссиясы жазған рапорт, хабарламалар, баяндамалары бар. Келген, жөнілтілген қағаздар 2-3 жорналдары көп смес, ал БОБУС-ң материалдарынан талай мәлімет табуға болады.

КР МОМ-да н.4 қорда Орынбор шекара комиссиясының /ОШК/ материалдары ішінде Кіші жүз жағдайы туралы мәліметтер Бекей Ордасынан барған хаттар, шағымдар, жолдамалар бар. 1836-1838 жж. көтеріліс құжаттары, тергеу материалдары, Орынбор басшыларының нұсқаулары мен бүйрықтары кездеседі. Сондай-ақ жазалаушы отрядтардың, Орал казак өскери /ОКӘ/ атаманының рапорттары сақталған.

Біз Ленинградтағы Орталық тарихи архивтері Кіші жүз тарихына байланысты документтермен таныстық. Олардың ішінде Өтеміс Құлмалиннің Нарыннан Кіші жүзге өтпек болған, әрекеті, Бекей ордасы, оның шаруашылығы туралы т.б. құжаттар бар.

Сондай-ақ, Орынбор, Астрахан облыстары архивтерінде бірнеше рет болып, губернатор кеңесі қағаздарынан әр түрлі мәліметтер, шағымдар, рапорттармен таныстық, әрине архив материалдарына сын көзімен қарап, қосымша деректер іздеп, оларды салыстыра отырып шынын анықтауға тырыстық. Архив материалдары толық, тұтас смес, көбіне әр оқиға, не адам жөнінде мәлімет үзік-үзік болып келеді. Тағы бір қының жер су ру атаулары бүрмаланып, мексидері аталмай, тек ру аты, оның бөлімі жазылған. Сондықтан, біз жыл сайын Батыс Қазақстанның 3-4 облысына 1970 жж-дан, Ресейдің көрші 4 облысына барып, ел аузындағы тарихи өңгімелерді жинадышқ. Мақамбет болды-ау деген жерлерді көрдім. Астраханда ескі Кремльде, базарда ақын болуы мүмкен, деген жерде болдық. Вөлгоград облысының Қайсанская станциясында Ақболаш деген әже Мақамбет өлеңін айтты, жаңа өзенде М. Өскенбаев Мақамбеттің бір күйін тартып берді, Саратов облысында Нұргалиев М., тегі Дендерден, Мақамбет өлеңдері жазылған қағаздар қызында сақталғанын Р. Әділгерееев Мақамбет толғауын мәлімдеді. Мақамбет үшін бір Жаңақала ауданына 20 шақты рет, Атырауға 10 шақты рет баруға тұра келді. Қызылқоға ауданында Б.Бақтыгереев, Ш.Көжековтен Мақамбет толғауларын

аңдық. Мақамбет ізімен жүре отырып жер бедерін, табиғаттын, коныстарын, тұрмысын, шаруа жүргізу тәсілдерін бىлдім. Жем. Сағыз, Қайнар бойында Сырым кезінде де қыстау, сам көлінде, т.б. жерде бақша, егін салыпты. Шығай сұлтанның 1819 ж. салған ағаш үйінің орнын, Қылда соғыс болған жерді т.б. көрдім. Бұлардың бәрі ата-баба тіршілігімен қағаздағыдан молырақ, танысып, бірталай мәселені анықтауыма көмектесті. Бұл іздесуімді баспасөз бетінде жарияланып отырдым, ол маған ағайындардың көмегін арттырды. Осы айтылған облыстардағы көмектескен азаматтарға өзім және оқырмандар атынан Рақмет айтқым келеді. Сіздердің көмсігінде, ниетіңіздің акташ берген түрлі мәліметтерінде көмектескендерге өздеріне біразын кітап бетінде қайтарам. Үрпак қажетіне бұл іздесінің жараса, менің еңбегім қайтқаны көркем әдебиет шыгармаларындағы мәліметтер тарихи еңбек қажетіне жарамайды, тек қайталап тексеру барысында расталған кей фактышар, ақпараттар пайдаланылуы мүмкін. Мысалы Ә. Әлімжанов Мақамбет жебесі кітабын да ақын С-Петербургте Жәнгірмен бірге барды деп жазады, бірақ барғандар тізімде Мақамбет есімі жоқ. Бұл кітапта ерсі қылыштарда бар. Ханның бейнесін ашпайды. Архив материалдары мен кей тарихи әдебиетте жер, су атаулары, адам аты-жөні бүрмаланып, хате жазылып оқырманға түсініксіз келеді. Мысалы, Сиклар, Черкесовский, Тозларский дегенді қалай түсінесіз? Бұл Ысық, Шеркеш, Таз рулары. Дендерді Индяр, Инляр, Қабыршақтыны Чижа деп жазған. Әдебиетші Нетәлиев М. менің “Тайман улы Истатай” деген кітабымдағы Жантөле мен Жантелі бір кісі Жайық екеу смес біреу, Қаракөлде бірсу деп сыйрап, ез облысы топонимикасын білмейтіндігін көрсеткен. 1980 жыл Екінші Жайық Ганюшкинге барап жолда. Қаракөл атауы Тайпак ауданында, ондағы мен көрген машинының есімін айтуыма болады Екіншісі содан 50 км. дей шығыста Атырау облысында Абай совхозы Казгородок. Бұнында тарихы бар. Кейбір атаулар қосар болса, өнді біреулерінің қазақшасы ұмытылған. Адам есімдерін қазақша жазамыз. Ал Макамбет есімін аталарымыз А.Мәметов, проф. Қалел Досмукамбетов, проф. Басымов Қ. т.б. арабтың “х” әрпі бола тұрсада “қ” мен “Макамбет” деген. Қазақ тілінің орфографиялық сөздегі ғылыми еңбек, бәрімізге нұсқа. Бірақ қаламгерлер бұл еңбекті білмейтін секілді, біз бен таласып “Макамбет” деді. Біз сауаттылықты уағыздап “Макамбет” деп жазамыз. /54/

Біз бұл еңбекте өзіміз қозғаған мәселелерді толық қамтыдық дей алмаймыз. Әлі де материал баршылық, зерттеушісін күтіп тур, Макамбет туралы зерттеуді жағастыру жөн.

I - TAPAY

Мақамбет өскен орта

§1. Мақамбет өмірбаяны мен қызметінің зерттелу жәйі

Мақамбетті 1839ж. күзде Борсық құмы маңында көріп, тілде адал – тауken инженері, филолог Е.П.Ковалевский Бұқар ханды бара жатқан жолда көреді. Бұлардың қасына Мақамбет өзі ке Ковалевский т.б. емін-еркін орысша сөйлеседі. Экспедицияға көрсетпек болады. Бірақ алға барлауға кеткен Мақамбетті олар күкетіш, экспедиция қаразымдықтардың (орыстар Хиуа хандығы жазады, ал реcми атаяуы “Қаразым” И.К.) тұтқынына түсіп сәтсізд ұшырайды. (2) XX ғ. басында Добромуysлов А., Павлов Н. (191 Алекторов А. т.б. өз еңбектерінде Мақамбетті “бұлікші” деп жағ Бірак Добромуysлов “В 1829 году обвиняя Джангира “в небрежен

пользам народа" взволновал Орду Каипкали Ишимов" деп шындықтың шетін көрсетеді. (3:235) Жәңгір 1827, 1836-1837ж.ж. көтеріліс себебін – "Орда да орыстардың мұддесін қорғадым" деп, ал хан үстінен шағымдардың көптігін қазақтардың "есер рухы", дөрекілігімен түсіндіреді дей келіп, Макамбетті "жыртқыш" дейді (4:236). 1864 ж. Казактарға қоныс салып, егін егуге ұлықсат бергенде олар 10 жыл ішінде жартылай отырықшыға айналып, малшыдан егіншіге тез көшкенін бұл авторлар мойындац, отаршының қазақ қоғамы дамуын тежеп келгенін орыстар егін салуға үлгі болды дегеннің жалғандығын көрсетеді (5:417). Бұл фактілер Макамбет тобының ханға қарсы бас көтеруінің тағы бір себебі еді. Сөйтіп патша авторлары да Исатай, Макамбет көтерілісін зерттеуде кейде шындықтан күтіла алмады.

Совет өкіметі кезінде баспасөз бетінде алғаш 1924 ж. "Сәуле" журналы Мақамбет туралы көлемді мақала жариялады. Автор Макамбетті батыр, ақын, домбырашы деп таныстырады, тегі Беріш руының Жайық арасынан, атасы Құлмәлі, ұлт-азаттық құресте халық оны батыр атағанын мәлімдеген. Бұған қоса ақынның толғауларынан үзінді жариялаған. Батырдың бет-бейнесін, бойында да айтылады. Минез, құлқы, өмір пернесі (образ жизни) жөнінде кыска жол бар. Макамбет өмірімен қызметін зерттеуде сара жол салған кісі халқымыздың ардақты перзенті Қалел Досмұқамбетұлы еді. Бұл кісі ғылымның түрлі саласында жемісті еңбек ете жүріп, әдебиет, тіл білімі, тарих саласында өнімді қызмет атқарған. Соның бірі – 1925-ші жылы Ташкент қаласында Қалекен "Исатай - Мақамбет" жинағын шығарады. Араб альфавитінде "х" әрпі бола тұрса да Қалекен батыр есімінде "қ" әрпін қолданып, "Мақамбет" деп жазып, ана тіліміздің орфографиясын жетік білегінін көрсетеді. Ақынның өміrbаянына байланысты мәліметті алғаш берсді. Макамбет Беріш руының Жайық ортасынан дей келіп, атасы Мәлі бір соғыста қолға түсіп, тұтқындалған. Жайық беріш Тұмаш дегеннің балалары еншілес қылыш алған. Өз-өзін "Қызыл бастың (парсы) Нәдірше деген шаһының тұқымы" деп атапты. Қалекенің Макамбет туралы сөзі: "Мақамбет өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған" - депті. (6:62). Өте қызулы өр адам екен. Исатай жүртты ақылымен дәлелдеп сендіріп, сонына ерітсе, Макамбет көпті қыздырып назарын өзіне аударып, ерітетін адам болған. Макамбет мінезі сотқар, қалжынбас, ойына келгенін тұра бетіне айтатын батыр екен. Бұл әрине ел аузынан жиналған сипаттама, артығы да, кемі де

болар. Қ.Досмұқанбетұлы бұрынғы Орал облысының Ілбішін уезіне қарайтын Құлмәлі ұрпағы тұратын Қызылқоға, Тайсойған алабының азаматы көбін біледі.

А.Рязанов өзінің “Исатай Тайманов көтерілісі” деген кітабында (1927ж.) Ол Мақамбет өмірі мен қызметіне байланысты біргалай мәліметтер келтіріп, оның қызметіне зор баға берді. (7) Мақамбетті ол 1836-1838-ші жылдары шаруалар көтерілісінің үйымдастырушысы, идеолог, “халық трибуны”, “батыры” деп атайды. Дегенмен, А.Ф.Рязанов еңбегінде көтеріліс себебін, оның сипаттын анықтауда кейбір кемшіліктер кездеседі және Мақамбеттің өмірін қызметін толық қамти алмайды.

Совет тарихшылары Г.Сербаринов А.Якуниннің аталмыш көтеріліс макалаларында Мақамбет туралы да кейбір мәліметтер келтірілген. (8)

Совет тарихшысы В.Ф.Шахматов “Ішкі Орда және Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісі” деген кітап жазып, ол 1946-ші жылы аз данамен жарыққа шыққан еді. Бұл қолға түспейтін сирек шығармаға айналды. Осы енбекте Мақамбет өмірі мен қызметіне байланысты кейбір қажетті мәліметтер, жаңа деректер келтіріп, қызметіне үлкен баға берілді. В.Ф.Шахматов Мақамбет өміrbаяянына бұдан кейінгі жазған мақалаларында онан әрі толықтыра тұсті. Әсіреле оның 1840-ші жылдан кейінгі өмірі туралы деректерді архивтерден тауып пайдаланған. (9)

Мақамбет қызметіне байланысты Ермұқан Бекмаханов кітабында зерделеніп, жоғары бағасы берілген. Шаруалар соғысы феодалдық қоғам жағдайында саяси құрестің ең жоғарғы түрі. Ашық, қарулы соғыста Мақамбет Райым, Теректі, “Тастөбе”, Елекен, т.б. мекендердегі шайқастарда ерлік көрсетіп, қарапайым қарумен жауын жосқай білді. Профессор Е.Бекмаханов Мақанның (архив қағаздарында осылай жазған. И.К.) батырлығын, үйымдастыру қабілетін дәріптеген. (10) Бұдан кейін Мақамбет батыр қызметін 1970-ші ж.ж. бастап осы жолдың авторы негізгі ғылыми, педагогикалық қызметімен қатар Мақамбет туралы ұзақ жылдар ізденіп, зерттеу жүргізген. Ол үшін Қазақстан, Ресей архивтерін қарап, Кіші жүздін, оған көрші Ресей облыстарын аралап, ел аузынан тарихи, әдеби материалдар жинап, Мақамбет жөнінде 1974, 1979, 1991 ж.ж. үш кітапша, көптеген ғылыми мақала жариялағаны оқырманға белгілі. Мақамбет, Исатай, Құрманғазы, Дәүлеткерей, С.Мендешев т.б. туралы іздену, жазу өмірінің мағынасына

айналғандай. Зерттеу барысында кемшіліктерімде көрініп қалауды мүмкін. Ал тарихшылар тарарапынан Исатай, Мақамбет өмірімен тарихын зерттеушілер көрінбеген қынжылтады.

Тарихи құбылыстар желісін жалғастырып, оқиғаларды толықтырып байыта түсude ел аузындағы әңгімелердің де өзінше маңызы бар. Соңғы жылдарда Б.Адамбаев, М.Тілеужанов т.б. әдебиетшілер ел аузынан бірталай тарихи әңгімелерді жинап, баспасөзде жариялады. Б.Аманшин Мақамбеттің тегі, туыстары, өлімі, үрпағы туралы ауыз әдебиетінен белгілі қосымша фактілер келтіреді. Бұл тарихи әңгімелер кейбір оқиғалардың желісін жалғастырып, мазмұнын байыта түскен. Олардың көбін біз архив деректерімен толықтырамыз. Бекен архив есігін ашқан алғаш әдебиетші.

Антropолог Ноэль Шаяхметов Мақамбет өмірінің соңғы күндері мен өліміне байланысты зерттеулер жүргізіп, батырдың сүйегін тапты. Негізінде батыр атамыздың портретін бейнеге түсірді. Бабамыздың сүйегін зерттең, қызық мәліметтер береді. (11)

Үлкен тарихи - әлеуметтік деректердің бірі – Мақамбеттің өз жырлары. Оның өлеңдерінде тарихи оқиғалардың сюжеті, болған жері, көтерілістің басталуының кей себебі, мақсаты, билеуші үстем тап киянаты суреттеп, көтеріліске қатысқан бірката адамдардың есімдері атап, істері көрсетіледі.

Исатай, Мақамбет бастаған шаруалар көтерілісі өз уақытында ұлы дүбір, азаттық үшін құрес болып, ол туралы тарихи әңгіме ел ішінде көнінен таралған. Ол әңгімелерден үстем таң пікірін айыруға, жағестіздігін алып тастауға болады. Архив пен тарихи әдебиеттегі жөптеген түсініксіз жәйді, жетпей тұрған тұстарын жалғап “жамауда” ел аузындағы аныздардың, тарихи әңгімелердің көмегі бар. Әйтесе де ауызекі әңгіме үрпактан-үрпакқа ауысканда кейбір жері ұмытылып, не жаңынан қосылып өнделуі мүмкін. Немесе, кейінгі үрпақ Исатай, Мақамбеттің патша өскеріне хан, сұлтанға қарсы батыл құреске шығуына әрі таң қалып, әрі ырза болып, олардың батырлығын кейде анызға айналдыра айткан. Оқырманға түсінікті болу үшін мысал келтірейік. 1838-ші ж. 12 шілдедегі Қыл өзеніндегі шайқасқа Кіші жұздың батыс бөлігінің басқарушы – сұлтаны Баймағанбет Айшуақов колы ішінде Сарыбөпе, Сатай Кенжеғариндер өз адамдарымен катысып, Исатайды өлтіретіні белгілі. Бұдан кейін Мақамбет 1841-1843-ші ж.ж. сottaлышп, Борсық құмы жағында айдауда болады. Міне, сол жылдары

Мақамбет 2-3 рет Баймағанбетпен кездесуі бар дейді. Дәлелі жок. Бірі сірө, батырды Теке қаласы абақтысынан 1841-ші ж. наурызда Орынборға айдал бара жатқанда Баймағанбет аулына конвоймен барғанда жолай соқса керек ал, келесі аңызда батыр сотталып, айдауда жүргендегі Баймағанбет кайта-қайта кісі жіберіп, Мақамбетті шақыртады дейді. Бұлардың бір кездесуін ел аузында екі түрлі айтады. Біріншісі, ағайынды Кенжеғариндер Мақамбетпен оның жолдасы қосылып, “достасады”. Бір тойда бұл Баймағанбетпен 3-і рет кездеседі, қапелімде 2 дүшпан ұн демей қалады. Сонда Сатыбалды ма, біреуі Мақамбетке: “батыр таптай отырмысың, әлде батпай отырмысың, неге сөйлемейсің? - депті-мыс. Сонда Мақамбет: тілімнің ұшы екі айыр, біреуі сұлтанға тисе, екіншісі өзімे тиеді”, - деп жауап беріпті. Айт, сөйле, тисе-тисін, тесіп өтсін дегеннен кейін Мақамбет құлшынып отырып, атақты толгауының біреуін айтады. Бұл бір вариант. Атыраудағы Сүйіндік қонысының (совхозының) тұрғыны Тілекқабыл Шамшиденов өз әңгімесінде Мақамбетті Баймағанбет сұлтанға жолыктырып қасында болғандар Жұмыр Жайлауұлы мен Сасық Телегенұлы деген Байбақты ауылының азаматтары, - дейді. Кисыны бар пікір. Өйткені, 1837-ші ж. көктемде Жұмыр, Қылыш, Сасық т.б. патша әкімшілігіне, сұлтанға наразы болып, Жайық өзені жағалауындағы қыстауын тастап, көшіп кетіп, 1838-ші ж. Исадайға қосылған. Бұдан бірінші вариант қолдан жасалғаны көрінеді. Бұл ауызекі әңгімеге ұқыпты қараң, тексеру қажеттігін көрсетеді.

Ел ішінде көтеріліске қатысқан әр ру адамдары туралы, шайқастандардың болған жері, Мақамбеттің туыстары, кейбір қызметі жайлы мәліметтер де кездеседі. Бірақ бұларды жинап, жазу мәселелері әлі күнге дейін жүйелі түрде қолға алынбай келеді. Біз Мақамбет туралы мәліметтер іздел бірнеше рет Орал облысының Орда, Жәнібек, Жаңақала, Фурманов, Казталовка т.б. аудандарында, Атырау облысының Қызылқоға, Индер, Теніз, Мақамбет т.б. аудандарында болып, ел аузындағы әңгімелерді, шежірені біледі деген көриялардан мәлімет жинастырудық. Өжет ақын туралы әңгімелер көп екендігіне көзіміз жетті. Біз бірақ оларды толық қамти алмадық. Қолымызға түскендерінің тарихи, әдеби қажеттілерін ғана осы еңбекке тұнғыш рет енгіздік.

Қазақ Орталық мемлекеттік архивінде Исадай мен Мақамбет бастаған шаруалар көтерілісіне қатысты араб әрпімен жазылған қазақ,

шоғай тілдерінде көптеген құжаттар бар. Бірақ оларды оқитын архивте бірден-бір маман адам болмады. Ал зерттеушілер орыс тіліне шалашары аударылған құжаттарды пайдаланып келеді. Сондай-ақ осы құжаттарды (білетін кәрияларға оқытып) пленкаға түсіріп, немесе фотоқағазға бастырып алайық десек архивте оған да мүмкіндік шамалы, көдергі көп. Әсіреле шаруалардың арыз, шағымдары жинақ болып басылмай келеді.

Әдебиетшілер арасынан Энес Сарай “Исатай – Махамбет тарихы” атты көлемді еңбек жазған және оны “зерттеу” деген (12). Тарих деген ғылым, оның авторға өз талабы бар, зерттеу әдістері, жазылғанын дәлелдеу, пікірін жинақтау, тұжырымдан, қорытындылау бар. Әдебиетшілер, журналистер, өлкетанушылар бұны ескере бермейді. Тарих ғылыминың ең басты талаптарын еске салып атауга мәжбүрміз: автор оқиғаны бұрмаламай, не фактіні жасырмай оқырманға адал болу (добросовестность автора), баяндау деректі болуын, яғни еңбектің ғылыми аппараты болуын камтамасыз ету, сылдыр сөз дәлелі болмайды, оқиғаны басынан аяғына дейін бір ізben біртіндеп жазу, құжаттарды, фактілерді тексеру, қайта тексеру (проверка и перепроверка) т.б. Міне Е.Бекмаханов т.б. дамытқан. Қазақ тарих ғылыминың жетістігімен авторға деген талабы осындай. Бұларды осы күні әдебиетші, кейбір тарихшы профессорлардың орындағайтыны белен алғаны өкінішті. Оны Бекей ордасының 200 жылдығын қарсылалау, Жәңгір ханды еш дерексіз дәрінтеу науқаны анық көрсетті. Міне осы отқызылтар Ә.Сарайдың кітабында кеңінен орын алғаны қинайды. Автор ешбір архив дерегін пайдаланбай, өз білімділігімен жазған. Оның сөзі “құранның сөзі” емес қой! Менің “Исатай-Мақамбет” деген 12 б.п. колажзбам автордың қолын да 1993-шіж. бірнеше ай игеруіге болатын еді. Зерттеу болғасын фактілерді, оқиғаны ғылыми сарапқа салуы тиіс еді. Ол көрінбейді. Тіпті басқа мәселеге ауысып, “Сарайшық” қаласы, Едіге т.б. жөнінде: Сарайшық маңында Едіге Токтамысұлы Құдай – бердіден өлімші болып жеңіліп, жараганып Ұлытауға барып дүние озған, - дейді (12:42) дерегін атамайды. Араб тарихшысы Әл Айни ХҮ-ғ. Сарайшықта болып, Едігені Жайықта паршалап шауып өлтірген, - депті. (13:532) Бұл жерде Едіге, Ақназар туралы әңгіменің қажеті не? Жәңгір ханның әйелдері, балалары жөнінде ала-құла қате әңгіме көп: 1-сі Қарауыл хожаның қызы Жүсім т.б. (:43). Жәңгір “ел тірлігін, оны орыстың ел басқару жүйесіне жақыннатудың жолдарын жасады,” –

дейді. (14:49) Қашан. Бұл жөнінде мысалда, деректе атамайды. 1824-ші ж. өзінде-ақ жәрменке ашылды. “Сауда-саттықты көбейту үшін молқаржы жұмсады”, “...қырда пішен шауып, ағаш отырғызуды” .. медресе салдыруды ашық айта бастады” - дейді автор (15:49). 1820-ші ж. губернатор Эссен П.К. Шөпшағылмен (Чанчачи), Ұялыдан базар ашу туралы жарлық берген, бұларда, Жасқұста (1831ж.) сауда пункттерін салуға қаржыны Орынбор берген. Бұның бәрі белгілі жәй, оны еш дерексіз Жәңгірге телу патша авторларынан қалған. Немесе “1827-ші ж. Жәңгір Жасқұста Орда қаласын тұрғызатынын мәлімдейді”, “1820-ші ж. Кіші жүздің батыс бөлігін билеуші Шыңғали Орманов пен патша әкімшілігі арасында бір түсінбеушілік болған” Бұның бәрі қате. (51 бет) Жәңгір прогрессе үмтүлды дегендей дәлелсіз мақтаған шикі мәліметтер көп, қайсы бірін айтасын. Біреудін мінін қаза беруде абырай бермейтін іс қой, көптен үндемей келгем. Енді Мақамбет келбетін толық, күмәнсіз, дәлелді етіп беруіміз керек. Олай болса көптеген популистердің беті жүзіне қарауға болмайды, оқырманды шатастырмай, шынын жазайық. Жәңгір ел басқаруды финанс-сауда жүйесін т.б. өзгертті деп дәлелсіз сөзді айта беру, халық ханды түсінбеді деп басқаның жалған шікірін айту жауапсыздық қой. Халықты оқымақ, ханды ақылды ету деген сөз. Сондай-ақ Мақамбет, оның туыстары жөнінде де қателер кездеседі. 1825-1826-ші ж.ж. Тоқтамыс қайтыс болды. (15:101 бет)... Мақамбет Жәңгірге оппозиция топтың ықпалына илесті. Оның басы бүлікшіл Қайыпқали Есім ұлы елі де, білдірмей қозғаушысы төрениң еркара батыры Шыман Орманұлы еді” “...Қ.Есімұлының мақсаты – елді Ішкі Ордадан көшіріп алып кетіп, өздері хан болып слді билеу еді” “Қ.Есімұлының мақсаты – елді Ішкі Ордадан көшіріп алып кетіп, өздері хан болып елді билеу еді” (15:102 бет) Бұл патша авторларының сөзі, Ә.Сарай тексермей отыр. Қөтерілістің насихатшысы болғаны үшін Мақамбет 1829-ші ж. Калмыков тұрмесіне қамалды - депті. (102-103б.б.) Ал, басқа авторлар Мақаң қөтеріліске қатыспады дейді. Қайсысына сенеміз. Ә.Сарай ханың “өз халқын талауын” (Ж.Қасымбаев сөзі) әшкерелемей, сылап-сипап Жәңгірді погрессшіл еткен. Үш қөтерілістің негізгі себептерін тайсақтап, аша алмаған. Тарихи оқиғаны, тұлғаны оқырман сенетіндей етіп, архив дерегіне сүйеніп жазу пайдалы. Автор көп еңбек еткен. Бірақ мәдени-ағарту, оқу орындары анызға құрылған бұл кітапты пайдалануы қыын, жаңсақ мәлімет көп қайсы бірін тізесін.

§2. Құлмәлі өулеті

Өтеміс ұлы Мақамбет өмірі Қазақ халқының отарлық талау мен деодалдық қанаудың өршіген кезеңінде, халықтың азып-тозған трагедиялы дәуірінде өтеді. Адамның басы алланың добында замалаған заманда тәртіп күкік туралы түсінік аяқта басылды. Орыс империясы қоғамдық прогресс, мәдениет орнына құлдық бұғау әкелді. Қазақ қоғамы патриархалдық құрылыштың салтынан шыға алмай ауыр үйзеліске ұшырады. Соның бірі – адамды құл есебінде сату, қолдану болады. Сондай құлдың бірі – Мақамбеттің атасы Құлманияз, не Құлмәлі. Бір аңыз бойынша Құлмәлі Беріш руының азаматы Қаразым (Хорезм) базарынан сатып алған дейді. Мақамбет өскесінде. XIXғ. I-жартысында адамды құлдыққа сату, құл ұстай тоқтамады. Ал, Құлмәліні құл етіп жұмсамай өз баласындағы ұстаған Беріштің Жайық зрысының азаматы Ерназар Тұмашұлы қайырымды, балалы кісі екен. 10 жасар Құлманиязды Жаубасар деген ұлына береді. Бала Құлмәліні ғылдастары жатсынбай Жаубасардың Өмірзақ деген ұlyмен катарап еседі, ағайынды болады. Бұл аныздың шындыққа қысар жері бар. К.Р. ОММ-ғы қорда Өтеміс Құлмәліұлына берілген 1808ж. қарашадағы билет – Жайықтан Нарынға өтуіне ұлықсат қағаз және келесі айда әткендердің тізімінде Өмірзактың 4 ұлының: Бостан, Достан, Коштан, Байәлі есімдері Өтеміс алған, інісімен бірге жазылған (16:141). Біз сол билеттің біреуінің көшірмесін қысқартып жарияладап отырмыз:

БИЛЕТ

«Предъявитель сего Меньшей Киргизкойсацкой Орды Берш-Жаикова рода и отделения старшине Утемису Колмалину на основание Высочайшего его Императорского величества повсасния последовавшего в 17 дня июля сего 1808г. разрешение Оренбургского военного губернатора ... князя Волконского дозволено со степной на внутреннюю сторону Нарын пески перепустить скота собственного его с братьями десять тысячи двести голов до починенных ему сто сорок четыре двести голов при пятисах зорынцах постухах между крепости Индирской и форпоста Гребениково....» (16:141).

Азаттық үшін күрес - ұлы дүбір көтеріліске ұласқан. Оған қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар, жіктер қатысады. Қоғамдағы аса ірі күрделі

қарама-қарсылық (противостояние) Жәңгір хан мен отаршылардың өз құлқынын ойлап, бұқараны талап, торап, жәбірлеуден туындаған. Өтемісұлы Мақамбеттің өмірі мен қызметін толығырақ, анығырақ түсіну үшін оның кей туыстарын да білуіміз керек. Ол үшін бізге Құлманияз ұрпағын түгелдей білуіміз қажет. Бұл казіргі кезеңде киын мәселе, Совет өкіметі кезінде ағайындарымыз ата білуден безініп, “керегі не” - деп кісімсіп біткен. Дегенмен біз іздену жұмысын өз ынтымыз, қаражатымыз бердік. Маған қысқада болса кей ата, ағаларымыз білгенін мәлімдеген. Архив мәліметіне сүйене отырып біз Қ.Р. Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасымен Ұлттық кітапхананың қолжазбалар қорларын қарадық: “Атальық”, тарихи әңгімелер, өлең ізден Кіші жұз берін көрші облыстарды жөнін тауып, үзбей араладым.

Құлмәлі әулетін түгендегендегенде мына бір ғылым талабын ескеруіміз қажет. Бізге жазбалы шежіре (тарих деген сез) жеткен жоқ. Біз тек аталарымыздың есімдерін әріден бері тізіп жаза береміз, қазак оны “аталық” дейді, ал ол сол есімдерге қоса олардың кім болғанын, не істегенін, дәуірін, оқиғаларды жазса “шежіре” дейді еken. Шежіренің үзінділері сирек кездеседі. Ал біздің қолданып жүргеніміз “аталық”, ол көбіне ауызекі айттылғасын, ұмтылып шатастырыла береді. Мысалы, Әнес Сарай “Құлмәлі Ерназар, ұлы дейді, ол оны кімнен, қашан алғанын айтпаған. Енді жерлесі Жәрдем Кейкин, Жаңақала ауданының қарттары, “Құлмәлі Жаубасарұлы” дейді. Ғылымда бүндай ауызекі мәліметті жинаудың ережесі, тәртібі бар. Құлмәліні Ерназарұлы деп кім, қашан, айтты, айтушының жасы, руы, білімі т.б. қажет. Әйткені сауатты кісі, туысы естігенін жазып қояды, не ізден, анықтап, жинастыра береді еken. Берқайыр ағамыз, Әнес Сарай, Отарбаев, т.б. ешбір сілтемесіз, өздері көріп келгендей жазады. Онда мәліметтің дұрыс-бұрыстығына өз ұттымен жауап береді және “менікі дұрыс” деп басқа автормен таласа алмайды. Тағы бір талап: күмәнді мәліметті, көмексі, не таласты оқиғаны жазғанда детализация, яғни кейде башайлап анықтай, дөптей баяндау қажет. Соңда ғана біз оқырманның көзін шындыққа жеткіземіз. Әйтпесе авторлар жаңақ мәліметтен күтыла алмайды. Ә.Сарай Өтемістің әкесі Құлмәлі емес Құлманияз дей отырып, ешқандай дәлелін көрсетпеген. Қысқасы тарих ғылымы “өзім білемдікті” көтермейді. Құлмәлі әулеті, яғни атальығы жөнінде автор көп, бірақ біз сөзді алдымен Құлмәлі ұрпағына берейік. ҚР.ФА-нда

Жәрдем Кейкін деген азаматтың 1948-ші ж., яғни карттардың соңы барда берген Өтемістің аталығы ма, Қожақметтің үрпағы Жұмасұлтан ұлы (1860ж.туған) Көриден (1881ж.т.) алынты. Біз Беріш Ерназар үрпағы Фабдуллин Жүрқабай, Мерғалиев Төлеген, Шыбынтай Құлмәліұлының үрпағы Көжек ұлы Шыңғыс пен Бактыгерейұлы Біләл, Іңгілес Майжан ұлы Жолжан т.б. берген жазбалы аталық мәліметтерімен танысып, салыстыра тексеріп, архив дерегіне сүйене отырып, Құлмәлі әулетін барынша толық жазуды жөн көрдік. Бұның бір кажеті – Құлмәлі әулеті кезінде бәрі дерлік сауатты болған, қолжазбалары болған, ол Совет өкіметі тұсында тұрмысы кеміп көбі бытырап кеткен, бір кісіге табу қыын болды. Әлі де оларда жазбалы аталық, Мақамбет шығармалары болар. Б.Бактыгеревте болды. Жолжанұлы Іңгілас Беріш екі арыс – Байбакты, Байсейіт, жеті бау дейді. Бұл дұрыс. Байсейіттен Қитас, Тілес, Қитастан Есенғұл, Жайық, соңғыдан Құттығой, Көтей, Шұбар, Бақалай, Наурыз, Дәүлет дейді. Оны Шыбынтай шөбересі Майжанов Дәүлеттің (1890 ж.ж.) аталығынан 1835-ші ж. көшіріпті. Бұл мәліметпен келісу қыын, Агатайды көрсетпейді. Фабдуллин Жүрқабай (Жалпақталда) Жайықұлы Дәүлеттен Дүйсе, Қара, Тұрынтай деп өрбітіп, өзі 7-ші үрпақ екен. Ал жерлесі Төлеген Мерғалиев өз аталарын Өмірзак Жаубасар ұлынан өрбітеді. (8-ші үрпақ). Соңда бұлар Жыңғыласов мәліметін қолдап тұр. Архивте Өмірзак балалары Өтеміс пен бірге, жасы шамалас. Онда Құлмәлі Өмірзакпен жасы қатар. Бекей сұлтан берген тізімде Өтеміс Құлмалин басқаруымен Өмірзак Жаубасар ұлының 5 баласы 1808-ші ж. Қараашада Жайық етіп Нарынга барған. Олай болса Құлмәліні Ерназарұлы деуі қате. Ерназар Тұмашұлы пейілде кең, кайрымды кісі болыпты, сол ниетіне орай ауқатты болған, Қаразымга (Хорезм) Ургениш, Қиуадан 6 бала сатып әкеліп беріпті. Жаубасарға Құлмәліні береді. Ол Өмірзак пен бірге есken, балалары да бірге жүр. Құлмәлігে Ерназар енші берген дейді. Қалайда Құлмәлі азылтозбай осы ауылда өсіп, қазақ қызына үйленіп, катардағы жаня, шаруасы болған.

Құлмәлінің біздің баспасөзде біреуі қызылбас десе, екіншісі түрікпен, үшіншісі – татар деп келдік. Ал, ақын кісі асқақтатып, өсірелеп жаңынан белгілі – Мақамбет өз тегін Қызылбастың Нәдір шағынан дейді. Ел аузында Құлманияз қарындасты т.б. кемемен жүзіп жүргендес дауыл тұрып, апатқа ұшырап, теңіз жағасына шығарып тастаған жерде түрікпендер паналатып, екеуін сатып жіберген деп аныздайды. Құлмәлі

қарындасында мөрі т.б. бүйымдары болыпты. Нәкты жазбалы дерек өзір жоқ. Орынбор архивінде Өтеміс 1816-ші жылы жазда жаламен ұсталып, тергеушіге берген жауабында: өкем түркіменнен келген, қазақ қызына үйленіп, дүниеге үшеуміз келдік деген. Мақамбет рас болса алаша руы Байбарак ауылы қызынан туған. Сонда қазақ қаны бар тамырына сіңген Беріш Жайық арысы ортасында өскесін қазақ рухы бойына енген ғой. Содан болар Мақамбетке Агатайдың батырлығы, нағашысын Байбарак ұранға шыққан батырдың сауытсыз жалаңаш барып, жауына шабатын өршилдігі, тапқырлығы бойына дарыған болар. Қалайда Өтеміс өз заманында өр, алыр жігіт болып, ауыл билеп, қайрат пен жігер көрсеткені ел ішінде өлі айтады. “Өзі болған жігіттің ата тегін сұраған ит” деп Мақамбет айтқандай, бізге оның арғы тегі кім болғаны туралы әңгіме керек болғанымен өзінін ісі керек. Ол нағыз қазақ болып, ол Қазтуғандай өзі батыр, өзі ақын, өзі күйші болып өсіп, халық үшін қызмет атқарғаны қымбат. Сондықтан тегін қазбаламайық.

Енді Өтеміс және оның ұлдарын анықтауға тоқталайық. Мақамбет бір өлеңінде: Біз бір анадан бір едік

Бір анадан екі едік
 Екеуміз жүргенде
 Бір – бірімізге ес едік.
 Бір анадан үш едік
 Үшеуміз жүргенде
 Толып жатқан күш едік
 Бір анадан бес едік
 Бесеуміз жүргенде

Алашқа болман деуші едік, - дейді. Бұл, біз көрсеткен есеп бойынша Өтемістен он бір бала, сол он бір баласының біріне Б.Аманшин жастай өлгөн Әйіпті қосады. Мүмкін бұл да жөн болар. Бірақ Мақамбет одан әрі:

Өтемістен туған он едік,
 Онымыз атқа мінгенде

Жер қайысқан қол едік, - деп қайталайды. Бұған қарағанда Мақамбет Өтемістен он бала болғанын қайталап айтып түр. Бұлар кімдер? Мақамбет өзінің бірнеше толғауларында “Өтемістен туған он едік” дегенді қайталай береді. Біздерге архивтен Бекмұхамбет, Қожахмет, Есмайыл, Сүлеймен, Ыбырайым, Қасен есімдері көптен белгілі. Өтемістің 10 баласы туралы анық әрі толық дерек әзірге

жездеспеді. Ел аузындағы өңгімелерге сүйенсек әркім әр түрлі айтады, Токтамысты атамайды. Мысалы, Б.Аманшин Өтеміс балаларының қатарына Досмайыл, Әйілті де қосады, (17:55) академик Қ.Жұмалиев – Иса, Уса, Мұсаны қосып, Сұлейменді атамайды. Б.Адамбаев Өтелген, Мынбай, Оңбай, Қалдамжарды қосып, бірақ Ыбырайымды атамайды.

Бұл айтылғандардың ішінде асығыс, қате айтылғандары да жоқ емес. Мұны анықтау үшін ел ішінде сұрау жүргізілмеді. Бұл туралы қосымша дерек іздел жүріп, біз Қазақ ССР Фылым академиясының қолжазбалар жорынан Атырау облысының азаматы Жәрдем Кейкін берген Мақамбет тегі туралы шежірені кездестірдік. Онда Құлманияз Жаубасарұлының төрт ұлы болған делінді. Олар: Шыбынтай, Өтеміс, Айдай, Қобдабай және бұлардың үрпақтары жазылған. Сонда Өтемістің он баласын әтайды. Олардың ішінде жоғарыда біз атаған алтауының үстіне Айып, Досмайыл қосылған. Айып (Әйіп болуы да мүмкін. И.К.) жастай өлген дейді. Ал қалған екеуі кімдер?

Өтеміс балаларынан (1836-1837-ші жылдары) көтеріліске Бекмұқамбет, Мақамбет, Қожағмет, Сұлеймен, Касен, Есмайыл, Досмайыл Ыбырайым қатысқандары архив деректерінен анықталды (17:55). Бұлардың көтеріліске қашшалықты белсенді қатысқаны туралы мәлімет өте маңызды. Архив материалдары Бекмұхамбетті көтеріліс басшыларының қатарына қосады. Ішкі тараалты бақылау тапсырылған Орал казак-орыс әскерінің Наказной Атаманы генерал-майор Покатилов хан мен сұлтандардың, офицерлер мен билердің мәліметіне сүйеніп, Орынбор соғыс губернаторына 1837-ші жылғы 25 қазанда жазған хатында Исатайдың басты “сыбайластарының” қатарына бірінші етіп Бекмұқамбетті көрсеткен. Ал, ел аузындағы дәлелденбеген сөзге сүйеніп, Қ.Жұмалиев оны ханның 12 биінін бірі, көтеріліс кезінде ханды қактаған деген. Архивтегі материалдар мұны теріске шығарады және ол ханның 12 биінін бірі болмаған, тізімде жоқ. Бекмұхамбет Беріштің Тыныс деген шағын аулында 1824 ж. биі болған және бір неше қылмысты тергеу кезінде “депутат” (өкіл) міндеттінде атқарған. Бұл киын, қауіпті жұмыс болған. Сол секілді, Қожағмет (Ақмет) 1838-ші жылғы шілденің 12-сі күні Исатай және оның басқа да батыр жолдастарымен бірге майданда қаза тапқан... Ал, Есмайыл 25 жылға Сибирге каторгаға айдалды дегені де қате.

Ақмет немесе (Қожақмет) шындығында 12 шілдеде 1838ж. Қыыл өзені маңындағы шайқаста патша әскерінің қолына түседі. Ол туралы

жазалаушы отрядтар командирі полковник Геке мен Баймағанбет сұлтанның жазған рапорттарында шағын мәлімет бар және олар көтерілісте Ақметтің Исадаймен өуелгі бастан бірге болғанын, оның барлық істеріне белсенді қатысқанын губернаторға арнайы мәлімдеді (18:51).

Ал, Есмайыл Өтемісұлы Ригаға айдалып бара жатқанда 1838 жылы шілдеде конвойды ұрып жығып, Есмайыл Қалдыбаев, Исәлі Шонаев үшіуі қашып кеткен. Сүйлеймен Жайықтан 1837-ші жылғы желтоқсан айында Исадайлармен бірге аман-есен өткен. Бірақ 24 желтоқсанда (1837ж.). “Көкпішен” деген жерде Баймағамбет Сұлтан кісілері Исадайдың Жакия, Діnbаян деген балаларымен бірге Сүлейменді де ұстап алған. Сүйлеймен тұтқыннан қашып шыққан, ал одан әрі тағдыры белгісіз, ұрпағы қазір Орал облысында, Өтемістің қалған балалары қолға түспеген. Бекмұқамбет Өтемістің қалған балалары қолға түспеген. Бекмұхамбет Өтемісұлы 1840-ші жылдары Жәңгірден қуғын көріп, жаламен Текеде 2 жылдай абақтыда жатып шыққан.

Сонымен архив мәліметі бойынша Өтемістен Тоқтамыс, Бекмұқамбет, Мақамбет, Қожахмет, Сүлеймен, Қасен, Ыбырайым, Есмайыл, Досмайыл болғандығын растап отыр. Оныншы баласы кім екендігі де келешекте анықталуы мүмкін.

Бірақ Құлмәлі ұрпағы жәйлі түсінбейтін көп мәселелер баршылық, әлі де талай ізденіс қажет. Мақамбетті осы ұрпақ өкілдері әлі де болса жақсы біледі. Өйткені, Бекмағанбет бастауымен Құлмәлі әuletі 1860-ші жылы атамекеніне жиылды. Мақамбеттің рухы, алтын мұрасы, қажырлы қайсар қызметінің үні осы әuletте ұялаған секілді. Оны біз көрші Тайпак, Дендер, Ойыл т.б. аудандарын аралағанда байқадық. Тағы да ізденейік. Мақамбет мұрасы екі ауданда ұзақ сақталып, қастерленген. Олар Батыс Қазақстанның Жанақала, Атыраудың Қызылқоға ауданы. Тағыда көріп, білгенімді жоғарыда айтылған фактілер, мәліметтерге жалғастыра қоса баяндайық.

Ел аузынан нақтылы мәлімет таптай, тағы архив материалдарын ақтардық. Сығай сұлтанның 1822-ші жылғы мамыр айында Орынбор Шекара комиссиясына жазған қатынас қағазында Беріш руының Жайық атасының қазактары өлген “старшина” Тоқтамыс Өтемісовтың орнына Бекмұхамбет Өтемісовті тағайындау туралы сұраған және оған старшина атағын беруді өтінген. Бұған қарағанда Тоқтамыс 1822-ші жылы қайтыс болған.

Өтеміс старшина болған, ел басқарған. 1808-ші жылы Жайықтан тарапқа кайтып, Нарын күмынын Калмыков тұсында қоныстанған. Шысық, қайратты, өткір, сөзге шешен. Ел аузында ол хан, сұлтан, деп сескенбей сөйлейтін бір беткей адам ретінде аталады. Архивтері бойынша Өтеміс көп кіслермен байланыс жасаған. Қашқын арасынан татарларды жасырган. Бекей хан кезінде жер тапшылығын берген. Соған байланысты айтылған Өтемістің:

“...Аспаннан құдай жаңбыр бермейді,
Катқылдан хан қоныс бермейді,
Жайықтан казак-орыс су бермейді,
Ірге күмдү Тана бермейді.

Каратоқай пана бермейді?” - деген өлеңі бар. Бұндағы Беретокай – Беріш, сонда жер таласы басым болдығой. Содан айтысында Бекетай күмы маңынан қоныс алышты. Бірақ одан да сырғытқан. Аметы архивінде біз Өтеміс жөнінде тың мәліметтермен таныстық.

1810-1816-ші жылдары арасында Шілкі тарапта ел көбейіп, қонысқа тарас-таргыс күштейген. Билемеш топ көп зорлық істеген. Феодалдар тарма топқа бөлініп, тартысын тоқтатпаған. Соның бәрінің салдары Өтеміс тағдырына әсер етсе керек. Өтеміс туралы біз қосымша жаңадан берек тапканбыз. Архив мәліметтеріне қарағанда өзара барымта, нәтижесінде Ақшунас (Ақжонас) деген жер маңындағы Өтеміс 1816-ші жылы тамыз айында Беріштің ру басы Сүйіншқали деген сұлтан 45 кісімен келіп шауып кетеді. (...) Өтеміс бұл талаудары Сығай сұлтанға, Шекара комиссиясы мен Астрахань асамбилигіне шағым етіп, шапқыншылар оның көп дүниесін, малын ағынан мәлімдейді. Бірақ бұл шағымдардан нәтиже шықпағасын Өтеміс 1817-ші жылы жазда бір керуен мен Орынборға өзі келіп, Шекара комиссиясы мен соғыс губернаторына арыз етеді. Мұны естіген Сүйіншқали сұлтан да Орынборға барып, Сартұлы Жұз батыр бастаған старшиналар атынан Өтеміс үстінен үйінде барымтасыншындарды жасырады деп шағым түсіріпті, содан Өтемісті губернатор Ордонанс-гаузға (аманат үйіне) қаматады. Іс тергеуі үзап кетеді. Құсадан ба, әлде денсаулығы нашарлығынан ба, әйтеуір Өтеміс 1817-ші жылы 2 қараша айында Ордананис-гаузде қаза болады. Оның атынан дау куып 1818-ші жылғы мамырда үлкен балалары Тоқтамыс Бекмұхамбет келіп әкесін актап, сұлтандар мен билерден дүние зын өндіріп алуға бұйрық шығартып, еліне қайтады.

Мақамбеттің өскен ортасын білу үшін оның туыстарының кімдер болғанын айқындаудың мәні бар. Біз бұл үшін архив материалдарын барынша қарап жүріп, Тоқтамыс туралы да деректер тауыш, кезінде оқырманды таныстырганбыз. Эйтсе де Тоқтамыс т.б. туралы әлі де дәлелі жоқ пікір жазуда. Қайта ізденуге тұра келді.

Ішкі тарапты билеп тұрған Сығай сұлтанның қағаздары ішінен 1818ж. 26 қыркүйекте Беріш руының Жайық атасында Өтеміс Құлманиязовтың орнына, оның туған үлкен баласы Тоқтамыс Құлманиязовты би етіп сайланғаны туралы шешім мен қатынас қағазы 1819-ші жылы 3 қаңтарда Орынбор Шекара комиссиясына жіберілген (18:17). Ал 1819-ші жылы тамыз айында Сығай сұлтан Орал әскерінің бір дистанция бастығына Тоқтамыс старшина болып бекітілді деп хат жазып даулы мәселелерді сол Тоқтамыспен шешуін хабарлаған (сонда). Сонымен Өтемістің үлкен ұлы Тоқтамыс болғаны құжатпен анықталады. Бұған қоса, бұрын аты ешбір тарихи еңбекте аталаған Досмайыл туралы да архив дерегін таптық. Белгілі қаныпезер Қарауыл хожа Бабажанов өзінің Жәңгірге жазған 1837-ші жылғы 20 қыркүйектегі рапортында 1837-ші жылғы 16 қыркүйекте оның ауылын шапқан 200 кісінің ішінде Исадай, Бекмұхамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісшілермен бірге Досмайыл, Ыбырайым Өтемісұлдарының есімдері аталады.

Сөйтіп, Мақамбет 14 жасында әкесінен айрылып, жетім қалады. Ол ағалары мен шешесі Қосуанның (архивте Кусвон деп те жазылған) тәрбиесінде болады. Ел аузындағы әңгімелеге қарағанда Қосуан алаша руының қызы екен, өзі кайратты өжет әйел болыпты. Балаларының тәрбиесін өз қолына алған ана, оларды адал, адамгершілігі мол, бауырмал етіп өсіреді. Қолынан келгенінше балаларын оқытады. Ол кездегі қазақ балаларын арабша, түркіше, оқытып, сауатын ашқан. Мақамбет татарша (яғни араб әрпімен) сауатты, жаза білген. Өтеміс Калмыков, Топайлы, Жаманқала, Теке секілді Жайық бойындағы қалашықтардағы татар, орыс азаматтарымен байланысы болғаны байқалады. Мүмкін жас Мақамбет архивте ақын Мақан деп те аталады, сол қалашықтардағы татар, орыс балаларымен араласуы, жалданып жұмыс істеуі мүмкін. Қалайда ол орысша сейлеп, жаза білген. Өтеміс озық ойлы адам екен, оның куәсі – балаларын оқытқан. Ол былай болған.

1816 – 1819-ші жылдары Өтеміс жанұясы үшін қын жылдар болды.

Үлдегі бар дүниені, малды сұлтандар 1816-ші жылы тартып өкеткен. Тұрмыс жағдайы нашарлайды. Осыған байланысты жас бала Мақамбет Шайық бойындағы қалаларда жалышылышта болуы да, сейтіп, орыс арасында жүріп өзінің зеректігі мен пысықтығы аркасында тіл үйреніп, орысша сауатын ашуы ықтимал. Мақамбетпен талай сөйлескен Орынбор Шекара комиссиясының қызметкері М.Айтов оның орыс тілін жетік билетінін айтқан.

Ақынның Жәңігір ханға айтқан алғашқы бір өлеңінде:

..Арыстан еді-ау Исатай

Нетесің тақсыр табалап,

Күрттайымда өсіп ем,

Бауырында панарап, деген жолдар бар. Бұған

зарағанда, Мақамбет Исатайға бала кезінен-ақ бауыр басып, бірге үрген болып тұр. 1816-ші жылы сұлтандардың бастауымен келіп, Өтемістің ауылын шабуға қатысады кінесін Исатай түсініп оның семьясына кейін қамқоршы болғаны көрінеді.

Ел аузында осы күнге дейін Исатайды бауырмал, шаруаларға қамқоршы адам деген сипаттау өлі бар. Сол қамқорнылығын ол Өтеміс жанұясына да жасаса керек. Қалайда Өтеміс үлдары Исатайға шын берілген. Өтеміс үрпағы түгелге жақын, 8 баласы, 1834-ші жылдан бастап 4 жыл бойы Исатайдың қасында болуы осының айғағы секілді. Егересе көтеріліс жеңіліп, Исатай семьясы мен туыстары қуғынға шырағанда Өтеміс үлдары 1837-ші жылдың ызғарлы күзі мен 1838-ші жылдың қақыраған сұығында оның қасынан қалмай, қындықтың бастарынан бірге кешті. Бұл да ертеден келе жатқан бауырластықтың белгісі.

Макамбеттің өжет болып өсуіне, қайсар болыш қалыптасуына ең дыммен Өтеміс әсер еткен. Ақын өзінің бірнеше толғауларында өз ақесін былай сипаттаған:

...Мениң әкем Өтеміс,

Жауырыны жалпақ, мойны ұзын,

Атарына қолы ұзын.

Қабағын қара биік бөрік басқан,

Жауырынына күшіген жұнді

Кү жебе оқ шанышқан.

Оң келгенін оң атқан.

Сол келгенін сол атқан.
 Солақай тартып бек атқан.
 Құланды қақтан қайырған.
 Ерегескен күнде хандардың,

Талайын тақтан тайдырған, - деген. Бұған қарағанда Өтеміс батыл, өр жігіт болғаны анық. Билемін топпен тайсалмай күреске шықкан. Ел аузында Өтемістің батылдығы, қайсаңдығы туралы аңыз - әңгімелер баршылық.

Мақамбеттің ақындық, күйшілік қабілетінің өсуіне өзі өскен орта, ауылдар, қалың ел әсер еткен. Ұлы Отан соғысынан бүрін біз Жаңақала ауданымен көрші Тайпак, Фурманов, Казталовка, Орда аудандарында болғанбыз. Мәселен, Жаңақала ауданының тұрғындарының ерекшелігі - әр үйде бірнеше домбыра болады. Халық өлеңге, әнге, қалжың, қуакы (кулкілі) сөзге шебер келеді. Бір жанұяда әкесінен бастап бәрі домбыра үстап, жиналышп отыра қалып ән салып, күй тарту, айтысу – олардың тән қасиеті. Міне осы ортадаи Құрманғазы, Дина, Даулеткерей шығуы тегін емес және өнерпаздықтың кең өріс алуына сөзсіз бұлардың да әсері болды.

Өтеміс кезіндегі қоғамдағы саяси жағдай жөнінде. Байұлы тайпасы ауылдарының Кіші жүзден Нарынға көшуінің тағы бір басты себебі – саяси өмірдің тұраксыздығы, яғни Орал әскері мен хан, сұлтандардың бейбіт ауылдарды талауымен қатар феодалдардың өзара қырқысыу, барымта мен қарақшылық еді. Қара шаруа амалсыз өзі қорғануға мәжбүр болып, жаугершілік заманында жауынгерлікке, ерлік іске жасынан дайындалған. Ер адам әрі зергер, әрі батыр, жырау, домбырашы т.б. қабілетті игергені тарихи әдебиеттен белгілі. Сондайың бірі – Өтеміс өз ағайынан ерек шыққан: ділмар, би, батыр. Бұндай қабілет балаларына да дарыған. Би болуы батырлығымен ділмарлығына болар, көриялар Өтемісті өз заманында алғыр, от ауызды, орақ тісті әрі би, әрі батыр, әрі домбырашы дейтін. Бұл пікірді жазушы Энес Сарайда құптап, “Өтеміс Беріштің 19 биінің бірі, …аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін, орақ ауызды шешен, би болған”, - дейді (:86). Ішкі тарапты басқарған Сығай сұлтан губернаторға жазған бір жолдамасында Өтемісті Беріштің Жайық бөлімінің атақты би (старшина) депті. Бұл лауазым кейін баласына да билердің сайлауымен берілгендегін де жазады.

Біз жоғарыда Өтеміс және оның үлдary туралы мұрағаттардан тапқан жаңалықтарымызбен қыскаша таныстырылдық. Енді сол тұржаттардың кейбірімен оқырманды, ғылыми органды толығырақ, әнірек таныстырымақпиз. Соңғы жылдары Республикада Жәңгір ханды әріптеу шектен шықты. Жалған мәлімет, өтірік айту көбейді. Сондайдың бірін Бекей ханның шөпшегі Шолпанай Аманжолова Мақамбетті кемсіту үшін М.Құлкеновтің кітабынан Жәңгірдің Мақамбетке: біз ұзақ жылдар қатар тен болып келісімді жүрдік. Енді мені, менің аталарымды сыртынан балағаттайсың. Сенің әкең шытыктан мойны сорайып, биті торғайдай, көзі шалапатай бозарып, Бекей алдына келген. Кім оны үйлендірді, мал берді - депті мыс. (19:3). Осылай қазақ, өлкे тарихын білмейтін қalamгер, өтірік айтуға бейім. Өтемістің үлкен ұлы 1795 ж.ж. шамасы дүниеге келген секілді, яғни Бекей ел билігіне араласпас бұрын Өтеміс үйленген. Екіншіден, Өтеміс өзінін алғырылығы, батырлығы сөзге ділмарлығы арқасында жасынан би болған, 1804ж. наурызда өз ауылын басқарып Нарыннан көшип, Жайыққа өтпекші болғаны оқырманға белгілі. Бұл жөнінде Орынбор губернаторы Г.С.Волконский Үкіметке: Беріш руының старшыны Ә.Құлмалин 1804ж. Жайықтан өтпек болды – деп хабарлаған. Үшіншіден біз Қазақстан мемлекеттік мұрағатынан 1808ж. қарашада Беріш руының Жайық бөлімінің старшынасы Өтеміс Құлмалингс Жайықтан өтіп, Нарынға баруына берілген билет – ұлықсат қағаз тапканбыз. Онда Өтеміс қарауындағы 374 адаммен және өзінің, қарауындағылардың 43710 бас малмен Гребенщиков тұсынан 7-ші шеттоқсанға дейін өтіп болуға тиіс болған. Бұған қоса Өтеміс пен бірге аткендердің тізімін Бекей сұлтан ОШК-на тапсырған. Ішінде ағасы Шыбынтай, інісі Қобдабай, 5 Өмірзаковтар, ересек, балаларымен, Тілеміс, Елеміс Құлмалиндер т.б. бар. Бұл құжат жоғарыдағы шорлардың өтірігін әшкерелемей ме?

1811ж. Өтеміс Борсан мекені жағында жүр. Бекей сұлтан және Орал жерінің атаманы генерал Д.Бородинмен жоғалған бір қора қой жерінде хат жазысып жүр. Бұның бәрі Сығай жазғандай Өтемісті “хатты старшина” екендігін көрсетеді. Бізге Өтеміс туралы З құжатты табудын сәті түсті. Оның бірі: 1816ж. тамызда Беріш руының басқарушысы Сүйінішқали Жанашев сұлтан, Бабагали би, Исатай Тільманов т.б. көл кісімен келіп Өтеміс қашқын татарды жасырып отыр айыптап, ауылын талауы туралы. Өтеміс тарихи деректердің

мәлімдеуінше Абдолла деген татар мен қашып үлгірген. Өтеміс ауылы ол кезде жайлауда “Ақжонас” деген тұрақта екен. Сұлтан С.Жаналиев Өтемістің 59 бас жылқысын, 140 бас қойын айдап, қымбат дүние – мұліктерін өкеткен. Өтеміс кейін таланған мал-мұлқін 20 мың сомға бағалаған. Бұл бассыздық әрісін айтпағанда. Айшуақ ханның Жантөре Серғазы, Баймағанбеттің елді бағындыруды негізгі тәсілі еді. Бекей сұлтан бұндай талауға барды деп айтамайды. Сығай, Жәңгір Ышқи тарапты билегендеге бұл тәсіл жандана берді. “Әлімжеттік” жасауды кейінгі билерде қолданған. Жергілікті патша өкімшілігі бұндай сорақылыққа тыым салмаған. Соңда да Өтеміс әуелі Аштархан губернаторына болған оқиғаны баяндап, шағым етіп еді, нәтиже шықлады. Сосын Орынбор шекара комиссиясына шағынды, бұларда ежелгі салтына салып, үнсіз қалды. Өтеміс амалсыздан 1817 жылы тамызда бір керуенге ілесіп, Орынборға барып арызданды. Бұны Сүйіншқали сұлтан біліп Өтеміс үстінен арыз жазғызып, оған Жұз батырдан бастап 15 шақты би байлар қол қояды, - дедік Орынбор бұған мән беріп, Өтемісті ұстап (аманат үйі) дегенге қамап, тергей бастайды. Бұл жолы тергеу жылдам жүрсе керек, сол жаңда Бағағали сұлтанмен И.Тайманов т.б. Сарайшық бекінісіне шақыртып, жауаптап, Өтеміс ауылынан тонаған мал мұлікті қайыруды талап етеді. Ноғай – қазак би Шомбал Ниязов өзі қымқырған бір жылқыны қайтарып, айыбына бір шапан төлейді. Осылай басқаларыда “бұлғаннен бұлдіргі алма” деген қазактың қарапайым қағидасын бұзғаны үшін біртіндеп алғандарын қайтырады. Соңғы мәліметтер архивтің басқа бір іс қағазында хаттаулы екен, олда әрең табылды. Таланған дүниенің қайтарымды үзап кетеді. Бұл айтылғандардан Өтеміс бейқабар болса керек.

Құсадан ба екен, Өтеміс 1817ж. 2-қарашада оқыс опат болады. Бұл оқиғаның жалғасын іздең жүрін, біз архивтен Өтемістің балалары Тоқтамыс пен Бекмұқамбет (Бекмағанбет деп те жазылады), әкесінің ізін құш, орыс тіліне жетік Мақамбетте Орынборға келді дегенбіз. Архив ісінде Мақандың екі ағасы жазылған, олар әкесін тергеу ісін аяқтатып, айыптылар кешікпей босатылады. Сұлтан Жаналиевтер биліктен аластатылады. Сөйтіп, сол кезде шешілмейтін тартыс, дау жәбірленушінің пайдасына шешілгенін дәлелдегенбіз. Эке жолын күган Тоқтамыстың би болып сайланғаны жөнінде жаңадан архив ісін табылғанын, сосын Тоқтамыстың кенеттеген өлгендігі туралы архив ісіне

көзіккенімізді жоғарыда жаздық. Бірақ оны біреулер дәлелсіз бүрмалайды.

Өтеміс әuletі жаз жайлауы Ақжонаста, қыстауы Бекетайда тұра берген. Жазушы Ә.Сарай Токтамыс 1825-1826 ж.ж. дейін жасады депті. Бұл дерексіз, бос әңгіме. Архивте қайтыс болған Тоқтамыс бидің мөрін Орынборға қайтару жөнінде 1822 жылғы дерек бар. Осындай “өзімбілемдікке” салып, бүрмалау тыйылар емес. Біз деректі әңгімені қайталауға мәжбүрміз.

1819ж. қарашада Сығай тарапта 13762 шаңырақ, 110736 бас түйе, 650765 жылқы, 235856 мүйізді мал, 3.985707 бас қой, 127442 бас ешкі болғанын мәлімдейді. (20:4). Бұл ішкі таралтың ен байыған шағы еди. 4.8 млн. бас.

Мақамбет қайда оқыды? Ол сауатты, арабша жазуы әдемі, орысша да бірер сөз жазғаны архивте сакталған. Кіші жүзде оқыту мәселесінің басын ашып алатын уақыт жетті. Қалың оқырман, тіпті тарихшыларда хан Жәнгірдің Ресейге барып, мен елімде тұнғыш мектеп (училище) аштым дегенине сеніп жүр. Патша чиновниктері ханның бұл өтірігін есірте мақтаса, біз кей журналистер, өлкетанушылар, тіпті тарихшылар тексермesten лепірте мақтап, қазақтың тұнғыш мектебі” дегенге дейін барып жүр. Бұл жөнінде біз өлкे тарихын зерттеуші бірден-бір маман болғандықтан оқырманға тарихи шындықты айту міндеттіміз деп түсініп, бірнеше мақала, кітап жазып, жариялағанбыз. Бірақ консервативті ұғымдағы жерлестеріміз түсінер емес. Сондықтан біз әлі де оқырманға адал қызмет істей отырып, шынайы мәліметті ұсынамыз. Өйткені біздің ағайын қазақта 1918 жылға дейін жазуы (алфавиті) болмағанында білмейді-ау деймін. Жазуы жок елде қазакша оқу, не мектебі бола ма? Қазақта оқу ісі болған, онсыз қоғам болмайды. Бабаларымыз – ұлан ғайыр түркі елі ерте кезде дамыған ел болған. Содан қалған асыл мұраның бірі – түркі жазуы, түркі тілі. Бізде тарих ғылымы қысталанда болып, тиісінше дамымаған. Бұл отаршыларға қажет-еді, өздерін мәдениетті, дамыған ел деп көрсетіп, солардан тиленуге, оқуға, соларша тұруға мәжбүр етті. Әуелі арабтар келіп, дінді үзғызыдап, араб жазуын таратты да, түркішені ысыра берді. Онымен арабтар парсы хожалары (хауза) келді, өз мәдениегін, тілін таратып, соудасын жасап, ақшасын (манет) қолданып, рухани бағындыра отырып, түркішені ысыра берді. Сонда да түркіше бізде XIX-ға дейін

келді. Кіші жұздің XIX-ғы әйгілі ақыны Әбубәкір кердегі түрк ғылыми, жазуы туралы былай дегіті:

“Он бір мен он екіде түркі білдім,
Фалымдық зерек жанның мұлкі білдім.
Шығарған мусаннафттар назым қылып,
Түркіні тәмім тілдің көркі білдім”, - дегеніне

(21:384) біз әлі мән бермей келеміз. Мақамбет жазбаларында бірен-сараң болса да түркі сөздері кездеседі. Отаршылар басып алған елде толық бағындыру үшін оны рухани тәуелді етуге тырысатыны белгілі. Ресейде сол жолмен кетті. Кіші жұзді толық басы байлы жасау үшін патша Екатерин – 2-ші жергілікті патша әкімшілігінен бұратана елде идеология мәселесіне баса назар аударуды талаң етті. Ол үшін паттайым Кіші жұз қазактарын Орта азиядағы ислам діні ықпалынан аластау қажет, мешіттер салып, мектеп ашуды міндеттеп 1786ж. 12 қарашада жарлық береді де (22:73), оларға Ресей дайындаған, саяси сенімді молдаларды тағайындауды жүктеді. Ол молдалар өз уағызында Ресейдің қуатымен жарқылын (блеск) түсіндіріп, бұкараны патша әкіметіне шын берілген, бағынышты рухта тәрбиелеуге тиісті болды. (Сонда) Орынбор әкімшілігі бұны шүғыл колға алған. Тіпті Орта жұханы Қасымұлы Уәли 1799ж. Орынбор губернаторына, өз ауылында Орынбордан келген татар молда жұмыс істейтінін жазып, енді көрші ауылға сондай татар молдасын жіберуін сұраған. Ол өтініші орындалады, 1800 ж. ол ауылға да молда келген. Кіші жұзде әкімет үгітімен хан, сұлтандар, билер, саудагерлер, кей ауқаттылар өз үйінде жеке мектеп ашып, Орынбордан татар, башқұрт молдаларын шақырған. Олар араб, парсы тілдерін, ислам дінінің қафидаларын, татар, орыс тілін оқытқан. Кешікпей жас сұлтандар, билер т.б. 3-4 тілді, жазуды біліп, кейбіреуі орысшадан сөйлейтін болған. Кейбіреулері өскери атақта алған. Абай айтқандай: “мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға”, жалтыратып орысың шенде шекпен жапқанға” – дегені болды. Ішкі тарапта да оку ісі осылай жүргізілген. Орынбор молданы дайындал, өзі тағайындал, оған “указной молда деген атақ беріп, насихатымен қатар тыңшылық істе жүктелген. Міне осындағы молда Байт Кабунов Бекей, Шығай үйінде болған. Ал Т.Шығаевта Якуп Ямангулов тұрып бала оқытқан. (23:167) Оған Жәңгір, оның балалары үйінде оқыған. 1835ж. Жәңгірдің 11 жасар ұлы Зұлқарнай Исатай мен хат жазысып жүр, архивте сақталған. Жауап хатты Исатайұлы Жақия жазған жазуы анық,

киналмай оқуға болады. Соңда, Жәңгірдің 1840ж. ашылған мектебін Казақстандағы тұңғыш қазақ мектебі деуге бола ма? Бұл мектепте де сол 4 тіл, (араб парсы, татар, орыс) Ислам қағидалары оқытылған. (22:56) 1840ж. Ішкі тарапта болған Я.Ханыков бұнда 20-дан астам мұсылман мектебі бар деп жазған. Ішкі тарапта Ресейден қашқан татарлар, орыстар, тіпті француздарда болған Үкімет бұларды үстап, тапсыруды талап етеді. Ал бұны орындамағандар қатаң жазаға ұшырайды. Соңда да қазақ өлгі бишарапарды паналатқан. Ал Балқы, Шомбал, т.б. билер байлар өлгі бишарапарды үрлікка, барымтага пайдаланған. Ал сауаттыларын Өтеміс сияқтылар бала оқытқан. 1816ж. тамызда рубасы С.Жаналиев Өтеміске қашқын татарды жасырдың деп айыптаған. Шынында да Өтеміс үйінде қашқын молда Абдолла деген асі бала оқытқан. Жазалаушылар ауылын шапқанда Абдолламен Өтеміс жасырынып қашып кетіп, қолға түспеген. Міне осы молда да Өтеміс балалары түгелге жуық оқыған. Бекмағанбет, Мақамбет, Токтамыс т.б. 4 тілді білгені, жазбалары архивтен көрінеді. Соңдықтан Ішкі тарап жастары XIX-ғ-д 1-ші ширегінде осындағы сауатты болыпты. Бірақ бұндағы сауаттылықты пайдаланудың әлеуметтік шеңбері тым тар болған. Қалың бұқара сауатсыз қала берген. Токтамыс орысша білгені архив материалынан көрінеді. Бекмұқамбет (Бекмағанбет) шекарадағы орыстармен даулы мәселелерде “депутат” (өкіл) ретінде жұмыс атқарған, яғни орысша білген. Арапшада жазғаны бар. Өтемістің Қожақмет, Ибраіым, Қасен т.б. сауаттылығы жөнінде күә құжаттар көздеседі. Мақамбет бір толғауында: “Атадан туған көп үлдің, мырзасы болсам деп едім” дегең өмірінің болашақ негізгі мақсаты болар.

Сонымен Мақамбет өмірі мен қызметін зерттеуде тарихшылар, әдебиетшілер, жанашыр қауым, батырдың туыстары XX-ғ-да өз әлемінше бірталай жұмыс атқарғанын көрдік. Соның өзінде көп мәселе қыталмай келеді. Соңғы 35-40 жылда ешкім тарихи зерттеу құмысымен айналысады. Осы жолдың авторы өз әлінше өз бетімен Әкембеттің өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеуге тырысқанын анықтады айттық. Біз түйіндей келе, Ленинградтағы тарихи архивтегі Өтемістің ауылымен 1804ж. жазғытұрым Жайықтан өтпек болғаны жөніндегі материалмен қатар оның балалары туралы да білдік. Алғаш рет біз Өтемістің 1808ж. қарашада 374 адамды басқарып, 35000 бас тұлды айдан өткені туралы құжаттар тауыш, жария еттік. Сонын 1811ж. Өтеміс ауылымен “Борсан” тұрағы жағында тұрганын мәлімдедік.

Төртіншіден, Өтеміс 1816 ж, жазда С.Жаналиев сұлтан бастаған шапқынға ұшырағанын түңғыш жарияладық. Бұдан кейін, таланған мал дүниесін кузалап Орынборға барған Өтемісті қашқын татарды жасырды деген жаламен 1817ж. абақтыға жабылғаны, сонда дүниеден озғаны жөнінде алғаш тауып, жария еттік. Алтыншыдан, 1818ж. көктемде Өтемістің үлкен ұлдары Тоқтамыс, Бекмұкамбет Орынборға барып. әкесін жаладан ақтап алғаны туралы да алғаш құжат тауып, оқырманды таныстырудық. Жетіншіден, 1818ж. жазда Тоқтамыс әкесінің орнына старшина (би) болып сайланып, бұл лауазымға бекітіп, “старшина” атағын беру жөніндегі материалға кезігіп, оқырманға олжа жасадық. Сегізіншіден, жана шыр қауым Тоқтамыстың орысша білетіндігі мен. оның 1820 ж. дүниеден озғаны жөніндегі материалмен алғаш танысты. Бұған қоса біз дүниеден өткен Тоқтамыстың мөрін 1822ж. Орынборға кері қайтару жөніндегі жазысқан материалмен ізденушілерді таныстырудық.

Тоғызыншыдан, әкесінің орнына сайланған Бекмағанбетті хан мен Орынбор старшина деп бекітпегенін оны “Тыныс” ауылына би қойғанымен алғаш мәлімет тауып, ғылымға жария жасадық. Оныншыдан, оқырманға түңғыш рет Мақамбет 1832ж. 20 тамызда әйелі үшін Әжмамбет Досалиевке қалың малын төлеп болғандығы туралы ханың ОШК-на берген мәліметті жария еттік. Енді Әжмәмбет Досалиев деген кім, руы, мекені, әлеуметтік хәлі, үрпағы т.б. іздейік.

Он біріншіден, Макамбеттің Жәнгірдің ұлы Зұлкорнаймен Орынборға барған жылын анықтаудың бізге сәті түсті. Бұдан басқа да тарих ғылымына қосқан жаңа мәліметтеріміз бар, тізе беріп болмас. Бәрі дерлік мерзімді баспасөз бетінде жарияланды дедік. Ел арапап, Мақамбет ізімен жүріп, материал жинауым өз алдына ұзақ әңгіме. Ірлі-ұсақты жаңалықтар көп болды, қарияларға мың ракмет. Он екіншіден, Кіші жүзде мұсылман мектебін ашуға империя мүдделі болып, күш салғанын, Қазақстанда оку іci тарихы ғылымына бұрын елеусіз келген мәліметті жария жасадық.

Он үшінші, 1819ж. қараашада Сығай тарапта 13762 шаңырақ, 110736 бас түье, 650.765 жылқы, 235.856 мүйізді мал, 3.985.707. бас қой, 127.442 бас ешкі болған.

Бұл ішкі тараптың ең байыған шағы еді, 4.8 млн. бас мал болған. Анық болса адам саны 70 мың жан екен. Бұл да жаңалық. Кейінгі тарауларда тың мәліметтер болады.

* * *

Мақамбет Өтемісұлы 1803 жылы бұрынғы халық “Ішкі тарап” деп, атаршылар кейін “Ішкі, Бекей ордасы” деп атаған, казіргі Батыс Қазакстан облысы Жанақала ауданында Бекетай құмында дүниеге келген. Ал Қазақ ССР-н қыскаша энциклопедиясы (А. 1987ж.) қазіргі Орал облысының Жәнібек ауданында 1804 ж. туған – деп, Қазақ Совет энциклопедиясынан қате материалды көшіріпті. (24:530) Мақамбет Бекей ордасында жасырынып жүргенде Жәңгір хан 40 кісі жіберіп, үстап Калмыков түрмесінде 2 апта жатқасын, Орынборға айдатады – зеген жалған мәліметте барышылық. Бұндай жаңсақ пікірлер басқа басылымдарда да жазылып, оқырманды шатастырып, Мақамбетке деген ахырылықты, қызығушылықты кемітуде. Жаңадан шыққан Батыс Қазакстан энциклопедиясы Мақамбетке қарсы болған адамдарды мақтауға толы, ал батырдың өмірбаяны қысқа, әрі жаңсақ мәлімет мол, ын қоғамдық-саяси қызметі тарихи ғылыми түрғыдан жазбағаны есепті. Өйткені авторлардың Бекей ордасы тарихын білмейтіні көрінеді. Ол түсінікті де, арнағы зерттеу жүргізу тым қын. Мақамбет қазақ халқы тарихындағы аса бір ауыр кезенде - өз баласын асырай аштап өлеңтін болғасын 50 сомфа сатқан, не жанұясымен амалсыз орыс казак өскеріне жазылып, христиан дінін қабылдан орыс болған жағдайде дүниеге келіп, өсіп, ер жетіп, “қорлықта жүрген халқына” адал етімет істеді.

Макамбеттің жастық шағын, оның әнші, домбырашы болып, ел шағын, кемелденуін жазушы Энес Сарай біркелкі нағымды етіп өз шағында жазыпты. Қазақ өнерпазы, батырлық пишіні, зергерлік, үйші т.б. көсіби қабілеті ежелден ел ішінде көріп, білуден, шағындеуден, үлкендерден үйренуден басталатыны белгілі. Бұл процесс жүзбен оның Ішкі тарабында Асанқайғымен Қазтуған кезінен де ғүрделі, аса қын саяси, экономикалық, әлеуметтік азып-тозу шағында өткенін біздің жазушыларымыз (Ә.Әлімжанов, Ә.Сарай, М.Тәлімұратов, Н.Әбуталипов т.б.) нақтап, әрі толық жазбай, әлі жетпей күрделі қоғамдық құбылысты, рухани, мәдени қожырауды жазып өте береді. Жетіру тайпасының XIX-ғ. басындағы аға биі Толеғіл Бекенбай ұлы жазғандай: Кіші жұз жұрты екі оттың ортасында бір жағынан елді басқара алмай, әлі жеткенді тонап, талаған хан, шағындар, екіншіден-жергілікті патша әкімшілігі, олардың Орынбор,

Орал әскерлері. Бұл қыспақтан Байұлы тайпасының ауылдары Нарынға өтіп еді, онда да орыс помециктері, Орал әскери т.б. қысым жасаі бастады. Бұдан бас сауғалап Өтеміс пен Жұз батыр Беріш руы ауылын бастап, бесіктегі нәресте Мақамбетті түйеге тенден 1804ж. көкей айында Жайықтан Тайсойғанға өтпек болғанда, Калмыковтың каза әскери тойтарыс берді. Ауыл қайта оралып Дендер тұсынан өтіпте Жайықта үш кешу бар деген көриялар біреуі-Калмақ өткел. Соларда түнде бірдірмей өтсе керек. Оған жету тіптен қыын. Ауылдар ебін тауып Дендерге қарай өте берді, күм Нарынға жібермегесін қаша берді. Нарын жағында жұрт құрт азайды. Бұл патша өкіметінің есебін жаңылдырыды Империяға Орталыққа жақын мал, мал өнімін т.б. арзанға сатып алғатын өз өнеркәсіп товарын сататын рынок керек. Бекей сұлтан, орыс купецилері дабыл қақты. Содан патша үкіметі 1806ж. 19 мамырда қаза елін билеу, Бекей Ордасы жөнінде Ережесін шығарып, қазактардың Жайықтан әрлі-берлі өтуінің тәртібін көрсетті. Енді қазактар өз руы, не ру бөлімінің старшыны басқаруымен, жан басын тізімдеп, мал басын санап, Баксай мен Гребенщиков форпостылары тұсынан, арнайы постыдан бақылаумен өтетін болды. Өз жерімен сұынан қазағым айырыла береді. Ол аз болса өз қара басының билгіде ада болды “Ереже” бойынша кедей қазактар балаларын тек ресейліктерге құлдыққа сатуы тиіс еді. Билеуші топ пен орыс казак әскерінің шабындысы тоқтамады, бір талауда, не жұтта бүкіл ауыл малсыз, дүниесіз қалып қайыршы болып шыға келді. Байғұстар саны есе берді. Байғұс дегенге Ә.Сарай кітабында түсініктеме берменді де, олар Орал әскери мекендерге орыстармен бірге тұрады депті. Бұл қате мәлімет. Байғұс деген қалмақ сөзі көрінеді, мағынасы – тақыр кедей. Орыс басылымында кедей қазақ құнелтіс үшін Орал, Орынбор әскери қоныстары қасына келіп, ең сонында тағанын, не мосыны сатып қайыршы болады, әскери мекен сыртында, қашықта жолым үйлерін күркелерін тігіп, сонда тұрады. Бір орында тұра берсен үй айнала шөптен арылып тақырланып, шаң көтеріледі. Амал жоқ 50-60 қадам жерге байғұс күркесін көшіреді. Бұны түсінбеген орыс-қазақты қөшпелі, байғұс болса да көшуді елестетіп, азғантай үй жабдығын арқалап, көше береді деп жазған. Байғұстардың пайда болуы – қоғамдағы саяси-әлеуметтік дағдарыстың тереңдігін көрсетеді. Байғұстарды әскери қоныстар тегін жұмысқа пайдаланған, не үгіттеп христиан дініне, орал казак әскеріне кіргізген. Балаларын арзанға сатып

шып, дініне кіргізіп, аты, жөнін өзгертіп, қызметіне пайдаланып, еліне шырмадан. Бұндай адам жаңын тітіркендіретін фактылар окулықтарда ғылмайды, лекцияларда айтылмайды. Аталарымыз көрген азаппен өрлікты қазіргі үрпақ толық біліп, тағылым алуды тиіс. Сонда аталарымыз тіршілік көзін іздең, отырған атамекенін тастап, қатерлі Қайык шөбінен әрлі-берлі тозып неге өте бергенін түсінер. Қазакта тіршілік көзі болып мал қалды, қолөнер мен өнеркәсіпті дамытуға, батық аулап талшық өтуге, тұз өндіріп, аң аулап табыс табуға Орал аскері жол бермедин. Амал жоқ, қара шаруа мал өсірумен айналысты, брақ оны өсіруге жайылым керек, мал бір жерде ұзақ тұра алмайды. Мінне осыдан келіп қазағым, Өтеміс 1808ж. күзде Жайықтан кайта өтіп. Нарынға 5 жасар Мақамбетті тұлышпқа орап, Бекетай құмына барады. Осы жерде туып, өскен Шүкірғали Абдешұлы (руы Масқар, 1899 жылы туған, сауатты) білікгі кісі екен, 1972ж. 28-шілдеде Миялды ойда (Орда ауданы) тұрғанында барып сөйлескенімде: Бекетай деген “бесқасқа беріш, өзі де, үрпағыда осы өнірді әлсін әлі келіп жайлаған. Бұны Әжекен Исқақұлы (руы Беріш, 1913ж. туған сауатты, Орда ауданы) аталауды, беріштің Бөдене деген сәуегені осы жерді көріп, үрпағына Бекетайға мұра етіні. Әжекенде патриот кісі екен, білгені көп. Атасы Гүлкыш Байқұрманұлы Исадайды 1837ж. Жайықтан өтерде корғаймын тосқауыл болып, куғыннан құтылуына көмектесіп, өзі өлімші арасы болып, тал арасына қашып одан қашып, Кердери Мұқаш ағенін үйінде бір жыл жасырынып, емделген. Бұлардың сөзін Демесін Шерниязов (1887ж.т., Беріш, сауатты) растап, одан әрі нактылаап, өйткі. Бекетай тегі “бесқасқа беріш – дейді көрия. Баяғыда Үйсіннен 5 күннен кашып келіпті, 4-і еліне оралғанда, Түсіп дегені қалады. Одан бес болған: Айтпай, Байқошқар, Бекетай, қараша дейді. Бес жігіт алғыр, өртіл, өрен болғасын “бесқасқа” деп ел мадақтап атапты. Бұлардың 2-і деңдер жағында қалып, 3-і Бекетай құмына орнығыпты. Ол Қасқаланың батысында 90 км-дей, ұзындығы 9-10 км-дей, онтүстікке төбөп жатыр. Ауасы жылы, қысы аз, шөбі мол аумақ “Айтпай бесқасқа құмы”, “Қараша бесқасқа құмы” “бекетай” болып тағы бөлінеді. Біздің міз Бекетайдың шығыс-терістік жиегінде еді – дейді атай. “Айтпай құмы” ойпанда, кек шөп кеп өседі, “Көктөбе” деген осында, айналасы көгал. Бекетайдың батысында “Тас төбе” деген жер бар, оның төрестігінде “Таубұйрат” деген құм арқылы жол Жасқұска кетеді. Бұл көрлер Мақамбеттің туған өскен, тұрған жері болғасын тақықтап

отырмыз. Демесін атай Әжікен т.б. сөздерін қайталап, ағы Қектөбе деғен бар. Мақамбеттің Бекетайда “тас үйі” (саман) болған, Жәнгір т.б. Өтемісті, кейін оның балаларын ысырып шығарған. Бекетайға Қарауыл хожа Бабажанов келіп, “Кілке” деғен жерге ағаш үй салған. Бұл “ала құйын” біздің үйдеи З км-дей жерде еді – дейді. Демесін Хожа патшага жағынып, медаль алған, хорунжий әскери атағы бар, Жайықтан 1809 ж. өтіп осы жерге қыстырылып, алауыздық пен жерге таласты ала келді, - дейді көриялар. Оның Қиғаш өзені жағында т.б. алағта жері болған. Бекетай құмында “Қамау, Қамал шағыл” бар, сонда Мақамбет жасында болған, кейін 1837ж. сол жерде үлкен шайқас болған – дейді. 80-дегі Қалила әжей 1972ж. Жаңақалада. Ол кісі ауданың жер бетінің бәрін біліп отыр, Бекетайда туып, өскен бесқасқа. Бұл айтылған көриялар мәліметін тексеруге шықтым. Ол үшін өуелі Еспентай Тасмағанбетовке (Байбакты – бұғанай, 1890ж.т., сауатты Орда ауд. Теректі құмында туып, өскен) жолықтым. Тым білгір екен, алдыңды орап, сейлетпеді. Жоғарыда айтылған. Бекетай алқабы туралы әңгімелерді біледі екен. Шеркеш Жақсыбаев – дейді Еспентай атай, Жәнгірмен бірге Мәскеуге барып, алтын медаль алып, қайтарда Хан Үфі (Уфа) қаласына барып. Нұралы хан бейтінде болып: “Қара қазақ-ай, атамды қанғытып өлтірдің-ау, - деп азының қайрайды, Шеркеш екеуі ұрыссып қалады. Елге келгесін хан Шеркешті кудалаумен болады, - дейді көрия. Бекетай құмы, тұрғындары жоғарыдағы мәліметтерді Жаңақалада Фазиз Үмбетияров, Сейтім Тәкеев, Аманғали Қанатов, Қабдолла Құбиев. Қ.Сейтов, Атырауда Тілекқабыл Шамшиденов, Қаппар Бижанов, т.б. растады.

Алматыда экономист Жақыбалиев ағай (Байбакты - Шекеу) колективтендіру кезінде біз ығысып “Мақамбеттің Қектөбесі” деғен жерде тұрдық деғен. Д.Шерниязов т.б. көриялар бұны растады және “Мақамбеттің арғымақ байлаган жері” деғендеге бар, - деді. Мақамбет жасында сол Қектөбенің басына келіп, жастармен өлең айтып, кешкісін ән салып, домбыра тартып, тіпті ойын сауықта өткізетін болыпты. Бұған үлкендерде келіп қызықтап, өздері білетін өлең, жырларды айтып, жаттатып, жастарға “Қазтуған”, “Ел айырған” т.б. қүйлерді, Шалгез. Доспамбет т.б. жырларын, Жиренше шешен, Сыпира жырау әңгімелерін айтатын болыпты”, - дейді көриялар.

Мақамбет өскен жер

Мақамбет саяси қайраткер, ол шаруалардың өз тенденгі мен күнелтісі үшін озбырлық пен қанауга қарсы жұргізген саяси күресінің жетекшісі әнгейіне дейін көтерілген азаттық үшін болған бейбіт және карулы соғысқа белсene қатысып, оны халық “батыр” деп атады. Ал бұл, 1827, 1829, 1836-1838 ж.ж. бұқаралық қанды шайқастың болу себептерін түсіну үшін, оған қатысқан М.Өтемісұлының азды-көпті еңбегін көрсету үшін Кіші жұз бен Бекей ордасының шаруашылық, саяси, әлеуметтік жағдайы жөнінде ықшамды болса да түсінік беруіміз қажет етеді. Шаруашылықтың кең көлемде, әрі салалы дамуы ең алдымен сол жердің бетіне, табиғат байлығына байланысты. Олай болса қысқаша географиялық шолу жасаймыз. Ақын, әнші, домбырашы елді жиі аралайды, тәрбие алады.

Өтеміс Құлманиязұлы Нарынға 1801ж. күзде өтіп, Нарында қыстаған. Ол кезде Кіші жұз ауылдары жыл сайын дерлік жазда Тайықтың шығыс жағынан Жем, Сағыз өздеріне, тіпті Маңғыстауға дейін жайлап, қыста Нарын, Еділ жағында жиі қыстаған. Бұл Орал казак ескеріне (ОКӘ), патша әкімшілігіне үнамады. 1804ж. көкек айында Өтеміс Князьқала (Калмыков) тұсынан Жайықтың шығысына өтпек болғанда ОКӘ-нен тойтарыс алғаны белгілі. Дегенмен Өтеміс іле өтіп, атаонысы “Жарыпшиққан” сайының жағасындағы Князьден 150 жырымдай қашықтағы “Борсан” деген жерге барған. Табиғат жер беті тез өзгере қоймайды ғой. Біз 1981ж. 15 мамырда Миялыдан шығып Жарыпшиққаннан өттік, Ойылдың суы жаңа келіп жатыр екен. Жолдан 1 км-дей жерде батыста жарыпшиққан жағасында үлкен төбе – Борсан езен. Ел жоқ. Айнала тақыр. Әр жерде көк шөп қылтиыш көрінеді. Бұдан Тайсойғанға бардық мен қадір тұтатын жазушы Фабдол Становтың “Дөң асқан” деген тамаша романында шебер суреттелген “Тайсойған, балдыр күмын “қақпакты көл” деп жырланатын әйгілі жер. Қызғалай құм, қоныс әп-әсем. Жайылыс алыста. Осыдан Барлыбай (шығысында) төбесіне, онтүстікке Қарабауға дейін шөп сирек, көл деңгеспейді. Барлыбайдан Сағыз станциясы аралығында, Миялыдан Ойылға, не Карапулкелдіге дейін қатқыл, шөбі сирек, жайылымы жұты. Тек Жайық жағындағы Саралжын, “Керік ана” жағында шабындығы мәддер бар. Бұл өнірде Беріш, Масқар, Тана т.б. ру ауылдары

мекендереген. Ал Қалдығайты, Соналы, Бұлдырты т.б. ұсақ өзендер алқабын бір кезде Байбарақ бастаған алаша руы ауылдары Аксайда дейін иемденген. Архив құжаттарында әр ру ауылдарының мекендері қыстауы, жайлауы сирек болса да жазылған бірақ жер иелену түрлі жағдайға байланысты өзгеріп тұрған. Алаша руы Құдайғұл батың тұсында Жайыктың Елек өзені тұсынан бері ХVIIIғ. басында жайлаған Қызылқұрт, Ысық т.б. ру ауылдары сол жақтан ығысқан. Себеп – патша әкімшілігі мен хан, сұлтандардың өктемдігі.

Ойыл өзенінен әрі шығыска жер беті кейде құмдасын, кейде қатқы шөбі аз. Оңтүстіктері Желтау, Доңыз тау, Атай – Матай, Борсық құмына дейін осылай. Тек Жем, Сағыз өзендері өнірі аз кем төүір. Ал Борсық құмынан Арап теңізіне дейін, одан шығыска Үргыз, Торғай өзендері сілімдеріне құмды не тақыр. Тек Мұғалжар, Бершігүр тауларымен Жем. Сағыздың басы жайылымды келеді. Бұл Дешті – Қыпшақ жерінің онтүстігі суға қат, жайылымға мұқтаж, орманы жок, тауы аласа, нұлы көлдері аз, қамысты арналары кем құрлық. Қобда, Қыыл өзендерінің басы, орта ағысының тұсы егінге қолайлы. Еңбекқор қазақ сол құм ішіндегі ойыс, көленді оазистерде бақша салып, суаратының патша офицерлері көзімен көріп таң қалған. Шаруа бақшамен қысқы азығының жартысын айырған (25). Жердің шұрайлысы, орманы сулы өзендері Дешті-Қыпшак даласының солтүстік жағында болған. Қазіргі Самар, Орынбор, Челябин губернияларының оңтүстігін ХVIII – ғ. Казактар жайлаған. Орынборда Табын, Шекті, Алашқа, Жағалбайлы т.б. рудың ауылдары тұрған. Қыстауы, көбінің егін жайы болыпты. “Табинка” деген қалашық сол кездің күесі – табын руының жері, Торғай, Тоғызак, Үй т.б. өзендер “Жабық Қарағай” сияқты ормандар Алшын ұлысының ежелгі қонысы еді. Табиғаты қatal болғанмен Орал тауы сілемдері, Қарталы маңы егін мен малға қолайлы болды. Жазда қоңыр салқын, жаңбырлы қыста қары көп еді. Қазақ Ресейге бодан болғасын жеріненде, басынанда билік кетеді. Шекара дең жағалай бекіністер салады, олар өскери линияға айналып, Орал, Орынбор казак өскерлері құралып, шекара күзетіп, әрі отарлаушы, жазалаушы қарулы күш болады.

Дешті Қыпшақ даласы орта ғасырда қалалары көп, қолөнер кәсібі дамыған, сауда жолындағы катардағы өлке еді. Оған Қарағанғанактағы “Қырық оба” көмбесі, Теке қаласы қасындағы Шакафни көмбесі т.б. күә. Бұларда кірпіш заводының, моншаның, су ағатын бақша, бау-

сүаратын су құбырының, жеміс, жидек, зергерлік, ұсташа
бұйымдардың қалдықтары табылған. Жайықта кей жер аттарыда
шталып, олда куә. Мысалы, “Шабдалжап”. “Шабдал” деп орысша
“Персик”-ті айтады жөне бұл өркениеттілікті көрсетеді. Немесе Теке
асласы төрінде “курени” деген орын бар, ол монғұл сөзі – үй-жей. Қазақ
шайды “Көрәнә” дейді. Қалалардағы үйлер күйдірген кірпіштен
шынған және сондай кірпіш “курениде де” бар. Ал зергерлік
бұйымның талай, бай түрлөрі бар. Егіншілікпен де бабаларымыз
шыныпты. Міне осындай өлке ел ішінде ауызбірлік кеткесін
шырап, әлсіреп, басқыншының жемсауында кеткен. Бұл процесс
асресе Ақназар хан өлгесін күшейген. Бірлігі жоқ ел калмактарға
тосқауыл жасай алмай, шабындыға фасыр бойы ұшырап, бала-шағасы
басқыншының корлығында, құлдығында кеткен. Қалалар қираған, ел
боскан. Бұған қоса Орал казак әскери шапқылап, елді тоздырған,
Ноғайды бостырған “Қазақ пен Ноғайдың айырылысқаны”, “Ел
шырған” күйі осы XYII-f. болған. Қазақ ойға-қырға қашып, тек мал
шірумен ғана шұғылданған. Ресей қазаққа қосымша бейнет, касірет
желді XYIII-f. Кіші жүздің ішкі бірлігін, шаруашылық байланысын
шірету, өз өктемдігін көрсетіп, казак әскери шапқыншылығын
шүргізіп, әлкені казак отарлауы (казачья колонизация) болса, XIX - f.
Империялық отарлау толық қүшіне кіріп, Ресей өз үстемдігін орнатты.
Ее алдымен Кіші жүз жері қазынанікі, ақ патшанікі деп жарияланды.
Жер бетінің, астының байлығы қазынанікі болды. Қазақ өндіріспен
шұғылдануға қалі болмады, өзендер мен теңізден балық алуауга, сордан
шіл алуға. Тұтәбеден (Елек), Дендерден тұз, орманынан ағаш алуға, сордан
шіл егуге, үй түрғызып, қоныс түрғызуға тиым салынды. Шекарадан
шынқта ғана бақша өсіріп, қақыра салу, қыстау мал қора салу
шалған. Ал оларды ОКӘ-і білсе түрлі сұлтаумен қиратып отырған.
Бұлай фактыларды патша, Совет авторларының көбі жасырып, жазбай,
Ресейлің Кіші жүзге “прогрессивтік” ықпалы болды дейді.
Экономикасы жаңа түрғыда дамыды - деп бөседі. Содайдың бірі
Н.Г.Аполлова Орынбор губернаторлары XYIII-f. Кіші жүзде
шілікпен айналысуына ықпал жасады дейді. (26). Кандай көмегі
шалғанын атамайды. 1797ж. күзде ОКӘ атаманы Донсков әскери
шаманда мен Жайықтың шығыс (Бұқар) жағындағы Кердере руының
шілшілер аулына келіп. 2 қазақ малымызды үрлап кетті, соларды іздең
шілшік, - деген. Егіншілер біз ондаймен шұғылданбаймыз жөне оған

мүмкіндігіміз (көлігіміз) жок, - деп сендереді. Донсков командасты мұасып кетеді де, бір тобы келіп, әлгі ауылды талап, 18 кісіні өлтіріп, тұтқындалап, ойран салып әкетеді. (27:). Шаруалар губернат Бахметовке болған оқиғаны баяндал еді, еш нәтиже болмады, талаға дүние, малды қайтармады. Егіншілер қонысын тастап, жан-жаққа босы кетеді. Егін еккениң көрер күні осы. Жайықтан әрі-бері өтуге, балы аулауға, мал суаруға болмайды, балықты шошытасын! Бір бекі ұстағаны үшін Шапай деген жігітті жауапқа тартты. Жаза әр түрлі, 250 рет дүре соғу, көлік, мұлқін тартып алу, жер аудару т.б. ОКӘ озырылдыры шексіз болған. Жайықтын шығыс жағын өз еркімен иеленді шөп шауып пішениң үйіп қарауылсыз тастап, кейін “пішениме мал түсті үрлады”, - деп айып тағып ақша, мал өндіру “көсіпке” айналған. Қаза ауылдарын аралап, тіміскілеп жүрген, егерде бір үйден бір тал аға көрінсе, орманнаң ағаш үрладың деп айыптап, өндірген. Немес Мақамбетті 3-4 жолдасымен, “Жайықтан өтпек болды” деп ұстап Кня қала абақтысына жапкан. Бұндай соракылықтар көп, қайсы бірін тіз бересін. Мақамбет осының бәрін көріп, естіп өскен.

Мал өсірудің азабы көpte, пайдасы әр жанға қажетін өтемейді. Малды, оның өнімін сатқанмен одан түскен ақша азық-түлік, ким кешек, үй іші бұйымы, шаруашылық құралдарын сатып алуға жетіспейді екен. Тек байлар ғана киімі бүтін, тамағы тоқ, шаруасы мығым болған. Онда да бай құдіретті ауа райына, саяси жағдайға байланысты. Бай көп малға пішенді шалғы орақпен жеткілікті дайында алмаған, шөп өнімі аз. Тек аз ғана сауын малымен төлге, көліккі жетерлік пішen жиған. Қалған малды қысы, жазы жайылыста ұстаған. Көп мал қырдағы сирек шөпті тез тауысатын болғасын, жазда мал бір орында 7-10 күннен соң көше берген. Әр ру айлының тарихы қалыптасқан қыстау орны, жайлауы, көшу жолы, құдықтары, жазғы орындары болған. Мысалы, Адай, Табын т.б. ру ауылдары Жем, Сағысағасынан Қостанайға қарай көктем басталарда көшіп, жазда Торғай Жем, Тобыл, Тоғызақ т.б. өзендер бастауында тұрган. Бай малшы жалдалап, өзі ауанымен жәйләп жылжып, бабымен көшкен. Көшуді әр қызық, думанды өткізуғе тырысқан. Қариялар адайдың Құлсары байы (қазіргі Құлсары қаласы орнының иесі. И.К.) қыстауынан қозғалыс жолай қыдырып, Ақушан, Алатау т.б. мекендерге кона түстене жүріп, бойжеткен Қызданай, Төремұрат ауылдарында қонақтағанын айтар еді. Одан Үш Бекенбай жағына, Мұғалжар жағына көшкен. Оңтүстікке.

Төрт кыратында, Шың тауында кедейлер тұрған. Көше алмағандар мен көлдер маңында қакыра салып, бақша салған, аң аулап, үстап Арас тәңізі жағалауында күнелткен. Халықтың бұл тұрмысының оте нашар екенін Е.П.Ковалевский т.б. жазған.

Көш жолшыбай саудасын жасап, киімін, құралдарын ондал, баласын сатып, тойын жасап, қаліпті өмірін өткізген. Негізгі сауда Ресей расына жақындағанда жасалған. Орынбор, Орск, Тобыл, Қосатанай ларында мал, мал өнімдерін (тері, жұн, киіз, алаша, май), ағаштан, талдан көмір, құрал-жабдық, мата, киім, ағаш т.б. сатып алған. Сәзай-ақ шай, секермен, бау-бақша өнімдерін алған.

Жайылым, шабындық, суат жетпеген. Бұл мұқтаждық ауылдар мен арасында талас туғызып, аяғы дауға, барымтаға айналған. Жаңарыда біз атаган тақыр, жартылай шөлейіт жерлер көп болса да мал асқаруға жетпеген. Жайылым көлемі жылдан-жылға азая берген. Бұған тұрақтының тұраксыздығы, жиі болатын қуаңшылық жүт әкеліп, мал күрт кеміп, адам шығынын көбейткен. Бұл жәй шаруалар тұсында түрлі жағымсыз қылықтар туғызып, наразылық өршіген. Қызылкүл көп.

§3. Ішкі тарап және оның қалыптасуы

а. Ішкі тараптың табиғаты

Кіші жүзде жайылым, суат, орман, малға пана, азық қалың қамыс қоға, талды жер тапшылығымен қатар он екі ата Байұлы тайпасы руларының Еділ, Жайық аралығына көшу қозғалысының басты себебі - бұл алқап ежелден Байұлының атамекені. Бұны жер, су, қоныс атауларъ да қостайды. (Нарын, Самар, Тарғынтебе, Үштархын, Кигаш Дыңқызыл т.б.). Екінші басты себебі – Нарын құмының табиғаты ерекше, оның адамға ол кездегі пайдаланғанын айтуға сөз жетпейді Еділ-Жайық аралығын “Самар даласы” депte атаған. “Самар” деген көлдер. Бұл даланың жер беті әртүрлі құм, қатқыл. Нарын құмының терістік шығыс жағындағы далалық “қатқыл” дег аталады, табиғаты өзге. Терістік – шығысы Сырт қыратына дейін барады. Қазіргі Ершов. Семиглавыйлар станциялары қасындағы “Баяш” тауы маңынан қатар екі өзен ағады – батысындағы “Сары өзен”, шығысындағы “Қара өзен” дег аталады. Екеуді 500 км-дей қатар ағып отырып, “Жаңақала” тұсында Самар көлдеріне құяды. Ірілі-ұсақты 24 көл бар. Ертеде айналғанда ну нар қамыс болған. Бұл екеудің батысында Мақамбет айтқан “Аңы өзек” бар, қар суы тасып “Соркөл” деген үлкен сорға құяды, суы жаздай болады, жағалауы жерде қалың қамыс, тал болыпты. Әр жерде ағашта өскен. Сары, Қара өзендер, Балықты, Оюкен (Грачи) т.б. су жайылымдары қар суымен тасып, жазғытұрым су екі жағалауына сай. көлдерді қуалай 10-20 км. Жерге жайлайған. Пішен көп болады. Бұл екі өзен аңғарында қамыс, тал, (Жалпақтал), қоға, ши, ағаш өскен. Топырағы егін егуге қолайлы. Мақамбет “Ақтөңіз” деген “Ақкөл”, суы таза, шипалы, қамыс көп өседі. Бұл алапта “сор” дег аталатын аши сулы, батпакты, татыры, сайы көп “Тұркe”, “Әүкетай”, “Шаламан” т.б. сорлар бар. Айналасы қой, түйе жоюға өте қолайлы, күдік суы мол. тұщы. Бұл айтылғаннан қосөзен алабы ежелден шаруаға қолайлы болғанын көреміз. Талас, наразылықта осыдан туады. Бекей сұлтан Сары өзеннің қазіргі Жәнібек ауданы тұсында қоныс салыпты, оны қазірде тұрғындар “Бекей жаңақаласы” дейді. Бекер қызықпаған. Шөпті, сулы, Астрахан, Саратов, Самараға баратын жолдың түйісі, саудаға тым қолайлы, байланысқа жақсы.

Нарын құмының табиғатын жазу қызықта ұзак әнгіме (28). Ол жерге аяғым тисе таңдана, сүйсінумен боламын, бірнеше рет әрлі-берлі

кесіпте, ұзынынан киынта шарладым. Нарын құмы Жасқұстан Жайыққа қарай “Шыбынтай” құмына дейін 350-400 км, терістік-шығысында “Арал сордан” (Бөрлі, Жиек құмдарынан Дінкызыл, Мыңтөбеге, одан ері Сасық тау, Танюшкінге қарай 400 км. шамасы аумақты алған жатады. Нарын құмы жөнінде баспасөзде көп жазылады, бірақ оның табиғи қызық, пайдалы ерекшеліктерін аз да болса тиянақтап жазғанды мөрмәдік. Біз шалып өтеміз. Нарынды анығырақ жазған Я.Ханыковтың ені 50-60км, ұзындығы 230 км шамасы деңгі, бұл тым кемітіп шытылған. Ханыков Нарын құмын 12 бөлікке бөледі, олар Бекетай Бөрлі, Жиеккүм, Жасқұс, Дүйсе, Теректі, Жаманқүм, Ірге құм, Айғыр құм т.б. Құмда әр түрлі болады екен, жел тұrsa көшіп жүреді. Құмы тәбіне жинала атжалданып биіктей “таушық” болады. Биік, неше түрлі шокада бар. Құмды жер арасында ашық жер - алап болады, жалпақ көк шөп өсіп, күзге дейін қурамай тұрады. Себебі – ылғал жақын. 1942ж. Жасқұсқа (Ордаға) барғанымда 1-1,5 м. Терендікте құдық көрін, танғалып, ат суардым. Кей жерде (Шалқар 2 м Қарамолада 2,5м) болады. Қатқылда құдық терең болады, 1943ж. “Байтілеуде” (Күрманғазы күйшінің туысы, жайлауы). Колхозға құдық қазғанымда 5 м. Терендікten ғана су шықты, онда да өлсін-өлі құдық түбін аршумен болдық. Бұл малшы қызметінін ауырлығын көрсетеді. Ертеде құдық шызу кәсіп болған. Нарынның тағы бір ерекшелігі – қыста қар сирек, аз шауды, ал, қатқылда құмнан алыстаған сайын қар қалып, күн сұық, ысы ұзақ болады. Куаңшылық жылы қатқылдағылар Нарындағылардың ағалап, малдарын қыстай жайып аман алған қалады.

Нарынның XIX-ғ. басындағы тағы бір ерекшелігі – орман, ағаш, қамыс, ши, бұта, тобылғы, тал, шетен, қоға көп болған. 1827ж. Жасқұста келген сенатор Энгель “Песка Нарына был покрыто лесом” деп жазып, оны қорғау жоқтығын жазған (27:295). Орман зеруашылығын зерттеушілер Нарында XIX-ғ. Басында орман 33% жер қалемін алған жатқан деңгі. (28:10). Бұл аса үлкен байлық. Ағаш, бұта, қамыс көп болғасын ылғалда көп, ұзаққа сақталады. Қамыс Каспий теніз жағалауында тұтас өскен, ішінде жабайы андар көп болғанын жетады. Сондай-ақ, Самар көлдері 24, ну қамыс. Қыста қамыс арасынан астына төсем басындағы бүршігі малға қорек. Суат қасында ысы, жазы Самар көлдерінде балық арылмайды және түрі көп болған, тұрындарға косымша азық сатса қаржы. Қатқыл деп Нарынның Жасқұншақ, Бөгде тауы, Сайқын, Жәнібек жағын, Сары, Қара өзендер,

Аңзы өзек, алқабын айтқан, бұнда жайылым, суат. Өзендер жағасында Камыс, тал, бұта, шетен қоға өскен, арман алқаптары, сайлар, көлдең көп болған, шабындығы мол, аң, құс кең жайлаған. Қырлығында қауыры жиналған көлдер бар. Олар “Есей Саралжын көлі”, “Қуан, ң Қунбай Саралжыны, Ағай Қара көлі т.б. аталады. Қырлығында еркес шөп, жусан бетеге, изен, итмұрын, көкпек, тарбаған, таспақара, қаракат көсік, шие т.б. өсімдіктер болған. (29:532)

Үштаған, Керей ашығы, Балқұдық, Кошалақты жағында да Саздыға Каракамысқа дейін ойдым-ойдым қатқыл бар, бірақ өзен су жок Ақжонас жайлауы малға жайлыш. Теніз жағы сулы болғанмен жер беп егінге жарамсыз. Камысы көп, қалың, арасында Жолбарыс, Қабан көт екен. Аңыз Исатай жасында жолбарыс пен алысып, өлтіріп, батыр болған дейді. Бұл өнірде малға жайлыш болғасын көз тартқан, көп ауди келген.

Ұзак жылдар (ХVII – F-дан) иесіз жатқасын аң көп болыпты. Ормав мен нар қамыс арасында жолбарыс, бұғы, қабан мен қатар басқа аңдар жүрген. Қариялар бұғы, бүркіт, т.б. құстар болғанын айтатын. Ең қызықтысы, Нарында құлан, тарпан, киік, құстың көп (ителігі, қаршыға сұнқар т.б.) түрі, Бақсай жағында қызығылт қаз, құмында батпа, борсық қасқыр, қатқылында құлан, түлкі, корқау, құс пен тышқанның неше түрі өседі. Аңзы өзек бойын, Тарғын өзеніне дейін құлан, киік, қасқыр, қабан т.б. жайлаған. Құлан көп өседі, “құлан ойнақ” жерде жиі болады, бұл жөнінде тарихи әңгімede бар. Жылқының да тағы түрі жүрген. Үйрек қаз, акқу, дудадақ өз алдына әңгіме. Нарынның табиғаты мен байлығын сипаттауға сөз жетпейді деген осы. Ұлы Мақамбетте мақтағаны белгілі. Ол: “...Шортаны қара бақандай,

Бақасы сары атандай.
Балдырғаны білектей,
Баттауығы жүректей,
Сонасы қоңыр үйректей”, - деген.

Нарынның біз көрген қариялары бұл өнірдің өткендегі табиғи байлығына кісіні тамсандыра айтатын. Аңның көптігі аңызға айналған. Мақамбетте өз өлеңдерінде құстың бірнеше түрін, бұғыны, жыртқыш аңды атаған. Қарттарымыз бұл аңдарды хан, сұлтандар, орыс чиновниктері талай аяусыз қырғанын, аз уақытта оларды жойғанын да қанжыла мәлімдейтін. Аңдардың Нарында көп болатыны – бұл өңір екі ғасырдай қаңырап бос қалған, тек анда-санда өткінші жолаушылар.

ар, казактың бірен-саран ауылдарыға да из күн тұрақтаған. Нарының сенатор Энгель жазғандай “орман жапқан” даласына жұксан келтірген. Ормандарда, аңдарда, жалпы, далағы XIX – ғ-н 2-шегінде жаппай аяусыз ысырапқа ұшыраған. Энгель орманды үй, салуға, отынға деп еш бақылаусыз, есепсіз отайтынын жазған. Оныңды хан бұған қорықшы, корғаушы қоймаған. Өзі туыстарымен қызығымызбен естігенбіз. Ал, оның орнына ештеңе отырғызбаған. Ордасын басқаратын Уақытша Советке 1847 ж.ж. Советник болып А.Евреинов “Нарында орман болған, ол 1850 жылға тек орны қалған”, - деп жазады. (30) Аң құстар жөнінде де жан әнгімелер айттылатын. Жәңгір хан аңға жи шығады екен, көбіне орыс чиновниктерін ілестіріп, жабыла аң аулаумен бірге “кона-жастана жатып” әкімге сый-сияпат көрсетіп, жақсатты екен. Есесіне чиновниктер ырза болып, ханды мадақтап, мақала, ортарда жазады. Жәңгірдің аңға шығуы халыққа залал екен. Бұл Ақмет Мамытұлы (автор өзі осылай жазыпты) 1926 ж. салында Жәңгір аңға жи шығып, қасына сұлтандармен 12 билерін, шеңберін алып аңға шығады екен жолай көрінген ауылдарға шығындыруымен бірге қызы, көліншектерге “қырғындай” тип, жасайтынын наразылық туғызатынын жазған. Аңдардың кыратыны жөнінде “Құлан ойнақ” деген сықылды тарихи әнгімелер ел аузында көп еді. “Аңы өзек” аңғары кең, сулы, нұлы жалпақ сай екен, бір кездे оны киік, құлан тарпаң, қабан т.б. жайлапты. Қабан барын бізде көрдік. Ертеде құлан жиналатын, жасайтын орны болған, оны “құлан ойнақ” деп атапты. Ашулы хан көп кісімен өлгі құландарды қоршап алғып, қырыпты дейді. Киелі... Ал “құлан ойнақ” деген жер атауы күні кешеге дейін халық (Аңы өзектің Казталовка жағында) еді. Аң терісі XIX ғ. 1-шегінде аңшыға күнелтіс көзі болыпты.

Айта берсек, Нарын даласының XIX ғ. Басында табиғат байлығы мен. Азғыр, Басқұншақ, Элтон тұздары тағы бар. Олардан басқа ыбырбек, Түркес, Арасор т.б. көптеген тұзды сорлардың тұзы, ғанаудағы көкпекті тобылғылы, жусанды еңкеулер малғада, адамға жеткілік еді. Тек жусанның 28 түрі өседі. Ермен деген тері илеуге теріні, жұнді бояуға “Сақар” сабын қайнататын, неше түрлі жемістік

шөптер, құмаршық, Сағыз, Қамыстың борығы т.б. көп болыпты. Өсімдік байлығы туралы Мақамбетте тебірене “Біздің анау Нарында” деген өлеңінде:

“...Қойды мыңға толтырған,
Нарынның анау құмдары
Түйені жүзге толтырған.
Көкпекті, шайыр шымдары.
Жатып қалған тайлағы.
Жардай атан болған жер.
Жабағылы тоқтысы,
Қой болып кора толған жер.
Аш, арығым жойған жер,
Жылаған бала қойған жер,
Шортаны кара бақандай.
Бақасы сары атандай.
Балдырганы білектей.
Баттауығы жүректей.
Қымыздығы күректей.

Сонасы қоңыр үйректей, - дей келе “Нарында бас пайданың бәрі бар” – дегені әділ де, нақты сипаттама емес пе.

Сонымен Нарын даласының табиғат байлығы, Сыртқы орта мал шаруашылығына XIX-ғ. Басында қолайлы екен көреміз. Жер беті, ауа райы егіншілікке онша қолайлы болмады. Бірақ, Қос (Сары және Қара) өзендер алқабына, қатқылға да егін салуға болатын. Эрине, Нарынның ауа райы мақтанарлық қыс жылы, қар аз жауады, ауасы тамаша – адамға қуат береді. Бірақ, көп жерінде жаз ыссы, қатқылда кей жылдары құрғақшылық болып, ел жұтқа ұшырайды. Сонда да ұқынты шаруа амалын тауып байыған Еділмен Жайық аралығында 30 млн. десятина жер болса, соның 6 млн. десятинасын Байұлы өзіне қайтарып, иемденеді. Осының 5.200 млн-дес. Жайылыс, 400 мн десятина құм, 192 мың дес. Сорбалшық, 100-120 мың десятина шабындық, 12 мың дес. Қамыс болған (31:289). Басқа бір деректе орман осы территорияның 1/3 бөлігін құраганы белгілі. Міне, бұл ол кезде құлазыған далада иесіз жатқан ен байлықта – ата мұраға оралып, иеленім деген қозғалыстың үшінші себебі еді.

Мақамбеттің жастық шағын, оның әнші, домбырашы болып, ел аралап, кемелденуі жазушы әнес Сарай біркелкі нағымды стіп өз

кітабында жазыпты. Қазақ өнерпазы батырлық, пішіні, зергерлік, тігінші, үйші т.б. кәсіби қабілеті ежелден ел ішінде көріп, білуден, елктеуден, ұлкендерден үйренуден басталатыны белгілі. Бұл процесс Кіші жүзбен оның Ішкі тарабында Асан қайғы мен Қазтуған кезіненде құрделі, аса қыын саяси, экономикалық әлеуметтік азып-тозу заманында еткенін біздің жазушыларымыз (Ә.Әлімжанов, Ә.Сарай, М.Тәжімұратов, Н.Әбіталипов т.б.) нактап, әрі толық жазбай, әлі жетпей құрделі қоғамдық құбылысты, рухани, мәдени қожырауды айналып ете береді. Жетіру тайпасының XIX-ғ. басындағы аға биі Гленші Бекенбай ұлы жазғандай: Кіші жүз жұрты екі оттың ортасында болды: бір жағынан елді басқара алмай, әлі жеткенді тонап, талаған хан, сұлтандар, екіншіден – жергілікті патша әкімшілігі, олардың Орынбор, Орал әскерлері. Бұл қыспақтан Байұлы тайпасының ауылдары Нарынға етіп еді, онда да орыс помешиктері, Орал әскерлері. Бұл қыспақтан Байұлы тайпасының ауылдары Нарынға етіп еді, онда да орыс помешиктері, Орал әскері т.б. қысым жасай бастады. Бұдан бас тауғалап Өтеміс пен Жұз батыр Беріш руы ауылын бастап, бесіктегі әресте Мақамбетті түйеге тенден 1804ж. көкек айында Жайықтан Тайсойғанға өтпек болып, Калымковтың казак әскері тойтарыс берді. Ауыл қайта оралып Дендер тұсынан өтіпті. Жайықта үш кешу бар деген қариялар, біреуі – Қалмақ өткел. Солардан түнде білдірмей өтсе керек. Оған жету тіптен қыын. Ауылдар ебін тауып Дендерге қарай ете берді. Нарынға жібермегесін қаша берді. Нарын жағында жұрт құртазайды. Бұл патша әкіметінің есебін жаңылдырыды. Империяға Орталыққа қын мал, мал өнімін т.б. арзанға сатып алатын өз өнеркәсіп товарын сататын рынок керек. Бекей сұлтан, орыс купецитері дабыл қақты. Содан патша үкіметі 1806ж. 19 мамырда қазақ елін билеу. Бекей Ордасы әнінде Ережесін шығарып, қазактардың Жайықтан әрлі-берлі өтуінің тәрібін көрсетті. Енді қазактар өз руы, не ру бөлімінің старшины баскаруымен, жан басын тізімдеп, мал басын санаپ, Баксай мен Ребенников форпостылары тұсынан, арнайы постыдан бақылауымен етегін болды. “Ереже” бойынша кедей қазактар балаларын тек әсептіктерге құлдыққа сатуы тиіс еді. Билеуші топ пен орыс қазак әскерінің шабындысы тоқтамады, бір талауда, не жұтта бүкіл ауыл жалсыз, дүниесіз қалып қайыршы болып шыға келді. Байғұстар саны зең берді. Байғұс дегенге Ә.Сарай кітабында түсініктеме берменті де, әзір Орал әскери мекендерде орыстармен бірге тұрады депті. Бұл қате

мәлімет. Байғұс деген қалмак сөзі көрінеді, мағынасы – тақыр кеде Орыс басылымында кедей қазақ күнелтіс үшін Орал, Орынбор әскер қоныстары қасына келіп, ең сонында тағанын, не мосыны саты қайыршы болады, әскери мекен сыртында, қашықта жұлым үйлерін күркелерін тігіп, сонда тұрады. Бір орында тұра берсен үй айнал шөптен арылап тақырланып, шаң көтеріледі. Амал жоқ 50-60 қада жерге байғұс күркесін көшіреді. Бұны түсінбеген орыс-қазақты қөшпелі, байғұс болса да көнүді елестетіп, азғантай үй жабдығы арқалап, көше береді деп жазған. Байғұстардың пайда болуы қоғамдағы саяси-әлеуметтік дағдарыстың тереңдігін көрсетеді. Байғұстарды әскери қоныстар тегін жалшыға пайдаланған, не үкіме христиан дініне, орал казак әскеріне кіргізген. Балаларын арзанға саты алып, дініне кіргізіп, аты, жөнін өзгертип, қызметіне пайдаланып, елін қайырмаған. Бұндай адам жанын тітіркендіретін фактылар оқулықтарда жазылмайды, лекцияларда айтылмайды. Аналарымыз көрген азаппес қорлықты қазіргі үрпак толық біліп, тағылым алуы тиіс. Сондай аталарымыз тіршілік көзін іздең, отырған атамекенін тастап, қатерл Жайық шебінен әрлі-берлі тозап неге өте бергенін түсінер. Қазак тіршілік көзі болып мал қалды, қолөнер мен өнеркәсіпті дамытуға балық аулап талшық етуге, тұз өндіріп, аң аулап табыс табуға Орал әскері жол бермеді.

6) Ишкі тараптың қалыптасуы

Еділ мен Жайық өзендері аралығында 30 млн. десятина даланың біл бөлігіне Байұлы тайпасы ауылдары көшіп келіп, орнығуының күрделі тарихы бар. Бөтен елді шауып, талап, тоздырған қалмақтар ХVIII-ғ-дан өзі солардың кебін киді, Ресейге бодан болып, Еділ мен Жайық аралығына патша өмірімен араласты. Патша чиновниктері, Астрахан Орал казактары күн көрсетпеуі, малы мен жанына ие болудан қалады Ақыры 1770ж. күзде қалмақтар көп толғаныс пен дайындықтан кейін Жайық өтіп, Қытай еліне бармақ болады. Қыста Кіші жұз тұрғындары қыстауына орнығып, жылы орнынан қозғала алмайды деп есептег “Кекпекті” даласына қарай екпіндей көшеді. Бұған дейін қазактар ХVIII-ғ. оргасынан қалмақтар мен байланысы болмаған. 1771 ж. удере көшкен 70 мың шаңырақ қалмақты қазақтар қызына қуып, көт ауылдарын быт-шығ қылып, мал жандарын олжалайды. Біз бұл мәлімет Мақамбет тегін анықтауға қажет болғасын ежіктең отырмыз. Еділ мен

Жайық аралығы иесіз қалды. Тасқала, Семиглавыймар, Қабыршақты на ОКӘ ие бола кетті. Ресей мал өнімдері рыногінен айрылды. Еділ жағында 25 мың шанырақ Хошоуттар қалды. Біз Кіші жүздің бетін, шаруашылық, кей саяси жағдайын жоғарыда қысқаша шолып Қазақтың негізгі шаруашылығы – мал өсіру, ал қоныс салып, пен айналысып, сауда қызыдыруға империя жол бермеді дедік. Әлсіз, дәрменсіз болып елдегі барымтаны да тыя алмай шаруаны шаша берді. Бұған жер тапшылығы, барының қосыздығы қосылып, қазақ аса қыын күйзеліске ұшырап, балаларын алмай құлдыққа сатуға дейін барды. Мал өсіру табиғат тәлкегіне жүргіткен құтылмады. Мал өсіру жұмыс қолын көп талап өнімі жанұя қажетін етемейді. Мал санын кобейту үшін, жұмыс коныстану, егін салу үшін Орынбор өкмішлігімен Орал казак тепкісінен құтылу қажет болады. Қысылтаяңға ұшыраған өзінің атамекеніне – Еділ мен Жайық аралығына көшуді, ол қозғалысқа айналады. Нарынға көшу қозғалысы Аполлова ХҮШ-ғ. ортасында басталды дейді. Сырым көтерілісінің талабы осы болады. Бұл ұзақ әңгіме. Бос жерге қазактардың көшіп Ресейге де тиімді еді, арзанға жакыннан мал өнімдерін сатып, нашар өнеркәсіп, қолөнері товарларын қымбатқа сататын рыногі еді. Содан Астрахан, Саратов, Самара губернияларының ары қазактардың көшіп келуіне мұдделі болып, Үкіметке жасаған. Астрахан Бекей сұлтанды өз ықпалына көшіргісі Кіші жүздегі хан кеңесінің төрағасы Бекей Нұралыұлы ел өз мұддесіне пайдаланып Астрахан басшылығымен 1799ж. патшаға өз қарауындағы қазактармен Еділ-Жайық қоныстанып, мәңгі патша қарауында болғысы келетінін, мал қоныс салуға ұлықсат сұрап, өтініш жазады. Үкіметке де керегі Губернаторлардың пікіріне сай, патша жалмажан, 1801ж. 11-дә Сұлтан Бекей Нұралиевті қарамағындағы киргиздарымен И.К.) өз иелігіме қабылдаймын және оған екі өзен аралығында, Сары өзендерден Каспий жағалауына дейін жайлап, “коныс ұлықсат етемін” деп жарлық жазады. Айта кетейік, Бекей әкімдерімен сейлесуінде жаңа қоныста қазактардың үй салып, тұрғызу құқын талап еткен. Орынбор губернаторы, Орал әскери үй салып, қалаларын қайта тұрғызуына, егін егуіне тиым кудалап шаруашылыққа зиян келтіріп, сауданы да тежеп,

күнелтіс көзін шегергені белгілі. Ресей тұрғындарының мұддес ойлаған патша үкіметі әдеттегідей мәселені созбаланға салмай тешіп, қазактың қалаған жерде қоныс салуына келіседі.

Кіші жұз қазақтарының Еділ-Жайық аралығына көшүт үмтүлудының басты бір себебі – бұл алқап қазактың атамекені, ХҮІ – өмір сүрген Шеркенті деген жырау ноғаймен қазақты айрылысқанына жылап, Еділ-Жайық арасы қалың қазақ жайлана же деп өлеңінде айтқан. Қай уақытта да қазіргі кезеңдегі қоғамда қалыптасқан саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайды (ситуация) да және толық анықтау зерттеушіге тым қын, іздену жұмысы көп, әр саяси-теориялық білік терең болуы керек. Содан болар, соңғы жылдарда әдебиетшілер, кей тарихшылар аса шиеленісті ХҮІІ-ғ. аяғымен XIX 1-жартысындағы Кіші жұз бен Бокейліктің тарихын тереңіре зерттеуден қашқақтан, өткір, не құрделі мәселені айналып отіп, ұсақ түйектің төнірегінде әнгіме қозғап, ұстірт, шала сауатты тұжырым жасауға әуестенуде. Бекей ордасы жөнінде мол тарихи әдебиет Алматы, Астанада тұрып пайдаланбайтыны өкінішті. Тіпті кей тарихшы да ағымға ілесіп, ғылымнан қол үзіп, дәлелсіз пікір жазып жүр. Сондықтан біз ғылымда белгілі жәйді қайталауға не тәптештеуді мәжбүрміз. Сондайдың бірі – Байұлы тайпасының 12 атасының жары жартысының, Жетіру тайпасының 4 руының кей ауылдарының (30 шаңырақ) Еділ-Жайық аралығына 1801ж. қазан айында сұлтан Бекей Нұралиевтің бастауымен өте бастауы. Алғашында 5001 шаңырақ 2275 адам көшіп келген. Атырау қаласында тұрған Қанатқали көрия: Бекей сұлтан қарауындағыларға: менің арбамның ізімен ілесе беріндер, - деді тен із жағалап, Еділге қарай жүре беріпті. Т.Шамшиденов көрия; Бекей Ақсарай жағына келіп, одан иесіз жатқан Сары өзен, Тарғын (Торғун) жағына келген дейді. Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының тұрғындары: Бекей Сары өзенінің шығыс жағалауына өтіп, “Жақсыбай” тұрағы тұсынан қоныс салып, ол “Бекей Жаңақаласы” деп аталған, казир Саратовтың “Петропавловка селосы”, - дейді. Бұны сол жақтың тұрғындары, көрші Касталовка ауданы да растайды. Бұл да, басқа жерде Бекейдің ордасы болды, қоныс салды деуі рас болар. Өйткені бұз жаққа көшіп келгенмен орнығу өте қын. Қазактар келгесін иесін аралыққа таласушылар көбейген. Әуелі Бекей Ақсарай тұсын алғын еді талас шықты, айтыс Астарахан басшыларына дейін барған. Онымен қатар, Еділдің сағасында Қондрау татарлары (Қарашиб), Қигаш пен

Кынқа (Кіші) дейін иелене бастаған. Бұлар жөнінде Өкейдің
бенаторларға, Үкіметке жазған шағымдары бар. (30). Талас ұзай
деген. Дегенмен келген Алаша руы мен Ногай-қазақ жұртын (4 ру
мемі. Қояс, үйсін, қазанқұлақ, Қостанбалы – ертедегі “он сан
шоуиттың 4 руының қалдығы”). Сары өзеннің екі жағалауына,
Байбакты руы ауылдарын Қара өзенге, Беріш, Тана, Адай т.б. рулар
шардарын Самар көлдері мен Нарынның шығысына, Теніз жағалауына
жастырған. Бірақ тыныштық капелімде орнай қоймады. Орал казак
Сары өзен мен Қара өзен біздің жер деп, 1813ж. қазактарды
деген күшпі шықты. Теніз жағалауына балық аулауга ғана ұлықсат
Безбородко, Юсупов, Багратион деген помещиктер орналасып
жағалай маяк қойып “жер біздікі”, -деп қазақты қыстауына
жастай кояды. Бұдан келіп жер тапшылығы шықты. Өкей сұлтан бұл
шықка карсы батыл күресті, бірақ Ресей әкімшілігі орыс
шынктері мен Орал өскерінің зансыз қимылдарына үнсіз қалады.
деген қоймай, Нарын құмына қазақты жібермей кояды. Қазақ 1804ж.
шынк кері, орысша айтқанда “Жайықтың сыртына” яғни шығысына
орнына көшеді. Үкімет амалсыз 1808ж. қазақты Нарын
коныстануға ұлықсат береді. Өтепберген Арыстанбаев –
Арғанғазының атасы) бастаған Қызылқұрт руы ауылдары бұрынғы
– Жиделі құмына, Бектебе жағына орнығады. Ауылдардың көбі
шашырактан бір-бірінен қашық орнығады. Мысалы, Алаша,
Адай руларының ауылдары Қигаш өзені жағында, Нарында,
өзен, Самарда т.б. жерлерде орнығады. Байбакты, Есентемір,
Тама, Табын, Таз, Жаппас рулары осылай шашыранқы
жеке. Бұл басқару, бақылау, қатынас істеріне қыын болады. Бірақ
басқару сақталды. Рубасылары Нұралы, Есім ханның балалары
Артығалы, Бекқали, Жаналы, Жарас, Қарабай, Шотқара, Шөке,
Сары, Қара деген ұлдары т.б. болды. Ру бөлімдері (atalары) де
сұлтандар Шонжар (родовая знать) дегеніміз осылар. Қара
Шеркеште Тұрманбет би, Ногай – қазақта Нияз болды. Бұл
1528 жылға дейін “Меньшая Киргиз – кайсацкая Орда” деп ресми
ал Өкей осы “Орданың” билеушісі – правитель деп аталады.
Үкімет Өкей тілегін орындалап, 1811ж. “хан” лауазымын береді,
Текеде “хан тоғайында” оның таққа отыру рәсімі болады.
Нарын даласына көшудің 3-ші себебі – Орал казак өскері
тынан құтылу еді. Егерде Ішкі тарап Астрахан губернаторына

бағындырылса ол үміт ақталар еді. Бірақ Үкімет Ішкі тарапта Орынбашекара комиссиясының (ӨШК) қарамағында қалдырыды, губернаторға бағынды. Орал казак әскери (ОКӘ) негізгі бакылаушы жазалаушы күш болып қала берді, бірақ бұрынғыдай әскери команшығып, ел талауы сиреді. Өйткені Үкімет Ішкі тарап адамына Астрахан мен қатынасып, шағым беру құқын берді. Астрахан “тараптағы жағдайды Үкіметке тікелей мәлемедеп отырды. Бұл Орынбасашыларының бейбастықтығына тұсау болды. Сонда да ОКӘ-н зиян тоқтай коймады. Тараптағылар кері Жайық сыртына өте алма үсталып, ОКӘ-не жем болды. Бұл қасіретті көбейтті. Тарапта барымда азайды, тек сұлтандар, билер, жоғарыда айтқандай, Өтеміс ауылын заңсыз сорақы талау жасау жалғасады. Ресей тұрғындарымен дау орын заң орнымен қазак депутатының (өкілінің) қатысуымен шешілді. Ол отарлық сипатталды. Қазақ ешқандай саяси құқы болмады, Ресейдің кіргізбеді, барса үстап, каторгаға айдады. Нарынға қоныс аударудың тағы себебі – тыныш, бейбіт жағдайда орнығып, мекен салып шаруашылықпен айналысу еді. Кешікпей әр жерде үй салу, қора-жайлар пайда бола бастады, оған орманның көптігі өсер етті. Тарапта Манаш Жанбай, Толыбай, Жақсыбай, Мереке, Дүйсе, Теректі, Жасқұс, Беке Жанақаласы, Қарасу (Галовка), Қарақамыс т.б. тұрақтар пайда болды. Ағаш үй, тас үй, жер кепе салу көбейген. ОШК қызметкері А.Кузнецов Сары, Қара өзендер өнірінде 3000-дай қыстау болды деп жазады. Үй санының бұлай өсуіне Жәңгірде таң қалған.

Азда болса тыныштық орнауы халық санын көбейтеді. 1814 жылда тарапта 8500 шанырак болған. Тарапта әуелі 10 млн. десятина жер болған, оны 4 млн-ға дейін азайтып еді, сосын 5,2 млн-ға өсірді. Жер беті тек мал өсіруге ғана қолайлы. Егіншілікке жол бермеді. Еділ-Жайық аралығындағы қалмақ, татар, орыс т.б. малды қора-жайлар бар жайылым, шабындығы мол жерде отыrsa да көбейте алмады. Қатал табиғатқа піскен қазақ мал баға, өсіре билетіндігін көрсетіп, көршилерін таң қалдырыды. 1814 ж. 6-шілдеде Бекей хан мәліметі бойынша 63332 бас түье, 41242 бас жылқы, 1.385.506 бас қой, 14066 ешкі, мүйізді мал 16.602 бас, бәрі – 2.927.237 бас (31:5). Бұл құмды, сортан, шалғындықамысты жерді ұтымды пайдаланғанның, маусымды кезендей ескерудің нәтижесі.

Ағаш, өсімдік түрлерінің көптігі тұрмысқа, шаруашылыққа қажетті құрал, жабдық, үй іші бүйімдарын т.б. жасауға мүмкіндік береді.

Арбаның бірнеше түрін, күмға батпайтын жалпақ тоғынды, жуан үшпекті құм арбасы, женіл қатқылдың арбасы, кебеже, күбі, ыдыс-аяқ, киіз қап, шабадан, ұлдірік, ағаш төсек, т.б. жасаған. Соңғы екеуінің қайта шығуы тыныштық белгісі. Зергерлік, ұсталық, қайыс бүйымдар өз үлкіншінде бір тәбе. Авторлар қазак кесібін, түрмисын аздал болса да әзакты жаза алмайды. Ал жастарымыз оқулықтан тиісті түсінік ала әтмай жүргесін кейбір жайды хаттап отырмыз. Мысалы, сабынды қайдан алады? Сор жағаларында болатын көкпек, таспақара, алабота т.б. шөптерді шауып алып, кептіріп, бір жерге өртеп, күлін суға қайнатып, май құйып “сақар сабын жасайды” екен. Немесе ермен шөпtek Нарында өсіпті, оны қайнатып, сөлін тері ислеуге пайдаланып, былғары жасапты, Ши деген Нарында ғана көп екен, одан түрмисқа зерек көп нәрсе істепті. Оны тоқып, киіз астына төсесе ызғар, дымқыл атпейді. Оны “Шытпа” депті, ол киіз басуға да, не піскен тарыны сүзіп, атпейде де пайдаланады. Ағаш, зергер, қайыс, былғары, ши бүйымдарын базарға да шығарыпты. Етікші, тігінші, үйші, ұста, ерші, зергер, ұста мандары көбейеді. Базардан темір, көмір, қаңылтыр, балта, балға, үміс, алтын т.б. әкелін неше түрлі құрал, сайман, әшекей, міну-жегу ғалдарын істеген. Қазақ ұсталары шүріппелі мылтық, оқдәрі, бытыра, үшіш, қанжар, орақ, пышақ, шелек, құман, леген т.б. метал бүйымдарын жасай білген. Осылай тізе беруге болады, тек архив ғаздарын ерінбей қарап, зерделей берсөн қазақ түрмисы мен өнерінің үлкіншілігін көресін. Тізімдері бар. Бұның бәрі қазақ ежелгі кесібін әзандандырып, түрмисын калепіне келтіре бастағанын көрсетеді.

Нарынға келудің тағы бір себебі – сырт елмен байланыс жасап, Ресей, Иран, Эзіrbайжан, Қырым, Түркия т.б. байланыс орнатып, сауда жасау еді. Бұратанаға енімсіз қарайтын, оның еркіндігін жаратпайтын империя қазақтың өзінен басқа елмен араласуына жол бермеді. Кіші күнде Орта Азия мен байланысу, сауда жасау аса бейнетті, қатерлі еді, әмбаптың империя шек арасына жақындасты, бұдан да қауіпті ісі еді. Ресей үшін сауданы дамытуға үмтүлды. Алдымен ОКӘ-рінің сатарлықпен шүғылданып, “мырғамға батты” байыды. Шекарада базарлар, жәрменекелер ашылды, іргелес губерниялардан купеңтер үшін атты. Сұлтандар, байлар саудамен айналысты Бекей, Сығай әр базарда өз бодақчай (сатып алушы) болып, ұлықсатпен астық, мата, қарал т.б. сатып алып, елге әкелді, оны қожайын ауылға сатты. Сауда жасамі үлғая берді. Мысалы, Бекейдің 6.07.1814ж. мәліметінше сол

жылды 42242 бас жылқы, 16.602 бас мүйізді мал, 277100 бас қой, 9144 бас ешкі болған. Сонда 348710 бас мал, (мал майы, тұбіт, тері, жұн, о терісі, сүйектен істелген бұйым. Зергерлік бұйымдар т.б. сатылған (31:5) Бұл тым көп. Халықтың негізгі көсібі мал өсіру, соны сатып азды, киінді, шаруа, үй жабдықтарын жиды. Империя сауда бағытын жолын тараптың ішіне ендіруді көздеді. Шөпшағыл (Чапчачи), Ұялыд 1820ж. базар ашуды колға алушы губернатор жүктеді. ОШК қызметкер Кузнецов осы жылдары сауданың Ішкі тарапта II бағыты, жолы барын жазады. Сауда 1.Өзен әскери линиясы тұрғындарымен. 2.Орал әскери линиясының төмөнгі тұсымен, 3. Астрахан маңында қалмак базары. - Еділ сағасында. 5. Элтон көлі маңында. 6.Қара өзенде Шортанды жәрмеңкесі. 7.Чижек (Қабыршақты), Дүре линиясы. 8.Көші кордондары. 9.Жасқұста, 1827ж. күзде 3000 четверть астық, тұрлі товар қарбызы, алма т.б. сатылған, базар өзінен-өзі, стихиялы басталған (32:293). 10. Ішкі тарапқа орыс купецилері келіп, малды ақшаға сатып алған. 11. Ұялы мен Шөпшағылда маусымды базар болған. Қазакта малдарын, Ресей жеріне айдалап барыпта, сататын болған (33:294). Қазақтар 2 млн. сомнан арта сауда жасаған. Қазақ саудагерлер көбейген. Бірақ, егін егу, шөп шабу саяси жағдайдың әлі де сенімсіздігінен кең өріс алмаған. Дегенмен пішен дайындау амөлшерде болғанымен жаппай жүргізілген. Жалпақталда Ж.Жантелиев күніне 60 тын төлеп, шалтырған. Шөп шабу Жиделі, Бекетай, Тана т.б құмда да болған. Бұның бәрі мал, жанның осуіне келтірғен Н.Шығайдың 1819ж. 8-қарашада Астрахан губернаторіне берген мәліметтінде Ішкі тарапта 13762 шаңырақ, онда 68810 ерекек, 72788 әйел тұрған, 110736 бас түйе, 650765 жылқы, 235.856 мүйізді мал, 3.985.707 қой, 127442 бас ешкі болған (34:4). Бұл бұрын белгісіз, жаңа дерек Қазаққа тау кен өндірісі мен айналысуына жол берілмеді. Басқуншак Азғыр, Элтон т.б. тұзды көлдерден тұз алуға болмады. Бөкейліктер ам аулады. Аң түрі көп болды дедік. Аң терісін базарда сатты. Аң аулау негізінен хан, сұлтандар мен орыс чиновниктерінің үлесі болған. Тағы құлан, тарпақ, киік, қабан т.б. аңдарды аяусыз аулап, алдыңғы екеуінің ұрғының құрта келген. Өзен, көлдерден балық аулатпаған. Қазақ амалсыз мал өсірумен айналысқан.

Ішкі тарапта мәдениет, әдебиет, өнер, оку ісінде біртінде қалинекеле берген. Асанқайғы, Қазтуған, Шалгез, Доспамбет шығармалары сақталып, ел оларды өнеге тұтып, XX-ғ-да баспаға берілген. Сыпыра-

рау, Жиренине шешен сөздеріне Сырым шешен т.б. туындыларыңызып, сақталған. Сөз шеберлері өскен. Мақамбет, Ұзак, Құрманғазы осылардан сусындалап, күй өнерін дамытқан. Оқу ісі де дамыған. Эртегіда біреу де болса мұсылманша оқыту болған, жекенің үйдегі табиінде Мақамбет, Жәңгір, Тоқтамыс т.б. 4 тілді менгерген. Ресей полковнигі Ф.Берг 1824ж. Кіші жүзде, Бекейлікте болып, Жәңгірдің Теке қаласында таққа отыру рәсіміне қатысып, жас сұлтандармен билер орысша сейлейтінін жазады (35:39). Тіл білу – тұрмыс талабы, ол бірер табиіда игерілмейді.

Сонымен, Ішкі тарап, орысша “Меньшая Киргиз-Кайсацкая Орда” IX-н 1-ші ширегінде Кіші жүздің бір тарабы ретінде ата жұртында ыптасып, дамуына мүмкіндік іздеді. Аталмыш кезең бұл алқапта жер табиінің қолайлышы мен халқының еңбеккорлығы, төзімділігі асында шаруасының дамуына шарықтау шегіне жетті. Шығай сұлтан 1820ж. Ішкі тарапта 4,6 млн. бас мал болған. Бұл аса көп. Жаңынан кейін мал саны түрлі себептен, өсіресе Жәңгір кезінде күрт көшінген. Адам саны 140 мың жан. Сауда айналымы 2 млн. сомнан асқан. Айналымы өсіп, бұрынғы парсы мәнеті қалып, орыс рублі келді. Қазақ саудагері көбейді. Полковник Ф.Берг қазақ саудагерінің саудаға жаңынан араласатының, оларды купең гильдиясының 2-ші, тіпті 1-ші гильдиясына кіргенін жазған (36:133). Тұрмыс жөнделе берген. Содан көрінісінде: “Хан Бекейдің тұсында, Секер шайнап бал іштік...” – деуіл емес. (37:12)

II – ТАРАУ

Кіші жұз бен Бекейліктің қоғамдық өміріне шолу.

§1. Мақамбет өскен даладағы қоғамдық өмір туралы. XIX-ғ.

Мақамбет дүниеге келгеннен кейін 1804 жылы Өтеміс Күлмәлі ұлы Астрахан отаршыларынан қашып, Алшын, не Қыпшақ даласына қарай көшіп келеді. Бұдан келесі жылдары Нарынға көшіп келуі бимәлім. Тек 1808ж. қараашада Өтеміс көп малмен Нарынға көшкені белгілі. 1811ж. Өтеміс Тайсойған жағында. Бұдан көретініміз Мақамбеттің балалық шағының көбі “Борсан” жағында, яғни Қыпшақ даласында өткені. Өтемістің әрлі-берлі Жайықтан өте беруі – Кіші жұздегі саяси жағдайдың шиеленістігі мен ніаруага жағдайдың қолайсыздығынан болған. Мақамбет жас шағы Қыпшақ даласындағы күйтырқы өмір ортасында өтіп, оның дүниеге көзқарасының қалыптасуына ықпал жасаған. Мақамбеттегі өжеттік, жауынгерлік, патриоттық рухтың қалыптасуы сол кездегі Кіші жұздегі “бітпейтін” арпалыстың ішінде өтеді.

Совет тарихшылары патшалық отаршыл идеологияның сандырағын жалғастырып, империялық сананы қалыптастыру мақсатында Қазақстанның Ресейге қосылуы прогрессивті құбылыс болды, Ресей қазақ қоғамына жағымды, жақсы ықпал жасады деп келді. Қоғамдық дамуда артта қалған, саяси-экономикалық жағынан мешеу, патшалық билік пен крепостнойлық құрылыш шенгелінен босана алмай жүрген. Ресейдің әскери-феодалдық агрессияшыл мемлекеті қазақ қоғамына қандай жағымды ықпал, тиімді пайда келтірсін. ХҮШ-ғ-да оны одан әрі жалғастырады. Ең алдымен Қыпшақ даласын “қазына жері” деп жарияладап, оған жергілікті патша әкімшілігі қожалық етеді. Екатерина-2-ші бүл өнірде толық билік жүргізу үшін қарулы қүшті көрсету мен қатар қазақтың сұлтандары мен билерін өз жағына шығарып әлеуметтік тірек жасау үшін оларды сыпайы, мейірімді қабылдап, сөйлесіп әлсін-әл шен-шекпен, медаль беріп, Абай айтқандай, “Мәз болады болысың. Арқаға ұлық қақпанға, Шенді шекпен жапқанға” болады. Сұлтандарға билерге шұрайлы жайылыс, суат бөліп, шекараға жақын қоныстандырады. Патшага, орысқа жағынған байларға, молда хожалтарғада сенім артып, жайлы ер бөліп, көбін ауыл биі, не тыңшы

Жаңаланады. XIX ғ-да бұл шаралар жалғасады. Қазак “жарты деп аталған патша губернаторлары Кіші жүзді Ресейдің сапасы өнеркәсіп товарының рыногіне айналдырып, Алшын жұртын тек ретін, мал, мал өнімдерін тек Ресейге сататын мәңгі көшпелі елге рмак болады. М.Вяткин Орынбордың 1-ші губернаторы қазакты жер бетінен жойып жібермек ойы болғанын жазады Ресейдің отарлау саясаты қызын, ұзак әнгіме, оны қысқаша келесі баяндармыз. Патша отарлауды идеологиялық жұмыспен рдь. Екатерина 2-ші қазакты рухани отарлаудың шараларын. Ол 1786 ж. 12 қарашадағы губернаторға жазған жарлығында ғызғе Орта Азия молдаларының ықпалынан сақтанып, Қыпшақта салуды, мұсылман мектебін ашуды жүктеп, оларға Ресейде ғалған және патшаға берілген молдаларды тағайындауды Бұны қамқорлық деп уағыздады. Содан өр жерде мешіт пайда оларда Ресейден арнайы әзірліктен өткен татар, башқұртты жұмыс істеді. Бұлардың міндеті араб, парсы, татар ен Ислам қағидасын оқыта отырып, Ресейдің қуаттылығы мен (блеск) таныстырып, қазақтарды патша ағзамға шын берілген тәрбиелеу, Каразым, Бұқар ықпалынан аластату болады. Бұған сұлтан, билерді орыс тіліне үйрету еді. Сөйтіп, қазақтың ғазуы, түркі-шагатай тілдерін бұқарарадан алшақтатып, арасына бастады. Араб, парсы мәдениетімен жазуына шек келтіріп, өз мәдениетінің артықшылығын көрсеге бастады, бірак Содан XIX-ғ. басында Кіші жүзде орыс тілін біletін, орысша сұтандар, билер көрінді. Соңдайдың бірі Нұралы ханының ұлы Артығалы, хожа Қарауыл Бабажанов – хорунжий, төленгіт Мұрат ғолов – хоружий, саудагерлер, приказчиктер т.б. саяси салада билігін қүшейте берді, Ресеймен дұрыс қатынас жасап, елдің ғын сақтай алмаған. Шыңғыс тұқымына халықтың наразылығы ған өкіметі басқарудың саяси түрі ретінде азып-тозғанына көзі бұкара Сырым бастаған көтерілісті туғызып, хандық билеуді Еді “маслихат” (кеңес) деген колективтік орын басқаратын бірак, бұл патша өкіметіне тиімсіз екен. Содан 1791ж. хан билеу қайта құрып, Айшуақ Нұралыұлын хан етіп қойды. Бұдан ғынды патша үкіметі тағайындауды. Кейбір автор Кіші жүздің бодан болғанын жасырып, отаршылдығын Н.Г.Аполлова, ғеева т.б. “протекторат” деп түсіндіруге тырысады. Ал, сонда

Ресей қандай мәселеден протекция жасады? Ешқандай. Өзі қазақ елін өз иелігім деп қосы тұрып, қалмақтың, не Бұқар, Қаразым (Ресем) құжаттарда орыстар Хиуа хандығы деген, ел өзін “Қаразым”, патшасын “шах” деп жазған. Қараңыз: Өзбек респ. Мемл.архиві 125 кор т.б. шапқыншылығынан қорғамаған, тіпті ескертпеген.

Айшуақ хан жасы жеткен адам, ел билеу ісінде біліктілік, жақындық жасай алмады. Патша Александрге казактардың ел талауын шағылданып еді, патша өз қарауындағылар Ресей түрғындарына үрлық істейді” деп еш дәлелсіз қарсы дау айтты. (2:202). Патша, оның үкіметі өзіне бодан болға елді қорғап, барыттаны тыып, тәртіп орнатудың орнына агрессияны қолдап, Кіші жүзді тоздыра берген. Үздіксіз казак әскерлерінің шабындысынан ыза болған қазақ азаматтары әскерліниядағы мекендерге қарымта шабуыл жасап, малдарын айдал кететін болған (3:217). Сөйгіп, патша ханға өкіметі өзінің ел басқаралмайтындығын көрсете береді. Бірақ ол жағдайды өзінің болымсыздығынан көрмей, жергілікті басқарушыны ауыстырумен болады. Айшуақтың орнына 1805ж. оның бір ұлы Жантөрек тағайыннадады. Бірақ олда ел ішіндегі ыланды баса алмайды. 1809ж. оның штескен біреулер өлтіріп кетті. Канша әскери қарауыл қойғанмен ханды жазалады. Оның орнына Серғазы Айшуақ ұлын тағайыннадады. Бұл да ақылды шешім таба алмады, отаршыл үкіметтің шылауында жүрді. Бұған қарағанда сұлтан Арынғазы Абылғазизұлы Қышиш даласының онтүстігінде барымташылар мен қүресін, ел талауына батының сала білді және сауда керуенінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеп болді. Ол Серғазы Қайыпхан ұлы екеуі 1816ж. мамырда Орынбор губернаторы Г.С.Волконскийге Кіші жүзде шабындыны тыюшараларын ұсынды (4:300). Бірақ қатыгез князь Волконский олардың ойымен санаспады, өз ақылы жетпеді. Ел қожырай берді. Орыс әкімшілігі бұл ұсынысты кабылдамады. Кіші жүздің онтүстігі торғайдағы қыпшақтардың Арынғазыны өз бетімен “хан” көтеруі мүлде ұнамады. Патша үкіметі өзінің ежелгі зымиян айласына көшті. Арынғазыны С-Петербургке шақыртып алды да Колуга қаласына 1819ж. жер аударды. Қазақтың тағы бір үміті сөнді. Енді Үкімет “еркіндең” орыстандыру саясатын жалғастырып, орыс тілін оқытуды біртіндеп өндірумен қатар, Кіші жүзді басқару жүйесін озгертуге кірісті. Серғазыны хан тағынан тайдырып, Кіші жүз территориясын З бөлікке бөледі. Жайық өзені жағы – Батыс бөлім деп аталып, оның шығысынан

Онбordan Устіртке дейінгі алап – Орта бөлім, ал оның шығысы Түркай өзеніне, Қостанайға, Арал теңізіне дейінгі алап – Шығыс бөлімі болы. Сөйтіп, өзінің тарихи ролін атқарып болған, әрі ел басқаруда талабына сай жаңашылдық көрсете алмай, қазақ елін басқараған елді хан басқару түрі (формасы) өзінен-өзі азып, қазақтың тарихе бодан етіп, отарға айналдырган хан жүйесі тозып, құзғынға жем болы. Ресеймен ғасырлар бойы көрші тұрып, ондағы ел басқарудың Еуропалық формасын, яғни, салалық және функциондық түрінен көрибе ала алмады. Ең болмаса Әбілқайыр араб елдеріне тән үкімет қрамын үйымдастырып, уәзірлер тағайындалп, әскер басы, тұрақтың тобын құруды, территорияны дуанға, не даткаға бөлмеді. Бір өзін аумақты басқарам деу саясатты түсінбеу фой. Ақыры келип, жік-бөлып ыдыраған қыпшак даласын шидей бытыраған Шыңғыс хан Қыпшак даласына өздері сиыспай, қарауындағы Еділден Ертіске елді тоздырып, отаршының аузына жем қылды. Бұл біздің шылдарымыздың қолы жетпей жүрген зерттейтін ғылыми мәселе. Жүзде “Округті” аға сұлтан басқарса, Кіші жүзде әр бөлікті әз-н-правитель басқарғаның кей журналистермен әдебиетшілердің салып қоялық. Билеуші – сұлтан болып Нұралы мен Жантөре үлдары тағайындалды. Батыс бөлікті – 1824 жылдан Қаратай, Шыңғыс – Жүсіп Нұралы үлдары биледі. Бұлар Шекара жақын жерде, әскерінің қорғауымен орналасты. Қарауында хатшы-көмекші-көмекші-көмекші-көмекші-офицері болды. Ел аралауға шыққанда өзіне жігіттерді жинап, “қол” етті. Төленгіттер жасауылдар тобын тиісінше тиімді пайдалана алмаған, патша үкіметі оларды Енді кең далаға симаған Шыңғыс әuletі патшаның “ашса жұмса жұдырығында болды”. Сол “жұдырық” өз халқын тәстеп, қанауға жұмсалды. Отаршының тәртібін орнатты. Енді езгі қандай болған екен, оған қарсы бабаларымыз неге қару сонымен танысайык.

Отарлаудың өрістеуі

Бұл тақырыпты жазу тым қыын, бабаларымыздың отаршыдан көргө зорлығы мен қорлығы адамның жан дүниесін тітіркендіреді. Езгін көптеген фактілерінен кейбірін іріктең, бетінен қалқып алғанның өзінді аталарымыздың азабы мен бейнеті көп екенін көреміз. Отарлаудың тұрсыры көп. Біз жоғарыда Кіші жұз жұртын рухани отарлау іслем дін өзінің империялық мұддесіне пайдалана бастағанымен таныстық. Бұл процесс еппен біртіндеп жалғаса береді. Бұған қоса орыс тілін оқып жүргізілп talay жастар бұл тілді де менгеріп, Мақамбет сияқтыла өзінің ділмарлығы білігі кей орыстанда асып кеткен. Ал, қазақ тілін біл ескерілмеді. Қазақша, яғни түркіше оқып, жазуға жол берілмеді. Аманжоқ, өзіне жат 4 тілді әлінше иегіріп қажетіне жаратты. Бұл яғни, іслемдінін пайдалану орысша оқыту, өз кадрлерін дайындау патша үкіметінін Кіші, Орта жұзді толық бағындырып, отарлау саясатының бір шарасы еді. Кіші жұз тарихын Ресей архивтері материалында мүқият байыпты зерттеген әйгілі тарихшы М.П.Вяткин: біз жоғарыда айтқа мұсылмандықты пайдалану, тұрғындарға идеологиялық ықпал жасау: а) патшайым Екатерина 2-ші губернаторлар мен үкімет мүшелерімен пікі алысып тағы мынадай үйғарымға келеді: Кіші жұзді толық бағындырып үшін казактар отарлауын (казачья колонизация) жалғастырып, шекар әскери линиясын қүштейту; в) Сауда жолын қорғаймыз дегенді сылтап етіп, қазақ жеріне ене беру, біртіндеп Кіші жұздің төріне қарай сауда үшін деп коныс-бекіністер сала беріп, Ресей товарын сатумен бірге төңректегі елді бағындыру; г) ханның билігін шектей отырып, онға әлсіретіп, болымсыз жарамсыз етіп көрсету; д) сұлтандардың феодалдардың өзара талас, тартысын бөгемеу, д) Кіші жұз жерін шектеп хан өкіметін жою; е) Кіші жұзде орыс өкімшілік-басқару жүйесін біртіндеп (5:232) енгізу еді. Бұл жоспарды бірден енгізіп орында Қыпшақ даласында әлеуметтік дағдарыстың өршіп шынына жетуі саяси жағдайың шиеленісуі салдарынан қапелімде мүмкін болмады. Эйтсе де дін, оқыту жағын қолына алып, сұлтандар мен билердің өзарасараздығын пайдаланып, өзіне қызмет істейтін кадрларын ынғайла “қолтықтап” дайындаі беріпті. Орталық хан өкіметінін елді шаруалықты басқару, демеу жүйесі жоқ, мешеу болды. Европа елдерінде монархия тозып ел басқара алмай, Англияда, Нидерландияда XVII-ғ., Францияда XVIII-ғ. жойылып, (6:5) елді жаңаша – салалық

Анионалдық басқару орнады. Кіші жүзде хан басқару жүйесін қозғалысы жойылып, билік мәслихатқа берілгенмен патшаға сіз болғасын хан өкіметін қайта орнатты. Ол отарлауға дем болды.

Кіші жүз 19 ғасыр басында Ресейге толық төуелді болып, отарына Ел басқару, жер иелігі, барлық шаруашылық, сауда саясаты мен Орынбор басшыларына толық көшті. Орынбор генераторлары ашықтан-ашық отарлау жүргізіп өзінің сенімді шауышы күші – Орал казак әскері үстіне Орынбор казак әскерін казақ ауылдарына әдейі “Орыс қаруының күшін” көрсету үшін әлі талау жүргізді. Онымен қатар қазақ жерін бөлшектеп, Ресейге шараларын жүргізіп, Табын, Шекті, Жағалбайлы т.б. рулар мендер қыстап келген қонысты – Орынбор өнірінің Солтүстік алабын “Табынка” қаласы маңын тартып алып, 1811 жылы “Новая границчная линия” дегенді құра бастады. Солай ұсақтап сулы, манды, қоныстанған, егінге қолайлы жерлерді ала береді. Елек әскери қызының құрып, шекараны Оңтүстікке тағы ысырады. Таби, Шекті т.б. ауылдарынан, жайлы мекендерінен одан әрі қуып шығып, офицерлері мен әскерін орналастырады. Бұл қазақтың егін шауышылығына орны толмас зиян әкеледі. Бұнымен қоймай, 1819 Елек өзенін Жайыққа құяр сағасынан өрлей отырып Құралы, өзендері бойын тартып алып “Жаңа Елек әскери линиясын” қал қазақты құнарлы жерден айырады. 1833 жылы губернатор болған Перовский бұл саясатты жалғастырып, қазақтармен белгілі шекара қызының пайдаланып Жайық, Карталы, Үй, Тоғызак, Сандық, Аят дері аралығындағы алқапты, яғни Орск қаласының Солтүстік қындағы орманды, аң, балық аулауға қолайлы сулы аумакты тағы аты. Үкіметке Перовский. Бұл шара саяси мақсатта екені, қазақ пен құрт ұрандасып кетпес үшін араларын алшақтатып, әскери линия деңгестамыз” – деген (6.2).

Бұл шараны үкіметте К.Нессельроде министр В.Чернышев, Е.Конкрин, Сперанский т.б. қолдаған. Шекара Верхне-Уральскийден Өттүстікке ысырылды. 1834 жылы “шекараны түзетеміз” деген деумен бірталай жерді тағы алады. Сейтіп, қазақы 10 мың десятина қарлы жерден айырылады. (2) Соның ішінде “Жабық қарағай” деген аты орман, көп өзен, көлдер кетті. “Жаңа линияға” Император, наследник, Константинов, Николаев, Михайлов деген пикеттерін ғана.

“Бұл шара” дейді Перовский одан әрі, көптен бері жоспарда бар еді енді жүзеге асыру колға алынды” – деген. Перовскийдің бұл ұсынысы үкіметте Нессельроде, А.Чернышев, Е.Конкрин деген граffтар мен Сперанский қолдан, қаулы шығарады. Әскери линия Орскіден туралы терістікке Жайық өзенін өрлей отырып, Верхнеуральскіге одан туралы шығысқа бұрыла Верхнеудайск әскери линиясы басталып, Ўйскі, Челябескі, Петропавлгеле дейін Ўй өзенін жағалай жүретін. Петропавлден Нижнейсіз линиясы басталып Троицкі мен Тобол өзеніне жүріп отырып Звериноголовскіге дейін баратын.

Революцияға дейінгі кей авторлар да бұл шара қазақ даласына үлкен әсерін тигізіп, сонынан біргелай елеулі тәртіп бұзуға әкелгенін айтты. Үлкен қайсаrlық пен қазақтар линиядан өтіп, бекіністерге шабуыл жасағанын мойындаиды.

Тіпті бас штаб офицері М.Иванин Орынбор басшылары “Жаңа Орынбор линиясын жасаймыз” деп 4 млн. десятинастан астам қазақтардың тамаша жайылым жерлерін еш бір акы төлеусіз, әскери мекенін салу үшін алғанын айта келіп, егерде біз қазақтарды өз қоғастымыздың ел деп қарасақ, олардың жеке меншіктік правосын сыйлауымыз керек еді. Осыдан кейіп олардың арасында наразылық толқу шықты, - дейді (8:186). Әрине патша офицерлері мен чиновниктерінің көбі бұндай түсініктен алыс болды. Қазақтан тартылған көп жерді игере алмағанымен қоймай тағы да жаңа жер мен елді бағындыру мақсатында 1834 жылы Каспийдің шығысында Қайдай бұғазындағы “Қызылтас” деген жерге Ново-Александров бекінісів салдырады. Төңірегіне келген түркімен қарақалпақ ауылдарын алдан, арбап Ресейді мақтап бір қатарын Ресейге көшіреді. Бұл әрекет Қаразым хандығы мен екі ортадағы қарым-қатынасты шиеленістіре береді. Губернаторға керегіде сол еді. Патша өкіметінің Кіші жүзді өз ыногына тарту үшін ғасыр бойғы күресі жүзеге асты. Енді Алшын даласы Ресеймен сауда жасады. Персия мен сауда тоқтатылды. Мәнет ақша айналымнан шығып рубль енді.

Сонымен Троицк-Орск-Орынбор-Елек арасында қазақтың 10 млн. десятина жері тағы тартып алынды. Ол жерге өкіметтің тәртібіне сәйкес қазак әскерлерін, ішкі губерния тұрғындарын күшпен көшіріп, көп жылдарға дейін иегре алмады. Оның үстіне зорлықпен келген казактар наразылық көрсетіп, бас көтерген. (9:50)

Кіші жұздің батысы мен солтүстік – батысын отарлаудың үзак, көрсетті тарихы бар. Ол өлі зерттеушісін күтіп тұр.

Ішкі тараптың батысы – Астрахань әскері, қалмақ, кондыру майларының, жаңадан қоныстанған орыс шаруаларының жерінен жеткілікті еді. Бірақ қазақ пен жерге талас шығарады.

Сырт қыраты “ұлкен Ыргыз” өзенінен Дүре, Қабыршакты, (Чиж) Өзекен, (Грачи), Балықты су жайылымдары, Сары, Қара өзендер алқабы Үрінға дейін игерілмеді. 1801 жылы Бекей Сұлтан Қара, Сары өзен бойынан Каспийге дейінгі далаға орналасты. Бұл Орал казак әскері шыларына ұнамады. Олар 1813 жылы Сары өзеннің шығыс ағалауына Қақташтан /Малоузенск/ бастап Шортанды (Новоузен) ғымен Орал казак әскерінің басқармасы оңтүстікке қарай қақташтан ғы ішкі өзен әскери линиясын құра бастады. Жолай Бекей Қаңақаласына” (Петропавка) Алаша руы басқарушысының тұрағы “Карасуға” – “таловая речка” форпостыларын сала бастады. Одан әрі обылаға Әбіште /Вербовский, Көктеректе Абинский, Мұқыр, оның ұғысында 75 км. Қызыл обада – Красногор, одан 35км. Қырқопада – Земановка, Бесқалмақта – Пятимар форпостылары орнап, бәрі Самар қаландегі Глиннянскіге (Ескі қала) бағынды/.

Міне, осы Карасу – Таловский мен Глиннянскійге дейінгі әр ғарпостыда 6-7 үйден болған линияда небәрі 1831ж. 100-ге жетпейтін қазак әскері болған. Олардың малдарын әкеліп бактырған. Сары өзен, Қара өзен аралығында қоныстан ауылдарды бекей кезінде-ақ қыстауына бермеуге күш алды. Орынбор шекара комиссиясы (ОШК) кызметкери Кузнецов Сары, Қара өзендер аралығындағы ұзындығы 150-200 қырым, ені 30-50 шақырым (верст) шабындығы мол жерді Орал қазактары тартып алды деген. (10) Бұл аз. Бекей Жаңақаласынан ұзындығы 250-300 км болатын аумақтан Алаша, Байбақты руладының ауылдары шіріліп, 3000-дай қыстақ қора-жай, ауласымен бос қалған.

Бұл озырылғы қазақ шаруаларының наразылығын туғызып, жер шылдығынан 1818-1823ж.ж. Бұқар жағына кетеміз деп шешекарашилармен алысып көбі өтіп кеткен. 1820ж. 1611 шаңырак шеді.

Орал, Орынбор казак әскерлерімен қатар көшіп келген қазақты, шекаралас Ресей тұрғындары, линия адамдары түрлі зорлық жасап, жерге таласып малын олжалай берген. Әсіресе, Каспийден балық аулау үкінина ие болған граф Безбородко, князь Багратион князь Юсупов т.б.

қазаққа көп қиянат жасаған. Олар жағалаудан зансыз көп жерді иеленген. Кесте 1.

<i>Жер түрлөті</i>	<i>Граф Безбородко</i>	<i>Князь Юсуповте</i>
<i>Шабындық</i>	<i>9870 десятина иеленген</i>	<i>960 десятина иеленген</i>
<i>Орман</i>	<i>979 десятина</i>	-
<i>Шаруага жарамсыз жерлер, кырлық</i>	<i>29886 десятина иеленген</i>	<i>2500 десятина</i>
<i>Өзендер, үйірмдер, көлдер</i>	<i>5 десятина</i>	-
<i>Тұзды көлдер</i>	<i>40256 десятина</i>	<i>36524 десятина</i>
<i>Батпақты, қамысты аумак</i>	<i>103932 десятина</i>	<i>75656 десятина</i>
<i>Балықшылар үйлері, құрылыштар</i>	<i>20 десятина</i>	<i>15 десятина</i>
<i>Барлығы</i>	<i>185960 десятина</i>	<i>114640 десятина</i>

Помещиктер Орал өскері күшімен қазақ шаруаларын тенінде жағасындағы қыстауына жібермей қояды. Бұл жөнінде Бекей хан Орынборға, үкіметке 1814 жылы шағымдан көріп еді, еш нәтижесінде шықлады.

Патша әкімшілігі, Орал, Орынбор өскерлерінің офицерлері қазақ шаруаларының отырықшылануына, үй салып, қала болуына қарсы болған. 18-19.ғ.-да Кіші жүзді көп кезген орыс зерттеушілері офицерлері бұл жерде ертеден көп қала болғанын, содан 17-18.ғ.ғ. қалмақ шапқыншылығына ұшырап үлкен күйзелісте болып, қалалар күйреғенін жазады. Әсіресе, Жайық, Елек, Кобда, Сағыз, Жем, Ырғыз, Торғай т.б. өзендері мен көптеген көлдердің Арас тенінде жағалауларында, Үстірт, Шың қыратында Сыр мен Жанақадары сағаларын атайды. Сағыз өзенінде Таскешу деген жерде бекініс, Ойыл, Жем бойында қалалар болғанын, олар жақындаған кираваның баяндайды. Қазір Қарашибанқтағы “Қос оба” мекені кірпіш күйдіру кәсіпорны, монша, су құбыры т.б. құрылыш қалдығы табылып, есқи қала орны екенін анықтауда. Патша әкімшілігі қазаққа қала, қоныс салуға жол бермеді. Тіпті өз қызметкеріне айналған сұлтандарға да қоныс салдырмады. Бекейлікті билеуші Шығай Нұралиевке де 1819 жылы үй салуға орын көрсетуін сұрағанда сүйретпелеп, уақыт соза берді, 1820 жылы ол Коневский кордоны қасынан ағаш үй салып еді, жер граф Безбородконікі, үйінді көшір, - деп ақырды губернатор. 1825 жылы Шығайдың ауруына қарамай, қыста қазақ өскері келіп көшіртті. (11:8)

Батыс бөлгінің билеуші сұлтаны патшаға шын берілген Айшуақовке мектеп үшін үй салып тұракты қоныстануына көрсетіп бөгет жасайтынын, жазады. (12:2) Кіші жүздің 5 сұлтаны, тары 1829 жылы Орнбор губернаторына тұракты қоныс салып, ы болғысы келетінін, Жайықтың шығыс жағалауынан мекен үлықсат сұраған. Губернатор жер көрсетуді Орал әскеріне берген, атаман өлгі сұлтандарға 2 офицерді қосып қонысқа орын тағалауынан қолайлы жер іздең шығады. Қай орынды көрсетсе 1 қазак келіспей Үйшикке дейін барып, іс аяқсыз қалады (13:3). Бұл саясат әлі әшкереленбей келеді.

Дегері линиядан қашықта кедейлер өздеріне қақыра үй /мазанка/, жер үй салып, кіріп отырады. Бірақ бұндай үйлерді бір жерге тұндырып салуға, немесе төүіріп етіп салуға болмайды. Ел ішіне жіңі шығатын әскери команда киратып, мүмкіндік

Патша өкіметі бұндай далада шашылған қақаралар мен тамдарды күрта алмайтын болғасын, олардан әр қайсысына салық салуды даралды. Мысалы, 1837ж. қақырадан Кіші жүз 80621 сом ақша (14:26).

Тарапта бұндай қақыра, жер кепе, жер үй, шым үй салуға патша лігі, Орал әскері тегжей алмады. Онда да шаруалардың үй-жәйін дамытуға, тұрмысын жақсартуға жол бермей, оларды сплікке, енжарлыққа, тоғылшарлыққа итермелейді.

Патша өкімшілігінің шектен шыққан аюандық ісінің бірі – қазак жоқты сылтау етіп әскери команда жіберетін. Бұл Орынбор, Астрахань әскерлерінің, пайда табатын бір көзі еді. Қарулы а бейбіт, бейқам отырган ауылдарға келіп, ойна келгенін 1803 жылы Орал казак әскерлерінің бір тобы Кіші жүздің атасына қарагандардың ауылдарын тонап, 32000 бас малды алып, өздері бөлін алған (15:199).

Бұндай сүмдікты өуелі генералдар бастап, басқаларға үлгі еткен. Орал әскері Алаша руының кей ауылдарын тонап кеткенін әскердін атаманы генерал Д.Бородинге айтып, әділ шешім жасауын еді. Бұл шағымы үшін тежеусіз өскен генерал жанағы Алаша Алтыбас атасының ауылына өзі әскери комandanы бастап 1500 қойын, 20 жылқысын күшпен тартып әкеткен (16).

Генералдан офицерлер, казактар қалыспаған, жиі қырға шығып бейбіт ауылды тонап, жәбірлеуді, мұлігін, малын тартып алуды, кәсіпке, дағдыға айналдырыған. Григорьев форп-н командирі Хорунжий Петров Б.Күшікбаев деген бидің үйіне барып 100 сом ақша талап етеді, би бермегесін оны сабаған. (17:11). Ал, губернатор Перовский басшылығымен оның көмекшісі Данилевский, Мансуров деген полковниктер 550 казакты жасырын дайындаған, 1836 жылы 25 желтоқсанда елге көзге түспей шығып, мұздың үстімен тығыла Бозашы, Қайдақ түбіндегі Адай, Таз, Шеркеш ауылдарына тұтқылдан шауып, бейқам елді “қарақшы іздейміз” деп талап, 7000 қой, 1000 түйе, т.б. малды тартып алғып, 58 адамды жазықсыз айдал кеткен (18:36).

1824 жылы 1 июльде Новоильтек өскер линиясының командирі Есаул Аржанухин шағын командамен қырға қарай шығады. Бұны ести сала Шыңғырау өзені өніріндегі қазақ ауылдары шұғыл болініп дүркірек оңтүстікке қарай көшे жөнеледі. Қашу соншалықты асығыс және үрейлі болады. Өзеннен өткенде адам, малдар бірін-бірі тапап, басып, адам, мал суға кеткен, көп шығынға ұшыраған. Әлгі ауылдар киіз үйлерін, заттарын тастай қашып, Шыңғырау өзенін аптыға өткенде 2 бала, 1833 қой, 159 сиыр, 43 түйе суға кеткен. (19:180) Орынбор шекара комиссиясының тәрағасы Г.Ф.Генс өзінің жағалбайлы руының бінене 1831 жылы 27 шілде де жазған хатында бұндайды мойындағанмен еш шара колданбаған (20:116) Бұндай шабу, талау жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға жалғаса берген. Ешбір тиым болмаған. Ал, қазақ қарулы өскерге қарсы бас қоса алмаған. Шапқыншылық тоқталмаған. Кіші жүзде жұмыс істеген полковник М.Ивашин губернатор Перовский кезінде казақ ауылдарына өскер жіберіліп, ел таланбаған жылы болмады деп көрсетеді. (21:180) Губернатор Орал, Орынбор өскерлерінің және өскери сословие болып қалыптаса беруіне күш салып, оны орыс, башқұрт, татар, қазақ халықтарына қарсы жандарм ретінде де пайдаланды. Казактар басқа ұлттарға қарсы тәрбиеленді, әсіресе қазактарға олар ең, тагы, дәрменсіз халық деп қарап, бар байлығын, адамдарын, талауды, сабауды үйренген. Орынбор соғыс губернаторы генерал Перовский халық араздығын қоздырып, оларды біріне-бірін айдал салып отырды. 1836 жылы 1000 башқұрттарды Кіші жүзге жинап, басына генерал қойып, оған 2 зеңбірек берін, 50 солдат қосып, Борсық құмына “керуен талағандарды жазалау үшін деп жіберіп, жазықсыз елді талатып, көп дүние тартып алынды.

Кейде бағынбаған, не салық төлемеген қазақ ауылдарына сұltандар билер әскер әкеліп, бірге тонаған. Магнитная бекінісінің маңында ғын Жағалбайлы руының ауылына Байзак Арыстанов деген би тармен келіп, 25 жылқысын, 5 түйе, 25 сиыр, 350 қойды тартып 40 пүт бидай, 5 шапан, 2 тұлкі терісін алған. Келесі бір келгенде ғын азаматтары өлтігі биді ұрып жығып, сабап өлтірген (22:22).

Орал, Орынбор казак әскерлері орыс шаруаларының қозғалысын, Орал казактарының наразылықтарын басу үшін де (1803, 1825, 1837 ж.ж.) пайдаланылған. 1836 жылы Пермь губерниясындағы алар көтерілісін басуға генерал Перовский Орынбор казак риңің бөлімшелерін жіберді. Сондай-ақ башқұрт шаруаларының ғынтысын басуға Орынбор казак әскерін жұмысады.

Орал әскери негізінен сауатсыз, саяси сауаты да кем, казактар еді. Қазак әскери өте бай деп есептелсе де, осынша кең өлкеде бірде-бір еп болмапты. 1820 жылдары Теке қаласында бір мектеп ашылып, өртенип кеткен. Сондықтан сауатты адам мындан біреу болатын. Жәй қоғам дамуына, ұлтаралық түсінісуге кесел болады.

Ашық шапқыншылықпен қатар, бұратана елге Орынбор, Орал ғындерінің баска да зорлықтары көп болды. Мысалы, шекараға жақын ғындықтарды линия түрғындары тартып алып иемденіп, өз ғынен алыста болса да шөбін шауып, шала-пұла үйетін. Жайықтың ғындықтарын шабындығын иеленеу үшін Орал әскерінің кеңесі ғындан (Илецкі) бастап Бударин форпостысына дейін 15-20 ғындық, жағалауды қырлыққа дейін алғы пикеттер қойды. Олар қазақтарын Жайық жағалауына жолатпады. “Балық үркеді” деп өзен майдарын суартпады. Бұндай пикеттер 22-н үстінде. Олар қазақтарына озбырлық істеумен шұғылданды.

Нымен қатар, Жайық өзенінің шығысында қырда “қазақтардың ғындылын анықтау үшін” деген сұлтау мен “қысқа жол” орнатып, ол ғындықтарынан Бударинге дейін Жайықтың шығысы мен одан көнінде ғындықтарынан, - дейді Орынбор шекара комиссиясындағы бір майдарында шекарадан ішкі жақта жеткілікті жері бола тұра, тек қана қазақтардың ғындықтарынан алу үшін, пишен шабуды өне бойы қырлықта (Жайықтың арғында) істейді - делінген. Сол секілді Усть-Үй бекінісінде ғындарында шекарадан ішкі жағындағы шабындығын көрші орыс

шаруаларына жалға бергеннің өзінде көп жері бос қалып, оны игересі алмаса да шекарадан қазақ далалығына өтіп, әдей линиядан қашықта шабындықты, тіпті қыстауларын тартып алып, пішен шапқан, көптегев скирдтер үшін қойған. Сосын күзде бұл өнірде мал жайғаны үшін және шөпті тапағаны, пішінді бұлдіргені үшін деп қазақ шаруаларынан алым мен айыпты тартып алып отырған. Орынбор шекара комиссиясы өзендер өнірін линия тұрғындары шаруалардан тартып алуы, пішев шабуы тек арам пайда үшін ғана қажет” – деп мойындал, губернаторға мәлімдеді. Бірақ бұндай істерді Орынбор соғыс губернаторының өзі де бұрыннан біледі, оның үнсіз мақұлдауы мен өрбін келген, енді бұл соракылыққа қарсы ол еш шара қолданбады. Патша әкімшілігі мем жазалау орындары Орынбор, Орал казак әскерлерінің олардың офицерлері мен шомешкітердің, саудагерлердің мүддесін қорғап қолпаштал отырады. Мысалы, Өзен линиясының чиновниктері мем казакты Сары өзен бойындағы, Самар көлдеріндегі шабындықтарға өтетімен конса, оның шөбін бұлдіргені үшін және пішен шауып, тасып өкеткені үшін Ішкі тарап қазақтарын сотқа беріп, 2797 сом ақша өндіріп, алған. Бұндай жағдайда, казак офицерлері әрбір жүк пішнеге ете қымбат баға талап етеді, мысалы, 6 сомнан 20 сомға дейін. Тіпті көбіне көп олар ойдан шығарылған, “шөп бұлдірдің” деп жанжал салып айып төлететін.

Қазақ ауылдарынан пайда табудың тағы бір жолы – Орал, Орынбор әскерлері басшылары шаруаларды, көбіне-көп байларды өздерінің иесін қалған жерлеріне малдарымен өткізіп, жайылым үшін ақша, мал алатын Орынбор линиясындағы Верхнеозерная, Красногорск тұсынан Ішкі жаққа 1828 жылы төбінге 1000 бас жылқы өткізіп, әр жылқы үшін өлке басшылары мен көлісім бойынша 25 тиын алуы тиіс еді. Қамал комендантты 8000 бас мал өткізіп, артық түскең акшаны өзі пайдаланған (24:161).

Ал, Өзен линиясы басшыларының ұлықсаты мен Самар көлдеріне 1884 жылы қыста 3000 қожалық 92 мың жылқы, 15 мың түйе, 60 мың ірі қара мал, 300 мың қой, ешкі айдал келген. Сары өзен мен Қара өзен аралығына 2000 қожалық көшип келіп, 60 мың жылқы, 10 мың түйе, 40 мың ірі қара мал, 250 мың қой айдал келіп, жайған. Осы істің басы – қасында болған сұлтан Шөке Нұралиевке берген кағазымда, өзен әскер линиясы бұл аталған өнірде 1834ж. 37 қоспен 179 бақташы, 13742 жылқы, 172 сиыр, 1403 қой өткізіп, 72502 сом, 70 тиын төлеген, 1835 ж.

Байбакты руының би Жұніс Жантемен, Тайша, Ақмырза, Бекмырза, Мәуленберді Жарылғаповтер 3237 жылқыны. Өзен өскерінің жеріне айдан әкеліп, тебіндегені үшін әр жылқыға 50 тыынан алған. Бұдан басқа 2289 жылқыны тағы тебіндептіл, 1287 сом 50 тыын алған. Самар көлдері мен Сары, Қара өзендер арасына Ішкі хандық адамдары мен катар Кіші жүздің батыс бөлігінде тұратындардың малдарын тебінге қіберіп, көп ақша алған.

Орал, Орынбор, Астрахан, Өзен казак өскерлері мал жайғаны үшін тек ақша алып қоймаған. Енді оларды қанаудың тағы бір жолын тауып, әнбегін әншейін пайдаланатын болған. Осы Самар көлінен Қара, Сары өзендер бойында мекендеген Шөке Нұралиевтің жазуынша Орал, Өзен казак өскерлері жерлеріне олардың малын баққандарға да берген. “Казактар”, - дейді Шөке, еш уақытта өз отарларын өздері бақпайды, қызыңғы қазақ бақташыларына бақтырады” – деген.

1828 – 1829 ж.ж. Ішкі Орал немесе Өзен линиясында мал жайғаны үшін әрбір қожалықтан 1 қой алған, жылқы табының әр костан бір жылқы, не 70 сом, немесе 12 қой алған, бермегеннен күшпен тартып ажеткен (19:161).

Орынбор, Орал казак өскерлері шаруаның түрлі қажетіне керек қашты да шалтырмаған. Егер де біреудің қолынан жаңа ағаш бүйім көре қалса, ол тіпті біреуден сатып алса да оны жазалап, сабап, ағаштың үйнін төлеткен.

Сейтін, Орал, Орынбор казак өскерлері отар елге неше түрлі қысым жасап, олардың малына, жеріне, дүниесіне барынша қожалық етіп, тартып алып отырды. Орал казак өскері көрші қазақ, татар, башқұрт әсеріне қырғидай тиіп қана қойған жоқ. Олар көрші Саратов, Астрахань, Самар, Пермь губернияларының шаруаларына тіпті мемлекеттік орындары мен қызметкерлеріне зорлық жасап, дүниелерін талап немесе тәртіп бұзып отырған. Астрахань мен Жайық арасындағы қолды қарауылдаушы Орал казак өскері 1831 жылы Астрахань қаруындығы почта қызметкерлеріне, олардың үйінде неше түрлі қысым жасаған. Орал казактары, трактыны күзетудін орнына қоғамдық тәртіп бұзып, төңіректегі орыс, татарларды тонап келген. Гундуқ заставасы жынында Орал өскерінің 6-полк казактары сауда керуенін тонап жатқан үзінде қолға түскен (25.10). Бұл мандағы көшпелл (қазақ, қарақалпақ, татар, ногай) елдердін мал, мұлқін үрлап, тонап отырған. Бұл секілді қарылдықтарды анықтау үшін Астрахань губернаторы майор

Краснокутскийді тағайындағы. Бұндай заңсыздық басқа жерлерде де кең орын алғып, кеңінен жойылған.

Орал, Астрахань әскерлерінің зорлығына ұшыраған қазақ ауылдары Ишкі тараптан Жайықтың шығыс бетіне қашып көшіп кететін болған Бұл наразылықтың бір түрі. 1804 жылы жазғытүрим Өтеміс Құлмәліұлы бастаған ауыл Жайықтан өту үшін қарулы карсылық көрсеткен. Ишкі тарапта да елді ұстап қалу үшін губернатор П.К.Эссен 1817ж. бастан қазақтардың Жайықтан әрлі-берлі отуге тиым салады. Егер де ұлықсатсыз өтушілер болса, оларды қатаң жазалап отыруды міндеттеген. 1836 жылы Жайықтан өтпек болған Ысық руының Ақсары бөлімінің азаматы Кожабеков Нұрманбетті ұстап алғып, Сібірге жер аударған. (26:3)

Помещиктер мен саудагерлердің приказчиктері казақ шаруаларының қамысты, сулы, жайылысы бар дөндер арасындағы ой мен өлеңтіге мұқтаждығын көріп, ұлмастан ойна келген ақыны сұраған. Әуелі теңіз жағалауында мал жайғаны үшін, қыстағаны үшін мал алғып жүрді. Князь Юсуповтың приказчиктері Богаты қесіпшилігі төңірегінде қыстағаны үшін шаруалардан мал, ақша т.б. бұйымдар алу мен қоймай оларға қамыс шабу, мұз ою т.б. жұмыстарын зорлап істетті.

1820ж. А.Сапожников деген купеңтің приказчигі Беріш руы ауылдарынан Каспий жағалауын жайланағаны үшін көп қой т.б. малда алады. Бертін келе помещиктер мал мен қатар ақша, басқа дүние тала етіп, тіпті өншейін түрлі жұмыстарын істейтінді шығарды. Бұнда бассыздық казақ шаруалары мен приказчиктер арасында наразылық туғызып, төбелеске дейін барды. Теңіз жағалауын жайлалаға шаруала приказчиктер мен әскери кордон офицерлеріне пара беріп, ұлықса алғып, оның үстіне жайлау (мал жаю), қыстаған ақыларын және төлемесе, онда приказчиктер сол адамның не ауылдың малын айда алып, артынан оны қайтарып алу үшін, көп ақша талап етті. Мысалы 1823ж. Новинская ватагасы жанына ежелгі жайлап, қыстаған жүрген жерлеріне Шеркеш руының бір ауылы келеді. Осы жерде көшіп жүрген үшін приказчик ауыл би Бекмамбет Тұрмамбетовтөн ақы талап етті. Ауыл төлегесі келмеді. Приказчик жерді бұлдірдін (потрава) деп малын айдалап алғып, артынан 471 сом алғасын ғана қайырды. Шаруала приказчиктердің қоқаңы мен қорқытуына, арандатуына берілмесе, онда

жаскері кордон бастықтарының көмегі мен қазактарды қыстап отырған
рынан қыста құны шыгатын болған.

Помещиктер адамдары жердің шекарасындағы мәжелердің
ғанын, немесе жоғалғанын пайдаланып, ез жерлерінен қашыққа
шарып жаңа меже ағаштарын қоятын. Бұл келіп жер таласын шөпті,
мысты таптады деген жанжалды тудырып, ақыры шаруалардын мал
несін зорлық пен алу мен тынатын.

Теңіз жағалауындағы ойдымдарда, ойпартарда, дөндөр арасындағы көлшіктерде өсken шөп пен камыс бұрын ешкімге де керек емес еді, помещиктер еш қажетіне жұмысамай, қар астында курап, шіріп қала беретінді. Одан помещиктерге келіп жатқан еш зиянда болған емес-ті. Енді приказчиктер бұл жерлерге қыстаған ауылдарға “шөпті бүлдіргені үшін” деп айып салады. 1831 ж. шөпті бүлдіргені үшін 3000 сом ақша шіріп алды. Бундай фактілер көп.

Онымен қоймай қазақ шаруаларының пішенге мұқтаждығын
даланып, Орал өскері мен помешиктер қазактар көшіп жүрген теңіз
жалауындағы шабындық жерлерді сататынды шығарады. Мыс:
Шуповтің балық кесіншілік бастығы Шулетов әрбір түйеге артылған
шекте 10 тыииннан, 10 түйеге артылған шөп 1 сом деп шарт қойып, шөп
буға ұлықсат берді. Шаруалардан екі есе артық ақша, яғни, 1157
таелік жүк үшін деп 462 сом ақшаны сотпен өндірін алады. Сейтіп,
шапан-жылға помешиктер алым-салықтың түрін көбейтіп.
Ебекшілерді тонай береді. Бұл тек теңіз жағалауындаған емес. Ішкі
жаяқ пен Кіші жүз бен шекаралас помешиктер мен казак
шерлерімен бай-кулактарының бәрінін ісі.

Ішкі тарап шаруалары помешіктөр мен Астрахан Орал әскерлері мен “майлыш” болды. Помешіктөр енді теңіз жағалауында шекендері үшін көктемнен әрбір қожалықтан ақша талап етті. 1833ж. Осуповтер әрбір түйе үшін 1 сом, жылқы мен сиырдан 10 тыыннан, әр басына 5 тыын төлеуді сұрады. Бұл жыл тым қатты болды, жүтталды. Бұндай қындықты помешіктөр пайдаланып қалады. Тиыннан 15000 жылқы сорға түсіп өледі. Көп мал шөпсіз, жайылымсыз тауында қыстағаны үшін 6000 сом ақша талап етті. Оның үстіне, 1833ж, күзде шауып алған 3043 жүк шөбі үшін ақша төлеп, оған сымша балықшы құрылыштары үшін қамыс шауып, және шабылған енді конысқа тасып беруге міндеттейді.

Сейтіп, помещиктер мен офицерлер феодалдық қанаудың ескі түрі – оброк пен барщинаны барынша қолданып, шаруаларды аяусы қанады. Онымен қатар жұмысын тегін істетіп, еңбек пен өтеу рентасы (отработачная рента) кеңінен қолданды. Ал қанау жүйесін патш әкімшілігі көре тұра қолдап отырды. Мыс: Жанбай балық кәсіпшілігінің төңірегіндегелерден 25 мың бума қамыс шауып беруін талап етті.

1834ж. Астрахан губернаторы Пяткин помещиктердің бұл талабын қуаттап, теңіз жағалауында қазақтың көшкені үшін Юсуповтер 1600 сақша өндіруді сотқа тапсырады. Бұл шексіз алым кедей шаруалар үшін ауыр еді, әсіресе, Теңіз жағалауындағы Беріш руының көптеген шаруаларын қатты күйзелгі. Шаруалар тек помещиктер мен оның приказчиктерінің қанауында болып қойған жоқ, балық ваталары жалға алған кәсіпші купеңтерде барынша арамдық салып, шаруалардың көшкені, қыстағаны үшін ақыны көбейтумен болды.

Сапожников, Иван Кульпин, Бибиковтер т.б. саудагерлер қазақ шаруаларынан астық, былғары, түрлі мата, тұрмыстық бұйымдар саты ауыстырып көп мал алады да, оны теңіз жағалауында жаяды. Жоғары аталған саудагерлер 20 мыңнан астам қойларын жайған.

Саудагер Иван Кульпин помещик жерін жалға алды деп, тендер жағалауына қыстауға келгендердің әр бас малына 60 тыыннан төлегендегі ғана жіберген. Ал, ақшасы жоқ болып, ештеге төлей алмаған шаруаларды маңынан қуған. Әр үйден бір қойдан алуды өтінгенде 10 аямай, кордон өскерінің күшімен аязда жағалаудан қызып шыққан.

Помещиктер мен саудагерлер елді қанауын үдете береді. 1834 жыл күзде К.Н.Юсуповтер қазақтарға жайлайтын жерді азайтып, берілген жердің бәрін қымбаттатуды ойлады. Осы мақсатта Тендер жағалауындағы қазақтардың басқарушысы қарауыл хожа Бабажановпен жазбалы келісім шарт жасады. Бұл шарт бойынша Юсуповтердің Гурьев маңындағы дачалары, Никольск, Жамбай, Пороховин, Камчық кәсіпшіліктерінің маңын жайлайға тиым салған. Ал, егерде бұл жерлерге біреу көшіп, конса, ондай әр қожалық 10 сом және мал басы – 50 тыыннан помешикке айып төлеуге тиісті болды. Ал, бұл тиым салған жерлерде жақсы жайылым, қалың қамыс көп еді. Егерде бұл жерлер жайлайғысы келгендер Пороховин ватағасы үшін 40 мың, Жамбайға – 2 мың бума қамыс шауып беруге тиісті болады.

Шартта шаруалар бұл жерлерде ешбір құрылыш салуға, жер үй аулауға болмайтыны көрсетілген. Балық аулауға, немесе сатып алуға да салған.

1835 жылы бұл шарт тағы жасалып, помециктер енді Тудан, Конаев, Болдырев, Кабанов, Мальцев, Будахин т.б. осындағы мен қамысы көп 7 дөңдерді жайлалауға тиым салған.

Онымен қатар теңіз жағалауындағы ағашты кесуге қамыс шабуға, аулауға да ұлықсат бермеді және 1833-1834ж.ж. шабылған теге ақша төлеуге тиісті болды. Шаруалар дөңдер арасындағы қамыссыз, қыстаусыз қүнелте алмайтын. Ал, помециктер шөптің қамысты отадың деген сылтау мен айып тағып, тегін құмыстарын істетіп, шебін тасытып, қамысын шаптыру үшін әдептің түрлі шектеу қойған. Дөңдердің арасында меже деген жоқ ағандықтан, бұндай айып тағу оңай еді. Бұл әділестіз ауыр, шарт помециктер қызметкерлерінің ойына келгенін істеп, шаруалардың қалуына мүмкіндік берді.

Помециктерден казактың ру басқарушылары, билері, мен байлары ғалыспады. Олар жер жайылым жалдаймыз деп шаруалардан артық мал жинағы. Бұндай зорлық, озырылых Кіші жүзбен шекаралас жерлердегі помециктер мен саудагерлер, жергілікті патша шаруаларға мен кейбір тұрғындарда казактар мүмкіндігі келсе-ақ аяусыз түлінді. Жала жауып айыптау, сабау, соттау т.б. көптеген қызықтар істей берген. Отаршылардың не бір сүмдүк зорлығы, аудауы, алдауы туралы жаза беруге болады. Осы айтылғаннан Бекей асасы, Кіші жүз Ресейге қосылғаннан шексіз қиянат көргенін білеміз. Шаруаларға ара түсер, қамқоршы болар ешкімі болмады. Би, сұлтандар, халықты отаршыға қосыла қанаң, талаған. Бұл кесірлі бұзаудан азаттар жол көрінбеді. Патша өкіметінің отарлау саясаты, арамза пифылы, әмбеттері, қарақшылық әскери шапқыншылығы қазақ халқының разылығын туғызды. Эр жерде басқыншыға қарсы ашық бастерулер болды, қарулы қақтығыстарда жалғасты. Солардың бірі – Жоламан, Тіленшүұлы бастаған қымылдар. Тіленші Бекенбайұлы Жетіру айласының XIXғ. басындағы бас біи еді. Патша отарлауына ол наразыбын, үкіметке шағым жазып көрді. Нәтиже болмады. Жоламан Табын атамекенің тартып алуына қарсы болып, көнбей көріп еді, орыс көрі садуын күші тықсырып, қыстауларымен еғіп, жайларын тартып шып, өздерін Жайықтан өтіп, құмды, құнарлы аз жерге барып бас

сауғалауға мәжбүр етті. Орск мен Трогщқ қалалары аралығындағы қазактар да онтүстікке Торғай, Ырғыз өзендері алқабына коныс ауди “Жана линия” дегенің құрылудына карсы Жоламан Тіленшіұлы Барабатыр, Амангелді патша саясатына наразы қазактардың асын қосып қаруландып, әскери линияға әлсін-әлі шабуыл жасайды, оны құртып жібермек болады. Бірақ, бірін-бірін шағын топ болып жүрген, қарунашар қазақ жігіттері әскери күшке айтарлықтай соққы бере алмады (27:274). 1820 жылдан басталған өз жерін қайтарып алу үшін, азатты үшін ауыр құрес ұзаққа созылды. Стихиялы қозғалыс үйымдасы жағынан нашар еді, бір-бірімен байланысы болмай әр жерде өз бетімен қимыл жасап, линия мекендерінің малдарын айдал кегіп, керуендер тонап әуре болды. Алайда, Жоламан, Барак, Амангелді бастаға топтармен Әлімұлы тайпасындағылардың қарулы шайқастарын патша үкіметінің қазақ жерін бұдан әрі онтүстікке қарай тартып алуын кедергі болды. Линияны жылжыту тоқтап, отаршылар Кіші жүз жауап алудың басқа жолын іздеді.

Қазақтың отанын қорғауда, азаттық қүресте басын қосып, бірігуін жер алшактығы да кеселин тигізді. Сонда да бірге қимыл көрсетуге талпыну болған. Жоламан т.б. аз күшпен Елек қалашыны маңына, жан-линия бекіністеріне шабулын жалғастыра берді. 1822ж. желтоқсанда Табын руының би, Ж.Тленшіұлы, Сүйінкара Үргенішибайұлы – Ада-руының би, батыр, Арыстан Тәнілұлы – Білеу ауылынан т.б. Орынбор губернаторы П.К.Эссенге хат жолдап, Бекейліктегі Сары жөнене Караж өзендер аралығындағы, Жайық пен Елек өзендері арасындағы қазақ жерін Беріш руы аруді талап еткен. (28:444). Бұл жалпы халық мүддесін қорғау деген сез. Патша үкіметі Жоламан қозғалысымен қүресуге әскер шығарады. Полковник Ф.Ф.Берг басқарған жазалаушы экспедиция топқа бөлініп, Кіші жүзде З жақтан шығып, көтерілісшілерді қоршаша алмақ болады. Полковник Циолковский 800 Орал казактарымен 1823ж. мамырда Калмыков қамалынан шығып, Жем өзеніне бет алыш жолшыбай әдетінше бейқам, бейтарап ауылды зенбірік пен атқылап мылтық атып 79 қазақты өлтіріп, ауылдарды тонайды. Майор Мизин отряды Сарайшық қамалынан шығып 20 қазақты өлтірген. Полковник Берг 1000 баскесерімен 23 мамырда Орскіден Онтүстікке бет алады. Ойыл өзені бойлай жүрген ел қарсыласқанды тойтарып, 30 қазақты өлтірген. Отрядтар Ойыл өзені жағасында 17 маусымда кездеседі. Қобди өзенін ендей келген Щеглов отряды кісі өлтіріп, ел талаумен жүріп

пішілердің негізгі күшін қоршай алмаған. Жоламан мындаған
так адамдарымен Мұғалжар тауына қарай сыйылыш кетеді.
Бергін жазалаушы әскері еш нәтиже шығармай, азып-тозып, кейін
(29:498) Бұл сәтсіз жорықтың өзінше тарихи маңызы бар.
әкімшілігі Кіші жүз жұрттын қару-жарақсыз болса да бағындыру,
күресін тиу қын екенін көреді.

Зымен XIX-ғ. Кіші жүзбен Ішкі тарап Ресейдің отарына айналып,
жылдары созылған бытыраңқылықпен шаруашылықтың күйзелуі
әлеуметтік тұрмысын одан әрі күйзелтіп наразылықты
отаршыға қарсы Кіші жүздің солтүстігінде, Сары, Қара
алқабында Самар көлдерімен Теніз жағалауында азаттық қүрес
олі жанданып, жалғаса берді. Бытыраңқылықпен бірігу кемдігі
зымиян қимылы бұл қүресте нәтиже бермеді. Наразылық
берді.

§2 Ішкі тараптың XIX-ғасырдың 2 – ширегіндегі өмірі.

*Хан Бекейдің тұсында,
Секер шайнап бал іштік.
Хан Жәңгірдің тұсында,
Қасықтап қара қан іштік.*

(Халық өлеңі)

1825-1845ж.ж. Еділ мен Жайық аралығын мекендердеген алапта қаза және басқа елдер тарихында болмаған жәй – бір ханға қарсы 9 жылда рет көтеріліс болды және соңғысы антифеодалдық деп аталады. Бұл ерекше оқиға тарихта кездеспейтін ұзаққа созылған арпалыс ед. Тарихшы А.Рязанов 1797-1837 ж.ж. 40 жылды казак халқының азаттық тәуелсіздік үшін құрес кезеңі деп атаган (29) Рязанов А., Савичев Н. Шахматов т.б. көптеген тарихшылар, М.Әуезов, С.Мұқанов С.Асфандияров, К.Досмұкамбетов т.б. әдебиетшілер, қоғам кайраткерлері 1836-1838ж.ж. Исатай Мақамбет бастаған көтеріліс жоғары баға бергені белгілі. Бірақ, қазіргі журналистеріміз бұл көтерілісті аузына да алмай, лепіріп Жәңгір ханды ешбір сенімдерексіз дәсерлей беруде. Хан болсын, басқа болсын халқына адакызымет істеген адамды мактауға қарсылық жоқ. Біз Совет империясы кезінде өз тарихымызды білуден бездік, саясаттан қаштық. Оқытқаны менсінбедік. Өйткені тарихымызды терен, зерттеуге мүмкіндік бермед қысым жасады, қаржыны өте аз бөлді. Содан тарихымыз үстіртшырықсыз етіп баяндал, тек Ресейге қосылғандаған “көзіміз ашылып кісі болғандай” етіп суреттегені белгілі. Бізден: “қазақтың бір қаласы аташы?” – деген сұрақты талай естігенбіз. Егін егіп, қоныс салуды қаза орыстан үйренді деп талай қақсаған. Бұның империялық насиҳат екенін біле бермейтін айту және қауітті. Осындайдан келіп оқыға ағайындарымыздың қазақ тарихы жөніндегі білігі тым тайыз еді де: “Іісі қазақта бірінші рет Жәңгір қала салған” дегенге, немесе Жәңгірдің: “үй салуда мен үлгі көрсеттім” – деп Ресейде айтқан сөзін сенеді. Бұл да империяның бодан елдегі насиҳаты екенін өз түсінбейміз. Мақамбет Жәңгір кезінде күшті идеологиялық құрес жүргіжатты: бір жағында – Мақамбет қара қазақ баласын тірлігімен нальтпан” – деп халық мұддесін қорғаса, 2-ші жағында Жәңгір: “зашщищал интересы russских” деп жан бағып, тағын сақтаған, импери

ін қорғаған. Бұл керіс сөзден емес істен, халық түрмисымен ылығынан туындағанын популистер анықтай алмайды. Бәкей, кезінде шарықтаған шаруа Жәңгір кезінде құлдырай берген. Біз соның себептерін еске салмақпыш, халық наразылығы туындаған күннен тағы таныстырмақпыш. Жәңгірдің әкімшілік қызметі күрделі жазуға қындығы аз. Менің мақалаларым мен кітаптарымда соның қызметі негізгі бағыты қысқаша қамтылған (30). Солардың бір тарын оқырманның есіне салып, одан әрі анықтап, толыктыруға мүмкінсіз. Соңғы жылдары ханның мектебі мен жанұясы жөнінде олар патша чиновниктерінің жазғанын көшіріп, кайталап жүр. Ол күннен көтөу болмайды ғой, жансақ, хате мәліметтер көп. Нағыз тарихшының парызы фактіні бүрмаламай, не жасырмай турасын жазу, мүқият жүргізу. Біздің хан, сұлтандарда еш өшпенділігіміз жоқ. Олай болса күннен көтөушеуді, оқырманда бізге күмәндандасын. Ал Жәңгірдің көбаянын жазудағы мәліметтің әртүрлі болуы ханның өзінен. Мысалы, бір хатында ол 1801 жылы туған профессор Қасымбаев Ж. хан 1803 жылы десе өлкетанушы Ж.Ақбай 1804ж. не басқаша. Жәңгір 20.5.37ж. губернаторға жасым 33-те, 2 әйелімен 11 баласының мемлекеттік жастарын жазған. Оған сену қиын. Әнес Сарай кітабында ханның әйелдері туралы Б.Аманшин, М.Құлкенов т.б. жазғанын айтады. Аманшин 1-ші әйелі шеркеш Мұсіреп Айдаболов қызы Жұзім десе, Құлкенов ол Керей руының қызы деген. Қарауыл хожа қызы, Жұзімге 1822-1823ж.ж. үйленген деуші де бар. (31:44) Балаларында М.Тәжімұратов секілді ботастыра берген. Ал Жәңгір 20.5.37ж. жаңында 1-ші әйелім “султанъ” (сұлтан қызы) Асропова Юзим, 30 жаста деген. Бұны құлпыстағы жазу растайды. Бір фактының өзі қоғарыдағы авторлар мәліметінің жалғандығын көрсетеді. Балаларының жастарында хате жазады. Біз мұның бәрін зертгемедік, ол ғана зақ өнгіме Жәңгір есімінің этимологиясын білмегендер оны да бүрмалайды. Жалпы көптеген сөз қолдануда салактық, не білместік көрсетіп жүр, сөз төркінін ажыратпайды. Әлі күнгे “Өмір салты” деген жасанды сөз тіркесін, “орда” “аймақ”, т.б. жіңі айтады. “Образ” деген сөздің аудармасын көп іздедім, ақыры А.Байтұрсынов жазбаларынан (архивте) оны “берне” депті. “Бернелеп сөйлеу” деген бар емес пе? Сонын “Егем. Қаз-ға” жариялад едім, (31:8) ешкім елең етпей, әлі хате жазады. Сондай-ақ, Орда, аймақ – манғұл сөздері, бізге орыстар кіргізді. Аймақ орнына аумақ, алап, алап, алқап деген сөздер бар, бірақ оларды

тіпті қолданбайды. Элі шетел сөзіне әуеспіз. Т.Боранғалиев Мақамбет жөніндегі мақаласындағы көп былдықтың ішінде “Жәңгір” деген “Жангар” деген қалмақ сөзінен екен. “Макамбеттің оны “қалмақ” деу содан депті. (:12) Жәңгірдің “Жаһангир” деген сөздің кыскарған түрі екенін окушыда біледі. Әйтсе де дерек келтіреін: “Фала қаһлу, уа ғала жаһлу хан Жаһангир Бекей ұғлына. Беріш руғлының старшиналары деп ханға барып, түсінісеміз десе де хан Исадайларды қабылдамай, кері қайтарған соң 1836ж. 30-саратанда жазған арызы еді. Тексерініз. А.С.Пушкин: “Бөгденің шанасына жабыс па” – деген, оны қазакша өзін білмейтін іске басың ды сұқ па? – дейді. Енді біз оның қызметіне тоқталайық.

“Жәңгір – дейді Энес Сарай, - кеңестік дәуір кезінде қызыл империяның ықпалымен жағымсыз бейнеленген, жақсы істері буркемеленген тұлға”, - деп ешбір дәлелсіз, дерексіз қате тұжырым жасапты. Ә.Сарай өз сөзіне өзі қарсы шығады. Әйткені Жәңгірге бағаны Совет өкіметінен бұрын Ішкі тарағ жұрты: “Хан Жәңгірдің тұсында, қасыктап қара қан іштік”, - деп баға бергенін Ә.Сарай кітабында жазып отыр. Бұдан артық Жәңгірдің қанишерлігі жөнінде не дәлел керек? Қайта, патша кезінде Жәңгір қызметі туралы 2 түрлі пікір Жәңгір кезінде қалыптасты емес пе, оны неге жасырамыз? Т.Боранғалиев бастаған қаламгерлер (жұрт бұларды оппозиция дейтін көрінеді) патша авторларының жазғандарын көшіріп, сыйдыр сөзбен ханды қазір мақтап жүргені де белгілі. Ал, мерзімді баспасөз БАҚ бұларды қорғап мақалаларымызды жарияладайтыны жұртқа белгісіз.

Енді Жәңгірдің атқарған қызметі жөнінде білгенимізді ықшамдағ баяндайық. Жәңгір 12 жасынан Астрахан губернаторы С.С.Андреевскийдің қарауында оқи бастаған. Бұған дейін ол араб, парсы, татар тілдерін білгені белгілі, көп автор Жәңгір және оның аға, інілері қайда оқып, мұсылманша білім алғанын ескермейді. Жәңгір 1839ж. патшага: әкесі Бекей оны Ноғай – қазақ жұртына (бұлар Шалғез тегі ежелгі қояс тайпасы, Үйсін т.б. тайпалар қалдығынан құралады Сондықтан кейде “жұрт” дейді. Бұл дұрыс болар) аға би (старшина) етіп тағайындағанын, қызмет істегеніне 25 жыл толып, асқанын, генера атағын беруді сұраған. Бірақ патша ол қызметін ескермеді. 1815 ж Бекей хан өлерінде хан тағын Жәңгірге мұра етіп қалдыруға үкімет ризалығын алған. Әкесі өлісімен Жәңгір 1815-1816ж.ж. таққа отырғысы келіп, тырысты, өзін қолдаған сұлтандармен билердің Орынборға хат

жазуын үйімдастырады. Бірақ, губернатор окуын жалғастыруын талап етіп, Астраханға кетуге мәжбүр етеді. 1820ж, Жәңгір оқуымды бітірдім деп ауылына оралады. Әртүрлі “алып-қашпа” өңгіме бар, тек 1822 жылы Орынбор губернаторы П.К.Эссен патшаға Жәңгірді “Кішкене Қырғыз – кайсақ Ордасына” (ол кездегі Ішкі тараптың реєсі атауы “Меньшая Киргиз – Кайсацкая Орда”) хан етіп тағайындаудын сұраған. Патша 1823ж. 22 маусымдағы жарлығымен Жәңгірді Орынбор Шекара комиссиясына төуелді (“подависимостью” деген И.К.) етіп, хан тағайындаған. Бұдан келіп, ағайынның Жәңгір халық сайлаған қазақ ханы емес, кәдімгі патша чиновнигі деуі орынды екенін, Жәңгір өзі қызметімен дәлелдейді. Шығай сұлтан билеуі кезінде Ішкі тарап өзінің дамуының шарықтау шегіне жетті: жанның саны “141.598 адам, мал 4,6 млн. бас, қолөнері дамып, базарға товар шығарып, сауданы шырпытып тұрған. 1824 ж. 24 маусымда Теке қаласында Жәңгірдің таққа отыру рәсіміне катысқан. Ресей әскери штабының полковнігі Ф.Берг 1824ж. Ішкі тарапта сауда дамығанын, қазақ саудагерлері Ресей купеңтерінің II-ші, тіпті 1-гильдейіне мүше екенін Сыртқы істер министрлігіне жазған рапортында мақтаған. Ішкі тарап шекарасы біркелкі анықталып, ішкі саяси жағдай біршама тұрақтады. Жанбай, Манаш, Қарақамыс, Дүйсе, Толыбай, Шөпшабыл, Ұялы, Қарасу, Жалпақтал, Мереке, Жақсыбай т.б. елді мекендер пайда болды. Шөп шауып, пішен жинау, үй, коражай, лапас т.б. салу қалпіне келе береді. ОШК қызметкері А.Кузнецов 1824 ж.ж. Сары, Қара өзендер алқабында З мындағы қазақ қыстаулары барын жазады. Бұл аз уақытта болған үлкен өзгеріс. Жәңгір хан бұған не қости. 1890 ж.ж. Бекейліктегі болған А.Харузин “расцвет ханского могущества был во времена умного Джангира”, ... “он умел приобрести общес уважение и укрепление влияния”, - депті. (33:34). Бірақ бұл сөздерін ешбір фактімен дәлелдемеген, тек жылтыр сөз. Ал, қазақ жөнінде ол: “Киргиз степняк, рожден кочевником, скотоводом, таким и он останется кочевником, таким и он умерет кочевником и скотоводом”, - деп сәуегейлік жасайды. (34:32). Автор Жәңгір түгелі өз өзенінде Ішкі тарапта болған өзгерісті көрмей тұрган ғой. Бұндай, әселең үстіргін, бұрмалаң қарайтын автор көп. Т.Боранғалиев, Әнесі Сарай т.б. Советтік империя Жәңгір ханының жағымсыз жағын көрсетіп, жағымды істерін жазбады деулері бекер. Академик Салық Зиманов өзінің “Россия және Бекей хандығы” деген кітабында (1982ж.) Бекей ордасын “хандық”, “государственное образование”, деп Жәңгір сауда,

алым, салық, қаржы істерінде т.б. өзгерістер енгізді, - деген, бір қандай екенін, қашан болғанын нақты атамайды. Атауы да, мүмкін емес. Өйткені архивте бұны растайтын құжаттар кездеспейді. Сәкен сенатор Ф.Энгель ұсынған қазақты отырықшыландыруға бағытталған жерді жеке иелікке беру жөніндегі реформаны Жәңгірдің қала бүрламалап орындаған тарихын дәлелді және дәйекті баяндаған.

(35:60) Бұл ішкі тарап өміріндегі өзекті мәселе. Бұны білген Ф.Энгель Сары, Қара өзендер мен Самар көлдеріндегі, Каспий жағалауындағы бос жерге ұқыпты, ұнғыт қазактарға иелік беріп, ола онда үй-жай салып, бара-бара егін егіп, айнала пішен шауып машиқтанып, орнығып басқаларға үлгі болар еді де, Жайық “Сыртқа” өтем деушілер тыылар еді деген. (36:293) Бұл шараны Сенат макұлдаپ, орындалуын Орынборға жүктесе, ОШК оны Жәңгір тапсырады. Жәңгір бұны өзінін жеке басымен таптық мұддесін пайдаланады. Уақытша Советтің 1847ж. тексеруі бойынша хан бос жерді, бос емес біреудің, ауылдың, рудың пайдаланып келген жер сиртынан “тысқандарымен сыйбайластарына, байларға бөлін, сатқан”, деп тұжырады. (37:19) Біреудің біреуге, не жер бөлігін екіншілік сатқанын, әр-берден соң жерді сажындаپ, адымдаپ, жіппен өлше сатқан. (38:19). Сонда хан, інісі Мендігерей ең шұрайлы Тарғы (Торгун) өзені, Самар көлі жағынан, Тарғын төбе, Үштарғын, т.б. жерді 400 мың десятинадан (кей автордың: хан жанұясы 400 мың дес. жаалды деуі бүрмалау, хате), Қарауыл хожа Бабажанов, сұлтандар Ш.Ормановтар 7000 мың десятинадан, Ш.Ниязов – ногай – казак – 1.800 мың десятина жер алған (Сонда), жер мәселесін зерттеуші А.Ереновтың есептеуінше 4 млн. 700 дес. жер хан, сұлтандар мен рубасылардың менишігінде болады, ал халықтың пайдалануына жердің 1/3 бөлігінде қалады (39:61). Жерді жекеменшікке бөлу прогрессівті қадам, ал ханы түсінбей өз туыстарына бөліп, қоғамды көрі тартты. Көп ауылдағы бөліктегі жерсінде қалады. Ал, көп жерге ие болған алпауыттар жер тиімді пайдалануды ойламады, егін егіп, пішен шауып отырықшыландыруды қолға алмады. Олар онай жолды қолданды, жер шаруаларға жалға беріп, пайда тапты. Көриялардың хан жер “кулдікке” бөлді, “өмірікке” берді деуі осы еді. Бұл жаңалық емес. Кіші жүзде де жерге жеке менишк болды. Мысалы, Дәuletалиев дегендегі қыстауы, қора жайымен, егіні, шабындығы болған, оны Щапов дегендегі комендант 1820ж. тартып алған. Жәңгір біреудің жерін тартып аль-

көп шаруа жерсіз қалады. Мысалы, Исадайдың 1808 жылдан бері мекендерген Қиғаш пен Жайық (Кіші) аралығында Күйген арал, Қара қамыс, т.б. төбелерін (бугры) хан тартып алғып, басқаға береді. Исадай хан мен айтысып жүріп, қашықтағы “Манаш” тұрағын, одан әрі Мың төбені алады. Мақамбет, Қалдыбай Қосаяков, Уса Төлегенов т.б. жерлерінен айырылады. Наразылық туады, ел ішінде тыныштық кетеді. Жер мәселесі 3-ші рет көтерілістің басты себебі болады. Бірақ бұны әдебиетшілер, популистер аузына да алмай, айналып кетеді. Осы шамада Бекмағанбет, Мақамбет, Қожақмет т.б. Өлемісұлдары бұрынғы жер иелігінен айырылып, Ақжонас жайлауында тұр. Зерттеушілер бұның мөнін әлі анықтай алмай келеді.

Жәңгір жүргізген жер бөліс, ОШК т.б. пайымдауынша Бекейліктे наразылықты ұлғайтып, кедейленуді көбейтіп, дауды өсірген. Әйткені жер әділетсіз бөлінген. Ол жөнінде халық жадында талай фактілер қалған. Кара өзеннің Ақкөл маңында тұратын Тама руының бір ауылы: Хан жерді пара бергенге сатып жатқан көрінеді, қонысымыздан айрылмайық, - деп өзара ақша жинап, Мыса деген биін жібереді. Мыса хан үйіне “әрең сәлем бере” кіреді. Шай үстінде “келиңнің көрімдігі” деп үлкен дорба ақшаны шылдыратып төге береді. Кейін қымыз құйғанда “үйінің көрімдігі” деп бір жесінен алтын, күмісті жарқыратып шашады. Кетерде хан Мыса аулына өз жерін иелену жөнінде куәлік береді. “Мыса” деген тұрақ әлі бар. Байбакты руының 500 нар, 1200 жылқы айдаған, жазда шанаға 2 нар жегетін тентек бойы Бірәлі Есейұлыда ханға келіп, өзі Бекейден алған жерін қайта бекітуді сұрайды. Хан мыңқылдап, жөнін айтпапты. Бірәлі түрегеліп дорбаны хан басына төнкеріп: саған керегі ақшама, мә, - деп күмісті төбесінен құя берілті. Хан ыржындалап күле берген. Сондагы “Бірәлі бөгеті”, “Есей Саралжыны” деген әлі бар. Етікші Боранбайұлы F. (беріш) үйде отырып, жерінен айырылады. Бір күні шешесі келіп, 2-3 бас малды жаятын жайылым жоқ десе, келесі де көрші сиырды атпен қуып шықты, үйде үнсіз тықылдата бергенше ханнан жер сұрасайшы, - депті. Амал жоқ етікші жолға дайындалып “құр қол” барғанды хан үйіне жолатпайды, арызын тындалмайды, дегесін ол қарызданып қымбат былғары, ұлтан, шеге т.б. алғып етік тігеді. Бір күні жолға шығады, шешесі кетерде: мен өлсем көметін жерің жоқ ханнан жер сұра, - деп қақсайды. Етікші хан Ордасына барса, әуелі оны кіргізбейді. Кедейлерді үй маңына жолатпайды екен. Етікші кіріп, сәлемдесіп, шай үстінде әкелген етігін

ханға береді. Ол әрі-бері қарап, тандана отырып: мәсімнің кебісі жок екен, - деп кінә тағады. Етікші мәсіні қолына алып, білінбей тұрған кебісті шешіп алып ханға береді де: миң әрі мәсі, әрі етік тақасы бар, - депті. Хан таң қалып, риза болады. Сөлден кейін хан: Сыртта Сізге сыйға түйе байлаулы тұр, - депті. Шай ішіп болғасын етікші сыртқы шығып өлгі түйені қараса қарт мал екен, орнынан тұрмайды. Үйтеге оралса, хан: көп айналдыңыз фой сыртта, - десе керек. Етікші: Е, сыртты Сіз берген түйемен сырластым, сірә Сіздің атаңыз Нұралыны көргөн сияқты, - дейді. Хан үннен қалады. Кетерде хан етікшіге: келгесе жұмысыңызды айтыңыз – депті. Сонда етікші: Үйден шығарда шешемен өлсем көметің жерің жок, ханнан жер сұра, - деген, жұмысым соң Хан жер бөліп, қолына куәлік береді. Бұндай тарихи әңгімелер коп еді біз уақытында мән бермедік қой. Халық ханды оның қылышын көбіне келеке қыла сөйлейді. Ал, хан өзін-өзі мақтайды, 1827ж. Ф.Энгельгарт көтеріліс туралы “Я защищал интересы русских”, 1844ж. көктемде Казан қаласында қазакты “рухы есер” (буйный духом)... полуудиң киргизи, Жайық Сыртындағы “есер, өз ырқымен жүретіні есінен кетпейді”, ханның өз иелігіндегі бодандары (“подданые его”) жаңы “қоғамдық құрылымға көнгісі келмейді” деген. Ханға ислам дінін қызыметкерлеріде кедергі екен. Сонда да өз Ордасында көп іс жасаған Қазакты қыскы мал азығын дайындауға, қора-жай салуға мәжбүр етілді. Алда жойылымды жақсарту үшін артезиан құдығын ортатпа (‘Северная Пчела’. 25.5.44ж. С-Пг.) Бұндай мақала көп. Оқырманда шатастыру ханнан басталғаны көрінеді.

Мақамбет қоғам қайраткері, батыр ретінде тарихи аренага шығуын 1830ж.ж. Ишкі тараптағы аса шиеленіскең саяси, әлеуметтік т.б. жағдайлар себеп болғаны белгілі. Халық наразылышының, күйзелісінің бір себебі – отарлауды қысқаша шолып еттік. Келесі себептері – тараптың ішінде саясатынан туындаиды. Ол да отарлауға байланысты. Өйткені, 1827-1829 ж.ж. көтерілістер жер жетіспеушілігі, билеуші топтың шару мүддесін қорғамай, отарлаушы мен “ауыз жаласып” кеткенинен, ханның қатаң алым, салық саясатынан болған. Біз жоғарыда орыс помещиктер Каспий жағалауын заңсыз иеленгенін, Сары, Кара өзендер аралығын Самар көлдерін Орал әскері тартып алғанын айттық. Хан бұл же мәселесін шешуді Орынборда да, 1826ж. Мәскеуде де үкімет алдың коймаған.

Мәскеуге ханға ілесіп барған сұлтан Қайыпқали Есімұлымен би Шеркеш Жақсыбайұлының т.б. Жәңгірден көнілі қалған жері осы. Бұл екеуі екінші себебі туралы тергеушілерге ханның шексіз алым-салығы депті. (40) 1827ж. толқу наурызда басталған, Жәңгір оны естісімен зәресі үшіп Камышин қаласына қашып кетіп, Орынбор басшыларының кері, ордана қайт! – талабын қапелімде орындалады. Қотерілісшілер “жерімізді қайырысын” – деген ұраны орындалмайтын болғасын, Жайық етіп, патша әскерімен беттесуден қашып, ескі конысына ұмтылады. Бірқатарын кері қайтарады. Қ.Есімовты алаша руыбасылышынан босатып, Текедегі абақтыға жауып, кейін босатты. Бірақ жер мәселесін шешілмеді, озбырлық жалғаса берді. 1829ж. көктемде қотеріліс Жәңгірге қарсы тағы басталды. Хан Каспий, Самар көлдері, өзендер алышындағы жерді қайтару ісін шешпеді, шаруалар мұддесін орғамады. Ал, С-Петербургтан келген сенаторға хан: “мен орыстардан мұддесін қорғадым”, - депті. Бұған кейін орыс масайрап, А.Левшин ны өз кітабында жазыпты. (41:232). 1829ж. толкуга ОКӘ-ң атаманы, т.б. офицерлерінің арандатуы да болғаны анықталып, губернатор басы атаман, генерал Д.М.Бородин етіп, 20-дан астам офицерді орынан аған. Бұлар Самар көлдерін заңсыз иеленіп, өз малдарын аластырып, әрі шаруаларға зорлық жасаған. Жәңгір бұл жолы шай, өз сыйбайластарынан қол жинаған, Үндеу таратып, шаруаны қыстауын тастамай, хан өкіметін мойындаپ, көшпеуге шақырады, мойын ұсынғандарға кешірім болады дейді. Бірақ, хан сөзіне тұрмайды, құзділік көрсетеді. Қотерілісшілер патша әскерімен соқтығысдан үшіп атаман мен астыртын келісіп, Жайықтан өтіп кетпекші болады. Генерал Бородин губернатордың бүйріғы бойынша көштің алдынан көри тосқауыл қойып, жібермей “кері оралындар” деп, сөйлесуге тен Қ.Есімовті тұтқындайды. Қотерілісшілер көші кері шегініп, дайды талқылайды. Жаңақала көрияларының айтуынша басшылары түрлі ұсыныс жасайды. Байбақты руының бір би Шеркеш Жақсыбайұлы. Хан қыстауына қайта оралғандарға кешірім жасаймын, - етіп, қайтайық, - деген. Алаша руының бір батыры Қаратоғай Нәмбетұлы: Біз Жәңгірдің бір сөзіне де сенбейміз, ол тағыда алдайды, қыстауымызға барамызда, қорғанып жатамыз, - дейді. Солай істепті де. Байбақтының батыры Науша Қаржауұлы: Бізде Жәңгірдің жылпыс ғана сенбейміз. “Қарыс ақылдан, тұтам қайрат артық”, мен орыс көрін жарып өтін, Жайықтан асамын. Мәған еретіндеріндер

соңымнан”, - деп ұшып тұрып, көк бедеуге мішіп, “Алаш, алаш”- дег айқай салады. Қарға бойлы Науша шымыр денелі, найзагер, соғыс тәсілін біледі еken, өзіне ілескендер көшін Жайықтың “Шаппа өткелі” деген жеріне әкеледі. Өзі қайратты жігіттерді ұтымды пайдаланып көпті қорғап, қайта-қайта шабуылға шығып, жеңістік бермей, көш аман-есен түгелдей өтіпті, – дейді. Бірәлі Мергенов, Әйін Бектасов деген көриялар. Ал, Шеркеш, - дейді әлгі көриялар өзі, “лашын” дейтіе тазысын ілестіріп, Глиннянскіге (“Ескі қала” дейді) Жәңгірге келген. Ол келді деп естігенде хан: басқа үйге түсіріндер де, тұтқындандар, ол сөйлесе шешен, кісіні өз ырқына көндіреді, - депті. Айтқанында Шеркешті басқа үйге түсіреді, шешініп, жайлан, - деп мәймөңкелейді құтушілер. Шеркештің мойнында патшадан алған алтын медалі бар еken, онымен тұтқындауға болмайды еken. Медальдада шегеге ілгізеді. Сол уақытта урядникпен солдат келіп, қол аяғына бұғау салып, алып кетіш, сол түнде Текеге жөнелтеді. Онымен бірге тазысы ілеседі, қанша куса да, қалмай, Текеге барып, жыл күтіп, иесімен Сібірге кетті, - дейді көриялар. Жәңгірдің жанқияр досына істеген кешірімі осылай Қайыпқали Текеде бір жыл жатып, қашып шығып, ұстаптай кетеді. Бұған сірә Мақамбеттінде қатысы болса керек. Патша чиновниктер намыстанып, Қ.Есімұлын “бұзақы”, “жыртқыш”, бөкейліктे хан тағына отырығысы келді, – деп жала жауып, ел талап жүр, шекараны бұзбақ деп арандатып бақты. Бұл айғылғандарды біз тексердік, жалған сөз болды. (...) Истің мән-жайын білмей Жәңгірдің қазіргі жанашырлары Қ.Есімұлын патша авторларының сарынымен “такқа таласты” бүлікшіл деп дәлелсіз қаралауда. Қ.Есімұлының “айыбы” отарлаушы мен онын сыйбайластарының зорлығына қарсы шыққаны, білгенінше күрсken. Бұл зерттеушісін күтіп тұрған үлкен ғылыми мәселе. Тарихшы В.Ф.Шахматов Мақамбет жөніпде нұқаттай жаңалық табылса, бізге қымбат- десе, журналист Т.Боранғалиев “Егемен Қазақстандағы” (12.07.2002ж.) мақаласында Макамбетті кемсіту жөнінде бірталай “тырнақ астынан” кір іздейді. Мақамбеттің “Туғаннан өлгенге дейнігі тірлігінің түгендеп отырудың кімге керегі бар”, - деп көлгірсіді. Бұл тарихты білмеу, халық санасын силамау ғой. 1829 ж. Мақамбет “Кіші жүзен Ордаға қарай жасырын өткені үшін ұсталды. Оған Хиуа жақтан жасырын контрабанда тауар өткізумен айналысады деп айып тағылды” деп ешбір дерексіз, көріп келген кісідей жазады. Тарихи әдебиетте, архивте Мақамбет 1829ж. жазғытұрым көтеріліс кезінде Нарын

Жағынан Жайықтан ұлықсатсыз өтпек болғанда 2-3 жолдасымен ұсталды делинеді. Бұл көтеріліске Мақамбеттің өміріндегі ауыр кездің оры – осы 1829-1830ж.ж. Калмыков (Князь қала) абақтыда жатқан тұсы. Профессор Кәкішев Т. Мақаңның осы бір қыын кезенде айтқан өлеңін аудып, жариялаған: “Кеше бір зынданда жатып күбылдық.

Қамалаған көп дүшпанға қор болдық.

Терезеден телміріп,

Ағайын мен туғанды,

Бір көруге зар болдық...” – деп ақын 1829-31ж.ж. айтып

тыр. (42:16) Біз Тайпақ ауданында (Батыс Қаз-и) Қанаш Иманбаев ғайдан Мақамбеттің 11 күйін жазып алғып, Қ.Ақмемдияровқа бергенбіз, нотага түсіріп, кітап етіп шығарды. Қанекең Мақаңның “Терезе ғардер” деген күйінен бастап, оны Калмыков абақтысында жатқанда шығарды – деп түсіндірді. (43:12) Олай болса Т.Боранғаливетің Мақамбеттің ақындығы көтерілістен кейін пайда болды деуі жансақ. Мақамбеттің ақындығы мен күй шығару қабілеті ерге оянаған болып түр. Ода ауданы мұғалімі F.Зарипов, Н.Биқанов кәриядан Мақамбеттің “Кағынған хан патшага” деген өлеңін алғып, жариялады. (44:5) Бұл да асы кезенде айтылған және тарихи шындық.

“Халық айтса қалт айтпайды” дегендегі халық Жәңгір өз қызметін патшага, оның Орынбор, Петербордағы чиновниктері жарамсақтанып, шынудан, үйр-үйр жылқы, табын түйе Орынбор базарына жетпей, ғимнің шарбағына кіретінін айтатын.

Олай айтуға негіз көп. 1825-1826ж.ж. патшага барам деп елден жылу наған. Орынбордан әрең т.б. ұлықсат алғып 1826ж. Мәскеуде патшаның таққа отыру рәсіміне қатынасты. Газеттер бұны әзотика орып, жаза бастаған. Одан келе, Кенжеғали Құрманғожаев деген үйшігे из үйді алтын, күміс, сүйек, қымбат тастармен әшекейлеп, Петерборға орып, патшага сыйлаған. 1828ж. бұлықты қөшпікті, күміспен үштілген қазақы ер-тұрман жасатып патшага сый еткен. Бұнымен тастан патшага үйрелеп жылқы патшага, басқага да жіберген. 1830, 1834-1841ж.ж., патшага жылқы жібергені архивте сакталған. Патша да кетімаға қымбат асыл тастан безендірілген 150 мың сомның көйлегін т.б. жіберген. Бұл елге тарап, ханның беделі өседі. Патша министрлерімен Жәңгір оңай сөйлесетін болған, олардың да орап, тегін орындаған. Орынбор губернаторы бөгетте жасағысы келген, тарак ішкі тарап Бекей кезінде-ак Астрахан губернаторымен де

қатынасып, тілек, шағым айтуға ерікті еді. Орынбор одан да сескенге Орынбор Жәңгірдің кеңесі тұрақты бір жерде болуы үшін ханға үй салып бермек болды. 1825ж. көктемде П.К.Эссен Астрахан губернаторына: ханға үй салып берейік деп едік, ол қашақтап орны көрсетпей жүр – депті. Ақыры, 1826 ж. Орынбор Тафаевты жіберіп казына ақшасына “Жасқұс” деген тұрақта декабрьде үй салып, кілті берген. Кейін хан өзіне аға, інісіне үй салдырған. Әуелі казак әскерін казарма, орыс, татар саудагерлері дүкен, қойма, үйлер салған. Сонда 1840ж. 41 үй болған, оны қала деуге бола ма?

Онымен қоймай хан “үй салуда мен бірінші бастап үлгі көрсеттім” деген сөздеріне қазірде мән береді. Әрісін айтпағанда, ағасы Шығай Бекейден кейін, ОШК-на 1817ж. қазақтарды отырықшыландырайын деп едім, соларға “үлгі” ретінде өзім үй салайын деген, өтінішін 1819ж П.К.Эссенге қайталаған. Сосын 1820ж. Каспий жағасында ағаш үй салады. Бірақ, помешик бұл жер менікі, босат кіжіндеген. П.Эссен шағымдаған. 1828 ж. 16 көкекте П.К.Эссен ханға: Сіз ішкі орданы “Меньшая Киргиз-кайсацкая Орда” деп бұрынғыша атайдыз, одан да “Внутренняя Букеевская Орда” деп реcми атандыз деген. Ал халық өзінше “Патша әкімшілігі қазақтың ішкі ісіне көп араласпаған, тек мұддесін қорғаған. Содан хан ішкі ел билеу, сот, жер мәселелерін өзіні мұддесіне қарай атқарған. Бұл қасіретті, әлі ұзақ өңгіме. Сыйтіп, хав патшага жағыну арқасында бірталай еркіндік алды. Бірақ ел мұддесін пайдаланбай, өз карабасының баюына құлданғанын проф. Қасымбаев Ж өз кітабында айқын жазады. 1825ж. ақпанда губернатор Жәңгір Шығай үйін ол жерден әкетсін, болмаса терезелерін суарып алындар деген. Кешікпей казактар келіп құштеп көшірген. Бұны хан біледі.

Ал Орда әкімі: “Иісі қазақта бірінші рет Жәңгір қала салған”, дейді. (45:17) Сонда Алматы, Тараз, Түркістан т.б. қазақ қалалары емес де? Тіпті Жайықта Сарайшық т.б. барғой! Үйсітіп, чиновниктер популистер оқырманды, ел басында шатастыруда. Бұндай жалған, не бұрмалауды зерттеп, анықтап, түсіндіретін ғылыми мекеме жоқтығы өкінішті. Ал біздің маманның мақаламызды, “Егемен Қазакстан”, “Ораң өңірі” т.б. жарияладайды. Сонда оқырман тарихи шындықты қалай біледі.

Хан өз халқына пайда қандай келтірді? Евреинов А., Хруzin A., Хруничев С., Бабажанов С. т.б. патша авторлары еш дәлелсіз, Жәңгірді “жер – көкке” тигізбей мақтай жазған. Алекторов А.Е. Ишкі тарапта

Лағаш мектеп ашқан Жәңгір жөне ол басқалары да 1840 ж.ж. орысша шақырды дейді. Бұл насиҳат қой. Қазақ жерін мұсылман мектебі болғанын, жеке мектепте, Бөкей Өтеміс т.б. балалары оқығанын тоғарыда айттық. Ал ресми түрде Үкімет казактан кадр дайындау үшін Орынборда Кадет корпусын ашты, ол Кіші жұз шаруаларынан жыл сайын жиналған 50 мың сомға ұсталды. Орын танудан қашқан ағайынған балаларын бере қоймады. ОШК Жәңгірді үгіттеді, ол 1833ж. Үлқарнайын Мақамбетпен Орынборға жіберді. Сонымен бұл училище қазақ жерінде қазақ қаржысына салынған, қазақ қаржысына қазақ балаларын оқытқан алғашқы қазақ оқу орны емес пе?

Тарих ғылымының пайымын білмей, өлкеганушылар сөзімен белгіста: 1841 ж. 6 желтоқсанда Орда да тұнғыш қазақ мектебі ашылды” дейді. Біріншіден, біз бұл қазақша мектеп емес, жекениң, үйіндегі орыс тілін оқытатын 20 шақты мұсылман мектебінің бірі дедік. Онда араб, әрсі, татар, орыс тілдерін, іслям ілімін оқытатын бастауыш білім ғана береді. (:19) Осындай белгілі жайға кей азаматтар “құлақ аспай” үшіндаушыларын шатастырады. Сондай-ақ, хан қазақ жастарының Ресей тоғарғы оқу орындарына түсінуіне жол ашты деп, мысалға XX-ғ-да асаған. F.Мұсағалиев Мысыр университетін бітірген десе, (47:49) Ордадағы мектепте орыс, қазақ тілінде сабак оқытылды деп дәлелсіз, етірік жазады (47:49). Өйткені қазақ жазуы (алфавиті) жоқ елде, қазақ тілі оқытыла ма? Сосын, Жәңгір мектебі Орда да емес, Тарғында, жаңа салынған, жарық үйде 6.12.40ж. ашылды деп ханың кеңсе бастығы Матвеев жазады, өзі ішінде болды. Бұл мәлімет қате болмас. Тағы бір тәй, Ресейге ұлықсатсыз ешкімде бара алмайды, тек Жәңгір ғана шашаның ізімен Мәскеуге жи барған, өзін көрсету үшін орыс басылымдарын пайдаланған. С-Петербургтегі “Северная пчела” 1826 жылдан хан туралы жазған. Ал басқа мұсылман мектебінің, не азаматтың өзін-өзі жария (самореклама) қылыш, мақтанатын мүмкіндігі үзіде болмаған. Ішкі тараптағы орыс, татарлар оларды елемеген. Тіпті С.Бабажанов мұсылман мектебінің жақсы тұсын көрмей, 4-5жыл қығанда жазу үйретпейді деп кінәлаған. Бұрмалаулар көп қайсы бірін қазасын. Ал Жәңгірдің аптека, ветлаборатория, музей, архив ашқандығы туралы еш құжат жоқ. Сірә бос сөз. 1839ж. Жәңгір Орынборға үйімде мектеп бар, сонда орыс тілін оқыту үшін кісі ғаберуді сұраған. 1840ж. желтоқсанда В.Ольдекоп – Мәскеу университетін бітірген ветврач келіп, өрі мектепте сабак берген. Мүмкін

сол лаборатория құрады деп мактанды. 1929 ж. хан е
карусыздандыру үшін қолдағы қаруларды жинаған, содан төүірін
алған. Келді-кетті қағазды тіркең, жауап жазатын Бекей кезінен ке
болған, Жәнгір писарълардың санын көбейтіп, менгеруші жолда
Оларға жалақы 650 сомнан, елден жинаған, менгерушіге 3000-6000
сомнан. Өзі де, атағын жаю үшін, Ресейдің белгілі адамдарынан
жазысып тұрған.

Біреулер Жәнгір Нарында ағаш отырғызып арман шаруашылығын
іргесін қалады – деп дәлелсіз жазады. Біз жоғарыда Нарынның 1
бөлігі орман дегенбіз. 1827ж. Ордада болған сенатор Энгель Нар
орманмен жабулы (“покрыто лесом”) және оны аяусыз отауда – деге
“Окымысты” хан орманды қорымады. Ал Ордада жұмыс істеген. (184
50 ж.ж.) А.Ереинов “Нарында орман болған, ол 1850ж. тек томарла
қалған, - дейді. (48:10).

Міне біз Жәнгір хан атқарды деген жұмыстардың жалғанды
көреміз. Талаптанған кісіге бұның бәрін тексеріп анықтауда киын ем.
Проф. Қасымбаев Ж. ханның көптеген кемшілігін атай келеді де, кен
бір жағынан, елді басқарудың тозған түрін консервациялауды (сақтау
И.К.) жалғастыруға тырысқан күштер кимылдады, екіншіден, “Хан м
сыбайластары Орда да, жаңа қоғамдық катынастар орнатуға бар кү
жұмсады”, - дейді (49:68). Ал ол қандай басқару түрі, қандай қоғамды
катынастар екенін атамайды. Осындай түсініксіз, екі жакты, айналы
пікірлер бүл авторда көп оның бәріне түсінік беру – көп жұмыс. Б
мақалаларымызда көп мәселегес ғылыми, дерекке сүйеніп түсі
бергенбіз.”

§3. Ханның жебірлігі және оның зардабы.

Біз шаруалардың наразылығы туғызып, саяси белсенділітін арттыруға басты себептер деп отарлық езгі, жер тапшылығы дедік. Келесі себеп-ханның үзіліссіз алым-салық пен салымның (повинность) санын, көлемін көбейтуі. Зерттеуші Қасымбаев хан салығының 20 шақты түрін атаған, бұда толық емес. Алым-салық жинау қазакта болмады деген хате. Кіші жүзде XVIII-XIX ғ.ғ. соғым, зекет, пітір, құшыр т.б. жинау болған. Бұл наразылық туғызып, салық жинаушыны сабау, өлтіру болған. Ол өз алдына әнгіме. Ал Жәңгір бұны өзінің бауы, өттаршының қажеті үшін жинаған. Өлкетанушы Ж.Ақпай А.Харузиннің: Жангир “всегда входил в интересы народа”, - дегенін (50:198) Сөзбе-сөз көшіреді. Бұл хате хан. Салық алым мөлшерін өзі белгілеғен, есебі сақталмаған. Орынборға т.б. шынын айтпаған. Мысалы, соғым 10 бай мен 5 кедейден біреу, зекет 40 қойдан 1 қой деген. Бұдан ол халық мұддесін ойламағаны көрінеді. Шындығында өлде қайда көп. Бұдан ол халық мұддесін ойламағаны көрінеді. Соғымнан 420 мыңдан 700 мың сомға дейін акша, 500 түйе, не жылқы жинаған. 2. Зекет 1830ж. 82000 сом жиналса, 1844ж. 930 мың 185сом. 3. Хан кеңсесіне – 1500 – 3000 сом, 4. Писары 10-12 адам 450 сомнан халықтан алған. 5. Шабармандар – 15 кісі, оларға ат киім, жалақы әр рудан төлеген. 6. Хан үйнен кызметкер - әр рудан киім, ат, жалақы. 7. Кеңсе бастығына 3000-6000 сом. 8. Дау шешу үшін депутат болған, олда сол ру есебінен. 9. Салық жинаушыға 700 сомнан дейді бірақ олар білгеннін істеген. 10. Емшіге – 428 сом, 11. Ветеринар – 700 сом. 12. Рубасы өз білгенінше. 13. Ауыл, ру бөлімі билері де. 14. Почтамейстер – жылына 600 сом. 15. ОШК нұсқауымен Камышин т.б. Жасқұсқа, одан Тинянскийге почта жүргізген Черноярдағы почтаны ұстаушы 5 жылқы, 50 қой алған. Сондай мөлшерде Каракөл, Шоқай, Жасқуста почта станциялары алып, арнайы салған үйде тұрып, шабындық, көлік, арба, жегу әбзелі т.б. жабдықталған – деп жазған хан. 16. Попқа 2 жылқы берген. 17. Қыста тебіндегі жылқы қосынан 2 жылқы, 18. Базарда сатылған 1 бас малдан 2 сом. 19. Құзде әр үй 2 түйе жүк пішен әкеліп береді. 20. Ханға сый деп әр үй 1 түйеден. 21. Ауқаттыдан ұзындығы 3 сажын ақ киіз. 22. Саудагерден неше түрлі алым. 23. Жабағы жүн – 5 пуд, не 20-25 сом. Молда ұстау ауыл мойнында. 25. Пітір. 26. Құшыр. Бұл мәлімет көбі шаруалардың арыздарынан алдық. А.Рязанов хан 1830ж. сомға 2000

сиыр. А.Харузин – 4000 бас жылқы жинаған деп 1836ж. 18000қой, 800 өгіз, 1000 жлқы, 700 түйе жинаған (51:669) дұрысы. Бұған біз көрші орыстар барып жұмыс істеу үшін ұлы қағаз – билет, айна 50 тыыннан жиналатынын қоспадык. Бұл жылдана 50.000 сом жинап, ОШК ұстауға жаратылады еken. Хатшаша барып деп елден “Жылу” жинаған және жыл ара, не жыл сай астанаға не “сыйлық” жөнелткен. Профессор Қасымбаев Жәнгір патша қызметкерлерімен қатынасынын бірталай сырын айтқан. Олар да “құр қол” бармайды ғой. Ханның елден басқа да алымдары болғанда қайсы бірін тізсін. Мысалы, Тарғын өзенінен ескі тоғанды арши кеңіту үшін елден көлік, арба, жұмыс қолын т.б. жинаған. Хан тоғанды, оған 6000 сом жараттым деген. Ондай сомға тоған салына мемлекеттің ғана 6000 сом жараттым деген. Біз почтаның Жасқұстан Берілі, Ұялы арқылы Глиннянге баратынын жердегі Масқар, Төлеңгіт рулары ауылдарына жүктелген тәптештемедік. Бұнымен қатар Орал әскері қазақтан малын жайға үшін, Теңіздегі помещиктер жағалауда қыстағаны, мал жайғаны үшін арендаға ақша, мал төлегенін еске салайық. Ханның “қонақ асы”, “ханның үш асы”, “тұяқ” т.б. болған. Хан алым асылқың мөлшері санын жасырган. Астрахан губернаторы сұрауына Жәнгір “соғыс карамағындағылардың хан үстеліне әкелетін сиы, “ол әр шаруан хөліне қарай сұлтандар, билермен жиналады” – деген. (52:20) Соғыс көбіне кқашалай алғынды, әр жылқы 40 сом демей, 70-100 сом алғын Бөкей Ордасын басқарған Уақытша Совет (Б.О.Б.У.С.) қызметкесі Ващенко: “... соғымға деп кей жылдары 6000 сом қоса алған”, - деген. (53:33) Ал Иванин М. “10000 сом жинаған”, - дейді. (54:1) Бұның бәрі толық мәлімет емес. 1827, 1829 ж.ж. көтеріліске қатысқан Қаратогай Мәмбет ұлы (алаша р.), Фаббас Қошайұлы (Ноғай - қазак) т.б. Орынборға 1840 ж.ж. ханның елден әлі де кеп алым-саль жинайтынын, оның санын, мөлшерін, жинушыларды жазған. Мысалы Беріш руы 34 ауыл, 151 соғым, Алаша 22 ауыл, 92 соғым, Байбакты руы 33 ауыл 100 соғым, небәрі 12 рудан 770 соғым алды, - деген (55:48). Төрт ру мәліметі жок, сұлтандар, хожа, молдалар, дарқан салын төлемеген. Фаббас 11.12.1842ж. шағымында хан жыл сайын елдең ақшалай алым (сбор) жинағанын, мысалы, Шеркеш – 50000 сом, Ноғай – қазак – 40000 сом, Қызылқұрт, Алаша р – 30 000-нан, Адай, Жетіру Тана, Кете р. – 25000 соманан төлетіп, 410 000 сом алған. (56:18) F.Қошев т.б. зекет салығы мөлшері, сомасы туралы әр түрлі мәліметтер жиналған.

Бар көбіне әдейі кемітіп берген. Жоғарыдағы мәліметтерді жинақтай, әрделей келіп, хан тек зекеттен 1млн. сом соғымнан да сондай пайдаланғаны көрінеді. Басқа алым, салық салым, жылу жинау халыққа 2 млн. сом шамасы зиян келтіреді деуге болар. Тек мал өніміне ғана нелткен халыққа бұл тым ауыр жүк. Хан өз халқын өзі аяусыз заған.

Жәңгірдің келесі жігерлі шұғылданған жұмысы – сауда. Бұнымен Бекей, Шығай т.б. сұлтандар, билер, байлар, тіпті хожа К.Бабажановта шұғылданған, бірақ олар халықты Жәңгірдей өз халқын өзі өрескелінамаған. Ханның сауда, несие беру, алыпсатарлық т.б. қаржы операцияларымен құйтырқы жұмыстарын проф. Қасымбаев Ж. бір шамағын, дәлелді баяндап, Жәңгір, “саудамен өз халқын тонаған” деп шырым жасайды. (57:93) Хан ауқаттыларда бір-бір түйеден көлікке ғана алыш, Сарытау, Аштарқан, Іариқын, Теке т.б. базарларында сауда. 1827 жылдан орыс, татар т.б. саудагерлер Жасқұста жәрменеке шын, тұрақты сауда орнын белгілеу туралы мәселе көтерген. Ақырынбор 1831ж. жәрменеке ашуды қолдап, сауда орындарын т.б. қажетін ғана қаржы бөлген, құрылышты мамандарын жіберген. Жәңгір бұларға ғылаушы болып шыға келген. Жәрменекеде хан өзі болып, әр бір шылған майдан 1-2 сом ақша алған. Мынадай құлқілі жәй халықтында сакталып, бізгге де жетті. Бір шаруа ішпей-жемей 2 түйені шын, сатуға жәрменекеге әкеледі. Бір уақытта қасынан үлде мен шынеге оранған екі келіншек етіп бара жатады. Шаруа өлгілерге қарап шын ашып шіркін-ай, мына келіншектің, мықынына қолы жеткен тітің не арманы бар екен, - депті-мы. Бұны тыншының біреуі естіп, шынажан базардағы ханға жеткізеді. Хан өлтіріп бишарапын шақыртып шын, сен Фатима ханымға тіл тигіздің – деп айыпта, айыбына 2 шынан тартып алышты. Жәрменеке ханның табыс табу көзінің бірі шылған. Жәңгір жоғарыда аталған қалалармен сауда жасап, олардан шын, құрал-жабдық т.б. әкеліп елге саттырған. Сейтіп хан шынрабасының баюы үшін қызмет істеген. Жерсіз қалған, алым-салықтан шынтуалар Жайық сыртына көшіп қаша берген. 1820ж. ішкі тарапта 13 шынан астам шаңырақ болса, 1830ж. 10.350 шаңырақ қалған. Мал саны шын азайып 4,6 млн. бастан 2 млн-дай қалған. Мал шығынын жұттан, шындықтың бораннан сақтау қамын ойластырмаған, яғни малды ықтыны, шынні бар жерге жайғастыру шарасы істелмей, 1827ж. 120 мың бас мал шынға үшырап, ығып, далада, не орыс селоларында жоқ болғаны

белгілі. Теңіз жағалауын заңсыз иеленген помешіктер Бекей, Шыған кезінде қыстауга, жайылымға аренда алтып дәнігіп, оның мөлшерін түрін көбейте берген. 1824ж. қазак сұлтан, билері осы мәселені ханға жазып, көмек сұрап ,ді, ол губернаторға хат жазумен Сары, Қара өзендер аралығын, Самар қолдерін Орал әскері тартып алыш еді, оны шешүге де белсene араласпады. Астанаға талай барып, сановниктермен ауыз жаласып жүргенде бұл екі өзекті мәселені шешуді қоймаған баспасөзге де айтпаған.

Жәнгірдің ішкі тарап шаруашылығы мәселелері мен шұғылданғаны жөнінде архив құжаттары кездеспеді және бұрын, соңғы зерттеушілерде, популистерде атамайды. Соңда хан халқына қандай пайда келтірді? Соңда да күмәндандыш үшін Бекей ордасының XIX ғ-ғы тарихы, Жәнгірдің қызметі дәйекті зерттеліп, деректі баяндалуы объективті баға берілуі жөн.

Сонымен біз Жәнгірдің алғашқы он жыл қызметіне шолу жасадық хан қызметіне баға беруді оқырманның билігіне қалдырыдық. Біз әлі де бұл мәселеге оралармыз.

Бұл он жылда Мақамбет қайда болғаны, не істегені жөнінде толы мәлімет кездеспеді. Жоғарыда айтылған оқиғалар сөзсіз оның көз алдында өтіп, көзқарасын қалыптастырыды. Болған оқиғалардың бірқатарын түсінсе, көбін жастық пен түсінбеуі де мүмкін. Хан ордасына қашан келгені де белгісіз. Бірақ оны Ордага келуіне себеп оның ақындығы, өншілігі, домбырашылығы, шешендігі екені сөзсіз. Өйткені басқа адам онда тұрақтамаған. Осы, 1830ж.ж. шамасы үйленген. Кей автор Мақамбет сақая келе, 1834ж. үйленді дейді. Бұл дерексіз әңгіме, делбар. Жаңақала ауданында Мерген, Бірәлиев... Сеитов, Аманғали Қанатов т.б. Мақамбеттің қайны Байбақты рұы Дауымшар атасының Бірәлі Есейұлы деген, атында атады. Атырау Пединститутінде істеген Қасен М.Есмағұловке маған бұл сөзді растаның қызыдың есімі Айғанша деген. Оралдың Фурманов ауданында “Айғанша” деген жер бар, бұл Бірәлінің бір тұрағы. Айтушыла Айғанша жасынан пысық, өнерпаз, қуатты болып, жылқы баққа дойыр, сойыл жақсы менгеріпті. Бұл мәліметті кітап жазам дегесін. Эбуталиповке беріп, едім, оқсата алмады ғой. Мақамбет пен Айғанша 1825-1829 ж.ж. арасында табысқан болар. Көриялар екеуі үйленген Айғанша қайтыс болған дейді. Біз Алматы архивіндегі 4 қордан келген кеткен қағаздар тізімі журналындағы 1832 ж. 21 тамызда Жәнгір

Бекеевтің катынас қағазында: “Мақамбет Өтемісов Әжмәмбет Досалиев дегенді қалып мал үшін тұрлі нәрселерді беріп қанағаттандырыды”, – деген қысқа сейлем бар. Сонда Мақамбет Ә.Досалиевтің үрпағын іздеу керек болды. Сонда ақын 1831ж. не 1832ж, басында тағы үйленген болады. Мақамбеттің балалары туралы Т.Боранғалиев тағы долбар айтады. Оның мақаласындағы долбарға түсінік берейік десек. “Егемен Қазақстан” газеті соңғы жылдары жазылған мақаламызды жариялады, пікір алсысуға жол бермеді. Автор Мақамбеттің “Жалғыз ұлым Макмұт, Бекетай құмда ода бар” дегенді жоққа шығарып, Макмұт оның баласы емес депті. Әдетінше, дәлелі жок. 1859 ж. тізімде Макмұт 25 жаста, Өтеміс жанұясы тізімінде жазылған, ал, 1861 ж. тізімде бар. Көриялар оны аталыққа (шежіре) Мақамбеттің баласы деп жазған. Бұндай мақала зерттеу емес, ұлы Мақамбетті кемсіту. Ешбір дәлелсіз Т.Боранғалиевтің Мақамбетті “батыр” деуге қандай қақы бар? Батыр атағын ісіне қарай халық берді, жадында сақтады. Редакция Ұлы Мақамбеттің аруағын, халықтың ниетін силауы тиіс қой! Бұл Мақамбеттің халық алдындағы еңбегін жоққа шығару. Сөз бостандығы, демократия деп ойына келгенде жариялай беруге бола ма? Бұл казаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса, - фой. Халықтық этиканы сақтап үйренейік. Ол бір заман тым қыын болды, Өтеміс әuletінің бытшыты шықты, әке баладан, әйел ошағынан айырылды. Мақамбет жанұясын түгендеп үлгіреді, Нұрсұлтанды Жәміл Елемісұлы тауып алыш келген дейді. Ал оның анасы кім еенінде білмейміз. Сірө 1834-1835ж.ж. Мақамбет өмірінде құрделі жай болған, оны топшалашу қыын. Бәрі де ел ішінде хан бастаған ыланға байланысты шиеленісе берген.

Шиеленіс, наразылық тууының 4-ші себебі – хан, сұлтандардың, билердің, байлардың шаруаларды кандауды күшеюі, зорлық, қорлық жасауы болды. Құнықкан салық жинаулар шаруаның хәл, жайына карамай мал ішінен тәуірін алған, зекет соғымды бірнеше алуыда болған. Алым, салықтан құтылу, не азайту мүмкін болмайды. Шаруа ығысып Жайық аспақшы болады, бірақ онда да жеңілдік жоқ. Тіршілік көзі мал болғасын шаруа бар малының санын жазысып, кемітуге тырысуы да амалсыз іс. Теніз жағалауында Татан ұлдары деген зекет төлеуден бас тартып, мал санын жасырады. Бұны естіген осы өнірдің билеушісі Қарауыл хожа Бабажанов сол ауыл биіне әлгі шаруаларды дойырмен ұрып, жазалап, керек алым-салықты тартып әкеткен. (59:42). Ал байбакты руы Құшпен, Қара ауылдарына малдары үшін төленетін

ақша салығын жинауға барған сұлтан мен 2 биді әбден ашынғав шаруалар сабап, өлтірген. (60:1). К.Мәмбетұлы, F.Қошайұлы т.б. Орынборға жазған шағымдарында: хан тарапынан бізге жылсайын әртүрлі талау жүргізіледі. Хан әр руга 1-2 сұлтанды салық жинауға жібереді, ол олардың зияны ханнан да асып түседі. “Біз мұқташ болғасын салық төлеуден бас тартсақ, олар бізді сабайды және азаптайды, ол біз қарсылассақ бізді ханға сүйрейді, хан бізді шақырып алғып одан да қатал жаза қолданады. Біздерден түйелер мен жылқыны он-ондап өндірумен қатар, оның үстіне бір-бір ат, шапан тағы алады. Біз өз меншігімізге қожа болудан айрылдық”, - деген (61:21) Ж.Қасымбаев “Жангир обирай собственный народ”, - деп жүргені дұрыс, тек өзі бұдан дұрыс тұжырым жасамайды. Әйгілі профессор Бекмахановтың “ханско-султанская верхушка занимался произволом и насилием против крестьян” дегені шылдық. Тек патша авторларындей қазіргі әдебиетші журналисттер, өлкетанушылардың шаруа мұддесін қорғамай, тарихи шындықты жасыру оқырманды алдау ғой.

Біздің кәриялар халық көзінің тірі кезінде Жәңгірге жемқор, жебір Озбыр, сұрамсақ деп ат қойды деген. Ол раста болар. Әнес Сарай хан ОШК төрағасы Т.Ф.Генс пен дос болды деп дәріптейді. Дұрыс шығар Хан Орынборға Ішкі тараптағы түрлі қылмысты, даулы істерді төптештеу үшін тергеуши қоюды сұрайды. Генс бүндай істерді өзін терге деп Жәңгірге жүктейді. Сот ісінде де жергілікті патша әкімшілігі сауаттылық көресете алмады. Хан осыны пайдаланды. Ол ең наразылығын туғызыған көтерілістерден тиісті қорытынды шығармады. жебірлігін жалғастыра берген. Мысалы, кісі өлімі ісінде құн төлеуді қолданды. Бұл хан, билерге пайдалы еді. “Жеті жарғы” бойынша ер адам құны 1000 бас қой. 1829ж. кісі өлтіргені үшін Қарабеков дегенмен “құн” деп ханың өзі Шөке Н. 2000 бас қой алғып, өлген кісі жесіріне ештеңе бермеген. (62:384). Шөке сұлтан біреудің балтамен қолын шапқаң, байбакты Гсімбайдың кезін шығарған. Шаруаны соққыға жығу, жалқысын т.б. алу Шөкеге т.б. қалпіті іс. (62:385). 1834ж. Алаша руының азаматын төлеңгіт Фалиев өлтіргені үшін 2000 қой, 19 сиыр, 40 жылқы төлетеді де, оны хан, Шөке сұлтан, Алтай би бөліп алады да қазалы үйге 200 қой берген. (63:382). Сондай-ақ, Шүкіров Ж. деген Ш.Қонысбаевты өлтіргені үшін 2000 бас қой төлеген. (64:383). Бұндай фактылар тағы да бола тұрса да, баспасөзде белгілі болса да қазіргі

жетілдірілгендерлар жасырады. “Окымысты” хан Тәніш деген қызды жүрттың көйніце сабаған.

Ханнан сұлтандар, билер қалыспаған. Шаруалар ханға көрген көбірін айтайын десе Жәңгір қабылдамаған. Бұның бір жағынан шаруалардың шаруасын шайқап, тұрмысын күйзелтсе, екіншіден, тоғамда наразылықты өршітіп, қарама-қарсы екі топ пайда болуына әкелген. 1827, 1829ж. көтерілістер себептері де осы, бірақ одан хан, сұлтандар тиісті қорытынды жасамады. Біз жоғарыда айтқандай көдейлену көбейіп, бір қатары Жайық асты десек, қалғанының қөшетін алі болмай байға “қонсы” болған, көрші орыс байларына, ОКӘ офицерлеріне, балықшыға тұз өндірушілерге барып, болмашы ақыға жалданған. Оған әлі болмағандар “байғұс” аталып, Жайық бойындағы ОКӘ мекендерін жағалап, жолым үйлерін бекініс, форпост сыртына түпнұялған, казактарға жалданған, “... К линии подкочевывают одни бедные персы: сюда гонить одна лишь нужда, крайняя нищета и необходимость заработать насущный хлеб у русских”.. сосын:” ... персы постепенно русеют”, - дейді Щапов. (65:16) Не қайыршы болады. Бұл тұрмысты жазу тым қын. Қазақ баласын асырай алмағасын үнға, 25-50 сомға орыстарға сатқан. Бала аты, жөнін өзгертип, қристиан дініне кіргізіп, ата жүрттынан айырылған. Орал қаласында 1835ж. Сондай 67 қазақ баласы болған. Орынбордан Үйшікке дейін асылай. Құлдыққа сатылған қазақ балалары туралы архивте талай үндиған істер бар. Әнес Сарай т.б. бұндай жазбай, байғұсты “байғұс” деп, олардың әлеуметтік жәйін аша алмаған және олар орыстармен бірге түрған депті. Бұл жалған мәлімет. Әскери форт, бекіністерге қызметкісіздік кіргізбеген, кей жалшы жұмысын істеп, сыртындағы жатағына кітқан. Бұның бәрін Мақамбет көрген, білген. Содан болар, ол: “Аузыңкілі сары орыс, кімге зорлық қылмаған”, - деген.

Феодалдық қанау мен отарлық езгінің зияны, зардабы тым көп, оның бәрін түгендеп жазу аса ауыр. Неше түрлі жантүршілерлік фактылар. Мынадай оқиғаны еске салайын. К.Матаев (Табын) деген 17 жасар баласы 1824ж. жағалап Ілбішінге барып, өлер болғасын В.Харкинге барып, аулымызды орыстар шауып, дүние, малды талап, әкемді өлтірді, қызыр жетіммін, не істесе десенде көнегін, мені казеак әскери қатарына қызыз – деп жылаң, жалынды. Орыстандыруға құмар казактар оны өз шарына алады, дініне кіргізеді. (66:7) Тағы бір сүмдық, атаман Зонсов Д. қарулы командалын келіп, Жайық маңында егін егіп,

коныстанған Кердегі аулына келіп: 2 адам малымызды үрлаған, соң іздел жүрміз – деген. Бұл белгілі, өзір сылтау, ұрыну. Сол күні әл ауылды шауып, 18 адамды өлтіріп, 2-ін тұтқындаған. Егіншілер дүниес малынан айырылып, босып кеткен. (67:150) Орынбор губернаторы осының бәрін біле отырып, еш шара қолданбаған. Онымен қоймай кедейге қамқорсып, Ресейдің губерниясына аударып, несие, мал беріп орнықтырып, дініне кіргізген. Бұл орыстандырудың, казакты азайтудың зұлым амалының бірі кешеге дейін қалмады ғой. Бұның бірі көрінісі – болмашы кінө үшін айыптаپ, катортіге, не Сібірге жер аудару болған Бұның бәрі тәуелсіздігінен айырылған қазактың өркімнің тепкісінде болып, қор болғанының ашы көрінісі, кіслігінен айырылған. Әр бармай, біздің Теке қаласында 1815ж. 18 қазақ жалшы болып жүргендеге қожаларының қысымымен құзде Орал казак әскері қатарына алыңы деп арыз жазуға мәжбүр болады. Кешікпей олар балаларымен 28 адам казак болып, христиан дініне кіргізілді. Кожайының фамилиясымен Буренин Павел Петрович, Петр Аблаев, Григорин Иванович Сафрыкин, Иван Иванович болып аталды. (68:3). Орыстандыруда кедей қазақ балаларына түрлі қысым жасап, не алдаң, мұшқіл жайын пайдаланған 1812ж. Тама руы аташал атасының баласы Есболов Конысбай арыз беріп, “по бедности моей, без пропитания,” – дей келіп казак әскерінде алуды өтінген, “мәнгі қызмет атқарайын”, – деген. (70:1). Орыстандырудың тағы бір тәсілі жылы сөйлеп, қамқорси алдаң христиан дініне кіргізе берген. Сарыбай Есмурzin (Жаппас руы, алшың бөлімі) қдейліктен 14 жасар ұлын Степной бекінісі тұрғының жалшылыққа берсе бала үгіт пен қысымға ұшырайды, 100 сом беріп христиан дініне кіргізіп, Васильев Яков деген есіммен Верхне-Уральск уезіне жонеелтеді. (71:14) Ресей азаматтары қазакты, әсіресе балаларын арзан жұмыс қолы ретінде кеңінен пайдаланып, аяусыз қанаған, әсіресе 12-15 жасардағыларды. Таңат ұлы Айтас 13 жасында інісімен ауру анысын асыру үшін “Красный Умет” деревнясы орыстарының сиырын жазбай баққанына 30 сомға ғана алады. Тағы бір 12,15 жастағы 2 бала көрші селоның малын бағыпты. (:33). Титімдей бала түгелі үлкендерге орыстар арасында жұмыс істеу қауіпті, әр жәбірлеу, тілдеу, кемсіту, дәлелсіз айыптау, қорлау болған. Сенбеушілік, бәле-жала жабуда кездеседі. 1836ж. Теке қаласына жақын Рубеж өзені аңғарында 14 жасар Жолдыбаев Құттығали деген 14 жасар бала мал бағып жүрсө біреудің даладағы 2-3 мая пішени өртенсе, оны әлгі бала жауып, тұрмеге жауып.

Орынборға жөнелтеді. (60) Бұндай фактыны тағыда атауға болады. Қазақты азайтудың бір жолы – Жайыққа жақындағанды үстап, сottap, жер аударған. Байбакты руының 4 азаматы Нарыннан келіп Жайық өтпек кезінде ОКӘ-рі үстап, Теке қаласының әскери соты бәрін Архангельскіге жер аударған, көлік мұліктерін 8 сиырын олжалаған. Алаша руы Сары арысы, Әукетай аулының Тұрдығұл Рақмет (33 жаста), Қалдыбаев Бойдак, Өтебаев Құрман т.б. Жайық өтем деп колға түсіп, бәрінің көлік, мұлқін олжалап, өздерін Архангельскіге, Үркітке жер аударған. (:10) Қын тұрмыстан басын қатерге тігіп Әжібай, Чапай Сағыз ұлдары Жайыққа жасырынып келіп, балық аулап отырғанда колға түсіп, бір балық үшін көп азап шегеді. (:247) Корғаншысы жоқ, бодан ел азаматтары әлеуметтік дағдарыс зарпынан үстағанның қолында, тістегеннің аузында кте берген. Казак тептер болған, солдатқа барған татар, ноғай, қазақ ауыр жұмысқа, қорлыққа шыдамай қаша берген. Абдуллин Х., Абдіғапаров М., Негметуллин Ф., Григорьев т.б. солдат, казак болудан қашып келген. (:66) Ресейдің өз ішінде шаруалар, солдаттар билеуші, қанаушы топқа наразы болып, өлсін-әлі бұнг көтерген, не армиядан, помещиктен қашқан. 1825ж. декабристер көтерілісі болғаны белгілі. Бірақ Кіші жұзде әлеуметтік күйзеліс тым құшті болып, бала сатуға барған.

Бұл Кіші жұзден тараған құбылыс. Біз бұл екі территория халықтың үзір әлеуметтік жағдайын азаттық, тәуелсіздік үшін арпалысын талай жазып жүрсекте өлкетанушылар, әдебиетшілер халық қайғысынан гөрі хан, сұлтандардың жалған өмірін жаза беруде. Тіпті патша чиновнигі Е.П.Ковалевскийдің 1839-1840ж.ж. өз көзімен көріп жаны түршіге жазған қазақ тұрмысын қазіргі авторлар елемейді. Дегенмен тағы да есімізге алайық. Өйткені, оқиға Мақамбет жүрген, тұрган жерлерден суреттеледі. Біз – дейді Е.Ковалевский, - талай жалаңаш, ашықкан, азған, жәбірленген киргиздерді (қазақтарды) көрдік. Ол бишаралар калың, күртік карға сұықтан тығылып, немесе қамыс арасына жасырынып, қанғумен табылған терінің бір пүшпағын, не есімдіктің тамырын қорек стеді, - деп жазған (71). Иесіз, сусыз Үстірт жазығында әр жерде 2-3-тен аласа, ыстыған, жыртық, қазақтың ескі киіз, не шым үйлері, жер кепе, там кездесе берген. Бұларда қазақтың сайғақшылары тұрады еken. Оларда еш мал болмайды. Бұлар қазақтың ең жарлы тобы, киіктің көп жүретін жолының маңында тұрады. Олар киік жолын бағып тор құрады, не шұңқыр қазып оның бүркеп аңдаусызыда түсіріп, қорек

етеді. Сөйтіп, күзде жылдық ет жинап, кептіріп алады да, терісін киң төсем, төсек жасайды екен. Бір сайғақшы қарттың үйіне Е.Ковалевский кіріп қараса, төсекте жатқан кісінің көзінде ешбір өмір бөлгіс жылышы әжімдегі жоқ екенін кріп, шошиды. Үйде ешбір мұлік, ыдыс-аяқ, төсек жоқ. Басып қағып жүргендер көп болған. Үстірттің “Шың” адырында қазақтардың күнелгісі тым нашар екен. (:118) Бір қызығы, Шынәлие Көрім аттай 1927ж. осы Шындан келген кәрія Мақамбет толғаулары өмірін жақсы біледі екен, Орынборда бізге талай айтқан де-п сендіред Мұмкін, Үстірт, Шың мен Мақамбет талай жүріп, Қаразымға бардығын жолай әр жерде кідірген болар. Қайтарда 1839ж. басында хатты Мақамбет осы маңдан жөнелткен. Бұлардың ішінде Жәңгір Балмағанбет сұлтаннан т.б. қашқандарда болар. Е.Ковалевский барынтының ауылдар арасы қатынасымен саудадағы зиянын жазған Сонымен, патша үкіметі, оның жергілікті өкімдері, Жәңгір халық Баймағанбет сұлтан Кіші жуз жұртында сауатсыз, халық мүддесін қайшы саясат жүргізіп, қоғамдағы шаруашылық дағдарысын әлеуметтік күйзелісті одан әрі өршітіп, тек өз мүддесін ойлап, қоғамға ауыр зардабын тигізді.

III – ТАРАУ

Ішкі тарапта ежектесудің қалыптасуы.

Шаруалар шайқасы.

§1. Ылаңның басталуы.

*“Қара қазақ баласын,
Еш уақытта налытпан”*

Макамбет

Макамбеттің Жәңғірge: “Хан емессің ылаңсын, Қарашибар жылансың” деуге негіз бар екенін біз жоғарыда көрсеттік. 1832 жылы басталған жерді сату, біреудің жерін сыртынан басқаға сату жалғаса келіп, шаруалардың ертегі күнге деген сенімін кеміте береді. Жерді сатып хан шаруадан бір алса, ол жердің шекарасын көрсетем деп Мендігереj Бекеев т.б. тағы мал, ақша, шапан т.б. алған. Ал хан, сұлтандар, Балқы, Шомбал, Қарауылхожа, Жанбөбек Бекқалиев, Тоғым Шығаев, Шотқара т.б. сұлтандар, билер, байлар бірнеше жерден алған. Мысалы, Қарауыл хожа Бекетай күмында, Теніз жағалауында Кокарев хордоны қасында т.б. жерде ағаш үйлері, жайылымы, қыстауы болған. Жанбөбек, Шомбал, Балқы біде бірнеше жер болліктері бар. Ал Исатай, Мақамбет, Тінәлі, Қалдыбай, Үрсалы т.б. жерсіз қалады. Бұл наразылық туғызды дедік. Тек Исатай ғана 25 жыл жайлаган қонысынан айрылғандықтан дауласып жүріп 1834 жылы Шеркеш руының жері Манаш күмындағы Мыңтөбе аумағынан жаңа қоныс алады. Ал басқалары жер ала алмады. Бұрын хан алымсак алым-салықты шектен тыс көп алады деп бас көтерсе, енді шаруа оған ашық бармады. Бірақ билеушілер қанауын күшайте берді. Шаруалар амал жоқ өуелі өз үйінде ві корғанған, наразылық білдірген. Солардың алғашқысы Исатай болса керек. Мақамбет “Тайсойғандығы толғауында: “...

Мына отырған Иса-екем,

Төрт-бес жылдай алысып,

Ханның бір тауын қайтарған”, - дегі 1838ж.

Басында. Ақын шаруалардың хан, сұлтанға қарсы бас көтеруінің мерзімін айтып отыр. Зерттеуші А.Рязанов өзінің кітабында Исатай бастаған козғалыс 1834ж. басталды деген. Бірақ ашық қарулы бас көтеру туралы нақты мәлімет, құжат атамайды, біз де кездестірmedік.

Жалпы наразылықтың басталуын айтқаны болар. Бұл дұрыс. Жөн жерді сатуды ерте, ұлықсатсыз бастаған. Масқар руы М.Аллајаровке “Бөрліден” 1825ж. жер беріп, 40 қой, 2 ат, 2 түйе, 3 шапан, 100 салған (1:619). Шаруалар нарызылығын, тіпті шаруалардың бағынбек фактыларын көре біле тұра Хан, Мендігерей, Қарауылхожа, Жанбебек Беккалиев, Тоғым Шығаев, Шөкө т.б. сыйбайластарымен бірге озбырлығын жалғастырып, жағдайды ушықтыра береді. Ханның жұмысымен таныс полковник М.Иванин: “...Жангир распоряжало землею как своею собственностью и выдавал ярлыки на крупны участки”, - дей келіп, бұған наразылар: “...әуелі генерал Перовский шағымданып еді, бірақ ханның жақтастары олардың талағына қанағаттандырмады. Олардың шыдамы таусылып, Орданың онгустігінен хан жарлығымен берілген жер бөліктегіне ешкім жібермеді: бұны бунт деп Исатайға ілескен киргиздарды бағындың үшін казак отрядын жіберді” – деп зерттеушілердің назарынан тыңалған кейбір жайлардың бетін ашады. (2:187) Ә.Сарай хан Гениспен дос деп дәріптейді, Иваниннің хан жақтастары деп отырғаны осы Г.Гев болар, ейткені ол көтеріліс себептерін білсе де, шынын айтпаған Екіншіден, Теніз жағалауындағы жер бөліктегіне бұрынғы иелері хан берген жарлыққа қарамай, басқаны жолатпаған. Соның шіндеге Исатай т.б. болып тұр. Үшіншіден, Мақамбеттің: “Қиғаш үшін қандастың Жайық үшін жандастық, Тептер үшін тебістік, теңдікті малды бермедин тендіксіз жайға көнбедік”, - дегені Қиғаш, Жайық (Кіші) “Тептер” – үшінен Исатайдың т.б. 25 жылдан бергі қонысы еді. Сол үшін хан адамдарымен арпалысты. 1834ж. Исатайға ханның Манаштан қоны беруі де осы арпалыс нәтижесі. Казак отрядымен жандасу 1833 шамасы Қиғаш өзені өңірінде болғанда, Исатай бұны асқындырмай парасаттылықпен шешкен болып отыр. Беріш, Айғана, Қаракөбек Жұмағазы т.б. билердің Исатаймен араздасып, арыз қууы осы жер үшін Олар осы жерде қалып, Исатайдың ағаш үйінде қалған мұліктегін тона берген. Хан қылышына наразылық Қамысты-Самар, Сары өзен бойында Жаманқұм, Бекетай, Жиделі құмы т.б. жерлерде де болған. Опасыз хан біреудің жерін екінші кісіге сатуын жалғастыра берген. Ішкі тарауда шаруаларының наразылығын қанаушы тап түсінбей, озбырлығын жургізе береді. 1834ж. князь Юсупов қазақтардан Теніз жағалауын қыстағаны үшін 7000 сом өндіріп, 100000 бума қамыс шауып, жинаған беруді талап етті. Исатай осы жұмысты істегені, борық тартқаны турады.

әңгіме бізге де жетті. Ал осы жылы граф Безбородко үшін деп Қарауыл хожа 2000 тоқты жинады. 1835 жылғы елдегі шиеленісті кезде де Қарауыл хожа теңіз жағалауындағы қазактан тағы да 10000 қой жинап, оның 9000-ын сомын өзі алған. (3:1) Халық қит етсе “айып” төледі. Билемші топтың азғандығы сонша Беріш руының басқарушысы Балқы Құдайбергенов шай-секерімे деп қарауындағылардан ақша жинаған. Онымен коймай, Балқы соғымға деп бір-бір қой, қонақтарыма деп ауыл билерінен тағы 5 сомнан ақша алған. (4:303) Қарауыл хожа одан әрі кетіп, ханнан келген билерге деп 1835ж. әр үйден 2 қазы, 2 шұжық, 2 сом ақша жинаған. (5:2) Оның үстіне шай-секерімे деп тағы 6 сомнан жиналды. Ал хан өкілдері жүрген жерінде әркімнің малын шімірікпей үйдап кете берген. Хожаға келген Сегізек, Бекболат деген билер Мақамбеттің бір атын, Әлібай Тайманұлының сирын өрістен әкеткен. Алаша руы басшысы Жанбебек Беккалиев, Адай руы басшы Тоғым Шығаев, Байбақты рубасы Шеке Нұралиев, Ысық рубасы Мендігерей Бекеев сұлтандар т.б. осылай талаумен ел үстінен қүнелткен. Бұдан әретініміз ауыл билерін ру, оның бөлімдері басшылары аяусыз қанаиды скен. Ауылдың көбі 10-15 шаңырактан құралған: кей ауыл 100-300 шаңырак, бірақ көпшілігі 10-20-дан. Бұл саяси бөлініс әлеуметтік дифференсацияны жасырып тұр. Билер кастасы 2 топқа белінгені байқалады: ірі феодалдар мен орта, кедей шаруалар. Қаналушылар соңғы екеуді. Бұған қоса сауда ісі ірі билердің сұлтандардың, хожалардың, байлардың қолында болып, шаруаны қанаудың басты бір шрафы (рычаг) болған (6:13) Бұның бәрі қазактың европа еліндегідей қысымға түсіп, алым-салық, салым (повинность) айып (штраф), алымсатарға, ірі байға “өмірік” т.б. төлегендігін көрсетеді. Бекей кезінде-ақ ақша айналымы дамып, Жәңгір кезінде одан әрі өрістеген. Сонымен жерді тартып алу мен алым-салыққа қатарласа түрлі салым көптігі шаруаларды титықтатып, мал, дүниесіне ие болудан қалады. “Суға кеткен тал қармайды” дегендегі өзі шаршап жүрген ел үстіне Жәңгірдің Зұлқарнайы келіп, қызырады, теңіз маңындағы билер шағым еткен болар, ол 1835ж. жазда билерді жинап, ішінде Исадай бар, жиын өткізіп, 11 жасар сұлтан әліне қарамай: “Қарауыл хожа орнынан зластатылады” деп сендіреді. Әкесінің жылпыстығы баласына да жүққан гой. Артынан Исадай Зұлқарнайға хат жазғанымен аяқсыз қалады.

Осы бір киын кезенде туған Мақамбеттің үш өлеңі бар: Исатайдын хан сарайынан кеткенде Мақамбеттің Жәңгірге айтқаны, 1834-1835ж.ж. хан патшаға сыйлық жіберген кезде туған Мақамбеттің, “хан жағынған патшаға” деген өлеңі жөне белгілі. 3-шісі: Мақаңның Ордадан кетерде Жәңгірге:

“...Хан емессің касқырысың
Қара албасты басқырысың
Хан емессің ылаңсың
Қара шұбар жылансың,
Хан емессің аянсың,

Айыр құйрық шаянсың”, - дегені Жәңгірдің

тарихи, саяси портретіне дәл келеді. Бұны батыл әрі шешен Мақамбеттана айта алады. Мақамбет қарабастың қамы үшін жүрмеген ерекше адам. Оның шаруа қуса ептілігі, ұңғыттығы, тіл білуі кісіге жанаса білуі Жәңгірден басым болмаса кем емес. Бірақ, аз өмірінде көпті көрген “түйгегі мол” азамат өз өмір бейнесімен (образ жизни) халыққа қызмет етуге бейімделген жөне канша қиналса да сол бағытынан таймаған, өзін де, өзгені де ұлы арманға жетелеген. 1834ж. 9-маусымда өз аулына би (старшина) болып, хан бүйрыймен тағайындалған Махамбеттің да хан сарайында болып, елдегі шиеленісті болдырмауға тырысқаны жоғарғы өлеңнен көрінеді.

Жәңгірдің сезіне сенсек, ол губернаторға Мақамбет осы “бұліктін басында жөне соны ұйымдастырушысы деген. Олай болса хан Исатайға жана қонысты, Мақамбетке би лауазымын 1834ж. қысталан жағдайда беруге мәжбүр болған. Бірақ бұнымен ежектесу тоқтамай үстем тап зорлығын тимаған, 1835 ж, шиеленіс жалғасқанын айттық. Күзінде Исатай, Мақамбет, Уса Төлегенов, Қалдыбай Косаяков т.б. ханға Қарауыл хожа үстінен шағым жазады. Ондағы фактілердің бір қатарын біз жоғарыда жаздық. Хан жәйді түсінбеді, зорлықшыларға хат мазмұнын айтқан. Бұл билеушілер мен шағымданушылар іргесін одан әрі ашып, өштестіреді. Ханға арқа тіреген билер Исатаймен үндес шаруаларға ашық шабуыл жасап, дүние-мұлкін тонап, өздерін “арызқой” деп жәбірлеп, өлтіреміз деп коркыткан. Бұл хан, сұлтан бастаған ылаң еді. Өз өмірізге қауіп тәнгесін, – дейді кейін тергеушілерге. Е.Жантөлин, - біз алыстағы Исатайға паналай бардық, - деген. Қаракөбен, Айғана, Төлеген Тыныштықов т.б. шаруаларға да корғануға тұра келген. Мақамбет бұл текектіресте басшы болған, егесті

бейбіт жолмен шешуге ұмтылған. Сол үшін Исадай т.б. атынан ханға, Орынбор губернаторына, ОШК-на, ОКӘ-рі атаманына мөлімдеме, шағым, петиция, арыз жазған. А.Рязанов Исадайдың ханға жазған қарының датасын шатастырады, қате пікір де бар. (7:20) Бұл белгілі тәсіл еді. Досы Ш.Жақсыбаевты осылай шақырганына барғанда ұстап, көнелткен. Патша өкімшілігінде айла-шарғысын аз да болса көріп, ғылғын Мақамбет Исадайды ханға жібермей қойған Осыны қүткен хан 17.03.36ж. Қарауыл хожаға қол жинап, Мақамбет пен Исадайды ұстап, өрдама әкел деп пәрмен береді. Бұл Исадайларға да жетеді. Истің шиеленісін көріп, қорғануға дайындалады. Қарауыл хожа қол жинап, 100 қарулы кісі Манаш маңына 25-наурызда келіп, Қиялы бейіті мансында орнығып, Исадай мен Мақамбетті алдаң ұстамақ болады.

(8:364) Манашта 200-дей жігіттер жиналып, қонысты айнала қоршап, малды ортаға қамап, соғысқа дайындалады. Хожа: Исадай ханға барсын, - дейді. Исадай Ордаға бару қауіпті, кісінді тарат, - деген. Бұл зұлымның қауіпті ұсынысы еді. Қарауыл хожа Исадайларды майданға шақырады Коршаудағылар 200 адам қорықпай майданға шығады, бірақ хожа шайқасудан тайынады. Исадайлардың айбары менеді, біраз сөзбен салғыласудан соң хожа масқара болып, шегініп кері жетеді. Хожаның ылаңы іске аспады. Исадай мен Мақамбет алғаш рет қарының тауын қайтарады. Бұл хабар лезде Нарынға жайылып, Исадай, Мақамбетті “батыр” деп қадір тұтады.

Халық республикасы

Мақамбеттің бастауымен “жүрек жұтқан” 200 жігіттің сойыл шоқпар, наиза, қылыш, қорағашпен қаруланып, кейбіреуі (Мақамбет, Жақия т.б.) сауыт киіп, (Мақамбет сауыты Орал мұражайында еді - И.К.) мылтық асынып, айбар шегіп, ашық майданға барғаны туралы хабар елге тез жайылып, жұртты таң қалдырып, үлкен ерлік саналады. Ханға шағым 1835 жылдың күзінде жазылады, ал хан жауабы 1836 жылғы 5 наурызда беріліп, онда Жәңгір Исатайды Жасқұсқа кел, дауды ақылласып шешейік, келмесең өзің кінәлі болғаның, - деп бопсалайды. Ханның қарулы қол жинауға қақы жоқ еді, сондықтан болған оқиғаны Орынборға хабарлауға қорқады. Содан Исатайға елшілер жіберіп. Ордаға алдырығысы келеді, бірак хан батырға сенбеді. Исатай ауылы жолай қосылғандармен Айдаралыда 10 күн болып, Мынгебеге барады. Бұларды қолдаушылар көбейіп 20 ауыл қосылады. Ереуілшінің ықпалы Самар көлдері, Нарын құмы, Сары өзен бойындағы ауылдарға тарайды. Сары өзендеңі алаша руы басшысы Жанбебек Бекқалиев сұлтанға, Ногай – Қазак Шомбалға қарсы қобалжу басталады. Сөйтіп тараңта жалпы қоғамдық қозғалыс басталады. Оны ең алдымен кедейлер, төленгітер қолдан, стихиялы қозғалып ереуілге қосылады. Шаменбай деген төленгіт өз қожасынан ат мініп, қылыш тағып қашып Ақхожа дегенниң ауылына келеді. Қайда барасың? – дегенге. Ол: Исатай, Мақамбетке барам, олар тендік өпереді дейді, мен де қатарға кірем, әйел алам, - депті. Хожа ауылы жабылып Шаменбайды тұтқындал, қамап қояды. Тұнде Шаменбай терезедегі темір торды бұзып, ереуілге қосылады. Ханмен сыйбайлас билердің ауылынан да шаруалар қашып, Исатай тобына қосылады. Қаракөбен Өтепов би қарауынан 14 адам және Адай руының Өтес би қарауынан 14 адам қашып Мақамбеттерге қосылғанын хан мәлімдеген. Адай руының Өтес бөлімінен 6 адам, Беріштің Токмақ бөлімінен 10 ауыл қосылған. (9:57) Сондай-ақ, Ж.Баяров, А.Жантоков, Төлеген Тыныштықов (қысқаша: Төлеген Т.-дейміз) билер қарауынан 100-ге жақын адам қашып, ереуілге қосылады, тізімі бар, Беріштің Тұрымтай атасын Төлеген Серекенов (жырау, кейін Мақамбет жырын таратушы - И.К.) 30 шақты шаруаларды бастап келген. Бүкіл Нарында қобалжу басталады. Кей шаруалар өздеріне зорлық істеген, ызасы өткен сұлтандар мен билерге қыр көрсетіп, шабуыл жасайды елден жинаған мал-мұлқін тартып ала бастайды. Бас

көтерген шаруаның стихиялы батыл қимылы жөнінде бай, билердің арыздары ханға құйыла бастаған. (10:32) Сүлтандар, рубасылар рапорт жазып, қарауындағылардың бағынбайтынын мәлімдейді. Озбыр Куаныш сұлтан 1836ж. 13 маусымда ханға Исадай мен Мақамбет төнірегіп көп шаруа жиналып, би, байға шабуылдайтынын жазады. Осы айда Ж.Бекқалиев 2 рет, Шөке, Медет, Төuke сұлтандар, Конажан Сарақов, Мұғабай Үмбетов т.б. билер шаруалар қимылы жөнінде ханға шағым еткен (11:13).

Исадай мен Мақамбеттің бұл стихиялы іске тікелей басшылығы айтылмайды. Бұлар өз қатарына келгендерді үйыстырып, шаруалардың жағдайын өзгерту, жазып пішен шабу науқанын өткізу, шабындық бөлу, кедейлерге жәрдемдесу жөнінде жиындар өткізіп, пікір алысады. Бұл ақылдасудың басты идеологі Мақамбет болады. Ол озырылыхқа қарсы бірлесе құресуге шақырып, үндеу таратады. Өздерінше келесі мәселелерді талқылап шешу үшін “Маслихат” деген жиынды үйымдастырады. Ел аузында “Мың төбениң басында күндө жиын” деген өлең сөзі содан қалыпты. Маслихаттың пайда болуы қазақтың ұлттық демократиясын қайта жаңдандырып, оны хан автократиясына қарсы кояды. Әр ауылдан өкіл қатысады шабындық бөледі. Маслихатқа әр ауылдан, қоныстан өкілдер қатысады. Шешімі көптің қолдауымен алынады. Маслихаттың шешімі бәріне міндет саналады. Бұл жиынды, жалпы ереуілшілер өмірін бақылап жүрген Жәңгірдің туысы Медет Шекин ереуілшілер алабын “Республика” деп, мәселе көптің толқысымен шешілетіндігін мәлімдеген. Бұл монархистің шындықты мойындауы еді. Исадай, Мақамбет көтеріліс аяқталғанша мәселені көптің үйғаруымен шешкен. Маслихат тарихы әлі зерттеуді күтіп тұрған қызық мәселе.

Көкек айынан бастап ереуіл басшылары патшага сүйенген ханмен тайталасу елге қауіп әкелетінін түсінсе керек, қалай да мәселені бейбіт жолмен шешудің жолын іздестірген. Осы кезде теңіз өңіріне ОКӘ-ң жұзбасы Донсков 25 сарбазымен келіп, Ресей қашқындарын іздейді, Исадайға көлік, жолбасшы тауып бер деген. Сұрағанын беріп, Мақамбет екеуі ілесіп жүреді. Қашқын татар көп болатынын жоғарыда айттық. Донсков 3-4 қашқынды, тіпті Бекейде, Шығайда қызмет істегенді табады, жанұясымен екен. Бұларды феодалдар үрлыққа, барымтаға жұмсайтын. Бұдан хан жағы қауіптеніп шыршық іздейді. Оған сылтау да табылады. 1836 жылы мамырда Күшік Жапаров деген малшыны

біреу өлтіреді. Бұны би Т.Тыныштықов ханның айтуымен дереу лекармен сұлтанды жіберіп, акт жасатып, әлгіні Исатай, Мақамбет өлтірді деп айып тағып, губернаторға рапорт жазады, тергеуді сұрайды. Осы уақытта Астрахан губернаторы патшага Бекейліктे бүлік болуда дег хабарлайды. Орынбор шамданып қалады, ханнан түсінкітеме етсе, ол Исатай, Мақамбетті бұзақы, екен аластаныз деген.

Бұдан хабары жок Исатай, Мақамбет ханға барып, өздері бетие-бет сейлеспек болып 17 кісі болып жолға шығады, жолай: ханға мұндымызды айтамыз деп жария жасайды. Бұны естіген шаруалар: “Е мен де барам, сіздермен” – деп ілесе береді. Кешікпей бұлардың саны жұз адамға жетеді. Бұл ханға жетеді, ол жалмажан кісі жіберіп. Исатайға ордаға келме – деп: жолдағы ауыл билеріне, Исатайларды қабылдамандар, қонаға, ас-су бермендер – деп бұйырады. Исатайлар оған да қарамай жүре береді. Ертеңіне, Толыбай қонысына Балпан сұлтан хан жарлығын айтып, хан, хан санаты қол қойған хатты беріп қандай тілегің бар жазып жібер, - депті. 12 күнге дейін жауабын берем-деген, бұғанда сенбей жүрмек болып еді, Балпан: “мен сендер жібермеймін”, – деп тұрып алады. Мақамбет бұның бәрі жылпыс Жәнгірдің кәдүілгі айла – шарғысы дейді. Исатай т.б. амалсыз ханға жазып, беріп жібереді де ауылына оралады. Айтқан мерзімге, кейінде ханнан жауап келмейді. Ол тағы аллады.

Сонына 30 сараптан (маусым) 1836ж. деп жазылған шағым-хатты шаруалар Беріш рубасы Құдайбергенов Балқы теңіз жағалауының басқарушысы Қарауыл Бабажанов бізден өлшеусіз алым-салық алады бізге зорлық жасап, аяусыз қанайды – дей келіп, ағайындарын қанауме байыған. Егіз, Балқы, Мұсіреп, Шомбал, Алтай, Айғана, Бос, Конажан. Каракөбен т.б. көйтеген билер өз туыстарына зорлық жасайды, елді берекетін алып, өз тумаларын біріне-бірін “айдап салып” араздастырып, өне бойы әділетсіздік істейді. Би Құдайбергенов, - деп шағымданушылар, - кедей адамнан ешбір шағым қабылдамайды, ауқатты шаруадан ақша алып ісін тез және тергеусіз бітіреді”, - дей (13:303) Қарауыл хожаның жебірлігін, зорлықшылдығын атап, Балқы екеуінің зұлымдығын әшкерелей келіп, бұл асқынған басшылардың тәртіпке шақыруды сұрайды. Хан да хан санаты да бұндай мәселен шеше алмайтындығын көрсетеді. Бұл хаттағы фактылар хан жағындағы билердің саяси келбетін анықтал, таптық мәнін ашады. Бай мен кеде бар жерде қанау бар, әділетсіздік бар деген осы. “Карға қарғаның көзі

шүкімайды” дегендей әдетінше арызды тексермеді. “Оқымысты” “Жереген” хан билеуші топтың зансыз әрекетін, бассыздығын тимады, ал екі жақ болып ежектесуге жол береді. Ушықтыра берді. Ылаңың шығуына хан, сұлтандар, билер себепші болғанын көреміз. Мақамбеттің шығымен болар, Исатай, Уса Төлегенов т.б. Орал әскери атаманы Покотиловке мәлімдеме жазып, болған оқиғаны мәлімдеп, бізді тарабымызды, кінәсіздігімізды анықтау үшін тергеуші жіберуін үрайды. Шаруалар күресін тоқтатпайды, өз қатарларын қүштейтіп, жексүрін байлар мен сұлтандарға билерге қарымта шабуыл жасап, тәндігін алуға тырысады. Июль айының басында Шөке, Жанбебек, Медет сұлтандар, Сауғабай Үмбетов, Бисенбай Алтынбаев т.б. билер Исатай мен Мақамбет қасында шаруалар жиынтының көп екенін және шардың өзірлігі бар екендігін баяндап, үрейлене хабарлайды.

Көптеген сұлтандардың мәлімдеуінше көтеріліс басшылары бүтін шикі тарапты аралап, шаруаларды күреске шакырып, оларға озырып өз байларынан тәндік алуға көмектесіп отырған. Мәселен ногай-қазақ руының басқарушысы Шомбал Ниязов өз қарамағындағы “қашқындар мен қайыршылар” Исатайға қосылатынын мәлімдеген – деп хабарлайды.

Осылай көтеріліс нышаны көрінеді. Хан бейбіт жолмен мәселе шешпей, алдақ кетті. Ереуілшілер қатары көбейе келе, 20-дан астам шыл болған. Енді бұлардың алдында қыстауа мәсесесі түрді.

Күз бастала ереуілшілер тобымен көптеген ауыл болып, Каспий теңізі жағалауына қарай көшті. Теңіз жағалауындағы қыстауаға ынғайлы замысты, сулы, жайылым бар жер Хан мен сұлтандар сыйбайластарында, байлардың қолында. Сол кездегі ірі бай, әрі би Жұмағазы Баяров Беріш руынан/ иелігіне көтерілісшілер баса-көктей келеді.

Теңіз жағалауындағы басқарушы К.Бабажанов ханға жазғанraportында “Исатай, Мақамбет өз серіктерімен ауылдарды аралап, шылдықты бірігүе шакыруда және өз жактарына шыққан жағалаушыларды Тақсалған кордонынан Жайық өзеніне дейін қыстауаға қайғастыратынын мәлімдеді. Ал бағынбағандарды қоныстарынан қуыш, мені өлтірмек” (14:130), - деп хабарлайды.

1836ж. қазан айында сұлтандар мен билер, ханға шаруалардың ешбір шұраусыз, киіп-жара келе, қыстауаға жайлы орындарды алатынын өз raportтарында қайта-қайта жазған (:102). Ереуілшілер Теңіз жағалауындағы Кульпин кордоны манында тұратын ханның жарамсақ

бileriniң бірі Сүйінш Өтеповті ұстап алып, сабап майдарын тартып әкетеді. Сондай озбыр бай Жұмағазы Баяровтың бір үйір жылқысы алып, інісін тұтқындаған. Айгана биді де өз ағайындары сабап, ең жолдасы мен тұтқындан әкеткен. (15:44) Көтеріліс өршіп, кек қайып шаруалар соғысына айнала бастады. (16:61)

Сейтіп көтерілісшілер өз туыстарының тыныштығын алып, сүлектесорып келген би-байлардан талай жылдан бері үзында өшін, қыска кегін алып, үстем таптың үрейін алады. Бұл секілді күрес тараптың басқа бөліктерінде де жүріп жатты.

Кіші жұздің төрт бөліктерінің басқарушылары Орынборға қарамағындағы шаруалардың бойсұнбаушылық әрекеттерін үрейлене хабарлайды. Әсіресе Исадай мен Мақамбет халықты азғыртуда, зорлық жасауда деп губернатормен Орынбор шекара комиссиясына хат жазып көмек сұрады. Оның үстіне Жәңгір хан 1836ж. май айында болғаш Қ.Жапаровтың өлімін Мақамбетке карсы пайдаланбак болды. Өйткені хан бұл көтерілістің негізгі дем берушісі, үйымдастырып, басқарушысы Мақамбет деп генерал Перовскийге жазған.

§2. Бекейліктегі шаруалар соғысы

Қазақстандағы тарих ғылымының майталманы, әйгілі білікті профессор Ермұхан Бекмаханов Бекейліктегі 1836-1837ж.ж. козғалысының антифеодалдық сипатын аша отырып, оны “шаруалар соғысы” деп тұжырымдады. Дүние жүзінде шаруалар таптық қанауға, билеуші топтың зорлығына қарсы ғасырлар бойы бас көтеріп, құрескені белгілі. Құрес тұрлери де әртүрлі – бас көтеру, бүлік, көтеріліс. Ең жоғарғы түрі – шаруалардың феодалдармен жаңпай соғысы. Европада, Ресейде т.б. солай болған. Соңғы кезде Ресейде Пугачев көтерілісінің мәнін кемітпек байқалады. Бірақ, шаруа да адам ғой, ол да тіршілік еткісі келеді, адал еңбегіне тиісті ақы алғып, бала сүйіп, қызық көргісі келмей ме? Оған феодалдық қанау, билеуші топ озбырлығы зиянын тигізді. Бекмаханов Ішкі тарапта патша әкімшілігінің демеуімен хан, құлтандардың билігі орнағанын, оны “ханско-султанская верхушка” деп дәл, дәлелді баға береді. (17:69) Жалпы ғалым Бекейліктегі қофамдық әмірге қысқа нұсқа өрі айқын терең ғылыми талдау жасаған. Бекмаханов шаруалардың осы шекке баруы қофамдық құрлыстың империя мен Нарында артта қалғандығы деп біледі. Бұл жерде Мақамбеттің, “Алтын тақты хандардың, хандығынан не пайда. Көріп пленен қасірге, еш пайдасы болмаса”, - дегені оның саяси сауаттылығын, көдайге жанашырлығын, көтеріліс мотивін көрсетеді. Дені сауесі бар ісі қару алғып, өлімге басын тіге ме? Мақамбеттің содан “Қара қазан, сары бала, қамы үшін қылыш сермедік” – дегені еңбекші шаруа құресінің мақсатын айқындайды. Қазіргі кей авторлар көтеріліс жеке бірер адамның ырқымен, екі кісінің басараздығынан болды, немесе Қәнгір жүргізген ел басқару жүйесіндегі жаңалықты бұқаралың ғүсінбеуінен (Ж.Қасымбаев, Ш. Аманжолова т.б.) басталған деушілер бар. (18:3) Көтеріліс бұқаралың ісі, ол титығына жеткенде бас көтереді, онда да көрінгеннің артынан ілеспейді. Бұны Кіші жұздегі 1820-1838ж.ж. аралығындағы азаттық үшін құрес тарихы көрсетеді. Қай уақытта да сенімді, алғыр лидер, сауатты, батыл идеолог керек. Ондай тұрғаны қофам өзі дайындалды. Ол - Мақамбет Өтемісұлы еді. Жәнгір губернаторға 13.12.37 жылы бұл көтерілістің “бірінші дем берушісі Мақамбет Өтемісов” – деген. Бұл көтеріліс тарихын зерттеуші А.Рязанов кітабында Мақамбет “был душою восстания”, “он писал поззвания по орде послания Джангера хану и русскому

правительству...” Он разъезжая по аулам агитировал и поднимал народ против Джангира”, деген. Мәселе тек Жәңғірде емес, ол басқарған сақтаған ескі қоғамдық құрылымда тозған ел басқару жүйесінде еді. Сонымен, 1836 ж. Ішкі тарапта қарама-қарсы тұрған екі лагерь қалыптасты. Сырттай бүтін көрінгенмен іштей күрес жүріп жатты. Ел мүмкіндігінше қыстауға орналасқанда, губернатордың бүйрекімен Теніз жағалауындағы Peroховин ватагасына тергеуге 2 офицер келіп, екі жақтан жауап ала бастады. Губернатор бұларға тергеу барысында хан айыпты болса, оны әшкерлемей, шаруалардың кінәсіне көніл аударуын, ал Исатай мен Мақамбет айыбы анықталса екеуінде қамауға алындар деген. Тергеушілер воинской старшина Сиротин, есаул Узбеков және хан депутаты Медетқали Шөкин қарашаның 2-нен жауаптауды бастаған, назарын бірден К.Жапаров өлімі төнірегіне аударады. Тергеушілер дұрыс жауап алмай, сөздерін бұрмалап, не тастан кетіп, өздерінше жүргізеді. Ақыру, қорқытуда болған. 6.8.10. – қарашада Исатай мен Мақамбеттен жауап аллады, әңгіме К.Жапаров өлімі төнірегінде жүреді. Ал Қарауыл хожа, Балқы би, Тоғым сұлтан. Есмағанбет Жантөлеұлы т.б. туралы тәптеш дұрыс жүргізілмейді. Есмағанбет Жантөлеұлын Балқы “би” етіп тағайындаимын деп ақша-мал т.б. алған фактылар елеусіз қалдырылады. Немесе, Т.Тыныштықов. Қаракөбен, Айғана т.б. шаруаларды құдалап, талауы, қорқытуы. Балқымен қосылышп зансыз алым-салық жинауы, сұлтандардың озбырлығына, алдан мал, ақша алғандарына мән берілмейді. Бара-бара тергеу тек Исатай мен Мақамбетті кінәлауға бағытталғаны байқалады. Тергеу ұзақ әңгіме. Тергеушілер Қарауыл хожа аулына барып, қонақтап жатқан. Тергеу барысындағы жәйді атаманға жазған, бірақ нәтиже бермеген. Тергеуге Исатай, Мақамбет жағы келмей қояды. 1837 ж. көктемінде тергеушілер кері оралады.

Патша өкіметінің қарулы өскеріне сенген хан мен сұлтандар, би мев байлар еңбекші елдің еніреген етіншіне құлақ аспады. Үстем тағ қалайда көтеріліс басшыларын қолға түсіріп, шаруалардың қозғалысын жаңышп, басуды қөкседі. Бірақ Вятка, Уфа т.б. губернияларындағы орыс шаруаларының қозғалысы Орынбор басшыларына мүмкіндік бермегі. Ал хан патша өкімшілігіне Исатай мен Мақамбетті ішкі тараптан аластамай шаруалар қозғалысы тыылмайтынын айтып, қайтакайта хат жазып, “жылай” береді.

Ал ереуілшілер өз қатарын көбейтүмен бірге кару-жарағын дайындал “ат көлігін” сайлап, үстем таппен күресін жалғастыра береді. Олар өз ауылдарының билері мен байларына тікелей шабуыл жасап, тендігін алуға тырысты. Беріш руының Бесқаска бөлімінің шаруалары Сарман, Оразғали т.б. өздерінің би Байтүмен Жабағинге шабуыл жасап, жылқыларын тартып алады. Ысық руының шаруалары белгілі батыр атанған балуан Қабыланбай Қалдыбай ұлының бастауымен өздерінің Ораз ауылдарының би Андағожинге шабуыл салып, 142 жылқысын тартып әкетеді де, көтерілісшілерге береді. Сондай-ақ Масқар, Адай, Алаша, Есентемір, Жаппас т.б. рулардың шаруалары өз қанаушыларымен күреседі.

Шаруалар қимылтының көлемі кеңейіп, барлық Ішкі тарапка жайыла береді. Алаша, Ногай, Беріш т.б. рулар мен оның бөліктегі /Теніз округтері, Самар округі/ басқарушылары, билері өз қарауындағы шаруалардың бағынбайтынын, ереуілшілерге ілесіп кететінін, немесе би мен байларға шабуыл жасайтынын Жәңгірге жиі баяндап отырады.

Ереуілшілердің қатары көбейді дегенмен, олардың саны бірде көбейіп, кейде күрт азайып отыратыны да болады. Бұл шаруалар көтерілісіне тән құбылыш және шаруалар көтерілісінің басты бір әлсіз жері. 1837 жылы сәуірде Байбақты руының Қынық бөлімінің бір ауылдарының би Жұніс Жантелин Исатаймен кездесіп, көтеріліске косылды. Себебі – Жұніс ауылдарының Нарын құмындағы жерін /қазір Шыман қорығы деп аталады/, Хан жер ауып келген сұltан Шынғали Шыман/ Ормановқа береді. Шыман онымен қоймай, Сары өзенінің терістік бетіндегі Байбақты руы ауылдары жайлайтын “Қарасу” сайын, алқабын өз бетімен қоныстаған (19:34) Жұніс әуел Исараймен “Керім катқыл”, сосын Қөлбай деген жерде кездесіп, ханнан өркімнің қыстауын біреуден тартып алып, екінші біреуге беру ісін тоқтатуды және зекет мөлшерін азайтуды талап ететін болады/. Жұніс осы көктемде Исарайлар мен бірге 200 жігіттерімен жүріп, май айында Жәңгір Жасқұстанғы /Ордадан/ Орынборға шыққанда жолын тосады. Хан “Ұялы” деген жерге қонғанда Жұніс түнде ұрланып барып, ханға жолығып, Жәңгірден өз мекенін қайырып беруді сұрайды. (2:54) Хан бұл кезде Исарай күғиңшыларынан үрейленіп жүрген, Жұніске қоныс берем деп алдайды. Сол түні Ж.Жантелин жігіттерімен Исарайдан бөлініп жасырын кетеді. Бұндай дүрбеленде саяси тұраксыздық ауқатты

шаруаларға тән қасиет. Исатайдың ханмен жеке сойлесіп, тілдесу инетінің тағы да сөті түспеді.

Көптеген шаруалар өздерінің бұл күресін, шын берілгендейтін, рухы беріктігін көтеріліс барысында және патшаның ауыр азапты тұтқынында да көрсетті. Қалдыбай, Қосаяқұлы, Қабыланбай Қалдыбай ұлы /Ысық руынан/, Таңатар Естекбайұлы, Үбі Ұса ұлы, Тәни Тұменұлы, Үрсалы Көсепұлы /Беріш руынан/, Досақан Жәнібек ұлы /Адай/, Айтас Көсепұлы, Төлеген ұлы, Уса Сарт Еділ ұлы /Жаппас/. Есенгелді Қаржая ұлы /Беріш/, Қебек Алғаұлы /Байбакты/ Айтмамбет Өтегенұлы /Табын/ т.б. көптеген шаруалар көтеріліс женілгесін де өздерінің табандылығын көрсеттіп, күресін жалғастыра береді. Бұлардың Тәни, Үбі, Сарт, Еділ ұлы, Қалдыбай балалары /Ысық/ Төлеген Серекенұлы, Есенгелді, Мәстек Ақметұлы /Ногай/ көтерілістен кейін де барыша күресіп, Мақамбеттеген қол ұзбеді.

Көтеріліс барысында шаруалардың көпшілігі өздерінің таптық мұддесі үшін жұмыла аттанып, білгенінше күресті. Көтерілісшілердің бір таңқаларлық ісі олар рұлық, ағайындық түсініктен сытылып шығып, өз ағайындары – қанаушыларға қарсы шабуыл салғанын көреміз. Өздерінің ортақ жауларының кім екенін түсіну өте қыын, өте күрделі мәселе. Оған көптеген тарихи жағдай, уақыт керек. Біздің ойымызша, шаруалардың бұндай таптық санасының жіктеліп, өсуіне, негізгі жауының кім екенінің түсінуіне Мақамбет Өтемісұлының алғыр қимылы, азаттық рухы, от-жалынды сөздері үлкен көмек етті-ау дейміз. Біз қазір “таптық” деген сөзден тітіркенгенмен, оны мойындауға тұра келеді. Таптық күрес қазірде де бар, тек түрі, әдісі өзгерді. Мақамбет түркіше, арабша, орысша сауатты, Россия, Орта Азия қалаларында болған, көп адамдармен танысқан. Ол өз кезінің білікті адамы. Оның біліктілігі мен шешендігіне орыс тау-кен инженері, филолог, майор Е.П.Ковалевский таң қалған. Мақамбет сейлескен кісісінің ой-өрісін танып, көкейкесті мәселесін анғарып отырган. Көтеріліс кезінде Мақамбет өне бойы үгіт жүргізіп отырган, батыл қимыл мен ұлғ көрсеткен.

Патша мен Хан қызметшілері Исатайдың да шаруалар арасында үстем тапқа қарсы шебер үгіт жүргізгенін жазған. “Оның үгітіне шаруалар қайдан шыдасын, ілесіп кете береді”, деп кояды олар. Негізгі себеп жауыр болған сөз таптық қанау, отарлық езгі, тап жауымең арпалыс теңдігін, енбегін алу. От пен оққа қарсы өлімге бас тігіп бару

үшін жеке адамдардың бас араздығы, немесе үгіт, өсегі жеткіліксіз. Оның әлеуметтік төркіні терең. Исадай мен Мақамбет өз кезеңінің саяси, әлеуметтік жағдайын өз әлінше жақсы түсінген. Исадайдың аса сақтығы да, патша әкімшілігіне, ханға арыз, хат жазулары да саяси жағдайды түсініп барып істелген тактикалық шара. Олар дауды бейбит, келіссөзben шешуге тырысады, бірақ қорғануға мәжбур болады, шабуылдайды да, Исадай қарулы кимылдан да бас тартпайды. Мысалы, Балқы би адамдары Исадайлық бір ауылға шабуыл жасап кіслерді ұрып, соғып тонағанда көтерілісшілер кек қайтару үшін 1837 жылы 4-июньде 200-дей адам мен Нарын құмының батысындағы “Теректі” деген жерде отырған өз туысы Балқы би ауылына шабуыл жасайды. Ертеңнен басталған қарулы соғыс, жанталасқан арпалыс үзакқа созылады. Түгел қаруланған, әрі күтініп отырған. Балқы би адамдары катты қарсылық көрсетіп, көп қорғанады. Соғыс тағдырын Қабыланбай мен Усаның өжет қимылы шешеді. Көтерілісшілер Балқының үйіне дейін жарып кіріп, талқанын шығарады. Ашынған шаруалар Балқының елді тонаудан жинаған мұлігін 20 түйеге тиіп, шаруаларға апарып береді. Балқының халықты қанау есебінен салған ағаш үйін орыс шаруаларындағы өртеп жібереді, көптеген адамдарын тұтқындайды. Теректідегі соғыс Хандық ішіндегі шаруаларға үлкен өсер етеді. Ишкі тараптағы халық екіге бөлінеді, біреуі көпшілік шаруалар Исадайлық; екіншісі – хандық болады. Көтерілісшілер Тоғым Шығаев деген сұлтан зуылына, Байбактының би Түмен Қозайдаров, Кетенің Бос Боздаков, Адайдың Сауғабай Үмбетов, Есенбай Қорамсин т.б. ауылдарына шабуыл жасап, малдарын мұліктерін тартып алышп, елге зорлық істеген адамдарын сабап кетеді. (2:134) Есентемір руының шаруалары Таат, Кедей, Ерші, Көшкін т.б. Исадайдың үгітіне ілесіп өз билеріне бағынбай, көтерілісшілерге қосылады. Бос Боздақовтың қарамағындағы Бектал, Бұқібай, Үкібай, Қашқы т.б. бойсұнбайды. (22:134) Ханның өз ордасындағы шаруалар да қобалжиды. Жәңгірдін Момыш деген ұстайы, ел аузындағы әңгіме бойынша, қашып кетіп, көтерілісшілерге қосылып, қару-жарақ жасауға көмектесіп, аяғына дейін көтеріліске қатысқан.

Уса, Қалдыбай бастаған көтерілісшілер шілде айында губернаторға петиция жазып, онда өздерінің не үшін бас көтергендерін ашық айтады. Хан мен сұлтандардың, билер мен байлардың әділетсіздігін айта келіп, олар губернатордан ауылдарымен Жайық жағалауына көшіп келуге рұқсат сұрап, казак әскери ретінде Россияға адал қызмет жасауға

дайынбыз - деп 615 адам қол қойып сендіреді. Немесе, Бозашыға барып шекара күзетейік депті. (23:18). Бірак генерал Перовский көтерілісшілердің мұңы мен өтінішіне құлақ қоймады. Оның бұкара халықтың не себелті бірнеше жыл бойы 3 рет дүрбелеңге ұшырап алысып жүргенін жете ойлауға ақылы жетпеді. Патша чиновниктерінің ежелгі залымдығына салып, Исадайды Орынборға кел деп шақырады. Орал әскерінің атаманына зенбіректер мен басқа қару-жарапты дайындаап, қамалдарды соғыс жағдайына сай әзірлеуді бүйірады.

Патша әкіметі Орынбор губернаторына Ішкі тарап тағы қозғалысты басу туралы 1837ж. көктемінде тағы да тапсырма береді. Осыған ораң генерал Перовский көтерілісшілерді ыдырату туралы жоспар жасаған болатын. Оның толық мазмұны бізге жетпеді, әйтеуір Шетел істер министрлігі бұны макұлданап, губернаторғе іске асыруға ұлықсат берген. (24:68) Орынбор шекара комиссиясы да көтерілісті басып, Исадай мен Мақамбетті тұтқындау үшін әскери команда жіберуді сұрайды. Орынбор әскери губернаторы Исадайды ұстau туралы Орал каза әскерінің атаманы генерал Покотиловке бүйіркі береді. Егер де ол мүмкін болмаса, деген губернатор Исадай семьясын линияға жақындатып, қолайлы кезеңде ұстап алуды ескерткен. Осы кезге дейн патша әкімшілігінің көтерілісшілерге қанды сойқан салмай жүрген бір себебі – Исадай жолдастары атаманға ханның зұлымдығын жаза отырып, бір хатында егер де хан тәртіпке шақырылмаса, бізді башқұрттар секілді өз ханы билеуінен алып, орыс әкімшілігі билесін және біздер, казактар секілді қарауыл жұмысын атқарайық деген. Бұған атаман мән беріп, губернаторғе мәлімдеді. Ол “қазіргі жағдайда, хан жағынан өз жеке бостандығы үшін сенімді болмағандықтан, өздер қарулы партиялар жинаған, - дей келіп, Ішкі Ордада бір сенімді тәжірибелі чиновникті жіберуді ұсынды (25:74) Покотилов болса хан Исадайлықтарды бекер ренжітіп жүрген болар және бұлар башқұрттарша басқарғанды қалай ма екен деп сұрап, қырға қарулы әскер жіберуді жөн көреді. Сәйтіп, үstem тап арасының араздығы сенімсіздігі де көрінеді. Көтеріліс басшылары шақырғанға келмейді және Орал әскер линиясына жақындаамайды. Атаман Исадайды алдарқатып алып кету үшін Жайықтың төменгі линиясының командирі ротмистр Акутинді командамен жібереді. Акутин әскери команда мен август айында Нарын құмына қарай шығады. Бұлардың келе жатқанын көтерілісшілер естісе керек, Исадай өз отрядымен қарсы келеді.

Ротмистр Акутин Исатайға Орынбор басшыларымен сөйлесу үшін линияға жүруін талап етті. Исатай бұған әуелі көнбей, байлаң әкетсөң де бармаймын" дей тұра, кейін келіседі. Өзінің 40 жолдасымен Акуtinge ілесе шығып, линияға қарай іңірге дейін бірге жүреді. Солдаттар оны қоршай береді. Қаранғы түсे Исатай өз тобымен кілт кері бұрылып алыш, шаба жөнеледі. Акутин командасты оны қызы еді, әмбиджанда тұнжырап қалың қарулы топ тұр екен. Амалсыз Акутин кері бұрылады. (26:18) Зенбірегі жоқ патша әскери қарулы көтерілісшілермен соғысуға батылы бармады. Бұдан кейін Исатай Перовскийге хат жазып, өзінің Акуtinge неге ілеспегенін ашық айтады. Бас бостандығымнан айрылғым келмеді, - дейді (27:475). Әлі де болса көтеріліс басшысын құртуды қөздел Исатайға губернатор енді генерал Покотиловтың өзін жұмсады. Бірақ Исатай генерал Перовскийге бара әлмайтынын жазды. 1837ж. сентябрь айының басында атаман Жаманқала бекінісіне келіп көтерілісшілердің ойын білу үшін, Исатайды өзіне шақырып 2 отряд жібереді. Жайық әскерінің Орта және төменгі дистанцияларының командирлері бұдан бұрын да Исатай мен Бекмағанбет Өтемісұлын өздеріне шақырып қісілер жіберген (10:18), бірақ олар келмеген. Енді мына екі отрядтың біреуі есауыл Донсков бастаған 60 казак, екінші 25 казак 2000 км жерге қырға шығып, барлауы тиіс болды да, қай жерде, қанша адам жиналғаны, олардың қаруы туралы анықтауы қажет болады. Бұлар Жайықтан батысқа Нарын құмына қарай шығып, көтерілісшілерді көре алмай қайтады. Өзен дистанциясының командирі Сумкин де көтерілісшілер арасына барлау мақсатында тыңшылар жібереді. Бірақ бұлардың кейбірі Исатай қолына түсіп, тұтқындалады, не көтерілісшілерді көрмей қайтады.

Енді генерал Покотилов шағын әскери команда мен Нарын құмы жағына өзі шығады. Мақсаты Исатайды ұстау. Кездескен адамдар мен азылдарға "Маған Исатай керек, ешкімге тимейміз" деп сендіріп, батырмен кездескісі келеді. Ал шаруалардың наразылығы неден басталды? оны анықтаумен патша генералының ісі болмайды. Бекетай құмға жақындағанда Покотиловтың алдынан көп шаруалар шығады да, "Карауыл хожа көп жылдан бері бізге зорлық істеп, аяусыз қанап келгенін ешбір жазықсыз сабайтынын" айтып, оны орнынан алушы сұрайды. Көп адамдарды көргенде генерал да, қасындағы казактар да збдырап қалады. Бұдан әрі генерал көп жүре алмай Исатайды шақырады. Көтерілісшілер Покотиловты өз тұрақтарына жібермей және

тез, бейбіт құтылу үшін “Исатай Орынборға бару үшін Өзен әскер дистанциясының командирі Сумкинге кетті” деп мәлімдеді. Атама бұған сенген болып, амалы құрып кері кетеді. Сонымен, патша өкіметінің тағы зымиян әрекеті аяқсыз қалады. Бірақ, қамалдар зенбіректерді әзірлеп қою туралы бүйіркүйкі атаман әлдеқашан берген Орынбор өкімдері шаруалардың мүддесін түсінуден бас тартады.

Карулы күреспен қатар, Исатай Мақамбет бейбіт жол іздең, 1837 11 сентябрьде Перовскийге тағы хат жазып, онда “біздің ауыл жағдайымызды жете үғынатын және біздің өтініштеріміз бойынша жалпы халықтық тергеу жүргізе алатын әділ чиновникті жіберсөз екен”, -дейді. (28:413) Бірақ, қаныпезер Перовский көтерілісшілердің үлкен дәйекті өрі парасатты тілегіне көңіл қоймайды.

Ал, көтерілісшілер өз күресін жалғастыра берді. Бұл күз айларында көтеріліс аса бір жылдамдықпен өршіп, бүкіл ішкі хандықты қамтыды. Шаруаларды белсендіруге дабыл болған кимылдың бір көтерілісшілердің жексүрын Қарауыл хожаның аулына шабуылды. Қ.Бабажановтың рапорты бойынша Исатай мен Бекмағамбет Өтемісұлы бастаған 260 көтерілісші Айдарлыдан шығып, 15 қыркүйек күн өртеңмен оның ауылына атой салып, үлкен соғыс болады. Хожа адамдарын жинап, әзір отыр екен. Соғыс ұзаққа созылады. Қайсарлық көрсеткен ызалы шаруалар аяnbай алсып, Қ.Бабажановтың Конкаре пен Кульпинский кордондары аралығындағы ауылын талқаны шығарады. Хожаның 550 жылқысын, 95 түйесін тартып алады және озбыр хожа, билерден 50 адамын тұтқындап әкетеді. Былай шыққасын тұтқынның көбін қайырады да, ішінен ең зұлым деген 20 хожа, билердің айдалап әкетеді. Тығылып аман қалған Қарауыл хожа көтерілісшілер кетісімен дереу Астарахань казак әскеріне жүгіріп, қасындағы Көкдің кардонынан әскер альп және өз сыйбайластарын жинап 300 кісі болып Исатайдың артынан қуады. Ауыр шайқаста күшінің бөлінгендігіне және аздығына қарамастан көтерілісшілер батыл қимылданап, үнғыт әрекет жасайды. Хожаны казактар да сактай алмайды. Тағы да талқаны шығынан мен хожа сыйбайластары жеңіліп қалады.

“...Бұл күнде Бабажанов пен оның киргиздері /қазақтары сыйбайластары. И.К./ әбден тынышы кетіп, үлкен үрей үстінде”, - деген жазды Астрахан әскерінің офицері Орынбор өскери губернаторы (29:191)

Жәңгір ханның Шекара комиссиясына тамызда жазған рапортында “кейбір киргиздер /қазактар И.К./ талаудан қашып, Қамыс Самарды айналып өтіп, Қызыл оба, Талдыапан, Күртілдексу жағына көшіп кеткенін” мәлімдеген.

Макамбет жырындағы әсерлі берілетін күрестер осы екі шайқасты да еске түсіретін болар. Ең бастысы шаруалар өз күштеріне сеніп көтеріліп, рухты Мақамбеттің асқар да, биік рухы шарықтайды. Енді бүкіл тараңтағы шаруалар көтеріледі. Қыркүйек, қазан айларында көтерілісшілер өздерін аяусыз қанаған, тонаған сұltандар мен бибайларға қарсы барлық жерде шабуылға шығады. Исатай мен Мақамбет көтерілісшілерді бірнеше бөлікке бөледі. Бұлардың негізгі күштері Тауасар бейті, “Құсконбас”, Теректі, Жаманқұм т.б. жерлерде болады. Балқының Теректідегі қонысына көтерілісшілер өз штабын көшіреді. Қосынға бөлінген көтерілісшілер құллі Орданы арадап ханның зорлықшыл сыйбайластарын, сұltандар мен бибайларды шабады (12:162). Бұл әрине көтерілісшілердің күшін ыдырататын еді. Бірақ би мен байлардың тізесі батқандығы соншалықты, шаруалар қымылы өршіп кетті. Исатай 100 шақты көтерілісшілерден құралған бір қосынды Тәуке Бекеев, Медет Шөкин деген сұltандарды ұстау үшін, 60 көтеріліспіні Тана руының Жақан деген биін ұстауға жібереді. Өзі Бекмағанбет Өтемісұлымен бір топты басқарып Теректіге Балқы ауылына тағы шабуыл жасап, сонда тұрады. Алаша, Төлеңгіт, Беріш рулары шаруаларынан құрылған қосын “Дүйсе” құмында тұрган озбыр Шотқара Нұралиев сұltаннын ауылына шабуыл жасап, оның Ақжан, Бекжан деген балаларының да мұлқін тартып алды. Сұltандар жаяулап қашып Таловка форпостысына барады (13:15) Нұралы хан ұрпактары мен хожа, саудагерлер, билерге шаруалардың ызасы соншалықты күшті еді, енді олар барлық жерде бас көтеріп, шабуыл жасай береді. Бұл стихиялы қозғалысты басқару да, бағыт беру де қын болып, көтерілісшілердің күшін әлсіретіп, әрі негізгі мақсатынан бұрмалап әкете береді. Қазан айында сұltандарға шабуыл қүшейіп, олардың бас сауғалайтын дәрмені таусылады. Осындай қатерлі, бұқараның буырқанған жағдайында оқыған, ақылды хан халқын тыныштандыруға амал тапшады, дәрменсіздігін көрсетті. Орынбор, Астраханнан әскер шақырта берді. Көтерілісшілер Ж.Шығаев, Тоғым Шығаев, Мендігерей Бекеев, Жанбөбек Бегалин т.б. сұltандармен Балқы, Шомбал Ниязов, Мәкен Палуанкулов /Төлеңгіт/ т.б. билерге шабуыл жасайды. Бұлар

Жәңгірден кейінгі шынжыр балак, шұбар төс, елге өктемдігін өткізіп зар қақсатқан жексүрын билеушілер еді. Шаруалардың бұларға шабуыл жасауы ыза, кектен әбден кайнағандық еді. Ырсалы Көсепұлы бастаған көтерілісшілер Мендігерей сұлтанға, Рақмет Бекұлы /кердері/ бастаған Байбактының Дауымшар бөлімі шаруалары мен төленгіттерден құралған топ Медет Шөкин сұлтанға шабуыл жасап, бірталай мал мүлкін тартып әкетеді. Бұл шабуылдардың бәрінде де төленгіттер жүр. Ол түсінкті де. Бұлар ең бір күйзелген әлеуметтік топ Шеке, Мендігерей, Тоғым, Әділ Балпан, Сүйінішқали т.б. рубасқарушы сұлтандарға карсы қару көтеру төленгіттердің көп қындықтан барып қайсар, қажырлы құреске шыққанын көрсетеді. Жанболат, Тұрманбет, Тлеулі, Нұрмұқамбет т.б. 7 Төленгіт бірігіп Шеке сұлтанға шабуыл жасап, оның 10234 сомдық мүлігін таратып алады. (31:75) Шаруалар төленгіттен шыққан байлар мен билерге де шабуыл жасады. Төленгіт би Мәкен Палуанкуловтың малын тартып әкеткен. Соңдай-ақ Айболат, Шотан, Намазбай, т.б. бай төленгіттердің түйелерін, пішенін дүниелерін тартып әкетеді. Бұл төленгіттердің әлеуметтік жіктелуі нәтижесінде таптық қарсылықтың шыққанын көрсетеді. Сол секілді хожалар мен молдаларды да аямады. Орданың ахуны, әрі қазы Хаммадовтың да малын, дүниесін алынған, /607 қой, 22 сиыр, 9 түйесін алған/.

Үстем тапқа шабуыл барлық жерде жүріп жатты. Орданың солтүстігіндегі Таловка, Кеңсуат, Жалпақтал деген мекендерде Еркінәл Сағындықұлы, Қармыс Малайсарыұлы /Барамық Алаша/ бастаған шаруалар Жанбебек сұлтанға шабуыл жасаған. Ал, 70 көтерілісін осы сұлтанның Қыздебе деген жердегі ауылын ойрандайды.

Сонымен қатар шаруаларды алдап, жегідей жеген орыс, татар саудагерлеріне де көтерілісшілер шабуыл жасап, мүліктерін тартып алады. Стихиялы соғыс Исатай, Мақамбетсіз-ақ әр жерде, бөлек жүреді. Басқару, біріктіру қындаиды. Сонымен көтерілісшілер соғысы бүкіл Орданы қамтиды. Үстем тап сасып, бас сауғалап Таловка, Глиянский секілді Өзен әскер линиясының форттарына барып тығылады. Қөшшіліг Жәңгір хан ордасына барады. Хан Орынбор губернаторы Перовский мен Шекара комиссиясының председателі Генске хат үстіне хат жазып көтерілістің /Жәңгірше. “Бұліншіліктің”/ кеңінен жайылып, енді ордаға жақындағанын мәлімдеп, әскери команда жіберуін өтінеді. Орынбор шекара комиссиясы 1837ж. 13 қыркүйектегі жауабында Исатай мен

Макамбетті ұстай туралы жарлық болғанын үш рет хабарласа да, хан үрейі кетіп, команда жіберуін сұраумен болады. Орал әскері басшыларының Исатайға ештеңе істей алмағанын мысқылдай арыз ете келіп, хан батыл қымылды карулы /зенбіректі/ өскерді жіберуді өтінеді. Қазан айының басында көтерілісшілердің қымылы күшейіп, саны көбейеді. Тек Темірбек құмында тұрган көтерілісшілердің саны 1500 адамға жетеді. Исатай осыдан Шомбал бидің ауылдарына барады. Бұндағы ойы, Жәңгірдің 12 биінің бірі Шомбалды өз жағына шығару, оның ханды қорғауға алып барған көп адамдарын /Ордадан/ Жасқұстан шығарып алып, ханды әлсірету болған. Орал әскерінің тыңшы казактары /Өтепов, Юлаев дегендері/ “Исатайдың өз күшін көбейтіп алып, су қатысымен Жайықтан өтіп кету жоспары бар, ал казір Жәңгірге кісі жіберіп, талаптарын қоюда, егер де хан орында маса, келіспесе, ханның ордасын шауып, талан-таражға салмақ”, - деп баяндаған. (32:193)

Жәңгір қорғанудың амалын істеп, 12 қазанда ру басқарушыларына әскерге кіслер жинауға тағы да бүйірады. Бірақ бұл үлкен дүрбеленде үstem тап жағына көп ешкім шыға бермейді. Билердің туыскандарының өзі былтырдан бастап-ақ Исатай жағына көтеп шығып кеткен. Бұл әрекеттен ештеңе шығара алмай, билер жан сауғалап көтерілісшілерге қосылуға мәжбүр болған.

Исатай мен Мақамбеттің бір таңқаларлық тактикасы – Жәңгірді елден, билерден бөлектеп жалғыз қалдырып, ешкім оны қолдамайтын жағдайға жеткізу тәсілі біршама орындала да келді. Сұлтандар мен билердің бірқатары бас сауғалап патша әскерінің қолтығына қашып барды, онда да Шомбол биғана 100 шақты адам ілестіріп барды үшінші тобы амалсыз көтерілісшілерге қосылды. Сонда көтерілісшілердің саны осы кезде 3500 адамға жетті. Ал, ел аузындағы әнгімеде 7000 адам. Астрахань әскери губернаторының жазуынша 3000 астам. Жәңгір бұл мәліметтен хабары жоқ, тәуекел 2000 адам көтерілген деп сірө, әдейі азайтып жазған болар. Қалайда ішкі хандықтың қолына қару ұстайтын шаруаларының көпшілігі Исатайға ілесіп ханның ордасына қарай жақындайды, Қандығашта жайлауда отырган Жәңгір қысқы ордасына тығылады. Көтерілісшілер Жасқұстағы хан ордасына 4-6 км жақындаған келіп, ұсақ шайқасқа кіріседі. Орданың маңындағы байлар, саудагерлер көтерілісшілердің каһарына ұшырап, дүние-мұліктегі, ақшалары ортаға түседі.

Сонымен қазан айы басталысымен көтеріліс қарқыны күшейіп екпіні өршіп, енді өрістей келе ханның өзін күртуға бет алады. Бұз кезде көтерілістің бір ұраны – хан өкіметін күрту, шаруаларға әлеуметтік теңдік әперу. Әрине, бұл утопиялық үгымдағы тенденция Екінші ой – бұқара ханға өзі барып талаң қоймақ. Дегенмен шаруалардың әлеуметтік белсенділігі артып, екі таптың арасындағы жылайыны ашыла береді. “Хандықпышың”, “Исатайлықпышың” деген түсінік пайда болады. Ишкі тараптың барлық аудандарында, Қара өзев маңынан Каспий теңізіне, Астрахань өніріне деңгелі жерлердің бәрінде көтерілген шаруалар үстем тапқа батыл қымыл жасап жүргенін көреміз 1837 жылдың қазан айы – Исатай мен Мақамбет бастаған антифеодалдық шаруалар соғысының ең шарықтау кезеңі болады. Мақсат жиылып барып өз талабын орындату.

§3. Шаруалар соғысының аяғы

Шаруалар қозғалысының өрістегінен сескенген Жәңгір хан 1837 жылы қыркүйек, қазан айларында Орынбор, Астрахань әкімдеріне хат үстіне хат жазып, Ордадағы жағдайдың шиеленіскенің айта келіп, қарулы әскер жіберуін өтінді. Бұл қалаларға ол елшілерін де жіберді. Осы көтеріліс кезінде жасаған Бердібек ақын поэмасында:

“..Жіберді Орынборға хан молдасын

Нысанбай, Балқы деген жан жолдасын..”

дейді де одан әрі әскер сұратқан хан өтінішін айтты:

... Бұл сөзге губернатор қиналады,

Тастамай сөзін жерге түйіп алды,

Үшікпен Орынбордың арасынан,

Бір күнде 500 солдат жиып алды, - деп оқиға желісін дұрыс баяндайды (33:20).

Орынбор губернаторы Перовский оған бір күн ғана дайындалған жок. 1836-1837 ж.ж. Орынбор, Перым губернияларында орыс шаруларының стихиялық қозғалысы басталып, мындаған шаруа қарулы патша әскеріне қарсы шықты. Николай бірінші бұл қозғалысты басуды генерал Перовскийге міндеттеген. Жазалаушы әскери күштің бас командасының болған Перовский Кіші жүздегі қозғалысқа тиісті күш бөлуге мүмкіндігі болмаған еді. Орыс шаруаларының қарсылығын жойып, 1837 жылдың жазынан Перовский ішкі тараптағы қазақ шаруаларының көтерілісін басуға дайындалды. Ең алдымен Жайық бойындағы барлық қамалдар, бекіністер тексеріліп, күштейтілді. Ок дәрі, зенбірек әзірлігі қаралады. Әскер линиялары бойында қарауыл мүқиятталды. Казак әскерлерінің ат-көліктегінің, азығының, қару-күралдарының дайындығы тексерілді. Төменгі Жайық линиясынан 600 солдат, Орта Жайық линиясынан 800 солдат дайындалды. 1837 жылы 18 казанда соғыс губернаторы полковник К.Гекені жазалаушы отрядтардың бастығы етіп тағайыннады. Сонымен патша әкімшілігі шаруалардың бірнеше хатын ала отырып, олардың өтінішін ескерусіз калдырды да, күшпен бағындыруға шықты. Оған дайындық бірнеше ай бұрын басталған, 1837ж. тамыз айында Орал әскеріне зенбіректерді дайындау, қамал, бекіністерді даярлау туралы жарлық болған. Енді Орал әскерінің полктарының жауынгерлік дайындығын тексеріп, солдаттарды іріктеуге бүйрек беріледі. Үйшіктен /Гурьевтен/ Текеге

/Уральскігі/ дейінгі әскер дайындалып, жинақтала келді, командирлер белгіленді. Губернатор патша үкіметімен көтерілісті басу жоспары келісіп те алады.

Шаруалар соғысы қызы қарқын мен өрши келе ханның ордасын келеді. Үстем тап үшін дүниедегінің бәрін құртатын нашарлардың ызасы қайнай келе, ернеуіне жетеді. Ашынған шаруалардың бір тобы ханның көп жылқыларын іздеп, Тарғын өзені өндірін шарлады. Екінші тобы көрші татар, қарақалпақ, қалмақ байларынан еңбегі мен өші алуға кетті. Сөйтіл, бұл күрес тек қана қазақ үстем табына қарсы бағытталып қоймай, қазақ шаруаларын аяусыз қанап, озбырлық істеген басқа ұлт байларына бағытталған. Төменгі Жайық дистанциясының командирі ротмистр Акутин өзінің 13 қазанда жазған рапортында “Исатай өз адамдарын бөлімдерге (қосымша) бөліп, бүкіл Самардаласын кезіп жүр, - деп мәлімдеді. (34:162) Бүкіл шаруалар көтеріліп жиылып хан ордасын шабуға келеді. Қазаның 25-інде көтерілісшілер Жасқұстағы Жәңгір хан ордасын жағалай орнығады. Ордадағы жұзбасы Голубаевтің сасқанында Астрахань казак өскерінің атаманына жазған рапортында Исатай 3000 адамымен 28 қазан күні хан ордасына 6 км дейін жақындаш келіп, қоршап алғанын жөне сыртпен ешбір қатынас жасатпайтынын мәлімдеген (35:312) Үстем тап әбден есі кетіп шақырған әскер, көмек келмей сасады. Хан өз ордасынан қашуға жиналып, күймесіп жектіріп, атын ерттеп қойған жерден Шыман Орманов деген сұлтанның ақыл берген хаты келіп, атынан түскен екедейді ел аузындағы аңыз. Қалайда, Шыман, Шомбал т.б. ханға қашаш деп үгіттеп, Исатайды өтірік уәдемен алдарқатуды ұсынған. Архив деректері де бұл пікірді растижды. Шомбал Исатаймен келісім сөздес бастайды. Исатай Шомбалды хан ордасын тастан шығуға көндірмег болады, ал Шомбал сөзді көбейтіп, уақытты соза береді. Бұнымен ката Жәңгір хан көтерілісшілерге елшісін жіберіп. “Халқымның не тілегі бар екен, айтсын, өкілдеріп жіберсін, ойланайын, талқылайық” – деп мүләйімсіді. Ханның ұсынысы көтерілісшілерге үлкен ой салады. Бірақ жағынан ханның қорыққандығы байқалады, екіншіден, Жәңгір әуелде екі жұзді кісі екендігі көтеріліс басшыларына аян, бұрын талай алдаға Бірақ, патшаның қарулы күшіне сүйенген Николай 1-патшаның сенімдосы Жәңгір ханға мен күш қолдану езілген шаруаның санасын симайтын іс. Жәңгірді патша генералдары да ескерген, жаратпаса да басқа хан, сұлтандарға көрсетілмеген сыпайылық жасалған. Бұнда

шамның өлімінің арты қарапайым, қаруыз шаруаларға не болары белгілі. Міне, осындай көптеген жайлар көтеріліс басшыларын көп толғантса керек. Ел өмірінде аса бір жауапты кезең туады. Көриялардың айтуынша Исадай, Мақамбеттің хан ордасын шабу ойы болмаған. Талай жылдан азуын қайрап жүрген шаруалар орданың быт-шытын шығарып, ханды өлтіруден тайынбайды – дейді Сейтім Тәкеев, - бірақ арты не болады? Хан патшаның кісісі, өлсе оның кегін алам деп елді қырады гой” Сосын, - дейді Бірөлі Мергенов (Жаңакала) жер бөлу т.б. мәселені шешеді? Ал, Т.Шамшиденов көрия, - Исадай, Мақамбет жұрттың ызгарын көз алдына көрсетіп, ханды ырайынан қайтару, көп алдында шарт қабылдатып, хаттау жөн деген. Мақамбет бұл тактиканы қолдаған, бірақ оны жүзеге асыру тәсілі өзге, тез жиылып түгел барып, хан сарайын коршап, ханның өзімен көп алдында тілдесіп, өз талаптарын ындуату, шарттасу. Ханның бір сөзіне сенуге болмайды, - деген Мақамбет, - ол жылпыс, зымиян, талай жұртты алдаған. Соңдықтан бұкара тарамай тұрғанда, қызу басылмай, мақсатымызға жетейік, - десе керек дейді, - Аманғали Құттықадама (Балқұдық, Атырау), Шыңғыс Қожеков (Қарабау). Бірақ саяси күрес тәсілін білмейтін Исадай т.б. бұл мәселені “ұзын арқан, кең тұсау” стиліне салады. Мақамбет аламан қызыуы, белсенділігі ұзаққа бармайтынын ескеріп, күні бүгін ханға барып көп күшін көрсетіп, шабар күнің бүгінді, бүгіннен кейін қынды. Хан қара шұбар жыланды, қайырылып шапса жаманды”, - депті. Өйткені сыйтайы сөзді хан түсінбейді деп есептеген. “Оқымысты” Жәнгірдің ақылы жетпеген мәселелерге сауатсыз Исадайдың ақылы жетіп тұр гой. Бір тобы – ханның ұсынысын ескеріп, тілегімізді айтып хат жазайық, ескерер, 10 күн рұқсат берейік – десе, Мақамбет тобы – басталған күресті аяғына жеткізіп, әуелде италай бізді алдап, арбап, ұсызың қанап, зорлық жасап келген Жәнгірді үкіметімен жою үшін атқа индік. Хан белгілі зымиян жауыз кісі; уақыт ұту үшін алдап отыр, сенбейік, күні бүгін шабу керек - деп шақырады. Мына жағдайда Мақамбет ханның тағы алдап отырғанын әшкерелеп. – Хан баласының сөзіне шануға болмайды. 25 рудан осынша адам Иса-еке Сізге еріп елді, бұл не болғаныңыз. Хан сасып, тізе бұқпек түгіл тағынан түссе де сенбейміз. Бірақ көтеріліс басшысы Исадай аса бір сақтық жасамай, ханға хат пен халық атынан тілек – мұның жазып, 10 күн мерзім беруге ингайланады. Мақамбет бұған көнбей, атына мініп көтерілісшілерді жинаиды.

Кейін ол Исатай атынан:

“Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырған
Айбатыма шыдамай
Хан баласы жылады-ай,
“Ай жанды қи” – деп сұрады-ай.
Хан тілегін бір жолға
Беремін деп мен түрдым.
Аруағың ұстап арында,
Көк бедеуді бауырлап,
Шамырқанып, шарт кетіп,

Шабамын деп сен түрдің, - деген жолдар сол кездегі арпалысты дұрыс көрсетеді. (4:68) Күн тәртібіне – хан ордасын шабу қойылады. Көп айтыстан кейін көтерілісшілер Исатай басшы білсін, өзі шешсін, - деп қаулы алады. Соныменхан мен арада сөйлес (келіссөз) басталады. Көтерілісшілердің бір тобы ханға хат жазуға отырып, өздерінің бастарынан өткен зорлықтарының бірқатарын тізеді. Сөйтіп қымбат уақытты өткізеді. Екінші тобы Исатайға риза болмай кетіп қалады. Олардың ішінде Қараторғай батыр Мәмбет ұлы /Алаша/, Науша батыр Қаржая ұлы /Байбақты/ т.б. болған. Екпіндері өршіп келген көтеріліс каркыны сөйлес (келіссөз) кезінде бәсендеп, көтерілісшілердің қатары бытырай бастайды. Мақамбет толғауында сол кез былай суреттеледі.

“...Әй, Мақамбет сениңде,
Сөзіңе құлақ салмадым...
Бұрала біткен емендей,
Қисық туған сорлы аған,
Хан сөзіне сенгенім,
Он күн мұрсат бергенім.
Әскерімді таратып,
Бекетай құмға кіргенім.
Он бір күнге қаратып.
“Бекетай құмға келгенім”, - дейді. (5:62)

Сөйтіп, көтерілісшілер қолы ыдырап, топ-топ болып хандықтың әр белігінде құресін жалғастыра береді. Бір тобы 500-дей адам Тарғын өзені, “Бөгде” тауы маңында, екінші тобы “Қаражар” жағында, үшиншісі

- Солтүстікке Сары өзен өңірінде қымыл көрсетіп журеді. Сейтіп күн тоқталмайды.

Енді Орынбор әскери губернаторы Ішкі тараптағы көтерілісті басуға мүмкіндік алады. Жайық әскерінен 400 солдат жасақталып, Кулагинге жиналады. Төменгі Жайық дистанциясынан 600 солдатқа Нарынға шығу бүйірылды. Жазалаушы әскер бөлімдерін басқару үшін Текеден қосымша 6 есаул, 5 жұзбасы, 7 хорунжий, 12 урядник жіберіледі (36:197). Ал, бұл әр жерден жиылған жазалаушы әскердің командашысы етін губернатор өзінің көмекшісі, сол кездегі әскери сауаты толығырақ подполковник Гекені тағайындаиды. Ол полковник Меркуревпен бірге 400 солдатпен Кулагиннен Самарға одан Жаманқұмға қарай шығады. Хан әуелі Исатайдың т.б. басшылардың жанұясын ұстауды өтінген. Сол үшін Исатай ауылын білетін, жанұясын танитын сенімді кісісін Меркуьевке жібереді. Горскийден тағы 235, Зеленовтан 200 солдат шығып, ол да ішкі хандыққа бет алады. Төменгі Жайық дистанциясынан 150 солдат шығып, Өзен әскер линиясына /Глиннянский/ қарай жүреді. Сейтін Жайықтан жазалаушы әскер үш колонна болып 24-31 қазаннан бастап он күндік азығымен шығады. Осы уақытта Астраханнан Қарабайлы, Басқұншақ арқылы 300 солдатпен полковник Алиевтің басқаруындағы жазалаушы отряд Хан ордасына бет алады. Орынбор әскери губернаторының бүйірығы бойынша бұларға қосымша 2-ші резерв күші және дайындалып, ол өзірге Жайық өзені бойында күзет, бақылау ісіне пайдаланылады. Қажет уақытында аттануға олар дайын тұруға бүйірылған. Бұның үстіне 200 казак Калмыков бекінісіне шығып, Кіші жұздің Батыс белгінің билеуші - сұлтаны Баймағанбет Айшуақов қарауына беріледі. Ол да Исатайлықтарды Жайықтан өткізбеуге, өте қалса артынан осы отряд және өз адамдарымен кууға тиісті болады.

Сонымен көтерілісшілерге қарай патшаның арамза қара күші төніп келе жатты. Ал, көтерілісшілер болса бытырап, әр жерде өзінше қымыл жасап жүр. Нарын құмының шығысына жіберілген бақылау, барлау үшін жіберілген қосындар бейқам болды. Орданың айналасына мықты бақылау қойғанмен, үлкен жолдар бойына қатаң бақылау немесе торауыл болмады. Жалпы, соғыс барысында барлау, торауыл, тосқауыл секілді әскери амалдар қолданылды. Соның нәтижесінде Орал казак әскерінің, ханың талай тыңшылары үсталған да болатын. Қазанның басында Өзен әскер линиясының командирі Сумкин жіберген 2 казакты

исатайлықтар тұғқындаған алған. Орал өскери көпке дей көтерілісшілерге көп тыңшы жіберсе де, олардың мекені, қүші, қимытуralы нақты, толық мәлімет ала алмаған. Тек Нарында тұрган билерғана оқтын-оқтын рапорт жіберіп тұрган. Бұл көтерілісшілерде аз болса белгілі бір өскери тәртіп, тактика барлығын бақылау мақсатын күзет, тосқауыл болғанын көрсетеді. Деректер көтеріліске тата-қарақалпак, орыс солдаттарының да қатысқаны жөнінде мәлімет береди. Мысалы, Исадайдың 2 татар жәрдемшісі болған. Сондай-ақ поляк тұтындары да көтеріліс сапында болған. Бұған қарамаста-көтерілісшілер қүші бытыранқы еді. Көтерілісшілер Жасқұста, орда түбінде жатқанда Орынбордан шыққан подполковник Геке Кулагин қамалына келіп, жағдаймен сырттай танысып, 26-қазанда Өзен өскерінің Сары айдын қасындағы Глиннянский бекінісіне келеді. Бұнда Геке Исадайдың Жәңгір ханмен келіссөз жүргізу өншегін уақыт өткізу негізгі ойы – Жайық өзені қатқанша жиналышп, жорыққа кесел болатын мал, дүниелердің бәрін жойғанын, тыққанын естиді. Көтерілісшілердің тек шағын қостары бар, койларын сойып алған, жылқыны да іріктең жолға жарамдысын ғана қалдырған көрінеді (37:203). Исадайдың жоспары су қатысымен хан ордасын шауып, жігіттерімен Жайық өтікету болды (7:203). Бұл ой сірә ханға да белгілі болар, бірақ ол өз басын аман алыш қалу амалымен әлек болды. Жәңгір Орынбор өскер губернаторына 27 қазанда /1837ж./ тағы да хат жазып, онда көтерілісшілер саны көбейіп бара жатқанын және олар хан ордасын барлық жағынан қоршап алғанын мәлімдеген. “Сонымен, - дейді, - хабар қоршауда қалдым, мүмкіндігінше орданы айнала арапал, жеңіл қорғанмен бекітіп жатырмыз, ал, казак отряды мен тұрғындар бір аптаның үстінде құндіз-тұні қатаң қарауыл жасауда”. Көтерілісшілер саны азайғанымен қатар, олардың қимылы тоқтамайды. Алаша руынын Көшпетер Құдайбеков басқарған шаруалары Өзен өскер линиясының орталығы Глинняның шабуыл жасамақ болады, бірақ сәтсіз аяқталады.

Исадайдың жоспары мен ханның жағдайынан аз да болса хабар алған Геке, Жәңгір мен оның сыйбайластарына қуат беру үшін негізгі отрядтың келуіне қарамай өзінің 2 казак қарауылымен Ордаға шығады. Келсе, хан мен сұлтандардың, билердің зәресі үшып, естері кеткен, үміт үзген. Геке 1-қарашада Исадайға үркесіп хат жазайын дегендеге Жәңгір қалышылдап: дәрекі, катты сөз жазып, өриштіп алманыз, тіпті хат жазбай-ақ қойсанызышы соған деп жалынады. Геке рапортында Исадайға хат

жазғанын губернаторге мәлімдеген. Онда губернатордың бүйрығын беру үшін және сөйлесу үшін Исарайды ең басты адамдарымен Ордаға келіп, жолығуын талап еткенін айтады. Исарай 2 қараша күні Гекеге жазған жауабында, оның Ордаға келуі өзі үшіп қатерлі екенін, ейткені 31 қазанда 100 көтерілісшіге хан адамдары шабуыл жасап, біргалай шығын болғанын және 1 қарашада да осындай шайқас болғанын жазған. “Бұл шайқас барлаушылар мен тосқауылдық кездесу болар. Ал, жалпы, тыныштықтың орнауы үшін, - деген Исарай одан әрі, көтерілісшілер ханға өздерінің өтінішін жіберді. Осыны орындау келісім, - дегенді аңғартады”. Сонымен көтерілісшілер көп уақытын сөйлесу, өтініш жазумен босқа өткізеді.

Хан мен Геке көтерілісшілерді алдауратып сөйлесе жүріп уақыт оздырумен қатар, өз қарауындағы әскерін соғыска дайындаі береді. Жан-жактан ордаға қашып келген ханың сенімді адамдарынан Геке бөлек отряд құра бастады. Бұған сұлтандар, байлар, билер мен олардың адамдары кіреді. Бұл уақытта көтерілісшілерге карсы ішкі тарапқа жан-жақтан патша әскері құйылады. Астраханның бірінші полк командири полковник Алиевтің басқаруымен 300 солдат зенбірегімен Жасқұсқа шығады. Полковник Меркульев Жаманқұмға барып, көтерілісшілердің 40 семьясын тұтқындаиды. Бұл хабар орда түбіндегі көтерілісшілерге жеткенде олардың қатары қожырай бастады, Исарай ыдыратып алған өз қосындарын жинамай, 300 ғана адаммен 5 қарашада Жасқұстан Жаманқұмға шұғыл кетеді. Сөйтіп, он күндей орданы қоршаудан, келіс сөзден нәтиже болмайды. Көтерілісшілер 8 қарашада Жиделіде Меркульев отрядын қоршап, айнала өрт қойыш, жүргізбей, ақырында шабуыл жасап, екіге бөлу қауіпін төндіреді. Полковник әуелі келіс сөзben алдаркатып, кетіп қалмақшы болады. Бірак шаруалар: “Бізге не қыласыңыздар да мейліңіз, әйел, бала-шағаға, кемпір-шалға тименіз”, - деп шарт қояды. Амалы таусылған полковник, өз әскерін сақтау үшін тұтқындағы ауылдары малымен босатады.

Шала сауатты полковник Меркульевтің 9 қарашада Ақбалық мекенінен жазған рапортында көтерілісшілер үюлі шөпті өртеп басқаларына жиналуға белгі беріп, көп кісі жинап, біздің ізімізге түсті, кудалап бізді бөлшектеп жібере жаздады дейді. (9:305) Меркульевтің отрядын көтерілісшілер өкшелей, солдаты бар, зенбіректі отряды қаша қорғануға мәжбүр етті. Гекенің губернаторға берген рапортында Меркульев көтерілісшілердің қысымынан амалсыз линияға қарай

шегінді. Содан бағытын біліп, байланысып, өзіме отрядтын қосып алдым деген.

Бұл кезде Астраханнан 300 әскер зенбірегімен және шығып жолшыбай көтерілісшілердің басқа тобымен кездесіп, Ордага қарай асықты. Бытыраған көтерілісшілер топ-топ болып әр жаққа тарап, әркімнен өзінің кегін, өшін алуға кетті. Бұлардың ішінде Ахмеров, Аминов, Фатколла секілді Қарақалпақ шаруалары болған. Бірақ, қалмак, татар, қарақалпақ, орыс байлары мен Астрахань басшылары бар кінен көтерілісшілерге жауып, кейін қазақ шаруаларынан таланған мaldарын өндіріп беруді талап етеді. Подполковник Геке 450 адамымен 7 қарашада Ордадан шығып, “Теректі” қонысына қарай жүреді. Жолшыбай ол линиядан келген 234 адамнан құралған бір отрядты, одан кейін 2 зенбірекпен келген 40 солдатты қосып алады. Геке 12 қараша күні Теректі күмына жетіп, кешіне Меркульев отрядымен кездесті. Сейтіп, ол 400-ден астам хан адамына 700 солдатты және көптеген хандық адамдарды жиып алады. Енді жазалаушы отрядтардың негізгі күші біріккен, олардың жалпы, саны 2 мыңдан асады. Геке ергеніне Жаманқұмға жетіп, көтерілісшілерді іздестіріп, қолға тұскендерден Истатай болмай шығады, ол 25 шақырым жердегі Тас төбеде /Тас оба деп те жазылған/ деген мәлімет алады. Тұнгі 2-де Геке 2000 әскерімен Бекетайдан аттанып, 15 қараша күні таңда Тастанбеке келеді. Геке әскерімен Тастанбеке жақындағасын төрт шақырым жерде көтерілісшілердің қалың тобын көреді, олардың жалпы, саны 500 адамдай көрінеді. Ал, Гекеде қарулы 2 мыңдай адам, зенбіректер. Бірақ көтерілісшілер өздерінен бірнеше есе басым күшті көріп саса қоймайды. Гекенің губернаторға жазған рапортында: - олар аттарына мініп, көлденең деп ойнақтатып, жазалаушылар мен құреске әзірлігін білдіргендей болады, - деген. Геке өз әскерін сапқа тұрғызып, екі зенбірегін көрсетпей қалақайладап қояды. Көтерілісшілер шабуылды өздері бастайды, әуелі мергендер шығып қатарлана бірнеше рет мылтық атады. Патша әскери бұған қарсы зенбірек атады, бірақ көтерілісшілер оған үркей қоймайды. Казактар, Гекенің айтуынша, тықырышып шыдамай, команданы тындармай алға ұмтылғыштап, шайқасуға асықты, - дейді. Зенбіректен нәтиже болмағасын солдаттар командамен атакаға ұмтылады. Бірақ, - дейді бұдан әрі Геке, - атқа жақсы отыратын және найзаны шебер ұстайтын киргиздер (қазақтар И.К.) солдаттардың қатарын қаусата береді. Солдаттардың ә дегенше пысы басылып,

қаркыны қайтып, сапы іри бастайды. “Біздің арамызда абдырау пайда болды”, - дейді одан әрі Геке. Кейін ол – біз күйреу алдында тұрдық” деп мойындарды. Жазалаушыларға женілу қауіп төне бастайды. Геке бұны сезген, күш алу үшін шапшаңдатып 2 зеңбіректі көрсетпей жақындарып бір дөңнің басына әкеліп алады да, жақыннан туралай картечь пен дөң басынан атып, тигізе алмай, сосын дәл көтерілісшілердің қалың тобына залипен 2-3 реттен дәл атады. Сол жерде көп адам шапқан жусандай жайрап қалады. Табанда көптеген көтерілісшілер қаза болады, жарапанады. Исатайлықтардың аралары ажырап, қатары бұзылып, саптары сетінеп, реттері қожырай бастайды. Сол уақытта бұны көріп солдаттар есін жиып алады. Гекенің бүйірығымен олар тағы да атакаға шабады. Қатары селдіреген көтерілісшілер амалсыз кейін бұрылады. Исатайдың оң қолына оқ тиіп, аты жарапанады. Ол атын ауыстырып, қайта ұмтылғанша көтерілісшілер шегініп баратады. Бұл соғыста 50-60 адам өледі, ішінде Исатайдың 20 жасар баласы Ақай да бар. Өзінің бір мақаласында А.Якунин оның аты Ақай деп жазған. Солдаттар кері шегінген көтерілісшілерді 7 шақырымдай күшп, шаршап, кері негізгі тобына қайтады. Геке бұл шайқасты толық женис деп есептемейді. Орал әскерінің төменгі дистанциясының бастығы Акутинге жазған хатында Геке: біз күйреуге аз-ақ қалдық – деген. Көтерілісшілердің бұл ұрыстағы жан қиярлығына, батылдығына Геке өте таңқалады. Тастанбенің касында 7 шақырым “Кос құлак” деген жерден ол соғыс губернаторіне жазған рапортында – көтерілісшілер “өздері мен семьясын қорғаймын деп шамадан тыс іске, зеңбірекке қарсы батылы баруы, олардың соншама ашынғандығын көрсеткендей” – деп мойындайды.

Көтерілісшілердің ыдыраған топтарын бұдан кейін де Исатай біріктіріп, қайта құрамақ болады. Бірак шаруалар әр жерде өзінше күресіп жатады.

Патша мен хан адамдарының қудалауынан жасырынып, Исатайлар Жайық асамыз деп бірталай адамдарынан айырылады. Исатай борандатып Жайыққа жақын тұратын Құрақ Маябасов деген азаматтың үйіне келіп: “бізді Жайықтан өткіз, жолын білесің?” – деп өтінеді. 1837ж., 13 жетександы Құрақ бұларды Жаманқала қасындағы “Сарытоғай” жағасына келіп, көп мұз үстіне киіз тесеп Жайықтан өтеді. Бұлар 50 шақты адам, жолай Сүйін деген қосылған, ол түйесі жығылып

кейін қалады. Сол арада жолды қарауылдаپ жүрген 2 казак келіп мылтық атып, отряд шақырады да, Сүйінді ұстап алады, қасындағы 2-3 адам тоғайға тығылады. Сүйін Текеге барғасын Жайықтан кімдер өткенін айтады. Исадай әккі Баймағанбет сұлтанның отрядын “із тастап” адастырып, екіге бөлінеді де, құтылады. Бірақ, Жақия бастағас топ, Шектінің Шонты Жамантаев ауылына барып, 12 кісі панарап еді. оларды ұстал береді. Олардың ішінде Исадайдың әйелі Несібелі, екі ұлы Жақия, Діnbаян, Есмайыл, Сулеймен Өтеміс ұлдары, балдызы Бағлан. Еділ Сартұлсының балалары Ерше, Нұрша, т.б. бар. (12:476) Жігіттерін Текеге жөнелтеді. Несібелі мен Діnbаянды губернатор Баймағанбет қарауынан Нарынға Жәңгір ханға жібертеді.

§4. Алшын даласындағы шаруалар қозғалысы

Нарыннан келген Исадайды Кіші жұз шаруалары бірден қолдан көтерліске шықты. Енді соның себептеріне қысқаша тоқталайық. Шаруалар қанаушы, озбыр би, старшиндар мен сұлтандарға қарсы ашық күреске бұрыннан-ақ шығып жүрген. Озбырлыққа шыдамаған шаруалар 1833 жылы №12 дистанция бастығы С.Өтеулинді өлтірген еді (39:2) 1833 жылы сұлтан Әли Жолбарыс ұлына қарамағындағы шаруалар салық төлемей, бағынбай наразылық білдіріп, содан ол Шекара комиссиясына шағым етуге мәжбүр болған. (40:2) Ыза кернеген шаруалар Кіші жұздің орта бөлігінің билеуші сұлтаны Жусіп Нұралиевтің өзіне шабуыл жасап, өлтірмек болғасын, патша әкімшілігі арнайы әскери команда бөліп, қорғаған. (41:3).

Кіші жұзге шектен тыс алым мен озбырлық әрекеттері үшін шаруалар өздерінің би, старшиндарын, сұлтандарды өлтіруге дейін барған. 1837 жылы күзде елден алым жинауға шыққан сұлтан Сүйіншқали Мақмұтовты шаруалар өлтірген. Сол кезде алым-салық жинай елге шыққан Бұркітов деген сұлтанды да ыза кернеген шаруалар өлтірген. Бұл фактілер Кіші жұзде тап күресінің ишиленісіп келгенін көрсетеді. Бұл секілді наразылық, бас көтеру өр жерде болып тұрған. Бірақ олардың күші мен қимылы біріктірілмеген.

Сонымен қатар, патша әкімшілігі мен Орал казак әскерінің қиянатына қарсы наразылықтар Кіші жұзде жылдан-жылға өрістеп, жайыла бастайды. 1831-1832 жылдардың өзінде Жайық пен Елек өзендері бойындағы атақоныстарынан айрылған табындар мен шектеулердің патша үкіметіне наразылықтары күшейіп, бұл рулар атакты батырлар Жоламан Тіленшұлы және Асау Баракұлының басшылығымен отаршылдарға бағынбай соғыса жүріп, онтүстікке шегінген болатын. Бұларға қарсы патша әскери шығып, Баймағанбет сұлтанның бастауымен наразы ауылдарды Борсық құмдарына дейін қуып барған.

Бұл секілді наразылықтар, үкіметке бағынбай, Жайық бойынан тыныштық пен тендік таба алмағасын Шың, Устірт; Сам далаларымен Жем өзені жағына көшіп барулары кейінде де болды. Әсіреле 1836-1837 жылы Орал линия тұрғындарының озбырлығына шыдамай көптеген қазақ ауылдары көше бастады. Кіші жұздің батыс бөлімін билеуші Баймағанбет сұлтан Орынбор басшыларына: осы жылы менің

қарауымдағы қазақтар менен босану /яғни, тәуелсіз болу үшін/ өзары жиі кеңесуде еді, содан бірқатары линиядан көшіп кетті, - деп мәлімдед (42:5).

1837 жылы 5 тамыздағы рапортында Баймағанбет сұлтан Байбакты Тана руларының 15 шақты би, старшиндары бастаған ауылдар Жайыл озені өңірінен көшіп Хиуага кетті, - деген. Жем, Сам, Устірт Манқыстауға қарай көшкеннің бәрін патша чиновниктері Хиуага өтті деп есептеп, оларға деген өшпенделікті қүшайте түсетін. Тіпті, Сам, Устірт даласына қарай кеткендердің бәрін патша әкімдігі Хиуага кетті деп санап, олардың неге кеткен себептерін анықтаумен әуреленбел. Баймағамбет аталған рапортында, 17 басшы адамдарының тізімін береді. Олардың көбімен алда кездесетін болғандықтан, атай кетейін. Ол Байбактының Карабала бөлімінен Күндекер Ақбаев, Нарынбаев Кошқаров, Өгіз Баркенов т.б. туыстарымен, Тоқсаба бөлімінен Айдекеш үлдәрі; Көшпен бөлімінен – Төлебай, Исбет Тайлановтар, Тана руының Қараман бөлімінен – Ж.Ниязов, Берсүгір, Сұгір; Сұлтан Сыреке Сүйіндіков (43:2).

Қырдағы отряд бастығы жұзбасы Иванов 1837ж. 23 маусымдағы рапортында Тама руынан Амангелді бастаған 19 кісі. Шекті руынан Сапар Төлегенов бастаған ауылдар линиядан қашып, онтүстікке көшуге елді үгіттейтінін мәлімдеген. (44:3) Бұлардың бәрі Кіші жүздің Орта бөлігі билеушілерінің қанауына ұшырағандар еді. Бұл секілді отарлық езгі мен феодалдық қанауға наразы болып, қарсылық білдіріп, көшкен ауылдар көп болды. Бірак, олардың басын біріктіріп, үлкен бір үйымдақсан күшке айналдыруышы, жетекші, басыны болмады. Наразылықпен көшкен бұл ауылдар ашық қимылдар да жасамады. Соңдықтан революцияға дейінгі авторлар Кіші жүзде 1836-1837 жылдары ашық көтеріліс, қалыптасқан қозғалыс болмағанын, қайта тыныштық болғанын көрсетеді. Бұл өнірдегі белгілі адам сұлтан Қайыпқали Есімов осы кезеңде қарулы қозғалыс бастағаны туралы дерек кездеспеді.

Сонымен, Кіші жүзде 1837-1838ж.ж. шаруалардың патша әкімшілігіне, билер мен сұлтандарға жалпы наразылығы күшейіп, ыза керней түссе де, ол ашық, үйымдақсан қарсылыққа ұласпаған. Бұлардың біріктіріп, басын қосып, үйымдастыратын тәжірибелі, сенімді қайраткер болмады, - дейді Шахматов В. Екіншіден, наразы топ құрамы – шұбар. Олар отарлық езгіге наразы сұлтандар, билер, әрі феодалдық қанаудан

қашқан шаруалар. Олардың басты жауы – патша әкімшілігі, Баймағамбет, Жұсіп т.б. сұлтандар мен билер, байлар, помециктер, көпестер.

Исатай мен Мақамбет Баймағамбет әскерінің қудалауымен Тайсойғаннан 25 адам жолдастарымен шығып, Сағыз өзеніне қарай жүріп, 1838 ж. 21 қаңтарда жолшыбай Сайқұдық деген сорда Маңғабай Тұрлыбаев /Кете/ деген шаруаны кездестіреді. Күгіншыларға бұлардың жолын айтып коюынан қауіттеніп, Исатайлар Маңғабайды өздерімен бірге ала кетуге мәжбүр болады. Исатайлар 60 ат қосағында, Сайқұдықтан Барлыбай бейтіне жетіп киіз үйде түндейді, ертеңіне Сағыз өзеніндегі “Бұрма” сайна қонады. Таңертек, яғни, 23 қантарда “Қоянды шоқа” тауына қарай жүріп, Сағыз бен Қайнар өзендері арасына түндейді. Келесі күні Бесқұдық үстімен Иманқара тауына кідіріп, одан әрі Жылгелді жазығына, Жем өзені қасына қонып, жараланған биені сояды (45). Осы түнде Маңғабай қашып шығып, көргеніңің бәрін айтып келеді (46:379).

Патша әкімшілігі мен Баймағамбет сұлтан отрядтар шығарып, тыңышылар жіберіп, ішкі тараптан шыққан көтеріліс басшыларын іздең, алас үрса да, үстай алмайды. Бұндағы басты себеп, отарлаушылармен топпен жергілікті билеуші топқа қарсы шайқасып, қажып келе жатқан көтерілісшілерді мұсіркеп, елдің ат, көлік, киім, киіз үй, тамақ беріп, көмектескендігінде. Қаракөл, Қарабау, Тайсойғанда бір айдың үстінде болғанда оларды ешкім үстап бере қоймады. Бұл Исатайды үстап берушіге Баймағамбет 2000 сом “сыйлық” беретінін де жариялады. Сонда да оны ешкім көрсетпеді. Дегенмен сұлтандар мен билер жағынан тіміскілеу, іздеу тоқталмады. Амалсыз Исатайлар күш жинап, кайта куреске шығу үшін ел аралап, Борсық құмына қарай тартты. Олар шектінің Шүрен, Назар рулары отырған жерлермен Желтау, Доңыз тау, Шатыркөл үстімен әрі өтті. Билеуші топтың тиым салуына, қорқытуына қарамастан көтерілісшілер Желтауға кеткен Құлан Жұсіпов деген бидің ауылында панарайды.

Исатай бұл жерге келіп ханға қарсы куресу үшін үлкен жұмысты бастады. Қасындағы жолдастарын жан-жаққа, әр ауылға, ру-рудың мекендеріне жіберіп, үгіт жұмысын күштейтеді. Мақамбет Доңыз тауындағы ауылдарға келіп үгіт жүргізіп, өздерінің соңғы жылдарындағы күресін әңгімемен де, өлеңмен де жеткізеді. Шаруаларды карулы куреске жұмылдырып біріктіруде Мақамбеттің

еңбегі зор болды. Ол өзінің “О, Шонты би, Шонты би!” деген т.б. өләндерінде күрестің мақсатын ашып, өздерінің басынан өткес қызындықтарын баяндап, Исатайдың қажырлы ұлken еңбегін көпшілікке паш етеді. Екпінді, рухты Мақамбет жырлары шаруалардың көкейіне орын алыш, жігерлендіреді.

Бұл кезде патша әкімшілігі мен Баймағанбет алыста жатып алас ұрып, Кіші жүздін онтүстігіндегі билерге әлсін-әлі хат жазып, Исатайды ұстап беруді талап етеді. Доңыз таудағы Байтарин Изамбет деген биге, “Исатай сіздің қарамағыңыздағы ауылда 10 күн жатыпты, неге ұстап бермейсіндер”, - деп байбалам салады. Шынында да, тыңшылардың жеткізуінше, Исатай 1838ж. 18 наурызда Байтөре ауылында болады, ал ұстап береміз деп уәде берген билер оны істемейді. (47:450) Баймағанбет оларға Исатай үшін 2000 сом сыйлық беретінін, 12 қаңтарда жазғаның тағы еске салады. Ал, егерде оны ұстамасандар ауылдарың өткен жылғы Бозашыда адайларды казак-орыстардың талқандауындаі хәлге үшырайсындар деп корқытады.

Онымен қоймай Исатай, Мақамбет жүрген жердегі ауылдардың билеріне шекара әкімшілігі, Баймағанбет пен сұлтандар арнайы кіслер жібереді, тыңшылар қояды. Баймағанбет екілдері билерге келіп, Исатай адамдарын ұстап беруді айтады. Бірақ, көтерілісшілер бұл уақытта қалың қөпшіліктің күрметіне бөлениген. Оның үстіне мұндағы ауылдың көбі патша әкімшілігінен безініп келген, Баймағамбет секілді. Сұлтандарды шекара әкімдерін жаратпайтын. Сондықтан, бұл істі жүзеге асыру қыын еді. Губернатор Перовский Исатайды ұсташа үшін төменгі Жайық бойына 1838ж. наурызда өзінің көмекшісі полковник Данилевскийді жібереді. Оған бір әскери полкты қоса беріп, Жайық линиясын қүштейтіп, Исатай адамдарының қимылына кесел жасауды міндеттейді. Дегенмен Жем бойындағы Шектінің билері Тере, Баджан Кидаевтар Сұлтан Аспандияр Сюгалинге Исатайды ұсташа келісім береді, бірақ ретін таба алмаса керек және ел қамқорлығын да тия алмайды. Көрші ел Исатайға азық, түйе, қазан, киіз үй, ал, Құдайберген Тәңірбергенов 2 жақсы ат береді. Наурыз айы мен сәуірдің басында Ерсары Тәңірбергеновтың үйінде Исатайдың 15 жолдасы тұрады. (48:459)

Баймағанбет сұлтан Алаша руының бір басқарушысы Сарыбөпе Кенжегаринді, Сатай Кенжегаринді, Сарықожа Сарыбөпиновты №3,4 дистанция бастықтары Мырза, Өтебай дегенді т.б. адамдарын

Исатайлар артынан тағы жібереді. Соңғы екеуінің 10 наурызда берген рапорты бойынша Қарабау, Қаракөлден бастап Сарықөлде, Ақтамда, Шошқа көлде болып, 2 кісіні ұстаған. Жақып Айшуақов сұltтан өзінің 56 кісісімен Тайсойғаннан Барлыбай, Бұрмасай, Қоянды шоқа, Итқұдық, Иманқара мен Шыңкелдіге дейін барып, Исатай Устіртке асты, Қайыбалды қосылды депті. Өз тыңшыларының мәліметі бойынша 1838ж. 30 сәуірде жазған рапортында Баймағанбет “Исатай 2 жолдасымен Шошқа көлден кетіп, 25 наурызда Б. Тоқмановпен Ерші, Карта, “Оймауыт” деген жерде тұратын Жүсіп Құланов деген бидің, ауылына барды. Одан өрі Шекті руының Кенегес болімі тұрган Бұлқын мекеніне кетті. Ал, Исатай үш адамын Қайыбалды жіберді. Бәрі де шаруаларды қөтеріліске шақыруда” – деп жазады. Бұл Исатайдың қызу қолға алған көп жұмысының бір елесі ғана.

Шектінің ішіне тыңшылықта жүрген Батырхан Шахмарданов деген татар молданын айтуына қарағанда Исатай мамыр айында адайларға барып, өз жәйін айтады. Сол жерге Қайбалді де келіп, рулардағы әр аталақтан 100 атты адамнан жиналсын деп үйғарып, бүйрық береді.

Исатай Төлеген Серекенұлын “Қара қазан”, Сары бала қамы үшін” Шеркеш, Ысық, Таз руларының ауылдарына жіберіп, өзінің үндеу хатын жариялады. Сағыз бен Ойыл өзендері арасында тұратын бұл рулардың ауылдары Исатай үндеуін естіп, толқи бастайды да, “Топырақ шағылға” көшеді. Шеркеш руының кейбір ауылдары батыс жақтан Ойылдың арғы бетіне көшеді. (49:514)

Орынбор саудагері Деевтің осы кезде ел арасынан келген кісілерінін мәліметінше Табын мен Тама руларының ауылдарында да толқу күшідейді.

Исатайдың бұл аумакқа келгендегі қолға алған басты мәселесі – бұрын ру араздығымен бірін-бірі барымталауда болған рулар мен адамдарды бітістіріп біріктіруі болды. Осы күнгे дейін ел аузында сақталған және Үғылман Шөрек ұлының “Исатай - Мақамбет” дастанында баяндалатын ру таласын тоқтату туралы Исатайдың көп қызметі архив материалдарымен қуатталып отыр. Элімұлы мен Адай арасындағы араздықты тоқтатып, барымтанды тыю, келістіру үшін Исатай Сам даласына кетеді. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде патша өкіметіне наразы азаматтардың басын қосып, жаңа қол құрады. Исатай шаруалардың саяси көзқарасын, ескі түсініктерін ескеруге де мәжбүр болады. Бұл жақта дүбірге Қайыбалды сұltтан мен оның артына ерген ел

де қосылады. Қайбалды Есімов 1827-1829ж.ж. шаруалар қозғалысы басқарып, ел ішінде Жәнгірге, Баймағанбетке, патша әкімшілігінің карсы күрескеге ретінде белгілі еді. Патша әкімшілігі, бастығы Перовский болып Қайбалдыны “сатқын”, “бұлікшіл”, бақ үшін таласқа карьерист т.б. неше тұрлі теңеулер мен балағаттап, онымен байланысуга тыым салған. Қайбалдымен байланысқаны үшін Новоалександровск бекінісінің комендантты губернаторден сөғіс алады. Бұл әрекеттерде хабардар Қаразым ханы Қайбалдыны Кіші жүздің онғустік бір бөлігіне хан етті. Бұл кездегі Қайбалды қызметін нақтылы зерттемесе де, біздегі тарихшымыз В.Ф.Шахматов оның қозғалысын бір жылдары “монархиялық қозғалыс” дей салған. Бұл әлі де нақтылы зерттеуді көрсететін мәселе. Ал біз қарап отырған тарихи кезенде Қайыбалды мен оның қарауындағы ел патша чиновниктерінің 1836-1837ж.ж. Адай ауылдарына істеген сорақылықтарына қарсы көтерілген. Бұл үлтазаттық күрестің бір буыны еді.

Сонымен екі жақтан бірдей қаналған шаруалар патшалық әкіметке қарсы күреске көтерілді. Бұл қозғалыста шаруалардың таптық мүддесі мен үлтазаттық күресінің мақсаты үштасып жатты. Жаңаша қарасанда бұл екі ағымды жасыра алмайсың. Қозғалыска шаруалар, билер, балықшылар қатысты. Қозғаушы күштерінің шұбар болуы, оның нашар үйимдасуына әкелді.

Бұл көтеріліске Шонты Жамантаев, Мәстібай Тоқалов, Төлебай т.б. қатысып, басынан бастап-ак тыңшылық қызметін атқарады. Шонты би маусымда сұлтан А.Сұгалинге көтерілісшілер Табынның Шемш тектасының ауылдарында Жем өзені бойында “Көкпекті жазығында” 100 шақты кісі екенін мәлімдеді. Қайбалды, - дейді Шонты би Байұлының азаматтарын өз қатарына шақырып жатыр. 20 маусымда ол айтқан жеріне келмесек біздерді атының түягымен таптаймын, - деп корқытады, - деп мәлімдеген. Ал, Исадай бұл кезде Оймауыттағы Жүсін Құланов ауылына кісі жинауға кетті, - деген. (12:549)

Орал казак әскерінің наказной Атаманы генерал Покотиловтың Орынбор губернаторіне берген 1838 жылғы 24 маусымдағы мәлімдемесіне Кіші жүз даласына жіберген жансыздарымыздың баяндауынша Исадай, Мақамбет, Үбі, Сарт Еділ ұлы Әлімұлының Назар ауылында, қарауында 500 кісі бар деп жазған. Ал, мамыр айында Үшбекенбайда оған Қайыпқали келіп қосылды. Бұлардың жиынының мақсаты – барымталасқан қазақтарды біріктіру, - деп атаман, одан әрл

“Исатайдың да, Қайыпқалидың да линияға зиян келтіру ойы жок” – деп корытады. (13:24) Бұны анықтау үшін Қайыпқалиға “қызына құда тұсу” сұлтауымен Қара Шигазин деген сұлтан барып келген.

Қайыпбалды Байбақтының Төлебай, Құндекер, Жұмыр, Сасық, Төрәл деген билеріне жазған хатында қаруланып, жолға азық алғып, әр үйден бір-бір азamat келуді міндеттеген. Бұл қағазды Төлебай Баймағанбетке жеткізеді. (52:544)

Баймағанбет сұлтан өз тыңшыларының мәліметіне сүйеніп, “Исатай Адай, Табынның Шемішті бөлімінен т.б. рулардан 2000 кісі жинап “Көкпекгі” де жатыр. Исатай өзі Шектінің Тілеу, Қаракесек, Қабак болімдерін аралап үндеу таратуда” деп Орынбор Шекара комиссиясына мәлімдеген. (53:6)

Исатай туралы Жәңгір хан да мазасызданып, оның жүріс, әрекетін білу үшін Кіші жүзге тыңшыларын жіберіп отырды. Ішкі тарапқа да бақылауды күшетті. Ханның сенімді адамының бірі – старшина Сарықұл Жайлауов Исатайға Түркменбай /Жаппас/ деген шаруа Кіші жүзге саудамен барып, (54) жолыққанын, батырдың Қойбас, Жақсығұл, Сарт /Жаппас/ деген Ішкі Орда адамдарына хат жазып, сәлемдеме жібергенін мәлімдейді. Сонымен қатар, Исатай киім-кешек т.б. нәрселер, Жақияның әйеліне посылка жібергенін айтады. Сөйтіп батыр ішкі тарап шаруаларымен де байланысын жандандырып, “мені ұмытпағандар дайындалсын” – деп үгіт таратады. (55:6) Надір Қашқынұлы секілді көтерілісшілер бұл үндеуге тағы да рухтанып, ат сатып алғып, құреске дайындалады. Біз, - дейді, - жаңағы старшина “тым үлкен қорқыныштамыз, біз жіберген шпион оралып, Сағыз өзенінің басында 2800 адам келгенін”, - мәлімдейді. (56:6) Исатайдан ішкі тарапқа Мастек Ақмет ұлы деген Ноғай келіп, “қимылсыз отыруға болмайды” деп насиқат жүргізеді. Теректі қонысынан түскен мәлімдемеде ішкі хандықта сол кезеңінің тағы да шиеленіскеңін көреміз. Қызыл-құрт руының адамдары Исатай көп әскермен Ішкі тарапқа өтетінін баяндайды. Шошақ Құнтуған ұлы дегенінің жауабында “Исатай Кіші жүзден үзіліссіз хабар жіберіп отырады” – деген.

1838 жылғы қозғалысқа қатысқан Өтебай Бекетов дегенін мәлімдеуінше Табын руының ауылында көтерілген 400 адам жиылған. Ойыл өзені маңындағы “Қисық Там” деген жерде Қайыпқали сұлтан, Жүсіп /Назар бөлімінен/, Құдайберген /Кете/, Есет /Алтыбас Алаша/, Науша батыр т.б. 600 адаммен болғанын айтады. (57:12)

Көтерлісшілер арасына патша әкімшілігі де өз тыңшыларың үзіліссіз жіберіп отырады – дедік. Олардың бірқатары өз әкімдерінің ыңғайына жығылып, көтерлісшілер Жайық өзені бойындағы тұрғындарға шабуыл жасамақ деген пікірді де айтып келеді. Бірақ, бұл арандатуға мән берілмеген. Шынында да көтерлісшілердің негізгі мақсаты патша әкіметінің сенімді билеушісі Баймағанбет секілді сұлтандар билигіне қарсы бағытталған. Олардың қимылы кейін осының көрсетеді. Орыс тұрғындарына ұрынбайды.

Орынбор соғыс губернаторы Перовский бұл көтерлістің себебін анықтауға талпынбай және мәселені бейбітшілік жолымен шешуді ойланбастан тағы да әскер күшін дайындаپ, енді Кіші жүзге жан-жақтан полковниктер бастаған жазалаушы отрядтар шығарады. Баймағанбет сұлтанға көмекке полковник Геке бастаған отрядты жібереді. Профессор Ж.Касымбаев кітабында 1838ж. 2 июльде (дұрысы 12.07.38ж. И.К.) Гекенің регулярлы әскері мен Жәңгірдің жарлығымен құрылған отрядтардың біріккен қимылы 2 жылға созылған күрестің тағдырын шешті – дейді (58:106). Бұл фальсификация. Жәңгірдің Кіші жүзде билігі жүрмейді.

Геке Орынбордан бір отряд пен шығып, 1838 жылы 8 шілде күні Илецкая Защита бекінісіне келіп қонады. Одан бір топ әскер және қосып алыш, 9 шілдеде 40 шақырым жүріп, Баймағанбет жолишисымен кездесіп, отрядымен үлкен Қобда өзенінің жағасында түнейді. Бұл уақытта Исатай қолының Қыл өзеніне келуімен байланысты Баймағанбет өз командасымен Геке белгілеген жерге Қыл өзеніне келе алмай, “Ешкі қырган” өзені жағына кетеді. Геке 10 шілдеде Қобда өзенін кешіп өтіп, оңтүстікке жүріп, сол күні кешкі сағат 7-де Баймағанбетпен кездеседі. (26:14) Сол түні екеуі әскерімен тағы 50 шақырым жүріп, таңда Ақбұлақ өзенінің жағасына келеді. Отрядтар демалады да, оның оң жағына күшті бақылаушылар қалқанын қояды.

Геке мен Баймағанбет кулық ойлап, Исатай тобына Балта деген Ысық руының адамын жансыз етіп жібереді. Сеңімге кіру үшін Балта Ысық руының Қыдырғұл атасының билері атынан қағаз жаздырып, онда біз Ойылдан көшип, Төс ағашта сіздей ерге қосылу үшін күтіп отырмыз деп жазылған (59:70) Бұл қағаз ертеңіне Исатайдың қалтасынан табылды. Балта Исатайларға Баймағанбет басқа ауылдарға салық жинауға командамен кетті деп теріс мәлімет береді де, өзі көтерлісшілердің екі топқа жарылып, бір тобы /көпшілігі/ бір күндік

қашықтыққа оңға кеткенін, ал Исатай шағын тобымен Ақбұлақ өзеніне қарай келе жатқанын айтып келеді.

Көтеріліс басшыларының бүл кездे қандай жоспары болғаны туралы нақтылы дерек жок. Дегенмен екі тобы да көтерілісшілер санын көбейтпек болған деген пікір бар. Бүл жөнге келеді.

12 шілдеде таңда Гекемен, Баймағанбет өскерін тұнде жеткен Исатайдың Қожақмет Өтемісұлы бастаған барлаушылар тобы шабуылдан, 2 кісісін тұтқындал, ал Қожақмет сұltан Сұгалинді найзамен жарақаттайды. Қалғандары есі кетіп лагеріне қашып келеді. Бұларды көріп Гекенің адамдары қобалжи бастайды. (60:50)

Кешікпей өзеннің қарама-қарсы жағасындағы биік қабагына 500 кісісімен Исатай келеді, дөңнен тәмен тұсін, жарқабаққа жақындейды. Геке, Баймағанбет тобы көтерілісшілерге зенбіректен оқ ата бастайды, көтерілісшілердің 2 адамын өлтіреді, бірнеше кісін жарақаттайды.

Бірақ көтерілісшілер абдырамайды. Баймағанбет өз командасымен өзеннен өтіп, зенбірек атып, қарсы жүреді. Көтерілісшілер жаймен кері шегінеді. Баймағанбет адамдары шабуылдай тұсіп, көтерілісшілер шегіне сыйылып кетер болғасын, алдан, өтірік кері қашады. Бұлардың адамдарының “аз екенін” көріп және Баймағанбет тобының алдауратып кері шегінген тәсілін тұсінбей көтерілісшілер ілгері ұмтылады. Бүл уақытта полковник Геке 2 отрядын сай, жылғамен жасырып, көтерілісшілердің екі қанатынан соғуға жібереді де, зенбіректерді жақыннатады. Сөйтіп, Исатай адамдары үш жақтан бірдей шабуылдан және жақыннан зенбіректермен дүмпелейді. Зенбіректің бірнеше оғы Исатай адамдарының қалың шоғырына тұседі. 70-80 көтерілісшілер өледі. Амалсыз шегінуге тұра келеді. Казак-орыстар мен Баймағанбет көтерілісшілерді жан-жакты қамап 15 шақырым қуады. Исатай өз адамдарының ең артында кейін қалғандарын қызғыштай қорғап, садақпен атып, найза мен қағып келе жатады. Ақырында оны Баймағанбет адамдары мен Балта опасыздың көрсетуімен жазалаушылар танып, оқ жаудырады. Бірақ, сауыт киіп алған батырга мылтық оғы дарымайды. Ал, ат пен қуып жете алмайды. Бұған ыза болған Хорунжин Петров атынан тұсе, жерге жата қалып, Исатайдың атына оқ атып, жаралайды. Аты жаралы болған батырга көмекке Мақамбет пен Үбі келіп, кезек аттарын ұсынады, мінгесейік дейді. Бірақ Исатай оған көнбей “баламды сақтаңдар”, “өздерің қашып құтылындар”, - деп ілгері жібереді. Аз гана көтерілісшілер Исатай

төңірегінде біраз соғысады, бірақ жаудың басым күші бұлардың ығыстырып, Исарайды оңашалайды. Көп кешікпей Баймағанбеттің нөкерінен 3 адам аты жарапы болған Исарайды қуып жетіп, біреу наизамен қағып, оны атынан құлатады. Жерге тұскесін, жаяулай қолындағы қылышымен батыр 3 кісіні жолатпайды. Сонда Көпес Сұбулин деген артынан келіп, батырдың қылышын қолынан қағып түсіреді, соңда Табын Сетбай Игитов, Жапар Елекбаев, үшеуі жабылып батырдың қолын артына қайырып үстап тұрады (61:140). Сол уақыттағы казак-орыстар да келіп, Исарай басы үшін жарияланған 500 сом ақшадан айрылғанға іші күйді ме, біреуі аттан түсе қала тұтқындаулы батырдың кеудесінен мылтықпен атып жібереді. Онымен қоймай Иван Богатырев деген урядник қылышпен өлген кіспің басын шауып түсіреді. Сейтіп, есіл ер қанішерлердің қолынан азаттық үшін Ұлы күресте қаһармандықпен қаза болды. Орынбор, губернаторіне осынын бәрін баяндап жазған Геке, рапорттының аяғында “Исарай ақырында өз ерлігінің құрбаны болды. (61:98) – деп мойындаиды. Исарайдың қажырлығы мен ерлігіне, жолдастарын қорғаймын деп өжеттікпен қаза болуына дұшпандары да таң қалады”.

Геке мен Баймағанбет тобы ұрыс біткесін тунеген жеріне (Ақбулак өзенінің жағасына) қайта келіп, түстенеді. Сонын Баймағанбет 200 казакпен 2 зеңбірек алып манағы ұрыс болған жерге барып, өліктерге келетін көтерілісшілерді аңдып, үстамақ болады. Бірақ, олар қаза болған 70-80 көтерілісшінің сүйектерін таба алмайды. Барлық құрбан болғандарды алып кетіпті.

Сейтің, патша мен сұлтандардың әскерімен алғаш шайқаста Исарай басшы қайсарлықпен қаза болып, көтеріліс басшысызы қалады. Патша өкіметі Кіші жүзге жан-жақтан жазалаушы отрядтар шығарып, көтерілген елдің зәресіп алып, бас қосып бірігіп күш көрсетуіне барынша кесел жасайды. Эйгілі батыр басшысынан айрылған көтерілісшілер қатары ыдырай бастайды. Ел жөңкіліп онтүсікке көше бастайды. Ұлғірмегендери Мансуров, Падуров, Геке деген полковнистермен т.б. басқарған жазалаушы отрядтардың талауына түсіп, райынан қайтып, Баймағанбет, Жұсіп сұлтан правительдерді мойындаپ, бас июге мәжбүр болады.

Көтерілісшілердің женілуінің басты себебі – көтерілген шаруаларда бірлік болмады. Жоламан, Амангелді, Асай, Жылгелді дегендер т.б. бір топ елді басқарып, өз алдына жеке-жеке болады. Көтерілісшілердің

әлеуметтік құрамы да шұбарлау, араларында таптық мұддемен көтерілген езілген шаруалармен қатар, отарлық езгіге қарсы көтерілген билер мен кейбір сұлтандар болды. Олардың ішінде Телбай, Балта, Қазы, Шонты би секілді сатқындар да болды. Бұл жолы да көтерілісшілердің айқын күрес программасы, күресу тәсілі болмады. Көтеріліс басшысы жазалаушыларды алдаймын деп жүріп, өзі алдауға тусты. Бұл кемшіліктердің бәрі шаруалар көтерілісіне тән құбылыстар. Қүрестің айқын программасын, тактикасын тек ғылыми теория мен каруланған жұмысшы тобының саяси партиясы ғана жасай алады. 1836-1838 жылдары шаруалар көтерілісінің тарихи ұлы маңызы – қазак еңбекшілерінің таптық санасын оятып, жарқын болашақ үшін ауыр күреске шындағы.

Сонымен, 1836-1838 ж.ж. шаруалардың антифеодалдық, антиколониалдық қозғалысы жеңіліспен аяқталды. Патша мен хан, сұлтандардың қарулы күші елді қанға бөктірді. Бірақ, көтерісшілердің бұл күресінің тарихи маңызы зор еді. Көтеріліс шаруалардың хан мен сұлтандарға, байлар мен хожаларға, патша чиновниктері мен офицерлеріне, орыс помещиктері мен купецилеріне қарсы жиналған ашу мен ыза, кек пен өшпендейділіктің табиги нәтижесі болды.

Ең алдымен, шаруалар бұл көтеріліс кезінде үлкен күрес мектебінен, саяси шынығы мектебінен өтті. Езілген тап бұрынғы әлеуметтік қаналумен мына қарулы көтеріліс барысында ұstem тапты жек көру, патша чиновниктері мен помещиктерді, сұлтандар мен бай-билерге қарсы бітіспейтін өшпендейділігін көрсетті.

Көтеріліс еркіндік пен Жер, әлеуметтік тенденциялар тіршілік үшін болған кемшіліктерді шаруаларға айқындалап, қазак байлары мен патша өкіметі бір бағытта екенін көрсетті. Сондықтан шаруалар өз тенденгі мен бақытын тек “білектің күшімен, найзаның ұшымен” бір ауыздан соз шығарғанда, біріккенде ғана алуға болатынына көзі жетті.

Исатай мен Есенгелдінің, Таңатар мен Қаратогайдың, Ырсалы мен Қебектің, Ысмайыл Өтеміс ұлы мен Ысмайыл Қалдыбай ұлының Тінәлі мен Тәнидің, Айтас пен Мәстектің, Қебек мен Еділбайдың т.б. жүздеген көтерілісшілердің жанқиярлық ерлік істері езілген ұлттың, таптың талай ұрпағын, тенденциялардың үлгі болып келеді.

Патша өкіметі, хан-сұлтандар шаруаларды қatal кудалап, аюандық пен жазалап отырса да, езілген ұлт, тап көтеріліс соңынан Исатай мен

Мақамбет бастаған ұлы дүбірді еш есінен шығармай, көкірегінде ұзақтаап, ата жауымен тағы да алысуға жігерленді.

Шаруалар өздерінің көсемдері Исатай мен Махамбеттің, Қабланба мен Қалдыбайдың:

Жетімдерге жерге берген,

Жесірлерге жем берген, - әділ ісін мәңгі ұмытпай, қастерле олар істерін, есімдерін ардақтап келді, олар туралы талай өлең, жыныз - әңгімелер шығарған. Өз заманының әйгілі жыраулары Мұрат Мөнкеұлы, Ығылман Шөрекұлы т.б. бұл көтеріліс, оның қаһарман басшылары, қарапайым көтерілісшілері туралы жырлап откен.

1838ж. шаруалардың азаттық куресі мақсатына жете алмады. Оған себеп көп еді. Патшалық авторлар бұл қозғалысты терен зерттей алмады; “булік”, ‘бунт”, Қайыпқалидың хан тағы үшін куресі т.б дәйектің пікірлер айтқан. Дұрысын айтуымыз керек, Совет тарихшылары Исатай көтерілісі тарихын байыпты зерттеп, ғылыми талдау жасап, ақ-карасын шынайы көрсетті. Дегенмен бұл мәселеге 50 жылдардың ызғарлы әсері болды, кейбір авторлар К.Есімовті бөліп тастанды, көтеріліске билер тобы басшылық еткеннен женілді деушілер табылды. Бөрінен де В.Ф.Шахматов пен Е.Бекмахановтың саралтауы басым, тұжырымдары дұрыс болды. Ал проф. Ж.Қасымбаев аталмыш еңбегінде көтерілісті басқарған 16 би әлеуметтік жағынан қобалжыш кейбірі опасызыңық жасады депті, дәлелі жоқ. Қарулы күрестің женілүнен Мақамбет идеологиясы, Жәңгірдің бұқараға әйгілілігі әсер етті, - дейді. Еш дәлелсіз (63:104). Исатайдың патшаның регулярлы әскери мен Жәңгір құраған отрядтардың 1838ж. 2 шілдеде біріккен күшімен соңғы шайқасы 2 жылға созылған қарулы күрестің тағдырын шешті, - депті.

Кіші жуздегі 1838ж. көтерілістің тез басылу себептері көп. Отарлық езгі мен феодалдық қанаудан қажыған шаруалардың билеуші топ пен отаршыға қарсы наразылық қимылдарын біз жоғарыда айттық: алым, салық көбеюі, отаршының талауы, қоныс салып, егін егуге, орманды, өзендерді, тұзды пайдалануға, балық аулауға, үй тұрғызуға тиым салғанын тағы еске салмасақ болмайды. Исатайдың отаршы мен оның қазақ сыйбайластарына қарсы күреске шақырған 1838ж. үндеуі тез тараң күптау көбейді. Он екі Байұлы мен Жетіру тайпасының көп ауылдары толқи бастаған, бүкіл Кіші жұз бойына таралар түрі бар еді. Бірак көтерілістің женілу себептері белгілі, дегенмен айта кетейік: бытыраңқылышы, әскери өнерді білмеуі, қару кемдігі т.б. Бұған

қосарымыз – көтерілістің біртұтас, бір мезетте берлесе болмауы да шешуші роль атқарады. Қазаққа қашанда бірлік, бірауыздылық, жалпы халықтық мұддені бәрінен де жоғары қою жетпейді. Бұл мезгілде бар күшті жиу дегенің азаттық құресте басты роль атқаратын. Отаршыға қарсы Жоламан Тіленшүлі күресін 1820 ж.ж. бастады, бірақ ол Табын руының бір бөлігін ғана басқарып, Исатайға қосылмай өз бетімен жүрді, сөйтіп линиясына жақындайды.

Көтерілістің аяғы тым ауыр қазалы болды. Халықтың бір кездегі өлемен, қасіретті күндерін бұл күнде бірде-бір автор аузына алмайды. Бұл сынаржақтық тынылар емес. Біз халықтың қайғылы кезеңін бұдан бұрын да ықшамдал жазғанбыз. Жұрттымыздың көрген қорлығы қайғы, қасіретін бәрін жазып болмас. Халық жадында сол кездің қаралы оқиғалары күні бүгінге дейін сакталып келеді, әлі де жинауға болады. 1837ж. 15 қарашада көтерілісшілер жеңілгеннен кейін жазалауыш шағын (70-120 солдаттар) топқа бөлініп, Исатайларды ұстауға тырысады. Бірақ сұltан Шыман Орманов, Шеке Нұралиев бастаған 400 адамнан құралған хан қолы Исатайдан зәресі үшқан соңшалықты солдаттарымыз ел ішіне бөлініп, аяғын аттап баспайды. Геке амалсыз оларды өз отрядтарына бөлін жібереді. Бұлар енді “Мынғебе” маңымен Жайық жағын аңдып, исатайлықтардың қашқан ауылдарын ұстауға кіріседі. Жайыққа қаша көшкен Еділ Сартұлын ұстап, 60 шаңырақ ауылын талайды. Әр жерде көтеріліске қатысқанды біртінде ұстай берген. Қалдыбай Қосаяқ ұлы, Қабыланбай, Есмайыл, Қали, Сапалақ Қалдыбайұлдары, аты аңызға айналған Тәни Түменұлы, Айтас Косепұлы, Таңатар Естекбайұлы, Досақан Жәнібекұлы, Наурызалы Каржакуұлы, Аманбай Қебекұлы, Еділбай Сәрсенбіұлы, Сарт Ерәліұлы, Алдияр Исөлі Шонайұлдары, Қошым Сартұлы т.б. қолға түсіп, шұғыл Теке қаласына жөнелтіліп, абақтыға қамалады. Шыман төре көтеріліс басылғасын есін жиып, исатайлықтарды іздең, жазалауға енді белсенді кіріседі, ауыл – ауылды аралап “бұзақыны! Іздей: бұл ауыл хандық па, Исатайлық па? – дейтін көрінеді. Егер де қасындағы біреуі исатайлық – десе, сол ауылдың быт-шытын шығарады еken. Беріш руының бір ауылына келсе тұрғындары қашып көлдегі қамыс арасына тығылады. Сонда Шыман көлге от салады. Тұрғындар бала-шағасымен еңіреп көлден шығады. Төре ауылға ойына келгенін істеген деп қариялар күрсінетін. Бұл көл содан “Күйген көл” деп атаныпты. Шыман тобының елге істеген катыгездігінің шегі жок – деуші еді қариялар. Шыман

бесіктегі баланыңайзамен түйреп алғып, жоғары көтерген деп айтатын. Хан қолы мен казактар ауылдарға келип, мал-мұлқиң талаумен шектелмей пішен, отынын, азығын тартып әкеткен. Ешбір кінәсі жоғаридан талауға үшіраған. Бұл жылы қыс ерте түсті, қалын қар жауын арты аязға айналады. Желтоқсан айы бөкейліктер үшін қаралы ай болады, сұықтан, аштан өлу көбейеді. Осы кезде кей ауылдарда Геке ет рапортында: киргиздердің киіз үйіне, не тамға кірсөн жан шошырлық, дейді, жанұя түгелімен төсегінде қатар жатып, өлген, - деп қай үйтесін барсаң да бишара киргиздер өлігін көресін, - деп жазған (64:376). Бұндай сойқаннан шошыған көп ауыл хан мен Шыманды “канішер” деп қарғай Нарыннан безіне қаша көшіп, сұыққа ұрынып, не қолға түсіп, құзғынға жем болған. 1847 ж.ж. Бөкейлікті басқаратын Уақытша Советте (ББУС) жұмыс істеген. А.Евреинов Жәңгір қызметін тексеріп, көтеріліс женілгесін 3000 шаңырапқ жоқтығын жазады. Ханның 1835ж мәліметінде Бөкей ордасында 16500 шаңырапқ тұрады деген, ол 1838ж мәліметте 12750 шаңырапқ қалыпты. Бұл адам шығынының “адырға қалған Нарында” көп болғанын көрсетеді. Хан-сұлтандардың озырылғы халықтың демографиялық өсуіне тағы зиянын тигізеді.

Исатайлықтар Алшын даласында да патша әскерімен құресте бірталай шығынға үшіраған. 1838ж. 12 шілдедегі алғашқы шабуылда-ақ исатайлықтар зенбірек оғының астында қалып, 70-80 адамынан айрылған, кейінгі атакада да шегініп сондай шығынға үшіраған, көп адам қолға тускен, ішінде Кожақмет Отемісұлы бар. Тұтқындалғандарды Теке қаласына жөнелтіп, бәрін Орал казак әскерінің әскери соты жауаптап, тергеді де үкім шығарды. Ең алдымен қала сыртына шығарып, сотталғандардың көбін шпецируғенмен соғып жазалады. Шпецируғен дегеніміз – мылтықтың шомпылы сияқты солқылдақ сым темір, 250 солдатты қарама-қарсы тізіп түрғызады да, арасын 1,5 м-дей ашиқ жол қалдырып, сол жолмен сотталғанды жалаңаш жетектеп, әр солдат кезегі келгенде құлаштап “айыптыны” жалаңаш арқасын соға береді. Арқа етінің мылжасы шығады. (11:349) Исатайдың ұлы Жакияға 750 соққы, басқаларына 500, Қабланбайға 1500 соққы берген. Қарттарын Сібірге айдаған, жастары каторгіге Киев, Рига, қамалдарына жөнелткен. Жакияны солдатқа жіберген.

Азаттық үшін терін төгіп, жанын қигандардың есімдерін тізбелеп қастерлейік Отаршылар талай үрпактың сағын сындырып, өмірін әкетті. Солардың ішінде ханға қарсы күрескендердің орны бөлек, бірақ олар

көп біз түгелдей алмаспыш. Мысалы, Симбирск губернаторы 1838ж. шілдеде каторгіге айдалып бара жатқан 20 кісінің 12-сі қарауылға шабуыл жасап, “Аскөл” деген жерде қашқанын. Орынбор губернаторына жазып, тізімін, жасымен бойын, өнін сипаттай берген. Макит Бөлекбаев, Сағыбай Үргенішбаев (өлген). Ұстаптай кеткендер: Сұлсаймен Өтемісұлы бойы 2 аршын 5,2 вершок, шашы, сақалы бурыл, қой қөзді, 26 жаста. Аймұқамбет Тоғаев (Исатайдың немере інісі) өні аққұба, 32 жаста, Қали, Сабалақ Қалдыбайұлдары, Шидебай Адайбеков, Тәни Тұменұлы бар (13:42). Осы кезде Есмаил Өтемісұлы, Есмайыл Қалдыбайұлы, Исағай Шонавтар қашып келіп, Жайық асқанын хан Жәңғір губернаторға хабарлаған. Сол ушін Шыбынтай Құлмәліұлының өулетін ұстапқан (14:46) Қашқан 8-нұн екеуі Шудабай Адайбеков, Жармұқамбет Тоғаев ұсталған. Екеуі Николаев уезінде тұрғылықты орыстар куалап, қысылғасын Ыргыз өзеніне түсіп, суға кеткен. (15:67) В.А.Перовский 1837ж. 17 желтоқсанда көтеріліске қатысқандарға кешірім жасап өткенді ұмыттайық деген, бірақ оны хан да басқалары да орындамаған. Көтерілісшілерді іздеу, қудалау қалмаған, хан Мақамбеттің 3 жолдасымен Нарынға келгенін біліп, Орынборға жазып, шу көтеріп, Естек, Мәстек Ақметовтерді ұстауды өтінген. Төлеген Серекенов, Ұбі Усин, Иманбай Қалдыбаев, Қасен Өтемісов т.б. көптеген көтерілісшілер, Досмағанбет Исатаев Кіші жұзде бас сауғалап жүрді, не Каразымға кетті. Шалдарды губернатор Нарынға қайтартып еді, хан оларды Сібірге айдатты. Тіпті балаларды да хан мұсіркемеді. Өз ауылынан ұсталған Көшім, Ерше, Шоқым, Нұрша Сартұлдары т.б. хан кері Текеге қайтарып (10-16 жастағылар), Сібірге жіберткізді. Тұтқындалып, жер аударылған көтерілісшілер Сібірден қашып келуде болды. Тәни Тұменов 4 рет қашып келді, сонда 1866 ж. патша әкімшилігі тағы ұстап жөнелтті. Ұбі Усин 1856ж. қашып, тұнде үйіне келіп, жанұясын жасырын Маңғыстау жағына көшіріп әкеткен. Бұл азаттық үшін күрескендердің азабы арылмағандығы Иманбай Қалдыбаев, Қасен Өтемісұлы т.б. патша әкімінің құпия тапсырмасын Каразымда орындана женілдік алды. Қебінің тағдыры қасіретті, ол ұзақ әнгіме. Бірақ, бәрінің дерлік азаттық үшін күрес рухы, Исатай мей Мақамбетке деген сүйіспеншілігі сөнбеген. Халық оларды әлі күнге дейін қастерлейді.

Көтерілістен кейінгі халықтың мұны мен зарын жоктаушы болып Мақамбет қала берді. Ол өзінің жырларында халықта зар қақсатқан

Жәңгір, Баймағанбет т.б. қылыштарын әшкерлең, күресін жалғастырып береді; қаныпезерлерге нәлет айтады.

“Атаңа нәлет Жәңгір хан”, - дей Мақамбет
Көзінен тізіп жіберді-ау

Талай қазақ баласын, Орынбор деген қалаға деген күрескерлерді жоқтайды. Қанаушы деген халық қарғысында айтады: Карауыл хожа Жәңгір хан Ұрпағың мендей жыласың - деген. Қарғы Исатайдың жұбайы Несібәлі Әлішқызы жоқтауында дәлірек

“Исатай деген ер еді,
Халықтың қамын жер еді.
Ел шетіне жау келсе,
Мен барайын дер еді.
Қаздың еті қатты деп,
Кудың еті тәтті деп
Асты тандап жер еді.
Ханға да болсын обалым
Хожаға да болсын обалым.
Кім жинаиды бүл малым,
Бізді осылай шулатқан,
Жәңгір ханның тұқымы
Шуласын біздей ұлдарын,
Қызыл мақпал бойдосым (теңім)
Кияметтік жолдасым
Жолдасымнан айырған
Хан Жәңгірдің тұқымы

Егізде екі болмасын...” депті. Ел ішінде бұндай жоқтау қарғыс әлі кездеседі. Бүл халықтың мұнымен зары фой. Біз кастерлеуге міндettіміз.

“Хан соңыма түсті деп,
Патша әмірі күшті деп
Еш уақытта тарлықпан”

Мақамбет

Мақамбет – құрескөр

1838ж. 12 шілдеде көтеріліс басшысы қаза болғасын, ол сөтсіздік қалғандарға үлкен әсер етеді. Жазалаушы отрядтар жан-жақтан “Көкпекті” даласына қарай бет алғаны естіліп, шаруалар арасында жанұясы, малы туралы қауіп ұлғайып, тарай береді. Ауылдар бытырап көшеді. Мақамбеттің бұл кезде қайда болғаны, не істегені бимәлім. Күзде Қаразымның Хиуа қаласында болып, Қаразым шаһы Аллақұл мен кездеседі. 1839ж. қантарында сұltан Аспандияр Сүйеугалинге, қарауындағы би-старшынның біреуі опасыздық жасап, Мақамбеттің Балбай, Нәдірқұл, Сали, Жармұқамбет, Жамантай деген батырларға жазған хатын тапсырады. Ол хатта батыр әлі күресті жалғастырып жүргені көрінеді. 1839ж. басында көтерілісшілер әр жерде топ болып жүрген. Мақамбетті ұстau үшін Төменгі Жайық дистанциясының бастығы Эбіл Табылдин деген сұltанды Жем, Сағыз өзендері жағына жібереді. Сол жердегі Мыңжасаров (Нофай) бастаған көтерілісшілер сұltанды ұстап алады. Тек ауыл кіслерінің ара түсүінен сұltан елмей қалады. Бұндай карсылықтар әр жерде болған. (65:258) 1839ж. қыркүйекте Мақамбет Шошқа көл, Ақбұлақта жұр деген мәлімет әскери линияға түседі. Ақбұлақ бекінісінің командирі баяғы Геке бұны естіп, команدامен барса, Мақамбет кеше кетіп қалыпты. Іздегенмен табылмады. Қашып жұрсе де батыр шаруаларға дем беріп, рухын көтеріп, өлеңін айтып, күйін тартып жүрген. Жоғарыдағы хатта Аллақұлдан жорықка әскер шығатыны жазылған. Еске сала кетейік Орынборға келісімен Перовский Қаразым елін басып алуға дайындық бастап, азық-тұлік, солдаттарға қазақтан жиылған жабағы жүннен бешпет, т.б. жылы киім, он бір мың түйе айдаушысымен т.б. әзірледі. Бұл сөз жоқ Қаразым мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты ушықтырып жібереді. Империядан тепеш көргендер Хиуага қаша берген. Аллақұл отарлаушыға қарсы күш көрсетпек болды ма мүмкін барлау ретінде қымыл жасамақшы болуы. Дегенмен өзі “ұрынуға қара таба алмай жүрген империяға Қаразым “қолына сылтау” бермеді,

жорықтан бас тартты. (66:105) Ресей өзі жорыққа жиналып жатқан (67:66) 1839ж. күзде Геке Мақамбетті ізден ұстай алмаған. Қаразымның жалпы жағдайын білу үшін барлаушылар жібермек болды, бірақ оған ешкім бармады. Жол ауыр, әрі қауіпті еді. Орынбор Баймағанбет сұлтандардың арқылы көтеріліске қатысып, жасырынып жүргендерді шақырады. Кешірім жасалады, - депті. Иманбай Қалдыбаев, Убі Усин, Қасем-Өтемісов т.б. Баймағанбеттен тапсырма алып, Хиуа қаласына кетіп. Мақамбетті де шақырган екен, тіпті бір тойда ма сұлтанмен кездесіп, бірақ барманты. Өз бетімен Хиуага барған. 1839ж. күзде Мақамбет Борсық құмының маңында Бұқар қаласына бара жатқан инженер-геолог Е.П.Ковалевскийге 2 жолдасымен жолығып бірталай әңгімелеседі. Ковалевский әрі тіл маманы, Мақамбеттің орысша ділмар скенін, соң кездегі жағдайды жақсы түсінетінін, Орынбордағы чиновниктердің бірталайын танитының кітабында жазыпты. (4:61) Сол күні Мақамбеттің жолбасшы етіп экспедицияға қосып алады. Бірақ жолай Мақамбеттің алға барлауға жібереді, қайтып келсе экспедиция басқа жолмен кетіп. “Біз – дейді Ковалевский, - Борсық құмындағы бір ауылда болған кезімізде өз халқының ішінде өте тамаша киргизды (қазактың кездестірдік, ол аз уақыттың ішінде өзінің ақылдылығын да батылдығын, шешендігін де танытты”, - деп жазған (68:81) Мақамбет экспедиция мүшелеріне өз басынан өткен жағдайдың шынын, казіргі мүшкіл хәлін, 4-5 жылдан бері үй-күйсіз, жанұясын жоғалтып алып, ел кезіп жүргенін, ішкі ордаға өзір бара алмайтынын айтады.

Жолы болмаған батыр 1839ж. желтоқсан айында жасырынып ішкі тарапқа барады. Ел жағдайын біледі. Бірақ жанашыр азаматтар оған тез кет, біреу ұстап берер, ең болмаса сен тірі жүр, заман өне бойы бұлай болмас – депті –mys дейді көриялар. Айтқанындай Жәңгір ханға біреу Мақамбет осында жүр, - деп жеткізіп. Хан дабыл қағып, Орынборға хабарлап, өзі Балқы Құдайбергенов пен Мендігөрек Бөкеевті т.б. тапсырма береді. Олар Жайыққа жақын ауылдарды барлады, батырды таба алмаған. Жәңгір Орынбор басшыларына елге әскери команда шығарып, батырды тауып ұстауды өтінеді. Губернатор Баймағанбет сұлтандың батырды іздестіруді жүктейді. Бұлар қанша тіміскілегенмен Мақамбет “ізін суытып” таптырмай кетеді. Бұдан кейін Мақамбет 1840ж. жазда Жем өзені жағында “Аққұм” деген қоныста деген мәлімет түседі. Осы жылы желтоқсан айында Мақамбет Ішкі тарапқа тағы келеді. Жолдастарын, туысқандарын, жанұясын іздейді. Ақын “Адыра

қалған Нарында” деп аталған өлең шумағында өзінің көңіл қүйін былай білдіреді.

“...Алақандай Нарында,

Ата менен ана бар.

Іні менен аға бар.

Қарындас халқым көп қалды-ау,

Қатын менен бала бар,

Жалғыз ұлым Макмұт

Бекетай құмның ішінде

Жалғыз қалған олда бар”, - деген. Тағы да жанұясын

жолдастарын іздеген. Таба алмаған. Батырдың Нарынға жасырын келіп жүргені тағы хан, сұлтандарға белгілі болады. Осы кезде Шыбынтай үрпағын басқа бір себептермен Орал казак әскерлері қамап, тергені және олардың малдарының далада иесіз, бағусыз қалғаны жөнінде архивте мәлімет бар. Батыр туыстарымен байланыса алмады. Жәңгір хан Мақамбетті тірсектеуін қоймай, оны қалай да ұстаптақ болып, 1840ж. 20 желтоқсанда губернаторға арнағы хат жазып, Мақамбет Горская бекінісінен 70 шакырым жердегі “Қаракөл” деген (қате, Қаракөл Калмыков тұсында 50 км шамасы, барып көрдік. И.К.) мекенде деп мәлімдеген. Ол кезде бұл көл ұзындығы 7-8 км-дей, көбіне кедейлер (беріштер) тұрған, жылқы аз екен. Ішкі тараптан көп адам болған. Хан Мақамбетті кедейлер үшін Нарыннан жылқы үрлайды деп, қапиқындарды да осы көлдегілер паналатып, жасырады деп жазған. (69:1). Батыр Ішкі тарапқа келін, Тана руының бір би Жақып Құлсариннің 8 жылқысын және біреудің 25 жылқысын үрлады – деп тағы жала жабады. Губернатор амалы жоқ шара қолдануға тиіс, әйтпесе хан патшаға шағым етуі мүмкін. Ол ОКӘ-ң атаманына, ОШҚ-на, Баймағанбетке, дистанция бастықтарына батырды ізден ұсташа жөнінде бүйрық береді. Әсіресе сұлтандар белсенді кіріседі. Сұлтандар А.Сүйеугалин, М.Тәукин, Т.Оразақов Жайық өзені бойын шарлап, тіміскілеп іздейді. Сұлтандар тыным таппайды. Сұлтан А.Сүйеугалин Қаракөлде де болып, астыртын іздеу салады. Бірақ Мақамбетті де, бейсауат кісіні де таба алмаған. Хан өтірік жазған болды. Мақамбет жылқы үрлады дегені ханның кәдуілгі жалакорлығы, кешікпей нағыз ұрыны тауыпты. (70:10) Төменгі Жайық дистанциясының мәлімдеуінше Мақамбет осы жолы Нарын жағында бір ай болыпты да, кері оралыпты. Сонда да жергілікті патша әкімшилігі ел ішіне тыңшыларды көбейтеді

де батырды тынбастан іздеген. Ақыры Жайыктағы 1-дистанцияның бастығы сұлтан М.Өзбекқалиев 1841ж. наурызыда Гурьев қамалының командиріне Мақамбеттің Сары, Тәни, Иман деген жолдастарымен “Дуан” деген қоныста жатыр деп хабарлайды. Гурьевтен 6 наурызда офицер бастаған 40 солдат, сұлтан М.Өзбекқалиев 9 адамымен шығын Жем өзеніне қарай жүріп, Дуанға барса, Мақамбет болмайды, көрші ауылда депті. Келесі ауылға барып, Даду, Тілекеш үйлерінен батырды табады. Мақамбет тек өзі екен. Үйге Ведерников, Хохлов деген казактар мылтығын кезеңіп кіреді, бірақ Мақамбет қаруы жоқ болса да берілмей, беліндегі қынымен қорғанады, Хохловты жарақаттайды. Алайда сырттағы казактар келіп, батырды үстайды. Онымен бірге Даду, Тәкіш Тілекейұлдарын қосып байлап өкетеді. Содан батырды Гурьевке апарып қамап, сосын Теке қаласының түрмесіне қамаған. Сонда абақты полицмейстірі батырдың бойын өлшеп, сақал, мұрты барын хаттаған. Жаңылмаса, жасы 37-де, мұрты, шашы, сақалы, қара, қой көзді, бойы 2 аршың, 4/3 вершок, беті таза, қараторы – деген. (71:19). Сол күні батырды жөнелткен. Орынборда оның әкесі жатқан Ордонанс-Гаузге қамаған. Губернатор ісін әскери сотқа жолдаған. Тексеру барысында өзіне тағылған айыпты жоққа шығарады, хан Ресей заңын бұзып келгенін т.б. айтады. Бұған қоса өзі Ресей азаматтарымен дұрыс қатынаста болғанын, тіпті орыс офицерлері мен қызметкерлеріне реті келгенде барынша комектескенін бетке үстайды. Қайта, 1838ж. Мақамбет ОШК қызметкери М.Айтовты қырда үстап, қинағанда ара түсіп қамаудан босатқанын, Д.Көтібаров тұтқынындағы хорунжий Шустиков бастаған 5 солдатты босатқанын, Бұқар хандығына бара жатқан инженер-геолог, майор Е.Ковалевскийдің жолдастарын, өзін қарақшылар шапқынынан құтылуына көмектескенін т.б. фактыларды көлденең тартады. Мақамбет сөз таппасын ба? Тергеуші Мақамбеттің шеінендігіне, тапқырлығына, жасқанбай батыл сөйлескеніне таң қалып, әдеттегі қатығез шешімге бара алмаған. Бұл жәй губернаторға да жетіп, қалың ойға қалыпты-мыс. ОШК-ң қызметкери М.Айтов жауабында Мақамбеттің айтқанының көбін растанап, оған қоса 1839ж. Айтов қырда жүргенде аса бір киын жағдайда батырдың оған көмектескенін қоса айтады. (72:10) Батырдың өзі 1839ж. қуғанда жасырынып жүріп басқаға жаны ашып, қол үшін беруде оның адамгершілігінің жоғары, түсінігі мол екенин көрсетсе керек. Айтовта соған түрарлық кісі, тарихи документтерде оның қазаққа жаны аштыны байқалады. Сол жолы

башқұрт Айттовпен батыр бірталай сөйлесті деген аңыз бар. Губернатор ойы белгісіз бірақ тәжірибелі сановник Мақамбеттің қазақ ішінен шыққан 4 тілге де батыл, қымылға да шебер, әрі аса беделді кісі екеніне көзі жетіп, “бір керегіме жарап” – деп қатал жаза қолданбайды. 1841ж. 24-маусымда Перовский Мақамбетті “ит жеккенге”, не каторгага жібермей, Кіші жүздің төріне, оның Орта бөлімінің сұлтан-битеушісі Жантөріннің қарамағында тұруға жер аударады. (73:11) Сөйтін, батыр қазіргі Ақтөбе облысының онтүстігіндегі Атай, Матай деген екі құмға барады. Қалаға келуге тиым салады. Нұралы хан тұқымы батырға қамқорлық жасай қоймаған, иесіз маң даға апарып тастаған. Астына біреу көрі ат берген. Батырдың “Құсалықпен өтті ғой, Мақамбеттің көп күні” дегені осы жерде жалғасады. Бұнда шығармашылық қабілеті де көрінеді. Ақын: Атай да, Матай екі құм

Шауып келсем басыңа,
Көзім тұсер елім жок.
Елім, Құнім кәрібоз
Сөйлесетін маған тілің жок.
Қатқылда жатқан ақ киік,
Атып алып етін жеп,
Ішіп қандым сорпасын.
Күндердің күні болғанда,
Басымда тарлық тұрғанда,
Сары балдан тіпті кемін, - депті.

1841-1843 ж.ж. шамасы Мақамбет осы өнірде жалғыз жүреді. Бұны естіген Жұмыр, Қылыш деген Байбакты руының ауыл билері батырды іздеп келеді. Мақамбет бұлармен 1838ж. көтеріліс кезінде бірге болған, әлі сол рухынан қайтпаған екен. Ер жігіт дініне берік болсын”, - деп Мақамбет қайтпас, қайсар жігіттерге риза болып, айтса керек. Мақамбет бұларға арнап, “Жұмыр, Қылыш” деген тамаша күйін шығарады, Атай да, Матай екі құм” деп басталатын толғауын айтады. Бұл азаматтар ақын, құйші шығармаларын елге жайып, Мақамбеттің өрен даңқы талай қырды асып, Кіші жүзге тарайды.

Мақамбет осы кездे: “...Ен қабылан жөнелтіп,
Елсізде қаңғып қалған шак,

Кім айтады бізді мұңсыз”, - деп бұрынғы жолдастарын жоқтайды. Осы кезде “Уа, қундер-ай” деп басталатын толғауы да айтылған. Бұнда да Баймағанбет сұлтанға айтқанындай көтеріліс туралы кей тарихи

окиғаларды әдемі суреттейді. Өз басының мұңын өлеуметтік жағдай әшкерлеп, бұқара үшін істеген еңбегінің бос кеткеніне қайғырады. Заманның тым ауыр екенін айта келіп, қайғырса да, мұлде еңсеге түспейді, қайсарлығы өжеттігі ұстаң, қара қазақ баласын еш уақытта “налытпан”, - деп өз қарабасын емес, қазақтың мұддесін ойлады. Мақамбеттің ұлылығы осында. Ол халық ойлаған, сол үшін күрескен батыр, ақын, күйші, өнші, шығармаларының өзі – күрес. Мақамбетке ілесіп, ел мұддесі үшін зұлымдыққа қарсы күрескен ағасы Бекмағанбет көтерілістен кейіп бас сауғалап қашқанмен хан тіміскілец, 1840ж. қамауға алынып, 2 жыл Теке қаласында жатып шықты. Інілері Кожакмет, Есмайыл, Сұлеймен ұсталып, жер аударылған. Есмайыл өзінің айdasы Қалдыбай ұлымен, Исәлі Шоңайұлы 1838ж. 4 кісі болып Сарытау арқылы каторгаға айдалып бара жатқанда үшеуі конвойға шабуыл жасап, олардың аттарын тартып алып, елге келеді. Исәлі 1840ж. жасырынып жүрген жерінен, “патшаның сұрқыл” иттері ұстаң, тапсырады. Ол өз жауабында үшеуіміз бірге қашып шықтық, өзім Жайықтан жүзіп өттім. Сосын үшеуіміз болініп кеттік, - деген. Есмайыл Өтемісұлы Калмыковтың қасындағы, “Шағыр шағылдағы” Шыбынтай атасының ауылына келіп, Саржан Жайықов деген жалышының үйінде жатып, олар Абдуллин деген молданың көмегімен молдаша киіндіріп Жайықтан өтіп кетеді. (74:57) Ал енді Сұлеймен т.б. туралы Орынбор облархивінде мынадай мәліметке кезіктік. Бұл бұрын белгісіз еді. 17.09.38ж. Орынбордан каторгаға Киевке айдалып келе жатқан 20 адамнан 8 адам Аскөл мекенінде тұнде қарауылын ұрып, қашып кеткен. (75:33) Бұлар азаттық үшін күрес құрбандары рой, есімдерін атайды: Сұлеймен Өтемісұлы 26 жаста, бойы 2 аршын 5,1/2 вершок, қой көзді, шашы, сақалы қонырқай; Айтмухамед Тогаев – Исадайдың немере інісі, 32 жаста, Қали, Сабалақ Қалдыбаевтар, Шудабай Адайбеков, Сағыбай Үргішбаев, Макит Бөлекбаев, 19 жаста, әйгілі батыр Тәни Тұменов – қашып құтылған. Макит, Шудабай ұсталған. Төртеуі Үргіз өзені бойында тұрғындар қудалағасын сасып суға түсіп, батып өлген. Үргішбаевты атқан. (Сонда 27 пар)

Мақамбет Атай, Матаіда қасіретте жүргенмен көптің кісісі өлең, жырды айтып, күй тартып, күй шығаруды серік еткен. Елін, жерін, жолдастарын, туыстарын сағының “Атадан туған көп едім” деген толғауын шығарады.

Батыр: “... Таршылық басқа түскен соң,

Қапаланам мен-дағы

Қаумалаған қасымда

Карындастың камы үшін,” – деп арманын айтады. Осы жерге байбакты Сасық деген азamat келіп, қуантады. Осы кезде ақын туған жерін сағынып, қайта-қайта “Нарын” дей берген. “Нарында” деген 2 шумак өлеңі қандай тамаша, оқығанға өсері күшті. Онымен қатар “Қайран Нарын”, “Өкініш” деген күйлерін шығарған. Бұрынғы толғаулары, өлеңдері қалың елге жайылады, шығармаларының әдемілігі, халық мұнын қөксейтін тындаушыны теңсептеп қоймайды, қайғыландыра отырып, күш косып, рух беріп, еңсесін көтереді. Батыр, ақын, күйші есімі байға да, кедейге де жағады. Халық ішінде Мақамбеттің абыройы жоғары екендігін Баймағанбет, Ақмет, Арыстан, Жұсіп т.б. сұлтандар да естіп, көріп, пайдаланғысы келеді. Көриялар Баймағанбет сұлтан бірнеше рет батырды өз қарамағына шақыртыпты, – дейді (Фазиз Үмбетияров т.б.) Батыр арамзаның сөзіне сенбейді де, бармайды. Бірақ Жұмыр, Сасық деген жолдастары келіп, бәленшениң асы болады, соған барады, бір жерде қамалып отырасың ба? Біз сұлтандардан (Ақмет, Баймағанбет) ұлықсат алдық – деп қоярда – қоймай ілестіріп әкетілті. Ас беру Қалдығайты, Бұлдырты алқабында болса керек, оған Баймағанбет те келіпті. Мақамбет үш жолдасы Жұмыр, Қылыш және Сасықпен бірге барады. Батыр мен сұлтанның кездесуін Аманғали Құттықадамов (Атырау), F. Үмбетияров, Т.Шамшиденов т.б. қызық етіп әңгімелеп айтатын еді. Мақамбетті батыр десең батыр ғой, басқалар үргелектеніл, жоламайтын Баймағанбет отырған үйге қайтпас, қайсар ер кіріп барады да, төргес отырады. Бұл ұзақ әнгіме, төрдегі Мақамбетке Баймағанбет сейле, – депті. Сонда батыр: тілімнің үші екі айыр, біреуі ханға тисе екіншісі өзіме тиеді – деген. Қасындағы Сасық, не Қылыш: Тисе, тисін, сейле Мақамбет! Ішіннің шері тарқасын, халқың қасында, сыртта күтпі түр, жасқан ба? десе керек. Сонда ерің тілінің тізгінін ағытып: “қайта-қайта шақыртып, менде не атаңың құны бар еді”, - деп бастап, өзінің күрес жолын, көтеріліс себебін, барысын, жеңілісін тағыда шұбыртып, өз жәйін айтып, өзекті жанға бір өлім, алдына келіп, тұрмын деп, арнамысты қашырман. Бай-еке сұлтан сен болсаң, сендей нар-қоспақтың баласын, Қайраннан алған шабактай, Қия бір соғып ас етsem, Тамағыма қылқаның кетер едемес ем”. - деген. Абыржыған сұлтан: “Бұны айтпаса Мақамбет батыр бола ма? Бұндай сөзді көтермесем мен “хан” болам ба?

— деп өзін де көтеріп қойыпты. Баймағанбеттің бұлай бәлсүінің астары бар. Көриялар Жәнгір мен Баймағанбет арасында кикілжің айтыс барын әңгімелеп отыратын, бақталастық барын келемеждеп айтатын Баймағанбет патша әкімшілігіне Жәнгірден пайдасы көп болған. Ол Жоламан, Барак, Жылгелді, Амангелді, Есет Көтібарұлын, Исатайды алдап, қазалаған т.б. еңбектері үшін 13 награда алған, аса “қадірлі” қызметкер. Оған қарсы талай наразылық, бас көтеру болған, бірақ көзіргі авторлар ондайды айналып өтеді. Баймағанбеттің бишааралығы мынадан көрінеді. Көрші селодан бір үйді бұзып, аулына жеке мектеп салмақшы болып, өтініп еді. Орынбор ұлықсат бермеді. Ел оны “жалдап” деген, ол мынадан да көрінеді. 1844ж. Кіші жүзге барлау, танысу үшін қазак ханы Кенесары Қасымұлы жақындайды. Орынбор басшылары бөрлігіп, өскер дайындалп, қазақтан жасақ жинап. Бекмағанбет, Арысган Жантөриндер, т.б. сұлтандар, билерден отряд құрады. Баймағанбет Мақамбетке өз қарамағында тұруға ұлықсат берген. Архивте Сатыбалды Кенжеғарин (Алаша руынан) Мақамбетті өз қамқорлығына алғалдығы туралы мәлімет сақталған, сол үшін ол інілері Сарыбөне, Сатаймен араз болғандығы да айталағы. Жазушы Берқайыр Аманшин Мақамбет біреуінің немересі Типанға үйленгенін жазады. Көп уақыт жалғыз қалып, жанұясын таба алмаған батырға “тұтін тұтетуге” мүмкіндікті Сатыбалды мен оның екі баласы жасаған. Мақамбет 1843-1846ж.ж. қазіргі Қаратөбе, Жымпіты аудандарында тұрған. Баймағанбет осы жәйді пайдаланып, Мақамбетті Кенесарыға қарсы әкетті – дейді көриялар. Бірде Кенесарны аңып жүргенде көзге Наурызбай түседі. Баймағанбет Мақамбетке: Эне Наруызбай, ат! – деп бұйырады, бес қаруы сай Мақамбет: Мен хан тұқымына қарсы болғанмен тасада тұрып ержүрек Наурызбай сияқты батырды атып, масқара болман” - деп айтады көриялар. Ал Кенесарыға қарсы барғандар тізімінде Мақамбет есімі жоқ.

1845ж. мамырда Кіші жүздің батыс бөлігінің сұлтан-биеушиі Б.Айшуақов Орынбор шекара комиссиясына (ОШК) Мақамбет Кіші жүздің Орта бөлігінен ауысып, менің қарамағымдағы Алаша руының адамдары: Қаратай, Сатыбалды Кенжеғариндармен Қалдығайты өзенінің өнірінде бірге жүр-деген. Сатыбалды батыл, көрі кісі, өзі бай болса да қайырымды болған. Ол Мақамбетке өз туысының біреуінің қызын алуына 1843-1844ж.ж. шамасы көмектескен. Бекең (Берқайыр) Типанды Сатай Кенжеғариннің қызы дейді. Баймағанбеттің ОШК-на

12.05.45ж. жазған рапортында: Макамбет “Қаратай, Сатыбалды Кенжеғариндермен, Бекқожа және Жирентай Сатыбалдиндермен, Өтәлі және Тоқтәлі Қаратасевтармен бірге көшіп жүреді, бұлардың біріншісі (яғни Қаратай И.К.) оған қүйеу”, - деп жазған. Орыстың “зять” деген сөзін қүйеу бала, не жездесі деп түсіну қыны.

Бұл өнірде Мақамбет барын елден-ел естіп, жолдастары, туыстары да қатынаса бастаған. Батыр Ішкі тараппен де байланыс жасап тұрған. Жолдастары тағы да іздеу салып әйелі Ұлтуған мен баласы Нұрсұлтанды тауып әкелген. Мақамбет Е.Ковалевскийге 5 жыл алысып, жанұядан айрылдым, үй көрмәдім – деген. Көриялар Мақамбет 2 өйел алған, - дейді. Біреуі Айғанша болар, бірақ дерек жок, азыз. Мақмұт деген ұлы болғанын көриялар қуаттайды және “аталықтарында” жазулы. Ұлтуғанның кімнің қызы екені де белгісіз. Сірә бір әйелі жастай өлген болар. Мақмұт қағазда 1834ж., Нұрсұлтан 1835ж. туған. Қисыны келеді. 1836ж. 13-жетександы би Т.Тыныштыков Мақамбет үйін шауып, мал мүлкін алған. Баласы көтеріліс кезінде, одан да кейін нағашыларында болған сияқты. Сонын, Мақамбет 1841ж. ұсталғасын ағасы Бекмағанбет Макмұтты қолына алған – дейді. Тізімде барын айттық. Әмірде талайы болады, алақандай Нарын Жәнгір кезінде талай сапырылышқа түсті емес пе? Біз осындағы күмәнді жәйді анықтау үшін Атыраудың Қызылқоға ауданына бірнеше рет барғанбыз, қолымызда 3 кісіден алған аталақ. Жоғарыда аталған Біләл Бактыгереев – Мақмұт Мақамбетұлы деген. Шыбынтайдың үрпағы Шыңқыс Көжековте осы пікірді қолдаған. Архив құжатында Бекмағанбетұлы Макмұд, Мәншә деп 1859ж. жазылған, ал кейінгі тізімде Мақмұт жок, Бекмағанбетұлдары Мәншә, Шабақ деп жазылған. Журналист Т.Боранғалиев батырдың биографиясын бірталай қазбалап, бұрмалап, Макмұт Макамбеттің баласы емес деген (76:5) Накты дерек жок. Мақамбет секілді ұлы тұлға туралы өсек әңгімеге редакция жол бергеніне таң қаласын. Соңғы жылдар бұл газетке 4-5 мақала бергенбіз, біреуін де жариялады, ал Ы.Сариеваның, Т.Боранғалиевтің дәйексіз мақаласына жол ашық, пікір алысуға мүмкіндік бермейді. Біреу білмегенді біреу біледі” дегендегүйінде сұраса, берсек батырдың үрпағы табылар еді. Мақамбеттің шөпшегі бар дегенді де естиміз, қолымыз қысқа іздей алмаймыз. Құр долбар дерек болмайды. Архивтің бір ісі бүндайда жеткіліксіз. Тарихшылар күмәнді мәселені анық-танағын дәлелдеу үшін заттай, жазбалы бірнеше құжат талап етеді. (77:5),

Мақамбеттің 1845ж. ақпандығы арызында, “он жасар балам” деген ғой енді оны бүрмалап қажеті не? Ал полковник Бизянов Орал әскерінің командирі емес, кеңсе басқарушысы, ол әрлі-берлі жүруші қазак билет береді. Көп автор сол кездің тарихын білмей ботастыра береді. Қазақ өз мекенінен ұзап шығуға, Ресейге баруға, не Жайықтан өтүте қақы жоқ, ақша төлеп ұлықсат – билет алу керек және көрсеткес жолмен баруы тиіс. Бодандықтың бұл көрінісі. Бизянов осындағы билет беруші. Мақалада осындағы түсінбеушілік көп. Тарихшы қызметінің бір қыындығы осы. 20-30 жыл талай архивтер мен кітапханаларды аралап қарасам да, көп жерде көрияларды мазаласам да Мақамбеттің толық өмір тарихын қамти алмай жүрмін. Зерттеушінің бейнеті осылай. Эйтсе де бірлесіп халыққа қызмет істеген ұлы тұлғаның өмірі, қызметі туралы дәйекті мәлімет іздейік. Мақамбет Петерборға барды, не Фатима мен жақындасты, хан бекер араздасты дегендей өтірікпен батырды қорламайық.

Батырдың қазасы

Мақамбеттің қапыда қаза болуын тарихшы В.Ф.Шахматов. Б.Аманшин т.б. жазған. Бізде ықшамдап бір кезде баяндағанбыз. Қанша сауатты, мәдениетті дегенмен ОШК-н төрағалары Генс, Ладыгинский отаршы еді. Соңғысы Мақамбет 1845ж. Орынбордан кетісімен оның өткендергісімен танысып, губернатор Обручевке 1845ж. 27-ақпанды Мақамбет туралы арнайы рапорт жазып, оның империя алдындағы “қызметін” атای келіп (Айтотовты қысымнан, Шустиков пен 5 солдатты тұтқыннан, Е.Ковалевскийді жолдастарымен қарақышылардан құтқарғанын т.б.) жаза келіп, он жасар Нұрсұлтанды жаңа ашылғалы тұрған мектепке келушілер аз болғандықтан, алуды сұраған (16:28). Обручев ОШК-нан Мақамбет қазір қайда, көшіп жүр, сұлтан-биеуешінің айтуынша Өтемісов өзін қалай ұстайтындығы жөнінде мәлімет беріңіз – деген (17:33) Бұл қастандықтың басы болды. Бұған Баймағанбет 24.03.45ж. ОШК-на берген жауабында М.Өтемісовтің тұракты көші-қон орны жоқ, Орта бөлікпен арада жүрген, соңғы екі жылдан бері Батыс бөлікте, Қалдығайты өзені бойында көшіп жүреді, құлқы тым нашар, қазактар арасында зиянды – дей келіп, ОШК-нан оны менің қарауымнан аластаныз – деп өтінеді. (18:39) ОШК 6.04.45ж. Б.Айшуақовке Мақамбеттің жағымсыз құлқы неде, діндестері арасында зияны қандай, нақты хабарлама жазуды міндеттеген. Полковник

Б.Айшуаков 12.05.45ж. жауабында М.Өтемісов Кенжеғариндермен бірге, ауылында Ішкі тараптан жылқы үрлап қашқан Мәстек Ақметов тұрады, Тасқара Тенізбаев, Жәміл Тлемисов (Шыбынтай немересі) т.б. Өтемісовте жасырынуда. Жалпы Ішкі Ордадан кашқандар Өтемісовке барып паналайды және оларды қорғап, іздең барғандарға бермей қарумен қорғайды, - деп сұлтан тағы да Макамбетті аластай жөнінде өтінішін қайталайды. (19:47) ОШК-сы 6.05.45ж. өзінің мәжілісінде осының бөрін қайталап, Баймағанбетке батыр көшіп жүрген ру, не ата адамдары қоғамдық үкім (приговор) жазыңыздар деп тапсырады. Б.Айшуаков батыр мен ортақ тіл табуға талпынбай, қаскөйлік жасап отыр, оны отаршылар қолдағанын көреміз. Екіншіден, Макамбет қудалауда жүрсе де Нарын жағымен байланыс орнатып, күресін жалғастыра бергені көрінеді. 1841-1845ж.ж. Ішкі тарапта саяси жағдай тағы да шиеленісті Жәңгір хан 1836-1837ж. көтерілістен тиісті корытынды жасамады, алым-салығын көбейтуді, жерді сатуды жалғастыра берді. 1844ж. Зекеттен 930.185 сом жинағанын айттық, соғымды бір жылда бірнеше рет жинаған. Жерді сажындалап, арқанмен, не адымдап олшеп, біреулердің жерінен бөліп алып, сата бергенін, ханнан сұлтандар, билер қалыспай өз “үлесін” алуға тырысқан. Көп шығынға түсетін ханның орыс қалаларына баруы, ұлықтарға, патшаға сый беруі тиылмай, елден ол үшін жылу жинауы т.б. алым-салығы бітпеген. 1842ж. бастап шағым жазу тағы басталған. Патшаның сеніміне кірген ханға Орынбор әкімшілігі тексеріп, тиым салмаған. Бассызың жалғаса берген. Заңсыздық заңсыздықты туғызады деген қафіда орын алғанын айттық. Әр жерде ашық наразылықта көрінген. Көрияларымыздың айтуынша ханға қарсы 4-ші көтеріліс дайындала бастаған. Бұны ақсақалдар естіп қойып, азаматтарға: З рет қару алдындар, жетер, қанша адам қасіретке үшырап, мал, дүние ысырып болды. Ханды жоюдың басқа жолын табындар депті –мыс. Жер реформасынан нәтиже бермеді, халықты отырықшыландырып, егінге жол ашу болмады, шаруалардың көбінің өз жер иелігі болмады. Адам саны азайды, бір кезде 16 мың шаңырақ, 4 млн. бас мал болса, 1839ж. есkenнің өзінде 12 мың шаңырақ 1,6 млн. бас мал болды, егіншілік көрінбеді. 1844ж. ханның алым-салығы туралы шағым тағы түсті. “Оқымысты”, “көреген” ханның жұмыс нәтижесі осылай, Жебір ханнан құтылуудың біреулер жолын тапқандай. 1845ж. 11-тамызда Жәңгір дүние салды. Ішкі тарапта күрт өзгеріс күтілуі. Бұл жағдай Макамбетке

де өсер етуі мүмкін. Нарынмен байланысы да болған. Бұдан патша әкімшілігі де қаупітенуде еді. Кешікпей, Баймағанбет сұлтанның тапсыруымен старшындар, билер М.Өтемісов туралы “Приговор” құраДоның зиянды қылықтары бар, жыртқыштармен астас болып, олардан “мұлік, мал алғаның” байқадық, сондықтан біз оның бізден бірге көшіп жүруін қаламаймыз, өйткені ол Ішкі Ордадан куылған, біз одан келетін зияннан аулак болғымыз келеді, - деп жазыпты. Мөрін басып, қол қойғандар ішінде әйгілі билер Сарыбөпе, Өшірті Баймұратов, Қазы Сырымов, Жұмырдың баласы Қара, хорунжи Б.Аллаяров т.б. (20:72). Бұл билердің рапортымен үкімін ОШК талқыладап, 11.09.45ж. Баймағанбетке М.Өтемісовті шұғыл ОШК-на жіберуін (выслать) міндеттеген. Бірақ бұны орындау қын болса керек, ОШК 31.12.45ж., 28.02.46ж., 10.04.46ж. тағы да батырды комиссияға жеткізуін талап етеді. Мақамбет өздігінен бармаған болар, ал сұлтан күш қолданудан жасқанған болар, батыр қалың ел ортасындағы. Содан әккі кү Баймағанбет т.б. батырды алаша руы ауылынан бөліп, оқшауландырудың жолын іздестірсе керек. Әуелі, 4-ші дистанция командиріне “алаша руының киргизі (қағазы) М.Өтемісовті маған әкел деген, бірақ ол орындалмады. Соғын алаша руы Атальқ атасының би Сарыбөпе Кенжеғаринге жүктейді, бірақ ода орында маған. Баймағанбет ОШК-на 12 шілдедегі жауабында Мақамбет өзі сияқты қылмыскер Сатыбалды Кенжеғаринде жасырынып жүр, екеуі де іздеушілерден бастықтардан тығызып қалады. Інфайлы кезде Өтемісұлын өзім ұстап, комиссияға жеткіземін деп сендіреді отаршының жалдалтары. (21:143) Бірақ қолында қарулы күш болса да сұлтан “өз халқының ішінде өте тамаша қазақты” ашық барып, елді бөрліктіріп ұстап алуға халықтан тайсалады. Талай азаматтың “басын жүткән” жалдап сөтті кезді күтеді. Енді Б.Айшуақовтың 5.11.46ж. рапортында ол М.Өтемісовты ұстап әкелу үшін №4 дистанция командирі хорунжий Үқылас Түлеевті, би А.Боздақов т.б. 15 шақты кісі жібергенін ОШК-на жазып, Мақамбетті ұстаяға жібергенін және ақынның өлімін мәлімдейді. 1846ж. жазында Мақамбеттің қасындағы серіктері М.Ақметов (ногай), Жеміл Тілемісов т.б. ретін тауып сұлтан ұстаратады. Батырды да ұстаудың жолын іздеғен. Ішкі тарапта да жағдай мәз емес, халық қарғысына ұшыраған Жәңгір орнына хан қойылмады. Сұлтаңдар, билер өзара қырқысып, арыз көбейді. Уақытша басқарушы болған Әділ Бекеевті кейбірі мойындағысы келмеді. Батыр Кіші жүздің Орта бөлігіне барса,

Орынбор бәрібір ұстататыны белгілі. Ойды ой тербел батыр жанұясын Ішкі тарапқа апарғысы келген болар. Сарыбөп жағынан да қауіп бар. Осының бәрін екшей келе батыр жанұясымен Дендер таусы жағына көшіп келеді. Аңызда ол Асаубай деген бажасына келеді, бірақ күмән кетпесе керек. Бөлініп “Қара ой” деген жерге, Жайықтың шығысында 45 км жердегі Малайсары бейтіне жақын орнығып, үй тігеді. Сірә, су қата Жайықтан өтіп Нарынға бармақшы. Бекен білсе батыр базаршыны күтті деп ел аузындағы мәліметті жазады (:31) Қасында үш азамат болған: інісі Қасен, Бетімбай Шөкеұлы, Мендібай Есмамбетұлы Баймағанбет қу тыңшылары арқылы Мақамбеттің оңаша кеткенін барлап отыrsa керек. Баймағанбеттің 5.11.46ж. рапортында ол қызмет бабымен қырға шығады. Сол кезде Ықылас тобын Қаройға жіберген ғой. Қазан айының 20 жүлдізы шамасында Ықылас Төлеев жендеттерімен Қараойға жақындалап келеді.

Төрежан Тұрымов (Табын), Мұса Нұралин ауылға жақындаса, үйден Мақамбет, інісі Қасен, және 5 кісі шығады. Мақамбет дайын тұрган аттарға жүгіреді, бірақ Т.Тұрымов аттардың шідерін алыш, қуыш жібереді. Ы.Төллев, М.Нұралин т.б. қалғандары келіп, 3-4-імен Мақамбет үйге кіреді. Ықылас Адай ауылының 4 жылқысы жоғалғанын, соны іздел келгенін әңгіме жасайды, Мақамбетке жылқыны тауып бер деп айып тағады. Баймағанбет өзінің рапортында Мақамбеттің өлімі туралы толық мәлімет бермеген. Біз ол үшін шала болса да бар архив ісі материалын пайдаланамыз. ОШК бір белгісіз себеппен Мақамбет өлімін тергеуге Редкин дегенді тағайындалты. Қасеннің жауабында оқиға 15-20 қазан айы шамасында болған. Ол ағасының қалай өлтірілгенін көрмепті. “Шай ішнейік” деп үйге Ықылас Төлеев, Мұса Нұралин кіреді. Баймағанбеттің жазуынша Мақамбет қолынан қанжарын тастамайды. Шай үстінде Ықыластан неге келдініз деп сұрағанда, ол Баймағанбет сұлтанның бүйірғымен сені ұстап әкетуге келдім - дейті. Мақамбет оған қанжарын ала үмтүлады. Екеуінің арасына Мұса түсіп, Мақамбетті ұстап жібермейді. Осы кезде наркескенді ала Ықыласқа Мақамбеттің әйелі қару сілтегенде Ықылас әйелді итеріп жібереді. Мақамбет – “тірілей қолдарыңа берілмеймін” – дейді. Қатты дауыс шыққасын сырттан үйге Жұсіп Өтеулин кіріп, жолдастарына жақында деп белгі бере, өзі әйелдің қолындағы наркескенді күшпен тартып алады. Ал Мұса қару жұмсағысы келген Мақамбетті өзөр ұстап тұрады. Жұсіп Мақамбеттің қанжарын тастату үшін қолын шаппак болғанда, сілтеген

қылыш оның басына тиіп, Мақамбет табан астында тіл қатпай сұлавтүседі. Мұса мен Ықылас: біздің Мақамбетті өлтіру ойымызда болмады. Мақамбет бізді үйге кір деп, сырткы есік алдына 4 кісіні қарауылға қойды, мақсаты бізді, сосын қалғандарды біргінде шақырып, құртпа болды, - деген. Жүсіп қалғандарға белгі бергенде қарауылдағылар қаша жөнелген. Ал Қасен мен Мендібай деген жауабында: Мақамбет сыртқа қатер төнгенін сезіп, Т.Тұрымовтарды тоқтатпақ болып мылтық атарда қолына жабысын: кім екенін білейік – деп кідірткен. Ықылас үйге кіргенде Қасен, Мендібай аулакқа намаз оқуға кетіп, кейін шуды естиді. Келгендер бұлардың бәрін тұтқындалп дүние, мұлікі талап, 2 сандықты қиратып, ішік, тон, шапан, бешпет, жібек көйлектер, т.б. талап алып, 8 жылқы, 4 түйені, т.б. айдан әкетеді. Баймағанбет оны жазбайды. Редкин 31.10.46ж. ОШК-на тергеу барысын баяндаған. Әрине тергеу бір жакты, айыпты Ықылас, Жүсіп, Мұса тергеуге келмеген. Баймағанбет Жүсіпті келтірмей, “алысқа кетіп қалды” деген, ал таланған мал, мұлікті, 3 мылтық, 2 қылышты (қанжар) алып, батырдың жанұясы бірге ұстағанын айтады, олардан керекті жауабын хаттап Редкинге жіберген. Оның ішінде 2 әйелдің жауабы бар. Әрине олар шындықты толық жаза алмаған. Тергеу нәтиже бермеген. Бұл ұзақ әңгіме, зерттеуші тарихшыны күтіп тұр. Кісі өлтіргендер жазалаусыз қалған. Баймағанбетті айыптау орнына, ол өтініп Петерборға барып, көп жылғы зор енбегі үшін патшадан генерал атағын алған. Патша Жоламан, Барак, Амангелді, Жылгелді, Исатай, Мақамбет т.б. азаттық үшін күрескендерді Баймағанбеттің құдалап, құртып жібергенін өзінше бағалаған. Елден қарғыс алған сұлтан да астанадан үйіне жете алмай, “қарғыс атып” суға кетіп өлген. Бұл жөнінде де фальсификация барышылық. Сондайдың бірі – Отарбаев Р. Мақамбет пен Баймағанбет өлімі туралы деп әр немені жазып, былдықтырып, сұлтан 1847ж. наурызда Елек өзені тасығанда Сегіз сері мен Асаубай паром жібін кесіп, сұлтан суға кетті – депті. Бұл көп өтіріктің бірі. Сұлтанның өлімі туралы архив ісі, онда Баймағанбеттің туысы, әрі көмекшісі Мұқамбетқали Тәукиннің түсініктемесі бар. Онда Елек жағасынан шыға тасып, су кең жайылған, арғы бет өрең көрінеді, - депті. Ондайда паром жүре ме? Ел аузында сұлтан бүгін “акқолтыққа жетпей болмас – депті – мыс. Сұлтан асығып, Затонный форпостысында казактарға салы жасатыпты, оған сұлтан М.Тәукин, 2 казак отырып есіп ортага барғанда қатты дауыл тұрып, толқын көтеріліп сал ауытқи бергенде семіз сұлтан

суға ауып кеткен. М.Тәүкін әрең жағаға шығады. Сосын Серіз сері бұнда, Кіші жүзге келген емес. Оқырманды шатастырмайық, тарихымызды бұрмаламайық. Осылай Кіші жүздің әйгілі қоғам қайраткөрі, батыры губернатор бастаған, сұltтан қостаған, старшина – билер жүзеге асырған қастандықтың құрбаны болды.

Мақамбет күйші

Батырдың күйші екендігі әуелден белгілі, бірақ қоғам, өнер тарихын көп білмейтін Алматыдағы қандастарымыз “Мақамбет күйші” дегенімізге мыскылдал жүрді. Ол әдебиетшінің бишаралығы ғой. Әйтпесе Мұқтар Әуезов 1937ж. Мақамбет әрі батыр, әрі жырау – ақын, әрі күйші домбырашы, - деген. Мақамбет мұрасын алғаш жинаған Қалел Досмұқамбетұлы Макамбетті алып ақын, домбырашы десе, деп жазды. Қсес әділінде Мақамбет өмірі, творчествосы ғылыми экспедия арқылы зерттелмәді. Мен 1936-1937ж.ж. Қалмыковта тұрдым. Қазақ балалары маған Жайық өзені жарқабағында биік, үлкен үйді көрсетіп, бұнда Мақамбет батыр бір кездे жатқан абақты” – деп түсіндіреді. Балалар соның қасында қысы-жазы ойнап жүретінбіз, ол кезде онда үстахана болатын, арба шана, т.б. ондайтын. Орыс мектебінде оқитынмын, жолдың арғы бетінде аудандық клуб бар еді, сабактан үзілісте жүгіріп барып соның төнірегінде жүретінбіз. Бір күні клубка кірсем кісі толып отыр, сахнада домбырамен бір жігіт отыр, енді бір жігіт сахнада: жаңағы орындалған Макамбеттің күйі, тағы бір күйін тартады – деді, атауын ұмыттым, шығып кеттім. Қалмыковта казақ көп тұратын, батыр туралы әнгімеде жиі айттылатын.

1950ж.ж. Мақамбет күйлері Алматыда тартыла бастады. Жерлесіміз Оразғали Сүйінбеков атаяй батырдың “Қайран Нарын”, “Жұмыр, Қылыш”, “Өкініш” деген 3 күйін академик А.Жұбановке тартып беріпті. Бірақ кей ағайын бұған сене қоймады. Артынша музика зерттеушісі Тымат Мерғалиев ел аузында бұл күйлердің сақталғанын дәлелдей берді. Өлкетануышы М.Ысмағұлов бұл үш күйдің шығу тарихын, мазмұнын, кім білетінін жазды (23:31) Көпкө дейін осы үш күй ғана белгілі болды. Бұған мениң көнілім толмады. Мақамбет туралы тарихи, әдеби мәлімет жинай жүріп, Қалмыковке (қазақ “Князь қала” дейді) 2 рет бардым, ешкім білмеді. Үміт үзіп жургем, дегенмен 1979ж. 28 тамызда Орал аэропортында самолет күтіп тұрмызы, әр түрлі әнгіме

айтамыз. Қасымдағы біреу Мақамбет туралы әңгімеде оның күйлерін Орал облысының Тайпақ ауданында Қ.Иманбаев біледі дегені. Сенбел қайта сұрадым, әлгі кісі қайталап, совхоз атын да атады. Мазам кетті самолеттен қалайын десем демалысым бітіп қалды, әрі Котельниково совхозында өткенде болғам. Алматыға барғанмен тынышым кетті. Оралға командировка іздедім, болмады. Амал жоқ. Гурьевке алдым. содан 15 қыркүйекте вертолетпен Кальмыковке жеттім. Ауаткомге барып, оның орынбасары Дүйсенбаев Қыдырғали мен совхоз бөлімшесінің басқарушысын алып, қырдағы қойшы Қанаш Иманбаев ағайды тауып, ол кісіден Мақамбеттің 11 күйін магнитофонға жазып алдық. Басы "Терезе шілтер" күйін тартты. Біз "Шілтерлі терезе" болар деп едік, Қанакен. Жоқ, қарттар маған солай үйретті. Сіздер ғой бұрмалап жүрген", - деп маған қарады. Күй осы Калмыков тұрмесінде шыққан шілтер дегені темір решетка" ғой деп түсіндіреді. Сосын "Жорық" деген күй Нарындағы көтеріліске арналған күйдің бірі "Қыл қырғыны", "Мақамбеттің ақжелені", "Ілме ақжелен", "Ақтабан-ай", т.б. не бәрі 11 күй, арасында "Жұмыр Қылыш" т.б. бар. Қ.Иманбаев 6 жасында-ақ бұл күйлерді бір тартқаннан кейін естігенін жалмажан өзі домбыраға түсіріп алатынын, тіпті кешегі тартқанды бүгін түсіретін болғанын, әр күйдің шығу тарихын айтып, қазақта 62 ақжелен бар, күйші болатын кісі өуелі соның бәрін үйренуі керек, содан кейін фана ол күйші аталады, - деді. Ал Мақамбette 2 ақжелен бар екен. Құн кешкірді, мал жиятын уақыт, Қанекен шаруасына түрді, біздер әрен-әрен тұрып, Қанекене әбден риза, әрі танғала жүріп кеттік. Алматыға келіп өуелі мақала жазып, "Қазақ әдебиеті" газетіне (12.10.1979ж. №41) жалмажан жарияладым. Қанекенмен әңгіменің бірталайын жаздым. Қанекен күйлердің "ақжелен" деген женіл, қысқалау, өзінше киын түрі болады, ол "62 бұлактан тұрады, домбырашының кез-келгені оларды, бұл 62-ні түгел біле бермейді. Ал күйші болам деген кісі бұларды міндетті түрде білуге тиіс. Бұл өзі 62 жеке, мазмұны әртүрлі, тарту орындауы бірінен бірі өзге күйлер. Бұл бізше мамандық арттыру, жетілдіру. Бұларды менгерген кісі фана күйші болады, яғни күй шығара алады, - деді. Осыдан бастап кей қаламгерлер қазақта 62 ақжелен бар, - деп гүлдете бастады. Соны білу керек - деп әр жерде карадүрсін жазып келеді. Айтжан Токтаған деген 2000ж. "Атыраудың 62 ақжелені" деген жинақ шығарыпты, ақжелен күйлерінің сипаты толық емес секілді, әрі Мақамбеттің бір де күйі жоқ. Сіра ізденуі кем болар. Мамандар

Мақамбет күйлері құрделі дейді. Белгілі музыка маманы Т.Мерғалиев қазақ ән, күйлерінің 2-3 жинағын шығарған, әсіресе “Домбыра сазы” (А.1972) ерекше. Ол Мақамбеттің күйлерін нақышына келтіре тым шебер орындайды, тарихын да біледі. Тек теледидар ол кісіні пайдаланбайды. Айтарымыз Тымат Мерғалиевте Мақамбет күйлері болар, тек “кілтін тауып” ойнату керек. Ол кісі біздіңде қазақ күйлерінің білгірі, әрі ғылыми деңгейі жоғары. Менің “К.Ә.” мақаламды оқымаған. Мақала шығысымен табылған күйлерді жариялау үшін нотаға түсіретін маман іздедім, белгілі ізденуші Мұстафа Ысмағұловқа кісі тауып бер дедім. Оның қолы бос, көпті таниды. Бір күні ол Қаршыға Ақмедијяровты үйіме ілестіріп келді. Екеуі менен 5-6 Мақамбет күйлерін магнитофондарына жазып алды. Кітап етіп шығарамыз – деді. Күйлерді менен алғаныңды ұмытпай жазындар, - дедім. Қаршыға 1982ж. екеуі Н.Көшекбаевты қосып “Шашакты найза, шалқар күй” деген атпен Мақамбеттің 7 күйін кітап етіп шығарды. Бәрекелді құп! Тек 4 күйді менен алғанын жазбапты. Күйлердің шығу тарихында да жансақ мәлімет көп, бүрмалайды. (12,13 беттер т.б.) Бұған да шүкір! Қ.Ақмедијаров менен алған күйлердің екеуін жинаққа ендірмепті, себебін айтпайды. Мақаң күйлері саҳнаға ете сирек шығады. Әлі жете менгерілмеген болар. Маманның айтуынша, белгілі “Өкініш” күйін орындағанда Ақмедијаров сағаға дейін барады, бұл бері де қосылған көрінеді. Жөнін кімнен алғанын түсіндірмейді. Тон, жарты тон деген болады, ол оларды тастап кетеді, күй қызықты, әсерлі болмауы мүмкін. Қалайда Мақамбет күйлерін сауатты, ғылыми дәйекті насихатталуын тілейміз. Мақамбеттің 17 күйі бар деп естітінбіз, қалғандарын жинау қажет. Манғыстаудағы Жаңа өзен қаласындағы Мұрат Өскенбаевтан бір күй жазып алдым. Әлі де іздену қажет. Мақамбеттің әдеби, музыкалық мұрасы мол, тез табайық. Ол үшін ғылыми, комплексті экспедиция шығару қажет биыл.

Сөз соңы

Біз халқымыздың тарихындағы аса бір ауыр, кайғы, қасіретке толы “қан кешү” кезеңі тарихын архив дерегіне сүйене ықшамдап баяндады. Бұл кезеңің көп мәселесі бұрын да зерттеліп, Е.Бекмаханов тиисті бағасын берген. Одан кейін тыңғылықты зерттеуші болмады. Жариялышың жылдарында бірнеше еңбектер жарық көргенімен, олардың ғылыми сарапалау, нақты архивтік деректерге сүйеніп баяндау жетіспеді. Қайсысына да оқырман бағасын өзі берер, біз тек аталарымыздың арыз, шағымдары мен күрес тарихына сүйеніп, көп жылғы ізденісіміздің түйінін жаздық. Қоғам тым құрделі организм болса, тарих ғылымы да құрделі. Ол әдебиетші, журналистің сипалаяуына, инженер-ветеринардың, зангердің бүрмалауына көнбейді. Тарих саясатпен байланысты. Мысалы, хан өкіметін тиисті дәлелсіз мадактайды. Бұл төңіректегі әңгіме бос сөз ғой. Өйткені, монархия Европада, Қазакстанда азып-тозып, дәрменсіздігін көрсетіп, Нидерландия, Англияда парламенттік билеу түрі, Кіші жүзде Сырым Дауылды бастаған “Маслихат” дүниеге келді ғой, Жәңгірге қарсы 9 жылда Орыс қаруымен жашылған 3 көтерілісті жасырмайық. Ол хан орнатқан ел басқару жүйесі ескі рулық-патриархалдық дүние еді. Біреулер XIX ғ-н Iширегінде Бекей, Шығай ел басқару тәртібін сактады, ол 2-ші ширекте мұлде өзгерді, Жәңгір салалық және функционалдық басқаруды енгізді дейді, дәлелі жоқ. Өйткені ондай өзгеріс болмады. Бекей кезінде рубасылары Нұралы хан ұлдары, майор Артығалы, Бекқали, Жаналы, Жарас, Жәңгір, Шотқара, Шөке, Шығай, Есім хан ұлдары Сары, Қара болса, Жәңгір хан кезінде Бекейдің 3 ұлы, Шығайдың 3 ұлы, Бекқалидің 2 ұлы, Жаналиевтер, т.б. рубасы болды. Бұны айтпаңыз! Е.Бекмаханов айтқандай елді “ханско-султанская верхушка” (шоғыры) биледі деген осы. М.Қозыбаев, Ж.Қасымбаев т.б. Жәңгірді еш дәлелсіз реформатор дейді, қандай реформа жүргізгенін нақты дәлелдемейді. Бұдан Жәңгір Iшкі тараптың саяси өміріне еш жаңалық ендиремегенін көреміз. Сот жүйесінде ескі, Тәуке хан кезіндегі кісі өлтіргенге 1000 қой төлесте, орнына Жәңгір 200 бас қой өндіріп, оны хан сыйбайластарымен бөлісіп алғанын авторлар жасырады. Осындайдан кейін “хан проводил продуманную социальную политику, соориентированную на ослабление родовой знать” дегендінде (1:108) мән бар ма? “Родовая знать” (руинжары) дегені ханның өз тумалары ғой. Экономика саласында

өзгеріс, не жаңалық әкелмеді. 1833ж. күзде Шеркеш руының бір би Бекмағанбет ауылымен қыстауына келіп, помещикке жер аренда ақысын төледі. Енді малың шөп таптады деп камап, үлкен сомага айып салып, өндіріп алады. Бұл жиі болатын факты, 1824ж. теңіз жағасында қыстайтын сұлтандар Бекмағанбет (Бекмұқанбет) т.б. билер Жәңгірге шағым жазып, помещиктер келісім-шартты бұза береді, зорлық істейді, қайта контракты жасауды өтінген. Хан бұндай үшкіл мәселеден жырақ жүретін, Астраханға мәлімдеме жасағанмен тиімді шарт жасай алмады. Сары, Қара өзен арасындағы жер туралы да Жәңгір Үкіметке Шығайдай батыл шағым жасамады.

Біз ата-бабамыздың басынан өткен аса бір ауыр, қайғы қасіретке толы кезеңі тарихын архив деректеріне сүйене, көп мәселені қайта тексере, ықшамдап, жаңа тұрғыдан баяндадық. Жаңа тұрғы деуіміз – қазіргі тарих ғылымының талабы – кез келген мәселені жалпы халық мұддесі ауқымында карау. Ішкі тарап басшысы өз бодандарына (Жәңгір “мои поданные”, “мое владение” деп сейлеген) қандай пайда келтіріп, қызметті деген сұрауға еш автор нақты, деректі жауап бермейді. Біз жоғарыда хан Жәңгір өз иелігінде ескі, тозған патриархалдық-рулық ел басқару жүйесін сақтағанын көрдік. Екіншіден, сот ісінде ортағасырлық тәжірибелі қолданып, кісі өлтірген күн төлеу жазасын қайта ендірді. Саяси, сот ісімен тергеуде хан еш жаңалық қоспады. Бұдан шаруашылық өмірде өзгеріс болмады. Проф. Қасымбаевтың шаруашылықты Жәңгір біржактылық пен тоқырау кезеңінен шығарды, ешбір дәлелсіз сылдыры сөз. Ішкі тарап кәсібі – тек мал өсіру, сонымен күннін көрді, бірақ та ол да күйзеліске ұшырады. 1820ж. 4,8 млн. бас мал болса, 1839ж. 1,6 млн. бас болған. 4-ден, Жәңгір қоныстандыруды енгізді деуде қате. Көп автор қазакты отаршыландыру мәселесінің төркінін білмейді. Ақназар хан өлгесін Кіші жұз ауыр саяси жағдай ұшырады. Ел басқару әлсіреді, бытырады. Орыс казактары, қалмақтар, башқұрттар шапқыншылық жасап, қала, қоныстарды қиратты, ел тозып, қаша көшіп, жанбақты. Қазақ көшпеліге айналды. Ресейге қосылғасын империя қазакты мал өсіруші көшпелі етіп сақтауға тырысып, үй салып, қоныс тұрғызуға, егін егіп, басқа өндіріс кәсібімен айналысуға тиым салып, барымтаны сақтап, казактар, башқұрт шапқыншылығын тимады. Ішкі тарапта саяси жағдай өзгеріп, турактады, барымта, казактар шапқыны тиылды. Енді кеңінен қоныстануға болатын, оны Бекей, Шығай бастады, турактар, қоныстар пайда болғанын айттық. Ал Жәңгір

бұл қолайлы жәйді тиімді жалғастыра алмады. 5-ден “оқымысты” хан кәсіпқорлықты ендірmedі, ең болмаса Басқұншақ, Елтон, Азғыр, Батырбек тұз өндіру т.б. кәсіптік жүргізуіді қолға алмады. 6-дан, ел басы Нарының бай флорасы мен фаунасын қорғамады, сирек кездесетін құлан, тарпаң, ақку, қызыл қанатты қаз т.б. құрып кетті. Тіпті орманды да қаруды қолға алмады, атой берді. 7-ден рухани өмірде оқыган хан біліммен мәдениеттің таралуына көмегі көрінбеді. Ресеймен байланысын пайдаланып, жастарды ең болмаса орта оку орындарына жіберуді, не Орда да ашуды ойластырмады. Исләм діні ханның “прогрессивті” қызметіне кесел болды деп сөйледі.

8-ден империя үлгісімен Ішкі тарапта қазактың ежелгі демократиялық салтын исләм дінінің қағидаларын таптық автократиялық режимді патша әскері көмегімен орнатты. Ал бұндай адамды “мемлекеттік қайраткер”, реформатор, “даланы ұлы жаңғыртушы” еліңс пайда келтірді деп айтуға бола ма? Ең болмаса Үкімет тапсырған, Нарындағы бос жерді шаруақор кісіге бөліп, қазакты отырықшыландыру жөніндегі реформаны бүрмалап, хан сұлтандар, билермен байларға беріп, қарабасының пайдасына шешті. Халықты жерсіздендіріп, қүйзеліске ұшыратты. Мақамбет осының бәрін көзімен көрді, түсінді, қүйзелді, ақыры халық жағына шықты. Мақаң ол кезде ең сауатты, қайратты, алғыр азаматтың бірі еді, бұны кейін В.Перовскийде түсінді. Бірақ халық қорғансыз қалды. Мақамбет өз жеке басының пайдасын, жанұясының мұддесін кейін ысырып, жалпы халықтың мұддені қорғауға жан-тәнімен шықты. Міне Мақамбеттің ұлылығы осында. Ол өзінің өлең, жыры, қүйлерімен азаматтық үшін құресті қорғап, уағыздады. Мақамбет ең алдымен тенденсі жоқ, қажырлы қоғамдық-саяси қайраткер. Біз осыны түсінейік, үйренейік, куат, білік алайық. Мақамбет – мәңгілік, рухы жоғарылай берсін.

Мақамбет, онын заманы туралы әлі де көп айтуға болады. Жалғыз кемсау кісіге Мақамбетті зерттеп, жазу қын. Ол үшін Мақамбеттану тобын құрып, оған тарих, әдебиет, экономика, өнер, заң т.б. ғылыми мамандарды біріктіру керек. Мақамбеттің халқына берері көп. Ол тәуелсіздіктің туы, ұраны. Сонда Жәңгір кім? Ол туралы замандастары:

“Хан Жәңгірдің түсында,

Қасықтал қара қан іштік”, - деп тиісті бағасын берді емес пе?

Ал осындай фактылар бұрыннан белгілі, неге біздің қазіргі авторларымыз “көз жүмбайлық жасайды? Әлі де бекейліктең аталарымыз, азаттық үшін арпалысқандар корғансыз, жоқтаусыз қалуда.

Ата-баба аруағына адап болсандар Мақамбетті Жәңгірге, Баймағанбетке т.б. сатып қорламаңдар, әйтпесе сіздерді де Жәңгір секілді аруақ атар, халық қарғар! Мақамбет өле-өлгенше: Қара қазақ баласын, еш уақытта налышпан”, деп өксіді, көкседі, куресті. Не деген даналы Мақамбет, қарабасының қамын ойласа қиналмай-ақ Жәңгірдей бай болар еді. Хан өлгесін 7 жылдан соң қалған дүние, мұлкін санағанда, қалалардағы үйлерін, түрлі құралын т.б. қоспағанда – 1 млн. сомнан асыпты. Жанұясы быт-шыт болды. Бұның бәрі бізді де ойландыруға тиіс. Табаламайық! Мақамбет қүрессі бекер болмады. Патша үкіметі ел айбарынан сескенді, теңіз жағалауында Бекейге дейін қазақ жайлаған Князь Юсупов, граф Безбородко заңсыз иеленген 83 мың десятина жерді, Сары өзендері, Сары өзен, Тарғын өзені аралығын Аңзы өзек бастауын, Самар көлі жағалауындағы кей жерді қайтарды. Сұлтандар жерін қайта бәлді. Халық Жәңгір тұқымын таққа жолатпады. Таққа отырмақ болған 2 баласын бірден өлтірді. Ел іші тынышталды.

Макамбеттің жөні басқа. Ол жалпы халық мұддесін қорғаған ұлы тұлға. Оның арманы – халықтың арманы:

...Еділдің бойы ен тогай,

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім, - дегені жаңа қолға алынды.

Етек, женіміз жиналыш қолымызға келді. Патша үкіметі де Жәңгір тартып алған жерді қайыруға, сұлтандарды ел билеу ісінен аластастауға мәжбүр болды. Шындық осы. Әлі де.

Пайдаланған архив материалдары мен тарихи әдебиет тізімі.

Сөз басы.

1. Боранғалиев Т. Алыптарға әліппе үйреткен. – “Социалистік Қазақстан” газеті. 23.1Y.1991 ж.: Қенжалиев И.Н. Ақиқаттан алшактамайық. “Жас алаш” 23.18.02 №27.
2. Нығметов Е. т.б. Жәнгірдің жазығы хан болғаныма. “Егемен Қазақстан” газеті (ЕҚ) 20.06.91 ж.
3. Құлкенов М., Отарбаев Р. Жәңігір хан. Данқ пен дақбырт. “Өлкө” Ғылым баспасы. 1992 ж.
4. Аманжолова Ш. Жангир и Махамбет. “Уральская неделя” 2001 г. №3.
5. Қасымбаев Ж. Жәңігір хан. Алматы 2001 ж.
6. “Орал онірі” газеті. 17.07.1998.
7. Ақпай Ж. Жәңігір хан. Орал, 2001 ж. 18 бет.
8. Рязанов А. Сорок лет борьбы Казахского народа за национальную независимость. Кызыл Орда, 1926г. с.232.
9. Ковалеский Е.П. Странствовать по суще и морям. С-П. 1843.
10. Харузин А. Киргизы Внутренней Букеевской Орды М., 1889. I вып. с. 35.
11. Астрахан мемл. Облыстық архиві, (ОМА) 2 кор, 2 тізбе, 176 іс. 18 нар.
12. Харузин А. Аталмыш еңбек. 34 б.
13. Иванин М. Описание Хивинского похода 1839-1840 гг. С-П б. 1873 г. 187 бет.
14. “Эпоха” журнал. 1864 ж. №12 7 бет.
15. Ковалевский Е.П. Странствователь по суще и морям, С-Иг. 1843г.
- 16.Рязанов А. Восстание Исатая Тайманова. К-Орда. 1927 г. 3 б.
- 17.Сонда 5 бет.
18. Сонда 16 бет
- 19.Сербаринов Г.Исатай Тайманов. Труды общества изучения Киргизс. Края. Ор-г. 1925 г. т.5.
20. Рязанов А. Сорок лет борьбы народа за национальную независимость К-Орда. 1926 г.
21. Якунин А. Исатай Тайманов Тайманов вождь восстания казаков 1836-1838 гг. Исторический журнал. 1940 вып 2. с.7.
22. Тимофеев И., Федоров Е. Борьба казахского народа за национальную независимость. «Большевик Казахстана» 1940 г №4.
23. Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. А., 1946 г.
24. Сонда
25. Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана XIX в. 1966. 44-48-б.
26. Шахматов В. Аталмыш еңбек, 101 бет.
- 27.Зиманов С. Россия и Букеевское ханство. А., 1982.
- 28.Қасымбаев Ж. Жангир хан. А., 2001.
29. Сонда 93 бет.
- 30.“Социалистік Қазақстан” газеті. 23.04.91 ж.; 20.06.91 ж.

31. Кенжалиев И. Ақиқаттан аұытқымайық. “Жас алаш” газеті 18.02.1993 ж. №27.
32. Ақнай Ж. Жәңгір хан. А., 2001 ж. 69 б.
33. Сонда
34. «Уральская неделя». 18.Х.2001 ж. №3.
35. Кенжалиев И.Н. «Тарих деректілікті талап етеді. Еділ-Жайық газеті 22.03.01. №11.; хан Жәңгірдің жаңылтпаштары. «Еділ-Жайық» газеті. 20.04.01. ж. №15 Бокей ордасы. «Алтын Орда» газеті Рязанов А.Ф. Аталмыш еңбек. 10-16 бет.
36. Кенжалиев И.Н. Хан Жәңгірдің жаңылтпаштары. - «Еділ-Жайық» газеті 20.04.01 ж.; Орда өнірінің ақиқаты. – Алтын Орда газ. 23.03.01 ж.; Истории нужна истина. – Уральская неделя. 18.10.01 №17. История: факты или мифы. – «Приуралье». 17.07.02. №99.
37. Өннес Сарай. Исатай – Макамбет тарихы. Алматы. Өлкे. 1997 ж. 12-бет. Қасымбаев Ж. Жәңгір хан. А., 2001.
38. «Жүлшыз» журналы. 2002 ж. №11.
39. «Қазак әдебиеті» 23.05. 1990 ж. №21

I-тaraу

1. Савичев Н.В. Исатай Тайманов старшина Буксевской Орды. – «Уральские войск. Ведомости» газеті 1876 ж № -51.
2. Ковалевский Е.П. Странствователь по суще и морям. СПГ. 1843 г.
3. Добромыслов А. Тургайская область. 235 бет.
4. Сонда 236 бет
5. Сонда 417 бет
6. Досмұқамбетұлы Қалел. Исатай-Мақамбет жинақ. Тацкент 1926 ж. 62-бет
7. Рязанов А. Восстание Исатая Тайманова.
8. Сербариев Г. Исатай Тайманов Труды общества изучения Киргизского края.
9. Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. Л.А. 1946 г. том 5 вып 1. 1925 г. с.1с-20.
10. Бекмаханов Е. Аталмыш еңбек.
11. Шаяхметов Н. Из тьмы всков А.А. 1969 г.
12. Өннес Сарай. Исатай-Махамбет тарихы А 1998 ж. 42 бет.
13. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов 532 бет.
14. К.Р.ОММ. 196 іс, 55 пар.
15. Сонда 49 бет, 101,102,103 бет.
16. КР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 214 іс, 141 пар.
17. КР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 196// іс, пар.
18. Сонда, 5 іс, 17 пар.
19. «Уральская неделя! Газеті 12.07.2001 ж. №3.
20. КР ОММ 78 кор, 3 тізбе 84 іс, 4 параптың арғы беті. Қысқаша пар
21. Үш ғасыр жырлайды. А. 1965 ж. 384 бет.
22. Материалы по истории политического Казахстана А.А. 1966 г. стр. 73.
23. КР ОММ 78 кор, 2 тізбе, 8 іс, 56 пар.
24. Қазак Совет энциклопедиясы. А. 1975 ж. 7 том. 53 бет.

25. Ковалевский Е.П. атальыш еңбек.
26. Аполлова Н.Г. атальыш еңбегі.
27. Материалы по Истории Каз ССР. М. 1940 г. том 4. (М.И. Каз.)
- 28 Томашевский И.И. Естественно-исторические условия Казахстана. Труды общества изучения Казахстана А. 1929 г. том 10.
29. Якупов Т.Ф. Песчаные пустыни и полупустыни Северного Прикасия. М. АН СССР 1995 г.с. 532.
30. Материалы по истории Каз ССР том 4 (М.И.Каз)
31. КР ОММ 78 кор, 1 тізбе, 8 іс, 5пар.
32. МИ. Каз. ССР. том 4. с. 293.
33. М.И. Каз. ССР том 4. с. 294.
34. КР ОМ 78 кор, 4 тізбе, 64 іс, 4 пар.
35. Мукатаев Г. Великий преобразователь степи. 2001г. г.Уральск. с. 38-39.
36. Р.Г.И.А. ф. 1291, оп. 81, д. 5. л. 133.
37. Әннес Сарай атальыш еңбек. 12 бет.

II-тарау. §1

1. Вяткин М. Срым Дағов. М. 1946г.
2. Материалы по Истории Казахской ССР.М. 1940 г. с 201-202.
3. Сонда 217 бет.
4. Сонда, 297-300 бет.
5. Вяткин М. Срым Дағов. 232 бет
6. «Приуралье» газеті, 12.08.02 ж.
7. Стариков В.И. Историко-исторический очерк Оренбургского казачьего войска. О-рг. 1891 г. с 95.
- 8.Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. А 1946 г.
- 8.Иванин М.Н. Описание зимнего подода в Хиву в 1839-1840 г. с-пг 1873 г. с 186.
- 9.Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. С-Пг. 1865 г. с-50.
10. МИ Каз. ССР. т.4.
11. КР МОМ, 79 кор, 1 тізбе, 1477 іс, 2 пар.
12. Сонда, 4 кор, 1 тізбе, 1477 іс, 2 пар.
13. МИ Каз ССР М. т.4. 3 пар.
14. Сонда, 2 пар, 4 кор. 1 тізбе, 327 іс, 26 пар.
15. Сонда, 4 кор, 1 тізбе, 6 іс, 199 пар.
16. Шахматов В.Ф. атальыш еңбек.
17. КР МОМ, 4 кор, 10 тізбе, 2158 іс, 11 пар.
18. Орынбор ОМА, 6 кор, 10 тізбе, 49 іс, 36 пар.
19. КР МОМ, 4 кор, 1 тізбе, 21 іс, 180 пар.
20. Сонда, 280 іс, 116 пар.
21. Сонда, 21 іс, 180 пар.
22. Сонда, 1970 іс, 22 пар.
23. Сонда, 11 пар.

24. Сонда, 4 кор, 1 тізбе, 1868 іс, 161 пар.
25. Астрахан ОМА, 2 кор, 2 тізбе, 17 іс, 10 пар.
26. Сонда, 3 пар.
27. ҚР, ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 8 іс, 19 пар.
28. Жайсан Ақпай – Жәнгір хан. Орал. 2001 ж. 15 бет.
29. Рязанов А. Сорок лет борьбы казахского народа за национальную независимость. К.О.1927.
30. Кенжалиев И.Н. Ақиқаттан алашақтамайық – «Жас алаш» газеті 18.02.92 ж. Тарих деректіліккі талап етеді. – «Еділ-Жайық» газеті. Орал. 2001 ж. №11; «Приуралье» газеті История: факты или мифы. 17.08.2002 ж.; Бекей ордасы Орал. 2002 ж. монография
31. Энсс Сарай, атамыш еңбек. 44 бет.
32. «Егемен Қазақстан» газеті. 12.07.2002 ж.
33. Харузин А. Киргизы Внутренней Орды. М. вып. 2. стр 34
34. Сонда, с 32.
35. Зиманов С. атамыш еңбек. 58-60 б.б.
36. МИ Каз. ССР. т. 4, с. 293.
37. ҚР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 5042 іс, 19 пар.
38. Сонда,
39. Сонда
40. Сонда
41. Левшин А. Описание Киргиз-казачых Орд и степей. С-Пг 1832 г.
42. «Қазак әдебиеті» газеті 16.11.1956 ж.
43. Сонда, 12.10.79 ж.
44. Сонда, 5.04.57 ж.
45. Жайсан Ақпай, Нарын - Казахия. Уральск 2001 г.
46. ҚР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 5042 іс, 19 пар.
47. Жайсан Ақпай, «Нарын-Казахия». Орал 2001.
48. Орал өнірі! 17.07.98 ж.
49. Қасымбаев Ж. Жангир хан. А. 2001 г. с 68.
50. Харузин А. Киргизы Внутренной Орды. М. 1891 г. вып. 2. с 198.
51. ҚР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 2231 іс, 669 пар.
52. Астархан ОМА, 2 кор, 2 тізбе, 170 іс, 20 пар, 5040 іс, 33 пар.
53. ҚР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 5040 іс, 33 пар.
54. «Эпоха» журналы С-Пг. 1864. №12 9-бет.
55. ҚР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 5040 іс, 39-48 б.б.
56. Сонда, 2231 іс, 18 пар.
57. Қасымбаев Ж. Жәнгір хан. А. 2001 ж. 93-бет.
58. «Егемен Қазақстан» газеті 5.1. 03 ж. №
59. ҚР ОММ 78 кор, 1 тізбе, 1 іс, 42 пар.
60. Сонда, 4 кор, 1 тізбе, 4198 іс 1 пар.
61. Сонда, 4 кор, 1 тізбе, 2231 іс, 21 пар.
62. Сонда, 1974 іс, 382-383 п.и. 384 пар.

63. Сонда 362 пар.
 64. Сонда 383 пар.
 65. Очерки Зауральский степи и Букеевской Орды. М. 1859 г. с 16.
 66. КР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 1497 іс, 7 пар.
 67 Материалы по истории Каз. ССР т. 4, с 150.
 68. КР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 4595 іс 3 пар.
 69. Сонда, 1017 іс, 1-3 п.п.
 70 Сонда, 613 іс 1 пар.
 71. Сонда, 1498 іс, 14 пар.
 72. Сонда, 2135 іс, 33 пар.
 73. Сонда, 292 іс, 2-10 п.п.
 74. Сонда, 21 іс, 247 пар; тагыда 1528, 1530, 1531, 1533 істер.

III-тапау. §3

1. КР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 2231 іс, 669 пар.
 2. Иванан. Описание зимнего похода в Хиву в 1839-1840ж. с.187.
 3. К.Р. ОММ. 4 кор, 1 тізбе, 2231 іс, 1 пар.
 4. Ковалевский А.П. аталмыш енбек, 61 бет.
 5. Сонда, 81 бет
 6.Орынбор ОМА, 6 кор, 10 тізбе, 5370 іс, 1 пар.
 7. Сонда, 10 пар.
 8. Сонда, 5576 іс, 18-19- п.п.
 9. КР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 2006 іс, 7-10 п.п.
 10. Сонда, 4210 іс, 11 пар.
 11. Сонда, 4909 іс, 57 пар.
 12. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізбе, 478 іс, 32-33 п.п.
 13. Сонда, 4210 іс, 11 пар.
 11. Сонда, 4909 іс, 57 пар.
 12. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізбе, 478 іс, 32-33 п.п.
 13. Сонда, 27 пар.
 14. Сонда, 5674 іс, 2 пар.
 15. «Егемен Қазақстан» газеті, 8 қаңтар, 2003 ж. №5.
 16. КР ОММ 4 кор, 1 тізбе, 3414 іс, 28 пар.
 17. Сонда, 3464 іс 33 пар.
 18. Сонда, 3414 іс 39 пар.
 19. Сонда, 47 пар.
 20. Сонда, 3414 іс, 72 п. а.беті.
 21. Сонда, 143 пар.
 22. «Қазақ әдебиеті» газеті, 31-06-70 ж.
 23. «Қазақ әдебиеті! газеті, 31.07.1959 ж. №31

III-тапау, §1.

1. КР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 2231 іс, 669 пар.

2. Иванин М. Описание зимнего похода в Хиву в 1839-1840 гг. 187 бет.
3. КР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 2039 іс, 1 пар.
4. Сонда, 1974 іс, 303 пар.
5. Сонда 1956 іс, 2 пар.
6. Рязанов Л. Восстание Исадая Тайманова. 13 бет.
7. Сонда 18-20 66.
8. КР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 1974 іс, 364 пар.
9. Сонда 1964 іс, 57 пар.
10. Сонда 78 кор, 1 тізбе, 71 іс, 32 пар.
11. Астрахан ОМА, 2 кор, 2 тізбе, 144 іс, 13 пар.
12. КР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 1974 іс, 303 пар.
13. Сонда
14. Сонда 1965 іс, 98-130 ии.
15. Сонда 1965 іс, 43-44 ии.
16. Шахматов В.Ф. ағалымыш енбек, 61 бет.

III-тапау, §2

17. Бекмаханов Е. Почерки истории Казахстана XIX в. А. 1966 г. с.48,63.
18. "Уральская неделя" газ. Орал қаласы. 2001 ж. №3.
19. КР ОММ, 4 кор, 1 тізбе, 1963 іс. 34 пар.
20. Сонда 54 пар.
21. Сонда 1963 іс, 134 пар.
22. Сонда 134 пар.
23. Сонда 1974 іс, 18 пар.
24. Махам бет Өтемісұлы. Өлеңдер. А. 1962 ж. 68 бет.
25. КР ОММ, 4 кор, 1 тізім, 1964 іс, 74 пар.
26. Сонда 1974 іс, 18 пар.
27. Сонда 475 пар.
28. Сонда 413 пар.
29. КР ОММ, 4 кор, 1 тізім, 1964 іс, 191 пар.
30. Сонда 1963 іс, 162 пар.
31. Сонда 1974 іс, 75 пар.
32. Сонда 1963 іс, 193 пар.

III-тапау. §3

33. Кежалиев И. Исатай-Мақамбет көтерілісі туралы бір дерек – "Октябрь туы" газ., 20.XI.71ж.
34. КР ОММ, 4 кор, 1 тізім, 1963 іс, 162 пар.
35. Сонда 312 пар.
36. Сонда 1963 іс, 197 пар.
37. Сонда 203 пар.
38. Сонда 305 пар.

III-тапау, §4

39. Орынбор ОМА, 6 кор, 10 тізбе, 4127 іс, 1,2 п.п.
40. КР ОММ, 4 кор, 1 тізім, 4631 іс, 1,2 п.п.
41. Сонда 1553 іс, 3 пар.
42. Сонда 1966 іс, 5 пар.

43. Тағыда Байбақты руынын Қарабала атасынан Ногайбек Сабыров, Көштек Есболов, Токсоба атасынан Байдос Байтөнев, Азamat, Саламат, Серке, Бары атасынан Камал Бутанов туыстарымен, Жауаштың сұлтанға т.б. карсы бас ОММ 4 қор, 1 тізім, 332 іс, 2 пар.

44. КР ОММ, 4 қор, 1 тізім, 3331 іс, 2-3 п.п.

45. Бұл кезде Исарайдың қасында Қожакмет, Қасен Өтемісұлдары Есенгелді Каржаулы, Қосқара Әртекұлы, Төлеген Серекенұлы (жырау), Обі Усаұлы, Сарт Едіұлы 2 баласымен, Бесбай Тілеуліұлы, Айжарықұлы, Бармен Тоғайұлы, Құспашы Досмаганбет Исарайұлы т.б. болған.

46. КР ОММ 4 қор, 1 тізім, 1964 іс, 379 п.а.б.

47. Сонда 450 пар.

48. Сонда 459 пар.

49. Сонда 514 пар.

50. Сонда 549 пар.

51. Сонда 1966 іс, 24 п.а.б.

52. Сонда 1964 іс, 544 пар.

53. Сонда 78 қор, 1 тізім, 94 іс, 6 пар.

ІҮ – тарау. §4, жалғасы

54. Біз өзенді «Чино» депті, картадан табылмады «Чинг» деген Үстірттегі «Шың» таушығы болар.

55. К.Р. ОММ, 78 қор, 1 тізім, 94 іс, 6 пар.

Сонда

57. Сонда, 12 пар.

58. Қасымбаев Ж. «Жапгир хан» А. 2001. 106бет.

59. К.Р. ОММ. 4 қор, 1 тізім, 4197 іс, 70 пар.

60. Сонда, 50 пар.

61. Сонда 140 пар.

62. Рязанов А. Восстание Исадая Тайманова К-Орда. 98 бет.

63. Қасымбаев Ж. Жапгир хан. 104 бет.

64. К.Р. ОММ, 4 қор, 1тізім. 4197 іс, 376 пар.

65. К.Р. ОММ, 4 қор, 1 тізім, 4197 іс, 258 пар.

66. Түркістан жинағы. Ташкент. 417 том, 105 бет.

67. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізім, 4857 іс, 66 пар.

68. Ковалевский Е.П. Странствователь по суше 4 морям. 61 бет.

69. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізім, 5370 іс, 1 пар.

70. Сонда, 10пар.

71. Сонда, 5376 іс, 18-19 пар.

72. К.Р. ОММ, 4 қор, 1 қор, 2006 іс, 7-10 п.п.

73. Сонда 4210 іс, П.П.А.Б.

74. Сонда 4903 іс, 57 пар.

75. Орынбор ОМА, 6 қор, 10 тізім, 478 іс, 17-19п.п.

76. «Егемен Қазақстан» газ. 2003ж. №5

77. Сонда

МАЗМУНЫ

Сөз басы.....	3
I - ТАРАУ. Мақамбет оскен орта.....	18
§1. Мақамбет омірбаяны мен қызметінің зерттелу жайі.....	18
§2. Құрмалі әүлеғ.....	25
Мақамбет ескен жер.....	45
§3. Ішкі тарап жөне оның қалыптасуы.....	50
а) Ішкі тараптың табиғаты.....	50
б) Ішкі тараптың қалыптасуы.....	56
II - ТАРАУ. Кіші жұз бен Бекейліктің қоғамдық өміріне шолу.....	64
§1. Мақамбет ескен даладағы қоғамдық өмір туралы. XIXғ.....	64
Отарлаудың өрістегі.....	68
§2. Ішкі тараптың XIX-ғасырдың 2-ширсіндегі өмірі.....	84
§3. Ханның жебірлігі жөне оның зардабы.....	97
III - тарау. Ішкі тарапта ежектесудің қалыптасуы.	
Шаруалар шайқасы.....	107
§1. Ыныңдың басталуы.....	107
Халық республикасы.....	112
§2. Бекейліктегі шаруалар соғысы.....	117
§3. Шаруалар соғысының аяғы.....	129
§4. Алшын даласындағы шаруалар қозғалысы.....	139
Мақамбет-қүрескер.....	155
Батырдың қазасы.....	164
Мақамбет күйші.....	169
Сөз соңы.....	172
Пайдашанған архив материалдары мein тарихи әдебиет тізімі.....	176

КЕНЖАЛИЕВ ИСАТАЙ

Оқу құралы

Мақамбет Өтемісұлы

Компьютерде теріп, беттеген: *Нуржанова Р.А.*

Түзетуші: *Кусаинова Ж.Н., Сапарова Г.*

Техникалық редакторы: *Кужалиева Р.Р., Тулепова Д.М.*

20.10.2002ж. төрүгө берілді.

20.10.2002ж. басуга қол қойылды.

Офсет қагазы. Қөлемі 11,5

Таралымы 550 дана. Багасы келісім бойынша.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспаханасы
417000, Орал қаласы, Достық даңғылы, 188 үй.

